- Қазақстан Республикасында жетім балаларды қорғауға, көмек көрсетуге байланысты бекітілген нормативтік-құқықтық құжаттары талданды;
- «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» Жалпыға міндетті мемлекеттік стандартта (кәсіптік білім беру) берілген міндетті пәндер «Әлеуметтік педагогика»,

«Әлеуметтік педагогиканың тарихы», «Өзін-өзі тану» пәндерінің әлеуметтік педагогтарды жетім балалармен жұмысқа даярлаудағы мүмкіндіктері нақтыланды;

- «Мен жетім балалармен жұмысқа дайынмын ба?» тақырыбында эссе мазмұны талқыланды;
- «Инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі?» тақырыбында эссе мазмұны талқыланды;

- Мамандарды жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетте инновациялық технологияларды пайдалануға дайындаудың моделі құрылды.

Осыған сәйкес, *қалыптастыру* эксперименті үш кезеңнен тұрады:

1) Бірінші кезеңде – жетім балалармен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагогтерді даярлауда инновациялық технологияларды пайдалануға кәсіби дайындау үдерісін ұйымдастыру мақсаттарын, әдістерін, мазмұны мен формаларын жасап шығару, сауалнама жүргізу, әңгімелесу, сияқты диагностикалық әдістерді анықтау, «Жетім балалармен кәсіби іс– әрекетке дайындық» тренингтік бағдарлама және «Жетім балалармен әлеуметтік– педагогикалық жұмыс технологиясы» курсы негізінде 6В012300-«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығындағы студенттермен эксперименттік байқау жүргізілді.

2) Екінші кезеңде – жетім балалармен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагогтерге арналған «Жетім балалармен кәсіби іс-әрекетке дайындық» тренингтік бағдарлама және

«Жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы» арнайы курс бағдарламасы негізінде дәріс, семинар материалдарымен бірге студенттердің өзіндік жұмыстар орындау және тест тапсырмалары бойынша әдістемелік нұсқаулықтар кіретін бағдарламалық әдістемесімен қамтамасыз ету және оны практикалық байқаудан өткізілді.

3 кезеңде – «Жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы» курсы және «Жетім балалармен кәсіби іс-әрекетке дайындық» тренингтік бағдарлама бойынша оқу-әдістемелік жинақ түріндегі толық бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді енгізудің нәтижелері мен анализі жасалды. Эксперименттік жұмыстың нәтижесі 1 – кестеде берілген.

Кесте 2

Болашақ әлеуметтік педагогтардың жетім балалармен жұмысқа дайындық деңгейлерінің көрсеткіштері (пайыз есебімен)

Деңгейлер	Эксперимент тобы		Бақылау тобы	
	Эксп.дейін	Эксп.кейін	Эксп. дейін	Эксп. кейін
Жоғары	25%	33,7%	22,5%	28,8 %
Орта	41,2%	42,5%	42,5%	45%
Төменгі	33,8%	18,8%	35%	26,2%




Диаграмма 1 – Болашақ әлеуметтік педагогтардың жетім балалармен жұмысқа дайындық деңгейлерінің қорытынды нәтижесі

Экспериментке дейін болашақ әлеуметтік педагогтардың жетім балалармен жұмысқа дайындық деңгейлері жоғары – 25% болса, эксперименттен кейін жоғары деңгей 33,7 % көтерілді, орта деңгей экспериментке дейін 41,2%, эксперименттен кейін 42,5% көтерілді, төменгі деңгей экспериментке дейін 33,8% болса, эксперименттен кейін 18,8% төмендеді.

Сонымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысы болашақ әлеуметтік педагогты жетім балалармен жұмысқа дайындау моделінің өлшемдері мен көрсеткіштерінің, деңгейлерінің дұрыстығын, біз ұсынған бағдарлама мен әдістемелік нұсқаудың тиімділігін дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Болашақ әлеуметтік педагог әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке енуіне мүмкіндік беретін білім, іскерлік және дағдыны игеруі тиіс. Білімді игеру мен дағдыны қалыптасыру ЖОО оқу үдерісінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік педагог кәсіби қызметінің бағыты ретінде жетім балалармен жұмыс атқарады. Олай болса, жетім балалармен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагог олардың психологиялық ерекшеліктерін, қарым-қатынас сипатын, әсер ету технологияларын меңгеруімен қатар, аталған категориядағы балалармен жұмысқа қажетті кәсіби– тұлғалық сапаларды да бойында қалыптастыруы тиіс.

Осы бағытта болашақ әлеуметтік педагогты жетім балалармен жұмысқа дайындау деңгейін айқындау мақсатындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері төмендегідей **тұжырымдар** жасауға мүмкіндік береді:

1. Зерттеліп отырған мәселе бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік еңбектерге талдау жасау, зерттеу объектісі, мақсат, міндеттері болашақ әлеуметтік педагогты жетім балалармен жұмысқа даярлаудың теориялық негіздерін нақтылауға және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуге мүмкіндік туындатады;

2. Ғылыми айналымда аталған мәселемен айналысушы ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, болашақ әлеуметтік педагогты жетім балалармен жұмысқа даярлаудың бағыт-бағдары айқындалды;

3. Әлеуметтік педагогтың жетім балалармен жұмысқа дайындығы социумдағы жеке тұлға мәселелерін шешуге септігін тигізеді;

4. «Жетім балалармен кәсіби іс-әрекетке дайындық» тренингтік бағдарлама жасалуы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындауға көмекші құрал бола алады;

Сонымен, зерттеудің құндылығы болашақ әлеуметтік педагогтарды жетім балалармен жұмысқа даярлаудың теориялық-әдістемелік негізінің нақтылануында, даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделінің және дайындық деңгейлерінің анықталуында, арнайы курстардың оқу үдерісіне енгізілуінде сондай-ақ, тренингтік бағдарламаның жүргізілуінде болмақ.

Зерттеулер қарастырып отырған проблеманың барлық бағытын жан-жақты зерделеуді мақсат тұтпағандықтан, алдағы уақытта болашақ әлеуметтік педагогтарды жетім балалармен жұмысқа дайындау технологияларын және олардың кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы тұрғыда зерттеу ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жоба. //Егемен Қазақстан, 30 қаңтар 2008 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы //Егемен Қазақстан, 15 тамыз 2007 ж. – 5-6 б.
3. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. –Астана, 2012 ж.
4. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 7 желтоқсан 2010 ж.
5. Кудрявцева Г.А. Развитие коммуникативной компетентности социального педагога в процессе его профессиональной подготовки: Дис. ...канд. пед. наук. Магнитогорск, 1998. -187 с.
6. Бочарова В.Г. Профессиональная социальная работа: личностно ориентированный подход: Монография. М.: Институт педагогики социальной работы РАО, 1999. 184 с.
7. Abebe, T. 2005: Geographical dimensions of AIDS orphanhood in sub-Saharan Africa, in: Norwegian Journal of Geography, 1, pp.37-47.
8. Chirwa, W.C. 2002: Social exclusion and inclusion: challenges to orphan care in Malawi, in: Nordic Journal of African Studies, 2, pp.93–103.
9. Ennew, J. 2005: Prisoners of childhood: orphans and economic dependency, in: Qvortrup, J. (ed.): Studies of modern childhood: society, agency and culture. London: Palgrave, pp.128–146.
10. Меңлібекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социально– педагогической работе: методология, теория, практика. –Алматы, Білім.2001. -268 с.
11. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Дети без семьи. –Москва: Педагогика, 1990. – 160 с.
12. Экенсбергер Д. Методическая практика в процессе подготовки социальных педагогов в Свободном университете Берлина //Магистр, 1994. № 6. С. 48 – 53.

13. Ақжаркенова Л.Г. История создания и развития школ интернатного типа в советском Казахстане (917-1971 гг.). –Алма–Ата, 1990.
14. Асылбекова М.П. Халық педагогикасы негізінде балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің тұлғасын қалыптастыру. //Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты. – Қарағанды 2008, -26 б.
15. Зубайраева З.А. Жетім балалардың тұлғалық әлеуметтенуінің педагогикалық шарттары: автореф. дис кан.пед.наук 13.00.01. – Түркістан, 2008. -24 б.
16. Семеренко Н.Н. Воспитание и развитие детей в детском доме. – М., 1996. – 148 с.
17. ҚР БҒМ Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама // Астана, 2017. -336 б.
18. Асылбекова М.П. Жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы. Оқу құралы. 2016.-149 б.
19. Меңлібекова Г.Ж., Жуанышбекова С.С. Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы.-Астана, 2017. – 124 б.

ӘОЖ: ҒТАХР 14.37.09

БАҒИЕВА Ш.
докторант
Сулейман Демирель атындағы университеті
shynar.bag@gmail.com

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІН ЕСКЕРУ

Түйін. *Мақалада 5-7 сынып оқушыларының жасына байланысты болатын психикалық өзгерістері жан-жақты қарастырылған. Қазақ тілін интерактивті оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктерін қалай ұтымды пайдалануға болатыны сараланып, нені ескеру қажеттігі көрсетілген. Мақала қазақ тілін оқыту мәселелерін зерттеушілер мен қазақ тілі мұғалімдеріне арналған.*

Кілт сөздер: *қазақ тілін оқыту, 5-7 сыныптар, жеткіншек жасы, психикалық өзгерістер, интерактивті әдістер.*

Резюме. *В статье всесторонне рассмотрены возрастные психологические изменения учащихся 5-7 классов. Анализированы и представлены, как можно эффективно использовать психологические особенности учащихся в интерактивном обучении казахского языка и представлены некоторые моменты, которые нужно учесть. Статья предназначена исследователям и учителям в области преподавания казахского языка.*

Ключевые слова: *преподавание казахского языка, 5-7 классы, подростковый возраст, психологические изменения, интерактивные методы.*

Summary: *The paper analyzes the age-related psychological changes in the students of 5-7th grades. It considers the wayshow to use the psychological characteristics of students in the interactive learning of the Kazakh language effectively and presents points that need to be taken into account. The article is intended for researchers and teachers of Kazakh language.*

Keywords: *teaching of the Kazakh language, 5-7th grades, adolescence, psychological changes, interactive methods.*

Қазақ тілі сабағында интерактивті әдістерді қолдана отырып күтілетін нәтижеге қол жеткізу жалпы тіл теориясы, педагогика, әдістеме негіздерін білумен қатар психология ғылымына жүгінуді қажет етеді. Мағжан Жұмабаев өзінің белгілі «Педагогика» атты еңбегінде: «... бала өскен сайын тәрбияшы күшінің көбін баланың жан тәрбиясына жұмсай беруге міндетті. ... жанды дұрыс тәрбия қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек» – деп көрсеткеніндей [1, 23], интерактивті әдістерді тиімді қолдану үшін оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес психикалық үдерістерінің дамуын, мінезін, темпераментін жетік біліп қана қоймай, оларды жіті бақылап, оқу үрдісін ұйымдастыруда ескеріп отыру өте маңызды. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер оқушыны дара тұлға ретінде дамытуды көздейтіндіктен, бүгінде мұғалімнің алдындағы әр оқушыны тұлға ретінде толық танып білуі талап етіледі. Ал, әр дара тұлғаны тану алдымен оның жас ерекшелігіне сәйкес психо-физиологиялық ерекшеліктерін білуді қажет етеді. Сонымен біз қарастырып отырған 5-7 сынып оқушылары кімдер, олардың психо-физиологиялық ерекшеліктері қандай? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

5-7-сынып оқушысы – орта буынға жататын 10-13 жас аралығындағы жеткіншек. Бұл кезең – балалықтан ересектікке өтудің басталу шағы. Яғни, ересек сезіну сезімінің пайда болуының өзі жеткіншектік кезеңнің басталуының психологиялық симптомы [2, 242]. Д.Б. Эльконинның анықтамасы бойынша, ересек сезіну сезімі – бұл жеткіншектің өзін басқалармен (ересектермен және достарымен) салыстыра отырып, олардан үлгі алуы, басқа адамдармен қатынасқа түсуі, өз іс-әрекетін құруы, яғни, санадағы жаңа өзгеріс [3, 277]. 5-7-сынып оқушыларына тән осы «ересек сезіну сезімі» қазақ тілі сабағында олардың жазылым әрекетін дамытуда ескеріліп, тиімді әдістермен ұштастырылса, оң нәтижелер берері сөзсіз. Мәселен, жеткіншектерге тән осы қасиет интерактивті әдістерді қолдануда барынша қолдау табады. Интеракивті әдістерге тән мәселені шешудегі дербестік, еркіндік және мұғалім тарапынан (ересектер тарапынан) сынға ұшыраудың жоқтығы мен толық жауапкершілікте болу оқушылардың өздерін ересек сезінуіне мүмкіндік беріп, олардың қажетті білік, дағды қалыптастыруын дұрыс жолға қояры сөзсіз.

Жеткіншек кезеңіндегі өзгерістер оның өзара ажырамас (когнитивтік, эмоциялық, реттеушілік) бірліктегі өзіндік санасының өзгеруіне байланысты жүреді, соның нәтижесінде оның «мен» бейнесі қалыптасады. Жеткіншектің өзіндік санасының дамуы өзін-өзі бағалау, тұлғалақ рефлекция, өзіне және өзгелерге талап қою, іс-әрекеттер мотиві, идеал және тағы басқалардың көрініс беруімен анықталады [4, 166-167]. Жеткіншек жасындағы балалар (10-15 жас) өз құрбыларымен, ересектермен біршама басқа қатынасқа түседі. Олардың отбасындағы, құрбылары арасындағы, жалпы күнделікті өмірдегі орны да жаңа сипат алады. Яғни, осы жастағы білімгерлердің іс-әрекеті бұрынғыдан кеңейіп, оның сипаты өзгеріске түседі, түрі мен формалары да күрделенеді. Олар әр саладағы (оқу, спорт, мәдениет, еңбек, т.б.) сан алуан іс-шаралардың белді мүшесіне айналады [4, 90]. Бұл, әрине, білімгерлердің жазылым әрекетіне әсер етеді. Сондықтан да осы жастағы оқушылардың жазба жұмыстарынан ойды жеткізуде бірізділіктің жоқтығын, шашыраңқылықты аңғаруға болады. Мәселен, шығарма, эссе, мазмұндама секілді жұмыстарды жазу кезінде олар тақырыптан ауытқып, бірді айтып, бірге кетуі мүмкін. Бір жағынан бұл білімгердің әлі де пісіп, жетілмегенін, жазу дағдысының қалыптаса қоймағанын білдірсе, екінші жағынан бұл жеткіншектің өзіне тән ерекшелігінің бірі екенін есте сақтағанымыз жөн.

И.П. Шахованың зерттеулеріне қарағанда, жеткіншек жасының I сатысында (10-11 жас) балалардың белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға деген қызығушылығы тым шашыраңқы, мәселен, осы жастағы 1273 оқушының 64%-ы үш не одан да көп үйірме, секцияларға және т.б. қатысады. Ал, II сатыда (12-13 жас) қызығушылық тұрақталады. Бұл жастағы оқушылардың 51%-ы үйірме, секция және т.б. қатысса, 43%-ы тек 1-2 іске ғана көңіл бөледі. III сатыдағы жеткіншектердің 38%-ы үш не одан да көп іспен айналысса, 53%-ы 1-2 іспен шектеледі [4, 172-173]. Сондықтан, әсіресе шығармашылыққа баулитын жазба жұмыстарын жүргізуде мұғалім алдымен білімгерлердің дәл сол кезде немен әуестеніп, қызығып жүргенін анықтап, тапсырманы сол жаққа бағыттап, сонымен байланыстырғаны жөн. Сосын біртіндеп, II, III сатыларда нысанадағы тақырыптар ауанын кеңейтіп, тереңдете беруге болады.

Бұл кезеңде де бала іс-әрекетінде ойын маңызды орын алады. Бірақ осы жаста баланы ойын үрдісінің өзі емес, оның құрбылары арасында бірінші болу үшін күреспен мәртебесін көтеруге мүмкіндік тудыратыны қызықтырады. Жеткіншектің қоғамдағы әлеуметтік мәртебесі оқушы ретінде анықталатындықтан, оқу оқушы өмірінің басым бөлігін құрайды. Алайда кіші мектеп жасындағы баламен салыстырғанда жеткіншектің оқу іс-әрекетінде айтарлықтай өзгерістер болады. Ондағы ақпарат көлемі ұлғаяды, оқыту әрекеті мен талап қою деңгейі әр түрлі мұғалімдер қатары көбейеді, жаңа оқыту формасы пайда болады, ең бастысы бұл кезеңде теориялық ойлау мен білімге деген жаңа танымдық қатынасты қажет ететін әр түрлі ғылымдар негізінің бастамасы болып табылатын пәндерді оқыту басталады [4, 91]. Бұл жеткіншек оқушылардан ақпараттар ағынын қабылдау, қорыту дағдыларын қажет етеді. Яғни дәл осы кезең Жүсіпбек Аймауытұлы айтқандай «... шәкірттің ойын қозғап, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыратын, сөйтіп жан қуаттарын жетілдіретін» кезең болып табылады. Ал бұл дағдыларды қалыптастырудың бірден-бір құралы – интерактивті әдістер. «Ойға шабуыл», «25-тен 5 сауалнамасы» секілді интерактивті әдістер – нағыз оқушының «ойын қозғайтын» әдістер. Аталған әдістер оқушылардың таным белсенділігін арттырып, бұл жас кезеңінде қалыптаса бастайтын ойлаудың анализ, синтез үдерістерін жетілдіреді.

Жеткіншек кезеңінде оқушылардың танымдық әрекетінің белсенділігі артады. Психолгтардың көрсетуінше, «білімге деген құштарлық шыңы» 11-12 жас шамасына сәйкес келеді. Жеткіншекдердің интеллектуалдық үдерістері белсенді жүреді. Батыс психологтары мұны формальды-логикалық операцияларға көшу деп қарастырады (Ж. Пиаже). Қабылдау таңдамалы, мақсатты бағытталған, аналитика-синтетикалық қызметке айналады. Бұл жаста зейіннің барлық параметрлері: көлемі, тұрақтылығы, жылдамдығы біршама жетіле түседі. Ол бақылауға болатын, еркін үдеріске айналады. Ес іштей логикалық операциялармен тікелей байланысты болады, есте сақтау мен жаңғырту мәнді сипат алады. Сонымен қатар естің көлемі, таңдамалылығы, мнемикалық әрекеті ұлғаяды. Біртіндеп ойлау үдерісі қалыптаса бастайды, нақты ұғымдарға сүйену теориялық ойлауға ойысады. Енді жеткіншектің дербес ойлауының дамуымен байланысты және оның танымының белсенді әрекет етуіне орай жеке тұлғалақ ерекшеліктері мен интеллектуалдық іс-әрекеті ерекшелене бастайды [2, 253].

Жеткіншектердің жоғарыдағы психикалық ерекшеліктері танымдық белсенділікті арттыратын интерактивті әдістерді орта буындағы оқушылар сыныбынан бастаған жөн деген тұжырым жасауға негіз болады. Өйткені жеткіншек жасындағы оқушылардың танымдық әрекеті белсенділігінің артуы білім алу үдерісінде ұтымды қолданылып, әрі қарай дамытылуы қажет. Дәстүрлі оқыту жағдайында

мұны іске асыру біршама қиындау болса, ал интерактивті оқыту бұл мәселені оңай шешеді. Сондай-ақ білімгерлердің формальды-логикалық операцияларға көшуі интерактивті әдістермен ұштастырылғанда, олардың емле ережелерін еркін қорытып, жазуда автоматты түрде қолдана алуын жеделдетеді. Тіпті, тіл салалары бойынша пікірталас тудырып жүрген кейбір мәселелерді оқушылар назарына ұсынып, оларды теориялық пайымдауға үйретуді де осы кезеңнен бастауға болады.

Жеткіншек кезеңінің биологиялық аспектісі де бар. Бұл кезең – даму қарқындылығы «гормондық дауыл» деген ұғыммен түсіндірілетін жыныстық жетілу кезеңі. Физикалық, физиологиялық, психологиялық өзгерістер мен сексуалдық елігудің көрінуі бұл кезеңді аса күрделендіріп, тіпті жеткіншектің өзі үшін де көптеген қиындықтар туындатады [2, 243]. Жыныстық жетілу кезеңінде бала өмірінде екі үлкен өзгеріс байқалады. Біріншісі, баланың өз «менінің» көрініс беруі болса, екіншісі, оның өз дүниетанымының қалыптасуы. 12 жастан бастап бала эгоцентристік логикадан арылып, өзінің ойлау процестерін басқаруға қабілетті болады [5, 546]. Бірқатар психолог ғалымдардың көрсетуінше (О. Штерцингер, О. Тумлирц, К. Рейнингер, П.Л. Загоровский), 11-13 және 14-15 жас аралығындағы балаларда оқу үлгерімінің күрт төмендеуі байқалған. Ғалымдар бұл жастағы оқу үлгерімі мен ақыл-ой жұмысына қабілеттің төмендеуін жыныстық жетілудің бірінші фазасының басталуымен байланысты балалардағы көрнекілік пен білім ұстанымы түсіну мен дедукция ұстанымына ауысады деп түсіндіреді. Сонымен қатар ғалымдар интеллектуалдық әрекеттің жаңа, жоғарғы формасына өтуде жұмыс қабілетінің уақытша төмендейтінін де ескертеді [6, 28]. К. Рейнингер зерттеулеріне қарағанда бұл фаза ұлдар мен қыздарда әрқалай өтеді. Мәселен, бұл фаза қыздарда 11-13 жас аралығында 8-9 ай бойы өтеді. Ғалымның пікірінше, бұл жағымсыз фаза кез келген жеткіншек өтуі тиіс, қалыпты жас кезеңі. Аталмыш фазаның болмауының өзі ауытқулардың болуынан хабар береді дейді ғалым [6, 29].

Ғалымдардың жеткіншек кезеңінің дағдарысын тек биологиялық даму тұрғысынан пайымдауын сынай келе, Л.С. Выготский бұл кезеңнің тағы бір өзіне тән ерекшелігі ретінде жыныстық жетілу дәуірінің басталуымен қатар, тұлғаның әлеуметтік жетілу дәуірінің басталуын көрсетеді [6, 33]. Жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін арнайы зерттеген Т.Күнсәмованың көрсетуінше, жеткіншек жасындағы дағдарыс олардың өзіндік қатынастары мен жеке басының агрессиясына үлкен ықпал етеді. Сондай-ақ ғалым осы жас кезеңін зерттеген зерттеушілер еңбегін саралай отырып, жеткіншектердегі агрессияның тағы да бірнеше себебін көрсеткен: «... баладағы агрессиялықтың себебі құрбыларымен қарым-қатынасқа қанағаттанбағандықтан, топтағы төменгі әлеуметтік статустан», «жеткіншектік агрессия тікелей тұрғыда ата-анасы жағынан эмоциялық жылылықтың жетіспеушілігінен» және «өзінің сыртқы пішініне қанағаттанбауынан» [7, 73].

Сондықтан мұғалім сабақты ұйымдастыру барысында 5-7-сынып оқушыларының жас кезеңіне сәйкес биологиялық аспектіні үнемі есте сақтап, оқу үрдісінде байқалатын келеңсіздіктерден, мәселен, оқушылардың агрессиялығы, оқу үлгерімінің нашарлауы, белсенділіктің төмендеуі т.с.с. шығудың жолдарын қарастырғаны жөн. Ал, керісінше оқушылардың жоғары белсенділігін қажет ететін интерактивті әдістерді қолдану кезінде жеткіншектердің тым қызбалыққа салынбауын, олардың арасында жанжал туындамауын қадағалап отыру да маңызды.

Дамудың қозғаушы күші – бұл бала дамуының психологиялық теориясы ұғымдарының бірі. Бала дамуының қозғаушы күші ретінде баланың өзінің қажеттілігі, яғни оның мотивациясы және сонымен қатар іс-әрекеттер мен қарым-қатынастың сыртқы стимулдары, яғни ересектердің оқыту мен тәрбиелеудегі мақсат, міндеттері түсіндіріледі. Р.С. Немовтің көрсетуінше, бала дамуына жайлы жағдай оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты бала іс-әрекетінің мотивациясымен сәйкес келіп, оны арттырғанда ғана туындамақ. Кез келген баланың жеке даму процесі материалдық және рухани мәдениеттің нақты заттары мен сан түрлі қатынастағы адамдар қауымы қоршаған белгілі бір жағдайда өтеді. Бұлардың бәрі тұтастай баланың психологиялық даму жағдайын құрайды. Сондықтан баланың өзіндік ерекшеліктері мен түрлі әрекеттері осыларға тікелей байланысты болады [8, 20].

Бала дамуының заңдылығын түсінуде жетекші әрекет пен жетекші қарым-қатынас ұғымдарының рөлі ерекше. Р.С. Немовтің көрсетуінше, 5-6 сынып оқушыларының жетекші әрекеті – ***оқу әрекеті***, ал жетекші қарым-қатынас түрі – ***тұлғааралық қарым-қатынас*** болып табылса, 6-7 сыныптарда бұл жетекші әрекет те, қарым-қатынас та едәуір күрделене түседі. Бұл оларда болашақ кәсіби жұмысқа дайындық кезеңінің басталуымен түсіндіріледі.

Жетекші әрекет дегеніміз – баланың танымдық үдерістерінің дамуын үлкен жетістіктер деп көрсететін әрекеттер.

Жетекші қарым-қатынас дегеніміз – тұлғаның негізгі оң қасиеттерінің қалыптасуына оңтайлы әрі тез ықпал ететін қарым-қатынас [8, 21].

Жеткіншек кезеңіндегі өз құрбыларымен қарым-қатынас жасау мотивтерінің динамикасы мынадай: (10-11 жас) өз құрбыларымен бірге болуды, бірге әрекет етуді қалайды; (12-13 жас) құрбылар ұжымында белгілі бір орынды иемденгісі келеді [9, 246]. Бұл 5-сыныптарда интерактивті әдістерді қолдануды топтық қалыпта ұйымдастыруға болатынын және топ көсемдерін сайлауға әзірге қажеттілік жоқ екенін көрсетсе, 6-7-сыныптарда жүргізілетін жұмыстарда оқушылардың дербес жауапкершілікте болуын қамтамасыз ететін интерактивті әдістерді қолдану керектігін нұсқайды.

Д.И. Фельдштейннің пікірі бойынша, жеткіншектің психологиялық дамуының мәні оның қоғамдық пайдалы, әлеуметтік қолдау тапқан, алайда ешқандай ақы алуды көздемейтін іс-әрекетінде [9, 46]. Бұл іс-әрекеттер танымдық, өндірістік, қоғамдық жұмыстар, көркемөнерпаздар үйірмелерінде, спортта көрініс табады. Жеткіншектердің қоғамға пайдалы іс-әрекетінің уәжі – жеке жауапкершілікте болу, өз бетімен әрекет ету [9, 247]. Сондай-ақ ғалым жеткіншектердің топтық сипаттағы қатынастарын мақсатты түрде бағыттамаған жағдайда түрлі стихиялық топтық немесе жеке-интимдік қатынастарға әкеліп соғуы мүмкін екенін ескертеді. Көріп отырғанымыздай, бұдан жеткіншек жасындағы білімгерлердің ерекшелігінің өзі интерактивті оқытуға сұранып тұрғандай. Себебі интерактивті оқытуда олардың, біріншіден, топ болып жұмыс істеуіне жағдай жасалса, екіншіден, жеке жауапкершілікте болып, өз бетімен әрекет етіп, өз ойын, пікірін білдіруіне де мүмкіндік болады.

Жеткіншек жасының 1-сатысындағы балалардың өзін-өзін қабылдауы әркелкі. Оларда көбінесе жағымсыз эмоциялық реңк басым. Бұл жастағы балалар өзін-өзін бағалауға тым зәру, сонымен қатар өзін бағалай алмауы оларды қиналтады. Ал, 2-сатысында (12-13 жас) қалыптасқан жалпы жағымсыз қатынаспен қатар қоршаған орта, әсіресе құрбыларының ықпалымен ситуативті жағымсыз қатынас пайда болады. Алайда оны іле-шала баланың өзін жеке тұлға ретінде сыйлатуға, құрмет көрсетуге мұқтаждығы артады [5, 167-168]. Бұдан шығатын тұжырым – дәстүрлі оқытудағы мұғалім-оқушы қатынасы білімгердің өзін-өзі бағалауын қалыптастырып, оның жолдастары алдындағы беделін көтеруді толық қамтамасыз ете алмайды. Бұл тек жеткіншектің өз құрбылары тарапынан бағаланып, құрметке ие болғанда ғана іске асатыны белгілі. Олай болса, мұнда да интерактивті оқытуға жүгінген абзал.

Бала психологиясында оның психикалық дамуының екі түрлі күрт ауысуларға ұшырайтынына негіз болатын маңызды материалдар жинақталған. Біріншісі, бүлдіршін жасынан мектепке дейінгі жасқа өту, бұл кезең әдебиеттерде 3 жастағы дағдарыс ретінде белгілі, екіншісі кіші мектеп жасынан жеткіншектік кезеңге өту, яғни жыныстық жетілу кезеңіндегі дағдарыс. Бұл екі өткелді өзара салыстырып қарағанда біршама ұқсастықтар табылды. Бұл екі кезеңде де еркіндікке ұмтылу мен ересектермен қарым-қатынаста туындайтын бірқатар жағымсыз көріністер байқалады [10, 23]. Осы жастағы сондай келеңсіздіктердің бірі – оқу үлгерімінің төмендеуі. 11-13 жас аралығындағы жеткіншектердің оқу үлгерімінің төмендеп кетуі олардың осы жаста білім алуға деген уәждемесінің төмендеуімен түсіндіріледі. Осы келеңсіздікпен күресу мақсатында оқытушылар тарапынан жеткіншектерге білімнің болашақ үшін қаншалықты қажет екені, болашақта білімсіз өмір сүре алмайтыны жан-жақты айтылып түсіндіріліп жатады. Бұл жерде педагогтің жіберетін басты қателігі ол жеткіншектің өзін басты бағдар етіп алу сияқты негізгі психологиялық ерекшелігін ескермейді. «Болашақтағы менің орным» деген бағдар келесі кезеңге тән [5, 122]. Сондықтан жеткіншек кезеңіндегі балалармен жұмыста педагогтың басты нысанасы жеткіншектің ***қоршаған ортада өз ұстанымын қалыптастыру,*** оның басқалармен – ересектермен, ***жолдастарымен бірлесіп әрекет етуін*** қамтамасыз етуге ұмтылу болуы қажет. Бұл да интерактивті әдістерді қолдану барысында іске асырылады.

Д.И.Фельдштейнзерттеулеріненқарағанда,жеткіншектердіңоқуүлгерімінтанымдыққызушылығын ояту, жеке қызығушылығын туғызу негізінде емес, ***жеткіншектің жеке жауапкершілігін қажет ету, ортақ мәселені бірлесіп шешуде білімге мұқтаждық туғызу*** негізінде ғана көтеруге болады [5, 122]. Д.И. Фельдштейннің бұл тұжырымы да біздің тұжырымымызбен орайлас келеді.

Жеткіншек кезеңінің негізгі қарама-қайшылықтарының – бірі жеткіншектің ересектер қоғамында өзіндік рөлін мойындатуға ұмтылуы. Жеткіншектің бұл әлеуметтік ұстанымын бекітуге шынайы мүмкіндіктер жасалмаған, өйткені мектеп тек оқытуды басты бағыт етіп алатындықтан, оның тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті жеткіншектің қоғамдағы жаңа әлеуметтік ұстанымын бекітуде мектептегі өз жолдастарымен «мен және сен» деңгейіндегі қарым-қатынасы

оны қанағаттандырмай, ересектер лемінен шеттетіліп қалғандай сезімде қалдырады [5, 188]. Л.С. Выготский бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы ретінде ғалым жеткіншектерді қоғамға пайдалы жұмысқа тарту деп көрсетеді. Оның пікірінше, бұл, біріншіден, жеткіншекті ересектердің мойындауын қамтамасыз етеді, екіншіден, жеткіншектің өз жолдастарымен түрлі қатынасқа түсуіне мүмкіндік жасайды. Ал, біз жеткіншек оқушылардың осы ерекшелігін ескере келе, оларды жоғары сынып оқушыларымен бірлескен интерактивті сабақтарға қатыстыру қажет деп санаймыз. Бұл, бір жағынан, олардың психикалық қажеттілігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан аға буыннан үйреніп, тәжірибе жинауына көмектеседі. Сондай-ақ жеткіншектердің бұл жағдайда өзінен үлкендер алдында абыройға ие болу үшін барын салып, іске құлшына кірісуіне де түрткі болары сөзсіз.

Мұны «баланың үлкен жетістіктерге қол жеткізуі оның өзінен білікті, құзіретті құрбыларымен немесе ересектермен серіктестігінің нәтижесінде білім жинағанын көрсетеді» деген И.В. Шаповаленконың пікірімен де дәйектей кетуге болады [2, 82].

Сөйтіп жеткіншек жасындағы 5-7 сынып оқушыларымен жұмыс жүргізуде дәстүрлі әдістер аясында шектелу олардың тіл үйренуін толық қамтамасыз етпейді. Сондықтан бұл жастағы оқушыларымен жас ерекшелігіне сай психикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін интерактивті әдістердің бірі – «шағын топтағы жұмысты» жүргізудің берері мол. Мұғалім «шағын топтағы жұмысты» ұйымдастыруда оқушылардың

- жеке жауапкершілікте болуын;
- топ мүддесін қорғай алуын;
- топ ішінде белгілі мәртебеге ие болуын;
- жеке өз нәтижесін көрсете алу мүмкіндігіне ие болуын;
- топ нәтижесіне бірлесіп қол жеткізуге мүдделілігін

қамтамасыз ете алады.

Сонымен қатар интерактивті әдістерді, рөлдік ойындарды қолдану оқушыларды бірлесіп қызықты жұмыс жасауға жұмылдырады. Олардың өздерін бір сәтке болса да ересектер рөліне еніп, ересек сезінуіне, дербес шешім қабылдай алу мүмкіндігіне қол жеткізуге жағдай тудырады.

Қорыта келгенде, 5-7 сыныптарға қазақ тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану білімгерлердің жас ерекшелігімен жақсы үйлесім табады деуге болады. Интерактивті әдістер жеткіншек жасындағы балалардың психикасына салмақ түсірмей, қайта олардың жан-жақты дамуына, шығармашылығын шыңдауға жол ашып, пәнге деген қызығушылығын арттырады, сөйтіп оңтайлы нәтижеге жетуге септігін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұмабаев М. Педагогика (баланы тәрбие қылу жолдары). – Алматы: Рауан, 1992. -112 б.
2. Шаповаленко И.В. Возрастная психология (Психология развития и возрастная психология). М.: Гардарики, 2007. -349 с.
3. Эльконин Д.Б. Избранные психолгические труды. М., 1989.
4. Фельдштейн Д.И. Психология развития личности в онтогенезе. М.: Педагогика, 1989. -208 с.
5. Выготский Л.С. Психология развития человека. М.: Смысл, 2005. -1134 с.
6. Выготский Л.С. Собрание сочинений: В 6-ти т. Т. 4. Детская психология / Под ред. Д.Б. Эльконина. – М.: Педагогика, 1984. – 432 с.
7. Күнсләмова Т.К. Жеткіншектердегі өзіндік бағалау, өзіндік реттелу және его-күйдің белсендірілуі мен агрессиялықтың өзара байланысын психологиялық-педагогикалық тренинг негізінде зерттеу. Псих ғыл. канд. дисс. А., 2005. -183 б.
8. Немов Р.В. Психология. 3 кн. Кн. 2. Психология образования. М.: Просвещение. ВЛАДОС, 1995. -496 с.
9. Выготский Л.С. Собрание сочинений: В 6-ти т. Т. 2. Проблемы общей психологии / Под ред. В.В. Давыдова. М.: Педагоика, 1982. – 504 с.
10. Маркова А.К. Психология усвоения языка как средства общения. М.: Педагогика, 1974. -240.

3788+001.895
Б 17



БЕРДЕНОВА А.С.
«Жалпы педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
Тараз, Қазақстан
nasi_kz.00@list.ru

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. *Қазіргі таңда әлемде жүйелі түрде болып жатқан сан алуан өзгерістер тұрақты үрдіс-әлеуметтік-экономикалық және білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолданудың рөлі артып келеді. Студенттердің өзіндік дамуы мен қалыптасуының субъектісі ретінде инновациялық білім беру ортасында студенттердің белсенділігін арттыру, педагогикалық креативтігін меңгертуге негізделген.*

Инновациялық білім берудегі технологиялық қызметтің мақсаты – қажетті ақпаратты өз бетінше анықтау, өңдеу және талдай алатын оны қажетті сәтте тиімді пайдалану арқылы белсенді студенттерді қалыптастыру болып табылады.

Кілт сөздер: *инновация, интерактивті тақта, парадигма, мультимедия, экскурсия, дискуссия, технология.*

БЕРДЕНОВА А.С.
Старший преподаватель кафедры «Общей педагогики и психологии»
Таразский государственный педагогический университет,
Тараз, Казахстан
nasi_kz.00@list.ru

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ В ПРИМЕНЕНИИ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация. *В настоящее время в мире систематически происходящие в мире многообразные изменения становятся устойчивой тенденцией-возрастает роль широкого использования информационно-коммуникационных технологий в социально-экономической и образовательной системе. Поэтому повышение активности студентов в инновационной образовательной среде, как субъекта становления и саморазвития студентов, основано на овладении педагогической креативностью.*

Цель технологической деятельности инновационного образования-формирование активных студентов путем его эффективного использования в нужный момент, способных самостоятельно определять, обрабатывать и анализировать необходимую информацию.

Ключевые слова: *инновации, интерактивная доска, парадигма, мультимедиа, экскурсия, дискуссия, технология.*

BERDENOVA A.S.
Senior Lecturer, Department of «General Pedagogy and Psychology»
Taraz state pedagogical University,
Taraz, Kazakhstan
nasi_kz.00@list.ru

WAYS TO INCREASE THE ACTIVITY OF STUDENTS IN THE APPLICATION OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES

***Abstract**. Currently, in the world systematically occurring in the world of diverse changes are becoming a stable trend-increasing the role of the widespread use of information and communication technologies in the socio-economic and educational system. Therefore, increasing the activity of students in the innovative educational environment as a subject of formation and self-development of students is based on the mastery of pedagogical creativity.*

The purpose of technological activity of innovative education-the formation of active students through its effective use at the right time, able to independently identify, process and analyze the necessary information.

***Keywords:** innovations, interactive whiteboard, paradigm, multimedia, excursion, discussion, technology.*


Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев инновация туралы өз сөзінде былай деп айтқан болатын «бәрінен бұрын, осы идеяны түсінетін, өзіндік ой-санасы қалыптасқан адамдарды-инноваторларды даярлау қажет. Оларды іздеп тауып, бір орталыққа жинау керек. Мамандар даярлау мәселесі, ондай адамдардың кәсіби және шығармашылық деңгейін арттыру – инновациядан басқа, біздің басты міндетімізге айналуы тиіс. Біз өз тарабымыздан осы жұмысты бастаймыз» деген болатын [1, 4]. XXI ғасырдағы адамзат бірлестігі бірыңғай өркениетті кеңістікті қалыптастыру мәселесін белсенді шешуде. Ғаламдық кеңістіктегі маңызды рөлі инновацияға жатады. Ғалымдар қазіргі заманғы құбылыстың – инновациялық әлем құру туралы куәландыратын жаңа түсініктерді қалыптастыуда. Сонымен қоғамның жедел дамуы жағдайында білімнің рөлі аса айқындала түсті.

Қазіргі заманғы зерттеушілердің еңбектерінде В.С.Леднев, Б.Т.Лихачев, В.Д.Шадриковтар білім беру индивидті ағартудың тәсілі ғана емес, мәдениетті дамытудың механизмі, оның құндылықтарын меңгеру, әлемнің бейнесін қалыптастыру механизмі ретінде көрсетіледі. Соған сәйкес, инновациялық білім беру үдерістері өзінің мазмұнына қазіргі және болашақ ұрпаққа адамзаттың өмір сүруін, прогресті қамтамасыз етуі, әлемдік дамудың перспективасымен арақатынас жасауға көмек беретін жаңа құндылық бағдарларды қамту керек [2, 53-54].

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда мұғалім сабақты дайын күйінде бағалайды, студенттің өзі ізденіп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал мұғалімнің негізгі міндеті студенттің іс-әрекетін бақылайды, сонымен қатар инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу– тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп тарату мәселесін қарастырады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру педагогикалық технологияны ендіруді талап етеді. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен студенттің бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу деген ұғымды танытады. Жаңашылдық адамдардың кәсіптік қызметінің бәріне тән болғандықтан ол зерттеу мен талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналған.

Бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі оқытудың дәстүрлі әдістерінен инновациялық және зерттеу парадигмаларына көшіп жатыр. Оны төмендегі 1– суреттен көруге болады.

Қазіргі заманғы ЖОО – ның инновациялық білім беру технологиялары-бұл:



сурет 1. Инновациялық білім беру технологиялары.

Оқытудың инновациялық әдістемелеріне интерактивті және компьютерлік технологиялар жатады:

—Интерактивті технологиялар лекцияларды (ғылыми, әлеуметтік, кәсіби, интегративті және т.б.)

—семинарларды (диспуттар, оқу дискуссиялары, ми шабуылдары және т. б.) қамтиды.

Оқытудың компьютерлік технологиялары білім алушыға ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді және керісінше болжайды.

Инновациялық технологиялар арқылы студенттердің белсенділігін артыруда:

— оқу-әдістемелік әдебиет пен материалдарды тиімді пайдалану

— кәсіби білімді меңгеру;

— проблемалық-іздестіру ойлауын дамыту;

— кәсіби пікірлерді қалыптастыру;

— ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру;

— алған білімдерін өзін-өзі бақылау мүмкіндігін кеңейту;

– оқу-әдістемелік әдебиетті жедел жаңарту;

– оқытудың модульдік технологияларын енгізу;

– оқытудың имитациялық технологияларын пайдалану;

Жалпы – мамандарды даярлаудың қазіргі технологияларының сапасын жетілдіру. Инновациялық технологиялар білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етеді, демек, ЖОО-ның білім беру қызметі нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді [3, 201 – 206].

Инновациялық әдістер дәстүрлі түрде де, электронды мультимедиялық оқулықтар мен оқу құралдарын қолдана отырып, қашықтықтан оқыту технологиясына байланысты да іске асырылуы мүмкін. Инновациялық әдістер мына төмендегі кестені көздейді:



Қазіргі уақытта ТарМПУ-де студенттердің танымдық қызметін және белсенділігін арттыру мақсатында оқу процесіне электрондық оқыту құралдарын пайдалана отырып, оқытудың инновациялық технологиялары мен интерактивті әдістері енгізілуде. Олардың ішінде:" іскерлік "және рөлдік ойындар," миға шабуыл", кейс-әдіс, онлайн-бағдарламалар, тренингтер," дөңгелек үстелдер", дискуссиялар және басқалар. Инновациялық оқыту негізінде келесі технологиялар жатыр:

– дамытушылық оқыту;

– проблемалық оқыту;

– сыни ойлауды дамыту;

– оқытуға сараланған көзқарас;

– сабақта табысқа жету жағдайын жасау .

Студенттерді оқытудың интерактивті әдісі интерактивті тақтаны қолдану ғана емес, сонымен қатар компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер, мультимедиялық проекторлар және басқа да білім беру интернет-сайттарына шығуға мүмкіндік беретін электронды оқыту құралдарын қолдану, яғни онлайн режимінде оқыту болып табылады.

Бүгінгі күні көптеген оқытушылар оқытудың нәтижелілігіне қол жеткізу мақсатында білім беру ордаларында оқытудың заманауи технологиялары мен инновациялық әдістерін өз сабақтарында кеңінен қолданады. Бұл әдістер оқытуда қолданылатын белсенді және интерактивті формаларды қамтиды. Белсенді студенттер оқытушыға және онымен бірге білім алатындарға қатысты белсенді

ұстанымдарын қарастырады. Оларды қолдану кезінде оқулықтар, дәптерлер, компьютер, яғни оқыту үшін қолданылатын жеке құралдар қолданылады. Интерактивті әдістердің арқасында басқа студенттермен ынтымақтастықта білімді тиімді игеру жүргізіледі. Интерактивті әдістер жаңа материалды сапалы меңгеруге ықпал етеді. Сондықтан колледжде оқытудың инновациялық әдістері студенттердің танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал етеді, оқитын материалды жүйелендіруге және жинақтауға, талқылауға және диспутациялауға үйретеді. Студенттер алған білімдерін түсініп, өңдеп, оларды тәжірибеде қолдану дағдыларын меңгеріп,қарым-қатынас тәжірибесін алады. Оқытудың инновациялық әдістері дәстүрлі әдіс-тәсілдердің алдында басымдыққа ие, өйткені олар студенттің дамуына ықпал етеді, шешім қабылдауда оның дербестігін үйретеді [4, 182-188].

Интерактивті қызмет түрлері имитациялық және рөлдік ойындарды, дискуссияларды, модельдеуші жағдайларды қамтиды. Интерактивті әдістер жаңа материалды сапалы меңгеруге ықпал етеді. Бұл әдістер оқытылып жатқан материалда студенттер тобы жұмыс істейтін оқытудың ұжымдық нысандарына жатады, бұл ретте олардың әрқайсысы атқарылған жұмысқа жауапты болады. Осы әдістерді қолдану арқылы студенттердің оқуға деген белсенділігін арттыруға болады. Оларға тиесілі:

– пәндік сипаттағы жаттығулар;
– топтық тапсырмалар;
– білім беру, рөлдік, іскерлік ойындар, имитация;
– экскурсия сабақтары;
– шығармашылық адамдармен және мамандармен кездесу-сабақтары;
– спектакль-сабақтар, фильмдер жасау, газет шығару;
– бейнематериалдарды, интернетті, көрнекілікті пайдалану;
– "шешім ағашы", "ми шабуылы" әдістерінің көмегімен күрделі сұрақтар мен мәселелерді шешу.

Білім берудің инновациялық технологияларының басты мақсаты-адамды тұрақты өзгермелі әлемдегі өмірге дайындау.

Қазіргі оқу орындарында жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық-ақпараттық технологияларды қолдану мұғалімге не береді? Атап айтқанда: сабақта уақытты үнемдеу; оқыту барысында көрнекілік деңгейін көтереді; оқу үдерісін белсендіреді; материалдың мазмұнын тереңдетуге, оқытуды интеграциялауға, оқу мотивациясын арттыруға, бір мезгілде аудио, видео, мультимедиа-материалдарды қолдану арқылы сабақты жаңашаландыруға мүмкіндік береді.

Оқытудың инновациялық әдістері басымдылығы адамгершілік құндылықтар болып табылатын әдісті де көздейді. Ол кәсіби этикаға негізделген жеке адамгершілік ұстанымдарды қалыптастыруға, сыни ойлауды қалыптастыруға, өз пікірін білдіру және қорғай білуге ықпал етеді. Инновациялық әдістер тек білім иесі ғана емес, сонымен қатар студенттердің шығармашылық ізденістерін бастайтын тәлімгер болып табылатын оқытушының рөлін де өзгертуге мүмкіндік берді. Осыған байланысты білім беру жүйесі қажетті ақпаратты өз бетінше анықтай алатын, өңдей алатын, талдай алатын және оны қажетті сәтте тиімді пайдалана алатын маманның жаңа түрін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұған жоғары білікті мамандарды (бакалавр – магистр – доктор) көп деңгейлі даярлауға көшумен қол жеткізуге болады [5, 456].



3 кесте. Студенттердің белсенділігін арттыру жолдары.

Бүгін "сабақты қызықты, жарқын етіп қалай жасау керек?" деген сұрақтармен ойламаған мұғалім жоқ. Студенттерді өз пәндерімен қалай қызықтырады? Сабақта әр студент үшін табыс жағдайын қалай жасауға болады?" студенттердің сабақта өз еркімен, шығармашылықпен жұмыс жасауын, әрбір жетістіктің ең жоғарғы деңгейінде пәнді барынша тануды қандай заманауи оқытушы армандамайды. Қоғамның жаңа ұйымы, өмірге жаңа көзқарас білім ордаларына жаңа талаптар қояды. Инновациялық білім берудегі технологияларды қолдануда студенттердің белсенділігін арттыру жолдары 3 кестеде көрсетілген [6, 256].

Оқытудың негізгі мақсаты– студенттердің белгілі бір білім, білік, дағды жинақтауы ғана емес, сонымен қатар білім беру қызметінің дербес субъектісі ретінде даярлау. Қазіргі білім беру негізінде мұғалім де, студенттің де белсенділігі осы мақсатпен– шығармашылық, белсенді тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен жетілдіре білетін және заманауи білім берудің негізгі міндеттеріне бағынады. Оқытудың инновациялық тәсілі оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Инновациялық білім берудегі технологияларды қолдануда студенттердің белсенділігін арттыру жолдарында біз мына жетістіктерге жетеміз:

– интеллектуалдық, коммуникативтік;
– студенттердің шығармашылық қабілеттерін;
– студенттердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;
– оқу-танымдық қабілетке әсер етуі;
– шығармашылық деңгейіне өсуі;
– ойлаудың әртүрлі түрлерін дамыту;
– сапалы білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Студенттердің белсенділігін ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, сөйлеу шеберліктерін арттыру, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану ұстаз шеберлігінің белгісі.Студенттердің белсенділігін арттырудың негізі факторларына олардың өз мүмкіндігін сезінуі, студенттердің өз таңдауымен жұмыс істеуі,өз әрекетінен қанағаттануы,өзіндік жұмысты ұйымдастыра алуы және т.б. жатады.Танымдық әрекеттің негізінде студенттерде танымдық қызығу, танымдық ізденімпаздық қалыптасады.

Студенттердің белсенділігін ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, сөйлеу шеберліктерін арттыру, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану ұстаз шеберлігінің белгісі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Ә.Назарбаев «Инновациялық Қазақстан-2020» форумы. 2011. – 2 б.
2. Оспанова Б.А. Инновационное образование в условиях глобазации. М., 2010. –С. 53-54.
3. Симоненко Н. Н. Управление образовательными услугами с применением инновационных методов обучения //Вестник Тихоокеанского государственного университета. 2012. № 2. – С. 201 – 206.
4. Осмоловская И. М. Инновации и педагогическая практика //Народное образование. 2010. № 6. – С. 182 – 188.
5. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, – 2009. – С.456 .
6. Сластенин В.А. Педагогика: инновационная деятельность М.: «Издательство Магистр»,1999. – С. 256.

REFERENCES:

1. N.A.Nazarbayev "Innovately Kazakhstan-2020" forum. 2011. -2 з.
2. Ospanova B. A. Innovative education in the conditions of globalization. Mmm., 2010. –P. 53-54.
3. Simonenko N. N. Management of educational services using innovative teaching methods //Bulletin of the Pacific national University. 2012. No. 2. – P. 201 – 206.
4. Osmolovskaya I. M. Innovations and pedagogical practice. Folk education. 2010. No. 6. – P. 182 – 188.
5. Selevko G. K. Modern educational technologies: Textbook. – M.: National education, – 1998. – P. 456.
6. Slastenin, V. A. Pedagogics: innovation activity, Moscow: "publishing house of the Master",1997. – P. 256.

ИСАҚҰЛОВА Ш.Қ.,
ІЛИЯСОВА Д.С.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
shopi_81@mail.ru, d.ilyasova.enu@gmail.com

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ КЕЙС-ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Аннотация: *Мақалада қазақ тілінің сабақтарында жаңа интерактивті әдістерді қолдану проблемалары қарастырылады. Жекелеген студенттермен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері мен әдістерін қарастырамыз, жұптасып, топтық жұмыс жасайды. Оқушылар қажетті ақпаратты өз бетімен табатыны туралы мысалдар мен дәлелдер келтірілген. Жобаның әдісі студенттің әрекеттерінің зерттеу әдістерінің бірі болып табылады.*

Түйінді сөздер: *технология, мотивация, жоба әдісі, кейс-стади.*

Аннотация: *В статье исследуются проблемы использования новых интерактивных методов проекта на уроках казахского языка. Рассматриваются основные этапы и методы в работе с отдельными учащимися, работа в парах, групповая работа. Приводятся примеры и доказательства того, что студенты самостоятельно находят необходимую информацию. Метод проекта является одним из методов исследования действий студента.*

Ключевые слова: *технология, мотивация, проектный метод, кейс-стади.*

Abstract: *This article gives the problems of the using of the new interactive methods at Kazakh lessons. The author shows the main stages and methods with separate students, group work, work in pairs. There were given some samples that students find the information themselves. Method of project is one of the main method of students' research.*

Keywords: *technology, reason, method of project, case-study.*

Қазіргі уақытта елімізде білім беру жүйесін жаңғырту бойынша жүйелі жұмыстар жасалып жатқандығы белгілі. Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты соңғы жолдауында білім беру жүйесін одан ары дамыту стратегиялық маңызды бағыттардың бірі болып белгіленгенімен, мұғалімдердің мәртебесі мен қоғамдағы ролін арттыруға ерекше көңіл бөлінгенімен де жақсы таныспыз[1]. Шындағында да сана-сезімі, рухани әлемі жоғары және физикалық және психикалық денсаулығы қалыптасқан адам ғана жас буынды әлеуметтендірумен айналыса алады. Еліміздің рухани жаңғыру үрдісінде ұстаздардың басты рөлін және мұғалімдердің ұлт келешегін тәрбиелеудегі орнын нақты түсінген ЖОО оқытушысы маман дайындау бағытындағы өз міндетіне жаңаша көзқараспен қарайды.

Сондықтан өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі іске асыру сияқты когнитивті технологиялар оқытуды аналитикалық тұрғыдан қарастыруға, оқу үдерісінде студенттердің зияткерлік күш-жігерлерін кеңіту үшін жаңа көзқарастар арқылы жаңа әдістерді дамытуға, студенттердің сыни және шығармашылық ойлауын ынталандыруға, студенттерді түсінуге, қиын мәселелерді жоспарлауға және шешуге үйретуге мүмкіндік береді. Оның үстіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс. Біз кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз» деп атап көрсеткені баршаға мәлім [2]. Сондықтан қазіргі кезде білім саласында еңбек етіп жүрген ұстаздар білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында түрлі белсенді әдістер мен инновациялық оқыту технологияларын қолдануда. Өйткені ұстаздың мақсаты – әрбір болашақ маман иесіне сапалы білім беру, оның әр жақты дамуына мүмкіншілік жасау, білім алуға деген қызығушылығын арттыру. Бұл тек танымал оқыту теорияларын басшылыққа алғанда ғана жемісті нәтиже бере алады.

Қазір қоғамның, ғылыми-техникалық прогрестің, жаңа озық технологиялардың жедел дамуына байланысты, оқытудың басты идеясы өзгерді. Олар: оқуға үйрету немесе білімді өз бетімен іздену арқылы таба білу идеясы; білім беру ортасының ашық болу идеясы; шығармашылық идеясы; білім беру байланысының оң болуының басымдық идеясы; білім берудің интегративтігі идеясы, т.б. екені педагогикалық еңбектерде аталып жүр.

Бүгінгі күні ЖОО қолданылып жүрген кредиттік оқыту технологиясының басты қағидаттарының бірі – студенттердің оқуға деген қызығушылығын арттыру, яғни мотивация туғызу. Болашақта өмір

бойы білімін көтеруді дағдыға айналдыратын мұғалім болатын студенттерді оқытуды мақсат ету негізінде: өзіндік даму –ақыл мен білім негізінде адамның жалпы даму; өзіндік жетілу – жоғары оқу орны ұстазының бақылауымен студенттердің пән мазмұнын өздігінше оқып үйренуге дағдыландыру; өзіндік жүзеге асыру – студенттің пән мазмұнын өз ізденістері негізінде тереңдетіп, жаңалыққа тән тың тұжырымдар жасауға үйренуі сияқты міндеттерді шешу көзделеді. Осыған орай студенттің кредиттік білім беру жүйесі негізінде жетілуінің 3 деңгей кезеңінде студент өзінің табиғи қабілеті мен мектептегі үлгірімі негізінде жоғары оқу орнында өз білімін онан әрі жетілдіреді. Келешек мамандыққа сәйкес білім алудың өз траекториясын жасау студенттің өзіндік дамуын анықтайды. Өзі жазған әрбір шығармаға тән жұмысында студенттің өзінің ойлау қабілеті дамиды.

Бұл өз кезегінде оқытуды аналитикалық тұрғыдан қарастыруға, оқу үдерісінде студенттердің зияткерлік күш-жігерлерін кеңіту үшін жаңа көзқарастар арқылы жаңа әдістерді дамытуға, студенттердің сыни және шығармашылық ойлауын ынталандыру, студенттерді түсінуге, қиын мәселелерді жоспарлауға және шешуге, функционалды сауаттылыққа үйретуге мүмкіндік беретін әртүрлі құрылымдарды нақтылауға жетелейді.

Мамандық пәндерін меңгерту сабақтары оқытудың сапасын арттыратын заманауи әдістер мен амалдарды қолдана отырып құрылғаны маңызды. Әр сабақта оқу үдерісі мен студенттердің оқу жетістігінің жемісті болуын қамтамасыз ету мақсатында әсерлі стратегиялар мен әдістер, оқыту технологиялары ұсынылады.

Оқытуда «дайын білімнің ұсынылуы» концепциясынан «білім-орныгу» концепциясына өтуді шынайылыққа айналдыратын инновациялық амалдар қолдану үрдіске айналды. Солардың бірі – кейс әдісі.

Кейс-әдісі (case-study) – бұл әдіс шын өмірдегі кездесетін жағдайды талдауды қажет ететін, тек белгілі бір мәселені ғана шешіп қоймай, сипаттау барысында сонымен бірге осы мәселені шешуге қажетті білім кешенін қайта еске түсіруге, пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жағдайды талдау студенттерге кәсіби қызығушылықты арттыруға, есеюге, оқуға деген позитивті мотивацияның қалыптасуына көмектеседі.

Іс жүзіндегі іс-әрекеттің моделі студенттің кәсіби сапаларын қалыптастыруда тиімді әдіс болып табылады [3]. Бұл әдісті оқу үрдісінде пайдалану студентке аналитикалық (қажетті және қажетсіз ақпаратты ажыратуға, жіктеуге, талдауға, баяндап беруге), тәжірбиелік (білімді іс жүзінде пайдалануға), шығармашылық (жағдайды шешуге творчестволық тұрғыдан қарауға), коммуникативтік (пікірталас жүргізуге, өз ойын жеткізуге және өз көзқарасын қорғауға және дәлелдеуге, топта бірлесіп жұмыс істеуге, қысқа, негізді есеп жасауға), әлеуметтік (басқалардың іс-әрекетін бағалауға, бірін – бірі тыңдап үйренуге, пікірталасқа белсенді қатысуға не қайшы келетін ойды негіздеуге), өзін – өзі басқару (пікірталас кезінде өз ойын және басқалардың ойына талдау жүргізуге, пайда болған этикалық және әлеуметтік мәселелерге көңіл бөліп, өзін дұрыс ұйымдастыруға) дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Кейс әдісіндегі негізгі мәселе оқу үрдісін демократизациялау және модеринизациялау оқытушының педагогикалық іс-әрекетінде ойлау стилінің, этика және мотивациясының прогрессивті дамуына, ашылуына мүмкіндік жасайды. Мәселені шешуде бұл кезеңде ұжымдық шешім қабылданады, студенттер шешімді қалай, қандай түрде жасау керектігін білу керек. Мұндағы ең бастысы – жағдай, мәселені дұрыс анықтап қоя білу.

Жағдай (кейс) деп – ұжымдағы, қоғамдағы қандай да бір нақты шынайы жағдайдың жазбаша түрде берілуін айтуға болады. Білім алушылар ұсынылған жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, шешу жолдарын көрсетеді және олардың ішінен ең тиімдісін таңдап алулары тиіс. Ал оқытушының міндеті, осы кейс әдісін қолдану барысында, оқушылардың белсенділігін бақылап, барлығының қатысуын қадағалауы керек. Сонымен қатар, білім алушылардың талдауына берілетін кейстің түсінікті және пән тақырыптарына сай болуы өте маңызды. Кейс әдісі – оқытудың басқа технологияларына қарағанда күрделі жүйе. Кейс әдісін қолдану барысында оқытушының іс – әрекеті екі кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезеңде оқытушы кейсті (жағдайды) таңдайды. Соған қажетті сұрақтар әзірлейді. Бұл іс шығармашылық жұмыс болып табылады. Таңдалған жағдаят дәріс тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келуі керек. Осы тұрғыдан кейс мазмұнының мақсаты мен оған қол жеткізудің міндеттері анықталады.

Екінші кезеңді оқытушы дәрісханада жүзеге асырады. Бұл кезеңнің өзі кейске кіріспе; жағдайдың шағын топтарда талдануы; пікірталас және қорытынды шығару, ең бастысы, ауызша сөйлеу мен жазу

іс-әрекетінің міндетті түрде қатар жүретіні. Кез келген пән мазмұнын талдау барысында қаралатын мазмұнның қисындылығы ғана емес, оның психолгиялық ерекшеліктеріне де қараудың маңызы өте зор. Бұл әсіресе «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфология» пәнін оқытуда, мысалы, тұлға жағынан ұқсас күрделі етістіктер мәселесін болашақ мұғалімдерге үйретуде ұтымды әдіс болып табылады. Сөздердің грамматикалық сыр – сипатын, сөз тұлғаларының модельдерін дұрыс танып, талдай алатын, яғни меңгерген білімін іс жүзінде орынды пайдаланатын студент тыңдаушыға өз ойын айқын, анық етіп жеткізе алады. Бұл студенттің қазақ тілінің күрделі морфологиялық құрылымын тілдік талдау жұмыстары негізінде кейс әдісімен меңгеруі арқылы жүзеге асыруға болады.

Бұл міндеттердің шешімі студеттерге мемлекеттік стандартқа, оқу бағдарламаларына сәйкес ғылым саласынан білім берумен ғана шектелмейді. Жоғары оқу орнында оқытылатын қазіргі қазақ тілінің салалары арқылы студенттерді өз ойларын жүйелі, түсінікті етіп, шебер сөйлеу үрдісіне дағдыландыру өзекті мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ қазақ тілі маманы терең кәсіби білімімен бірге, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан тұлға болуы тиіс.

Мұнда тілдік қатысымдық іс – әрекет аса маңызды, өйткені «тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге жеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» [4]. Олай болса, студенттің ғылым саласынан игерген білімін тілдік қатынаста тиімді, орынды пайдалана білуге дағдыландыру – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселе.

Кредиттік оқыту технологиясында студенттердің өздік жұмыстарын орындауға ерекше көңіл бөлінген.

Мұнда білім алушылардың мүддесі қарастырылады, сондықтан олардың білім қажеттілігін қамтамасыз ету, оқытушылар арасында бәсекелестік тудыру, оқытудың әртүрлі әдістерін жетілдіру және қолдану, соның ішінде оқу-әдістемелікпен қамтамасыз етілудің сапасын жақсартуға баса көңіл бөлінген. Өзіндік жұмысын ұйымдастыру – бұл тапсырманы уақытында және жетістікпен орындау үшін қажет шарттарды құруға бағытталған оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы. Өзіндік жұмысын ұйымдастыру формалары әр түрлі болуы мүмкін, алайда, өзіндік жұмыстың кез келген формасы оқытудың компетентті-бағытталған шешіміне толық көлемде сәйкес келуі тиіс. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру кезінде инновациялық оқытудың әдістерінің бірі ретінде – студенттерде анализдеу және өзіндік даму процесін бағалай білуді қалыптастыруды, зерттейтін тақырып бойынша теориялық және практикалық ақпаратты өз бетінше ізденуге қабілетін дамытуды, мәселелерді және оларды тиімді шешуді анықтай білуді дамытуға мүмкіндік беретін – жобалау әдісі (технологиясы) болып табылады. Проблемалық оқытуды жүзеге асыратын жобалау әдісінің негізгі сатылары: мәселені қою; болжам жасау; қажетті қосымша деректерді таңдай білу; деректердің керек екенін негіздеу; мәселені сұрақтарға айналдыру; сұрақтарға сәйкес зерттеу жүргізу; мәселенің әртүрлі шешімдерін табу; ортақ шешімге келу; нәтиже-есепті безендіру және ұсыну.

Осы әдісті пайдалану студентке алынған білімді болашақ кәсібінде практикалық іс жүзінде қолдану мақсатында кризистік анализдей білу қабілетін дамытуда, жұмыс істеудің пәнаралық дағдыларын қалыптастыруда, топта жұмыс істеу арқылы коммуникативті дағдыларды игеруде көмек болады. СӨЖ орындау үшін студенттерге жобалау әдісі арқылы кез келген тақырыптың ұсынылa бермейтінін де атап кету керек.

Жобалау әдісін пайдалану тек қана ақпаратты белсенді түрде жинау идеясын жүзеге асыру ғана емес, сондай– ақ, жұмыс процесінде ақпаратпен зерттеу икемділігін дамытуға мүмкіндік береді. Осыны қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы мәселелерін зерттеу кезінде оқу үрдісіне жобалар әдісін енгізудің нәтижелері дәлелдейді. Жекелеп айтқанда, жобалар әдісінің нәтижелері студенттерде тақырыпты зерттеуде өздігінен бағытты анықтай білу, мәліметтер ағынын анализдей білу, кілттік сөздерді бөліп алу, өз бетінше қорытынды жасай білу сияқты қасиеттерінің даму деңгейін бағалай алады. Жобалау әдісі студенттерді оқытушылармен бірдей деңгейде зерттелетін тақырыпты талдауды, мәселелік сұрақтарды талдау кезінде әр түрлі көзқараста өз пікірін айта білуін қамтамасыз етеді.

Әрине, оқытушы үшін жоба студенттің арнайы білім мен дағдыларды интегралдай білуін, белгілі бір икемділігімен прогресске жетуін көрнекті түрде көрсетеді, ал студент үшін жеке басынан өткен тәжірибесін түсіне білу процесіне мысал болады, өзінің қол жеткізген жетістіктерін объективті

түрде бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, жоба нәтижелері бойынша дайындалған баяндамалар, рефераттар және презентациялар студенттердің қатысуымен пресс-конференция түрінде өткізілген сабақта тыңдалынып, талданып және бағаланады, бақылаудың осындай формасы студенттердің қызығушылығын тудырады.

Оқытушы мен студенттің білімге деген көзқарасын Болон үдерісі туралы материалдар бойынша мына төмендегідей сипаттауға болады:

Оқытушының іс-әрекеті: Міндеттері – Оқыту белсенділігі – Бағалау;

Студенттің іс-әрекеті: Бағалау – Оқу белсенділігі – Нәтижелер.

Бағалау арқылы: 1. Студенттерді өздерінің оқу үдерісіне қызу араластыру;

2. Оқыту мен бағалау нәтижелері арасында байланыс орнату;

3. Оқу табыстылығының негізгі факторлары болып табылатын студенттердің ынтасы мен өз қадір-қасиеттерін сезінуді дамытудағы бағалаудың мәнін түсінуге жағдай жасау;

4. Өз жұмысын өзі бағалау және өзін-өзі жетілдіру жолдарын түсіне білуді дамыту;

5. Студенттермен тиімді кері байланыс орнату сияқты оқу үдерісін жақсартуға ықпал ететін бес факторды үнемі есте ұстаған жөн.

Бұрынғы оқыту әдістерімен салыстырғанда жаңаша оқыту барысындағы оқытушылардың студенттермен қарым-қатынастары қаншалықты өзгерді дегенге келсек, оқытушы мен студент жиі кездесетін болды, олардың арасында тығыз қарым-қатынас орнай бастады. Бұл оқыту процесінің екі жақтылы процесс екендігін, онда оқытушы-студент, студент-оқытушы, студент-студент қарым-қатынас жүйесінің нақты орнын аңғартады. Сабақ барысында студентердің белсенділігін жоғарылатудың бірден-бір жолы – олардың білімге деген құштарлығын ояту.

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы тұжырымдар болашақта мектептің белді тұлғасы болатын бүгінгі студенттің ғылыми білімді сапалы меңгеруі мен сөйлеу шеберлігінің тығыз бірлікте қалыптасуының әдістемелік негіздерін анықтаудың өзекті екенін дәлелдей түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы.
2. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы.
3. Судиловская Н.Н., Никульникова М.В. Применение технологии кейс-метода в преподавании предмета БЖД // Фундаментальные исследования. – 2009. – № 5 – С. 114-115.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. -Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. -272 б.

ИСАҚҰЛОВА Ш.Қ.,
ІЛИЯСОВА Д.С.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
shopi_81@mail.ru, d.ilyasova.enu@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ БАҚЫЛАП-БАҒАЛАУ

Аннотация: *Жоғары оқу орындарының орыс бөлімінде оқитын студенттерге арналған «Қазақ тілі» және «Кәсіби қазақ тілі» пәндерін оқытып, үйрету мақсатында оқытушылар олардың түрлі тәсілдерді меңгеруіне және сабақ уақытында (сабақтан тыс уақыттарда да) түрлі инновациялық қалыптар арқылы тілін жетілдіруге мүмкіндік жасауы тиіс.*

Қазіргі заманауи талап бойынша қазақ тілін оқыту дегеніміз – бұл нақты бір тақырып аясында өзара байланысты мәліметтерді меңгерту тәсілі, бұл үшін түрлі мәтіндік, графикалық, сандық, әуендік, мультимедиялық құралдар пайдалану. Осы арқылы студенттер өтілген тақырыпты бекіте отырып, оқу үдерісінде өзі оны бақылай алады.

Кілт сөздер: *жаңаша оқыту, білімді бағалау, білім көрсеткіші, тілге қойылар талаптар, ақпараттар алмасу.*

Аннотация: *Для того, чтобы преподавать и преподавать казахский язык и профессиональный казахский язык для студентов, обучающихся на российском факультете высшего образования, учителя должны уметь осваивать различные подходы и улучшать язык с помощью различных инновационных стилей во время и после уроков.*

Современное обучение казахскому языку – это способ изучения взаимосвязанных данных по определенной теме с использованием различных текстовых, графических, цифровых, мелодичных и мультимедийных инструментов. Делая это, студенты могут контролировать предмет в процессе обучения, фиксируя тему.

Ключевые слова: *новое обучение, оценка знаний, индекс знаний, языковые требования, обмен информацией.*

Annotation: *In order to teach and teach the Kazakh language and Professional Kazakh language for students studying in the Russian department of higher education, teachers should be able to master different approaches and improve the language through various innovation styles during and after the lessons.*

Modern teaching of Kazakh language is a way of learning interconnected data on a specific topic, using various text, graphic, digital, melody and multimedia tools. By doing this, students can control the subject in the learning process by fixing the topic.

Keywords: *new learning, knowledge assessment, knowledge index, language requirements, information sharing.*

Қазіргі кредиттік жүйе және білімді рейтингтік бағалап, бақылау жағдайында орыс тілді студенттердің қазақ тілінен білім сапасын арттыруға мүмкіндік жеткілікті. Себебі әрбір студент нақты біліміне сай бағаланады. Олардың мектептен келгендегі білімі мен ЖОО-да алған біліміне сай тиісті балл алуы нәтиженің қаншалықты деңгейде екендігін көрсетеді. СОӨЖ (студенттің оқытушымен өздік жұмысы), СӨЖ (студенттің өздік жұмысы) кездерінде де алған білімнін нақты көрсететін, өз бетінше дайындықтың дәрежесін бақылауға қолайлы мүмкіндік туады. Әрбір студенттің үнемі ізденіп, жаңа материалды меңгеру жолындағы күресі жыл бойы толастамауы тиіс. Жоғары оқу орындарына қабылданатын баланың мемлекеттік тілді еркін меңгеруі үшін қазақ тілінен орта мектеп деңгейіндегі лексикалық минимум мен грамматикалық құрылыс жөніндегі алғашқы білімі болуы керек. Қазақ тілін меңгертудің негізгі бағыттары ретінде ой-пікір білдіре алу, түсінісу құралын жетілдіру, коммуникативтік мақсатқа қол жеткізу үшін *мәтінмен* жұмыс, *трансформациялық* жаттығулар, *диалогтық* сөйлесу мен *монологтық* ой қорыту; кәсіби бағдар беру, мамандық тілін қалыптастыру мақсатында терминдер мен кәсіби сөздер, синтаксистік құрылымдарды меңгерту; ақпараттық-танымдық деңгейін көтеру мақсатында қосымша деректермен қамтамасыз етілу міндеттеледі.

Қазақ тілі пәнін оқытуда ***қатысымдық, танымдық, тәрбиелік мақсат*** бірлікте алынып [1], мына мәселелерге басты назар аударылу қажеттігі туындайды:

– қарым-қатынас құралы – тілді меңгеруді жетілдіре түсу;

– өз мамандығын игеруде қазақ тілі мүмкіндігін жете пайдалану;

– мамандыққа сәйкес белсенді лексика мен терминдерді меңгеру арқылы нақты тілдік ортада тілдік қызмет ситуацияларына бейімдеу;

– коммуникативті мақсатта берілген тапсырмалар, жаттығулар негізінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Қазақ тіліне арналған оқулықтардың көбінде мәтін таңдау мәселесі шешіле қоймаған сала. Авторлардың көбі грамматиканы түсіндіріп, жеке сөздер мен сөз тіркестерін талдайды, артынан бір немесе екі-үш мәтін беріледі де, сол бойынша сұрақтарға жауап беру, сөйлемнен сөз таптарын (сөздердің байланысу тәсілдерін, жұрнақтар, тұрлаулы мүшелер, т.б.) табуды «бұйырады». Студент бұндай жағдайда мәтінді мазмұндап, берілген тапсырмаларды орындап береді. Сонымен, тиісті бағасын алып, орнына отырады. Қоңырау соғылып, студенттер үзіліске шыққанда, орыс тілінде сөйлесіп, қарапайым тілдесу үлгілерінің өзін қазақша айта алмайтынын байқатып жататындары болады. Сонда алдында ғана оқытушының сол балаға қойған бағасы (жоғары, жақсы, орташа) студенттің қазақ тілін білу деңгейіне қатысты қойылмағаны ма? Студенттің алған бағасы мәтінді судыратып айтып беруге (мағынасын орысша түсінеді, қазақша жаттап алған) байланысты ғана қойылуға тиіс пе? Неге көп студент мәтіннен тыс жағдаяттарда өз ойларын дұрыс жеткізе алмай, орысшаға «жүгіре береді?» Осы сұрақтардың жауабын бермес бұрын, ауызекі сөйлеу тілі деген қатысым үлгісіне назар аудару қажеттілігі сезіледі.

Ауызекі сөйлеу тілі қарым-қатынас жасауға ресми түрде жағдай жасауды, алдын-ала сөйлеп, дайындалуды, стильдік ерекшеліктерді сұрыптауды қажет етпейді. Мұнда қажеттіліктен туындаған емін-еркін сөйлеу тенденциясы өріс алады. Ауызекі сөйлеу тілі тұрмыстық деңгейдегі қарым-қатынастан басталады. Сөйлесімнің бұл түрінде тілдің құрылымдық, яғни фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйесінің барлық деңгейі көрініс табады. Ауызекі сөйлеу тілі дер кезінде сөйлеу қажеттілігінен туындайтын болғандықтан, сөйлемдер мен лексикалық сөздік қор «қысқарып», тілдің құрылымдық жүйесі бөлшектеніп кетеді. «Ауызекі сөздің диалог түрінде жүруі оның синтаксистік құрылысына, лексикасына көп әсер етеді. Біріншіден, сөз айтуға, түсінуге ыңғайлы құрылуы тиіс. Осы коммуникативті талап ауызекі сөзде сөйлемдердің, үнемді болып құрылатын варианттарының күрделі ойды білдіретін сөйлемдердің мағыналық бунақтарға (сигменттерге) таратылып айтылуынан (кім келгенін сұрады – кім келді, соны сұрады), оны іске асыратын синтаксистік тәсілдерден, т.б. көрінеді. Екіншіден, диалог сөздер репликалар (диалогқа қатысушы екі жақтың сөзі) өзара ұштасып, сабақтасып жатады. Бұл да ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік құрылысына тән ерекшелік тудырады» [2, 6]. Ауызекі сөйлеу барысында сөйлеуші өз ойын жеткізу үшін сөздерді дұрыс іріктеп, оларды логикаға сай жинақтап, лексика-фразеологиялық және синтаксистік деңгейде дұрыс қолдануға тырысады. Бұл орайда сөйлемдер арасындағы паузаның қызметі байқалады. Орыс тілді студенттердің мәтінді тек түсінуі, не болмаса жаттап алуы, қойылған бірді-екілі сұраққа дұрыс жауап беруі оның тіл білу деңгейінің көрсеткіші бола алмайды. Біздің ойымызша, олардың мәтіннен тыс сұрақтаға, не жанама сұрақтарға жауап беруі бағалау рәсіміне ықпал етуі керек. Ол үшін «Осы мәселеге байланысты сенің көзқарасың қалай?», «Мәтін бойынша емес, өз ойыңды қалай жеткізер едің?», «Өмірде осы сияқты жағдайларға тап болған сәттеріңде сен қалай әрекет етер едің?», «Ал, балалар, сендер Асқарға (Берікке, Гүлнұрға, Баянға) сұрақ беріңдер, сұрақтарың біріңдікін бірі қайталамайтын болсын» деген сипатта тапсырмалар берген дұрыс. Студент өзіне қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, сөйлесім үлгілерін де қоса меңгере бастайды.

Қазіргі оқулықтарда таңдап алынған мәтіндер көп жағдайда бірін-бірі қайталаудан аса алмай отыр. Атап айтар болсақ, «Ұлы адамдар», «Табиғат», «Астана», «Дені саудың – жаны сау», «Менің отбасым», «Бос уақытта», «Қазақстан», «Сіз білесіз бе?», «Экология», т.б. Бұларды керек емес деп айтудан аулақпыз. Дегенмен, алынған мәтінге қатысты тапсырмалар мен жаттығулар студенттің тілді жан-жақты меңгеруіне жұмыс істеу керек. Ол үшін жетектеуші сұрақтар ғана емес, ой талқы, пікірсайыс, мазмұндама, қарсы сұрақ, жоққа шығару, ары қарай өз беріңше аяқтау, экспресс жауап сияқты көптеген тәсілдер мен амалдарды пайдалана білу керек. Қазіргі ақпараттық технология заманының жетістіктерін қолдану өте қажет. Дегенмен, оқытушы барлық жағдайда да студенттің әр айтқан сөзіне зейін қойып, дұрыстап, орысшаға «жүгіріп» кеткен кездерінде оның қазақшасын айтуға «мәжбүрлеп», тілді дұрыс меңгеруіне бағыттап отыруға тиіс.

Орыс тілді аудиторияда жүргізілетін қазақ тілі сабағында алынатын мәтіндер өмірмен сабақтастықта болуға тиіс. Мәтін мазмұнына қойылар талап та ұдайы назарда болуы қажет. Ұлы ғалым А.Байтұрсынұлы айтқандай: «мазмұн дегеніміз бір нәрсе туралы ойға алған пікірін айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз» [3] болғандықтан, мәтін мазмұнын қазіргі жағдаятқа қарай бейімдеп отыру керек. Мысалы, «Ұлы адамдар» тақырыбында Абайды айналып өту мүмкін емес. Оның өлеңдері жаттап алуға берілетіні белгілі. «Талаптың мініп тұлпарын», «Сен де бір кірпіш дүниеге», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат», т.б. Қай-қайсысын алсақ та, талдауға,

өзіндік пікірін айтуға «сұранып тұр». Студенттерді өзара пікір алмасуға тарту арқылы да олардың қазақ тілінде «тілі жетпей» жатқан тұстарында көмектесіп, айтып жіберумен тілді бірте-бірте терең түсінуге жетелейміз.

Әр мәтін студентті өмірдің сан алуан саласымен таныстырумен қатар, тәлім-тәрбие, білім береді, жаңа сөздер меңгеруге жетелейді. Мәтіндегі таныс емес сөздермен жұмыс жасатқызу – негізгі міндет екенін оқытушылар естен шығармауы керек. Әрине, сөздік жұмыс үнемі жүргізіліп, тексеріліп, пысықталып отырылса, қазақ тілін жете білуге жол ашады.

Мәтін құрылысы жағынан үш бөлімнен тұратыны белгілі: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Ғалымдар мәтіннің кіріспе бөлімінде сөз етілетін оқиғаның қашан болғандығы, мұны туғызған себептер айтылады, негізгі бөлімінде сөз етіліп отырған мәселе жөніндегі түсінігін, фактілерді, іс-әрекеттерді баяндайды, қорытынды бөлімінде сөз етіп отырған тақырыптан алған әсерін, тілек-мақсатын, өз пікірін білдіруі тиіс екендігін айтады [4]. Мұнда атап көрсетілгендей, әрбір студент алынған мәтінге байланысты өз пікірін, әсерін, көзқарасын, қажет болса, ары қарай жалғасын айта білуге талпыну керек. Қазақ тілінің міндетіне жататын талаптар орындалуы қажет. Ол талаптар:

– тілдік қызметтің барлық түрлерін өзара байланыста оқыту;

– тілдік құралдар арқылы негізгі сөйлеу әрекетінің міндеттерін шешуге; пікір білдіре алу, мақұлдау, қарсылық білдіру, мәлімет беру, салыстыру, хабарлай алу, оқиға, құбылысқа сипаттама, баға бере білуге қол жеткізу;

– коммуникативті міндеттерді жүзеге асыру үшін тілдің функционалдық жүйелерін меңгеруді басшылыққа ала білу, яғни функционалдық жүйелерді дұрыс қолдануды жетілдіре түсу;

– кәсіби мәтін мен қосымша танымдық материалдарды меңгеру арқылы тілдік, қоғамдық ортаға бейімдеу.

– бастапқы білім негізіне сүйене отырып, қазақ тілінің функционалдық грамматикасын барынша жете меңгеру;

– мамандыққа қатысты терминологияны, белсенді лексикалық бірліктерді қолдана білу;

– ұсынылып отырған мәтін мазмұны аясында айтылым, тыңдалым, сөйлесім, жазылым дағдысын қалыптастырып, бірте-бірте тілдік, қоғамдық ортаға бейімделу, әрі қарай жетілдіре, дамыта түсу, сөйлеу әрекетін жүзеге асыра білу.

Оқытушы өзі жүргізер сабақтың мақсат-міндетін нақты айқындап алуы керек. Ол үшін бірінші, қатысымдық мақсат (коммуникативтік) – яғни, ауызша-жазбаша дағдыларды қалыптастыру; екіншіден, танымдық мақсат – мамандыққа сәйкес білімді меңгеру, дүниетанымдық ой-өрісін дамытуды қазақша тілдік деңгейде меңгерту, үшінші, тәрбиелік мақсат – тіл үйренушінің кәсіби, мәдени деңгейін көтеруге ықпал ету; төртінші, өздік жұмыстары арқылы білім аясын кеңейту; бесіншіден, аталған мақсаттарға жету үшін тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай білу.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін жүргізгенде сабақты тым грамматикаға сала бермей, коммуникативтік негіздерге жиі сүйену керек. Трансформациялық жаттығуларды түрлендіру, диалогтың әр түрін қолдану, ситуациялық тапсырмалар мен проблемалық тапсырмалар тудыра отырып, қызығушылықты «оятуға» мүмкіндік жасау – әрбір оқытушының басты назарында болуы қажет. Осындай мақсатпен бағдарлама жасағанда, өтілер сабақтың мазмұны да тиянақты болады.

Сабақтың қызықты, мазмұнды, танымды әрі тартымды өтуіне интерактивті тақтамен жұмыс істеу, аудио және бейне жазбаларды қолдану, студенттердің өзіне рольдік ойындар беріп, бақылау, дәстүрлі емес сабақ түрлерін қолдану, газет-журналдардағы материалдарды оқып, мазмұндау және сараптау сияқты жұмыстар орасан ықпал етеді.

Қазақ тілі, кәсіби қазақ тілі пәнін оқыту барысында дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар ғаламтор желілерін де дұрыс қолдануға болады:

—практикалық әдіс-тәсілдер: тапсырмаларды топпен орындау, тірек сөздермен жұмыс жүргізу, сызбаларды пайдалану;

—көрнекілік әдісі: слайдтарды көрсету, Сандық білім беру ресурстарының жұмыстарын көрсету;

—әңгімелесу әдісі: оқу материалдарын талдау (әңгімелесу, пікірталас және т.б.);

—бейнелік әдіс: практикалық сабақтарды Сандық білім беру ресурстарымен жұмыс жүргізу, сабақтарды қарау, студенттердің білімдерін бағалау (ағымдық, аралық бақылау түрлері);

—Лексикалық тақырыптар бойынша өз бетінше жұмыс жүргізу әдісі: оқылым, тыңдалым, жазылым, сұрақ-жауап тапсырмалары мен тест тапсырмаларын өз бетінше орындау.

Қазіргі әлемдегі жағдайлар, ел оқиғалары сияқты танымдық мазмұндағы пікір алмасу мен сұхбаттар да өздік жұмыстың қатарына енуі қажет. Әрине, аралық бақылаудағы оңтайлы тест тәсілдері, бақылау жұмыстары да студенттердің білімін нақты бағалауға қол жеткізеді. Осы орайда қазақша бірлі-жарым сөздер мен сөйлемдерді жаттап алып, судыратып айтып беретін студенттерді ары қарай тарту, өзіндік сөйлем құру дағдысын қалыптастыруға жағдай жасау керек. Бағалауда да кілең «100», «95» деген «Атымтай жомарт» бағаларды қоя бермей, шын мәнінде де студенттің өз біліміне тиісті бағалауды жүзеге асыру қажет. Қазіргі таңда білім алушылардың бағалау өлшемдерін біріздендіру жүйесі қолға алынды. Мысалы, «А» бағасы:

Оқытылған материал бойынша терең әрі толық білімді; қарастырылып жатқан ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтардың, теориялардың, олардың өзара бйланысының мәнін толық түсінуді көрсете біледі. Оқытылған материал негізінде толық әрі дұрыс жауапты құрастыра біледі; негізгі ережелерді белгілеп, жауапты нақты мысалдармен және деректермен толықтыра алады; қорытындыны жалпылау, дәлелді талдау жасай алады. Пәнаралық және пән ішіндегі (бұрын алынған білім негізінде) байланыстарды орната біледі. Түсіндіруде шығармашылық қабілетін танытады.

«А-» бағасы:

Сұрақтың мазмұны бағдарламаның талаптарына сәйкес толық, жүйелі түрде баяндай алады. Бағдарламада ұсынылған негізгі және қосымша әдебиетті терең игерген, өз ойын жеңіл түрде мазмұндай біледі. Талқыланып жатқан мәселеге кең, әрі жан-жақты талдау жасай біледі. Елеулі нақты қателердің болмауы. Қорытындысы дәлелді және нақты материалға негізделген. Жауап беру кезінде білім алушының өздігінен түзетілген, сұраққа байланысты тақырыптан 1-2 жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателердің бар болуы., т.б.

С+ бағасы:

Жауабы толық, бірақ жүйелі емес. Жауабында тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар бар. Негізгі ұғымдарды анықтауда жіберген қателерін түзетуге қиналған жағдайда қойылады., т.б.

Сабақ беретін оқытушы өз шәкірттерінің оқу үлгеріміне қарай отырып, оларды үнемі ізденіске жетелеуі керек екендігін ұмытпағаны жөн. Себебі, ізденімпаз білім алушы қазіргідей ақпараттар ағыны толассыз кеп тұрған уақытта өзіне қажетті мәліметтерді молынан таба алумен қатар, дұрыс не бұрысын ажыратар жеке тұлға бола түседі. Әрбір оқытушы бірінші кезекте студенттің жаттанды сөзі мен шолақ сөйлемдеріне қанағат жасамай, толыққанды ой айта алу мәнеріне көңіл аудару қажет. Асыра бағалау өзге студенттердің де қазақ тілінен бестікті қалпақпен қағып алар лықтай жеңіл көруіне апарып соқтырады. Қазақ тілін жақсы білетін бала мен шала жансар тіл меңгерген баланы бағалау әділетті жүзеге асырылу керек. Оқытушы өз білімін бағаға мырзалықпен емес, біліктілігімен көрсетуге талпынуы қажет. Осындай талаптардан кейін ғана қазақ тілі пән ғана емес, шын мәнінде өмірдегі қажеттіліктің біріне айналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кунанбаева С.С. Стратегические ориентиры высшего иноязычного образования. / С.С. Кунанбаева. – Алматы, 2015. – 208.
2. Жетписбаева Б.А. Педагогические индикаторы полиязычного образования. / Б.А. Жетписбаева – Караганда, 2011.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі,1992. – 448 б.
4. Сорокин Ю.А. Текст, цельность, связность, эмотивность// Аспекты общей и частной лингвистической теории текста. – Москва:Наука, 1982. – 321 стр.

МРНТИ 27.01.45

ҚОЖАБАЕВ Қ.Ғ.
п.ғ.д., профессор,
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы
sim05z@mail.ru

ЗЫКРИНА С.Ж.
педагогика магистрі
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы
labdid_2008@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. *Берілген мақалада авторлар мектепте математика сабағын оқыту барысында жиі қолданылатын интернет-технологиялардың қолданылу көрсеткіштеріне сараптама жасайды. Интернет-технологиялардың қолданылу деңгейінің себептерін анықтау мақсатында әр ресурстың сипаттамасын береді. Сипаттау жұмыстарын қорытындылай келе, олардың қалыптастырушы бағалау барысында қолданылуна салыстырмалы талдау жасайды. Интернет-технологияларды критериалды бағалауда қолдануды тиімдендірудің ұсыныстарын жасайды.*

Кілтті сөздер: *математика пәнін оқыту, критериалды бағалау, интернет-технологиялар.*

КОЖАБАЕВ К.Г.
д.п.н., профессор,
Факультет естественных наук,
Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова
г.Кокшетау, Республика Казахстан
sim05z@mail.ru

ЗЫКРИНА С.Ж.
магистр педагогики,
Факультет естественных наук,
Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова
г.Кокшетау, Республика Казахстан
labdid_2008@mail.ru

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ ПРИМЕНЯЕМЫХ ПРИ КРИТЕРИАЛЬНОМ ОЦЕНИВАНИИ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ

Аннотация. *В данной статье авторы исследуют использование интернет-технологий, которые часто используются при обучении математике в школе. Предоставляет описание каждого ресурса для определения причин использования интернет-технологий. Подводя итог описательно-описательным исследованиям, они проводят сравнительный анализ их применения в формальной оценке. Вносит предложения по применению критериальных технологий для интернет-технологий.*

Ключевые слова: *математика, оценка критериев, интернет-технологии.*

KOZHABAEV K.G.
Ph.D., professor,
Faculty of Natural Sciences,
Kokshetau State University named after S.Ualikhanov
Kokshetau, Republic of Kazakhstan
sim05z@mail.ru

ZYKRINA S.ZH.
Master of Pedagogy,
Faculty of Natural Sciences,
Kokshetau State University after S.Ualikhanov
Kokshetau, Republic of Kazakhstan
labdid_2008@mail.ru

COMPARATIVE ANALYSIS OF INTERNET TECHNOLOGIES APPLIED IN CRITERIA ESTIMATING KNOWLEDGE OF STUDENTS

Summary. *In the preceding article, the authors examine the use of Internet technologies that are often used in teaching mathematics in school. Provides a description of each resource to determine the reasons for the use of Internet technologies. Summing up the descriptive descriptive studies, they make comparative analysis of their application in the formal assessment. Makes proposals for the application of criteria-based technology for Internet technologies.*

Keywords: *Mathematics, Criteria Evaluation, Internet Technologies.*

КІРІСПЕ

1861 жылы алғаш рет мектептегі бағалау жүйесі сынға ұшыраған К.Д.Ушинскийдің мақаласы жарық көрді. Ол сол кездің өзінде цифр түріндегі баллдарды білім алушылардың мінез-құлық пен табысына қатысты жазбаша ескертулермен ауыстыруды ұсынған еді [1, 152б]. Бүгінде енгізіліп отырған критериалды бағалау және жазбаша кері байланыс беру сол мәселені қайта көтеріп отыр. Сонымен қатар, бағалау туралы В.А.Сухомлинскийдің де еңбектерінде жазылған болатын. Ол баға белгісі оқушыны жазалауға емес, марапаттау үшін керек: «егер мұғалім екілікті қамшы ретінде пайдаланса, ал бестікті – тоқашқа теңесе, онда жақын арада оқушылар екеуін де жек көріп кетеді», – деген [2, 67б]. Бұған дейін бағалау жазалау мен марапаттаудың құралына айналып, оның білім қалыптастырудағы маңызы екінші орынға қойылып келген болса, критериалды бағалау осы кемшілікті жоюға бағытталып отыр.

Қазіргі уақытта мектеп мұғалімдеріне оқушылардың білімін жетілдіруге жағдай жасауда үлкен жауапкершілік артылып отыр. Отандық және шетелдік ғалымдардың бұл саладағы зерттеулеріне шолу жасау мұғалімнің есепті шығару кезеңдеріне үлкен мән беру қажеттігін айқындайды. Мұғалім тиімді кері байланыс беру арқылы оқушының қателіктеріне дер кезінде баға беріп, оны түзетуге дұрыс бағдар көрсетуі тиіс. Бұл бағдар сабақ барысында уақытылы берілуі үшін интернет-технологиялардың беретін мүмкіндігі мол.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мұғалімдердің интернет-технологияларды қолдану деңгейін анықтау үшін бетпе-бет және surveymonkey.com сауалнамалар жүйесінің көмегімен анонимді сауалнама жасалды. Сауалнамаға 100 мұғалім қатысты, оның 75-і қазақ тілінде, 25-сы орыс тілінде білім беретін математика мұғалімдері.

Бетпе-бет сауалнама жүргізу барысында мұғалімдердің қалыптастырушы бағалау жүргізу барысында қиындықтарға тап болатыны анықталды. Бұл қиындықтар кері байланысты әр оқушыға уақытылы жеткізумен және уақыт тапшылығымен тығыз байланысты.

Өз зерттеуіміз бойынша өзекті сұрақтарға жауап іздеу үшін, сауалнамаға келесі сұрақтарды енгіздік:

1. Жазбаша кері байланыс түрін қолданасыз ба?
2. Оқушылардың барлығына жазбаша кері байланыс беруге уақытыңыз жеткілікті бола ма?
3. Bilimland порталындағы материалдарды сабақта пайдаланасыз ба?

4. NIS Play порталындағы материалдарды сабақта пайдаланасыз ба?
5. Якласс сайтының мүмкіндіктерін пайдаланасыз ба?
6. Kahoot онлайн тестілеу жүйесін сабақта пайдаланасыз ба?
7. kundelik.kz сайтының мүмкіндіктерін кері байланыс беруге пайдаланасыз ба?
8. Басқа интернет-технологияларын пайдаланып көрдіңіз бе?


Сауалнама нәтижелерін талдау нәтижесінде келесідей қорытындыларды жасауға болады:

· Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің барлығы дерлік жазбаша кері байланыс беруді жүзеге асырады.

· Жазбаша кері байланыс беру мұғалімнің көп уақытын қажет ететіндіктен, барлық мұғалімдер уақыт тапшылығын сезінетіндігін көрсеткен.

Интернет-технологияларды қолдану динамикасын келесі диаграммада пайыздық көрсеткішпен көрсетілді.

Диаграмма 1. Мұғалімдердің интернет-технологияларды қолдану көрсеткіштері (%)



Байқағанымыздай, мұғалімдер өз сабақтарында өте танымал болып табылатын Bilimland.kz, басқа да білім беру платформаларының материалдарын жақсы қолданғанымен, ойын технологиялары негізінде дайындалған NIS Play порталындағы материалдарды, Ресейде ең танымал болып табылатын Ya-klass.ru сандық білім беру ресурстарын және мобильдік құрылғылармен тестілеуге ыңғайлы болып танылатын Kahoot.com онлайн тестілеу платформасын көп қолданбайтынын көреміз.

Сонымен қатар сауалнама нәтижелері мұғалімдердің 73%-ы kundelik.kz сайты бойынша оқушыларға кері байланыс беретінін көрсетті.

Интернет-технологияларды қолданудың артықшылықтары:

1. Мұғалімнің уақытын үнемдеуге жол ашады;
2. Бір мезгілде көп оқушылар санын қамтуға мүмкіндік береді;
3. Оқушының күнделікті сабақтағы нәтижесін бағдарлап, тиімді кері байланыс беріп отыруға мүмкіндік береді;
4. Оқушының өз қызметін бағалай білу дағдыларын дамытады;

Оқушының өз білім нәжижесіне жауапкершілігін арттырады [3, 198б]. Дегенмен, интернет-технологияларды қолдану барысында келесі шарттар ескерілуі тиіс:

1. Берілген платформада оқушының әр есепке қанша уақыт бөлгенін көрсететін талдау нәтижесі берілмейтіндіктен және жаттығулар тек бір нұсқада берілетіндіктен, платформаның тек сабақ үстінде, мұғалім қадағалауымен қолданылғаны жөн болады
2. Платформаны қолдану үшін сабақты арнайы жабдықталған кабинетте өткізу жоспарлануы керек;
3. Оқушының қандай нәтижеге қол жеткізгеніне тәуелсіз, әрбір оқушыға тиімді кері байланыс берілуі өте маңызды [4, 134б].

Осы шарттарды толық қанағаттандыратын жағдайлар ұйымдастырылған болса, математика сабағында қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру барысында интернет-технологияларды қолдану өз тиімділігін көрсетері сөзсіз.

Аталған интернет-технологияларға жекелей талдау жасайық.

Bilimland.kz мұғалімдерге, студенттер мен оқушыларға арналған онлайн білім беру платформасы. Құрастырушы Bilim Media Group. Сайт 2014 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Bilim Media Group – Қазақстандағы электронды оқыту нарығын дамытушы инновациялық компания. Компания білім беруге қажетті контентті жасаумен және соған қатысты технологиялар мен қызметтерді таратумен айналысады. Сайт ресурстарын Қазақстанның барлық мемлекеттік мектептері, барлық Назарбаев Зияткерлік мектептері және бірнеше жеке мектеп, колледж, балабақша пайдаланады.

Көптілді білім беруді дамыту бағдарламасына сәйкес біздің кешен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалған. Контенттің қазақша және орысша нұсқалары бірдей [4].

Курс 4 бөлімнен тұрады: Арифметика, Алгебра, Анализ бастамалары және Геометрия.

Әр бөлімде белгілі бір тараулар бойынша сабақтар жинақталған. Сабақтар конспекттен, видеотүсіндіруден, бекіту тапсырмалары мен тест тапсырмаларынан тұрады.


Мысал ретінде, «Арифметикалық квадраттүбірдің қасиеттері» https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/8-synyp/arifmetikalyq-kvadrat-tubirding-qasietteri бөлімінде берілген. Бұл бөлімде тақырыпты түсіндіруге арналған 3 видеотүсіндіру, бекітуге арналған 4 тапсырма және білімді тексеруге арналған тест ұсынылған.

Алғашқы тапсырма «көбейтіндінің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады» дискрипторын тексеруге берілген. Екінші жаттығу «бөліндінің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады» дискрипторын тексеруге берілген. Үшінші жаттығу «дәреженің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады» дискрипторын тексеруге арналған. Төртінші жаттығу «квадрат түбір қасиеттерін біледі» дискрипторын тексеруге арналған.

Тапсырмаларды орындау барысында оқушы өзін-өзі тексере алады және қате жауап берген жағдайда, есепті қайта шығарып жауапты енгізе алады.

Тапсырмаларды орындап болғаннан кейін алты сұрақтан тұратын тест жұмысын орындауға болады. Тест сұрақтары жазбаша жұмыста берілген төртінші «өрнектің мәнін табады» дискрипторын тексереді (1-4 сұрақтар). Ал соңғы екі есеп «дәреженің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады» дискрипторын тексеруге арналған.

Тестті орындап болғаннан кейін «Сабақтың қорытындысы» бөлімінде оқушының нәтижелерін көруге болады. Видеосабақтар бойынша жаттығулардың нәтижесі мен тест нәтижесінің арифметикалық ортасы жалпы қорытынды ұпайды көрсетеді (1 сурет).



1-сурет. Bilimland.kz сайтындағы сабақтың қорытындысы

Осы қорытынды бойынша мұғалім оқушының сабақтағы оқу мақсатын қаншалықты меңгергенін бақылауға мүмкіндік алады. Жұмыс парақтарын үйге тапсырма ретінде беріп, жұмыс парағының жауаптары арқылы өзін-өзі тексеруге тапсырма беруге болады.

Сауалнама нәтижесі бойынша Bilimland.kz платформасы ең жиі қолданылатын интернет-технология екендігі анықталды. Бұған әсер ететін сыртқы фактор: сайттың ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынуыен барлық мектептерге енуімен және әр мұғалім мен оқушы сайтта тіркеліп, тегін пайдалануға мүмкіндігінің болуымен де түсіндіріледі. Дегенмен сұралған респонденттердің тек 35%-ы сайтты жиі пайдаланатынын ескерсек, сайттың толыққанды пайдалануына бағалау форматының сәйкес келмеуін себеп ретінде қарастыруға болады.

NIS play сандық білім беру платформасы http://play.nis.edu.kz/ электрондық адресі бойынша орналасқан. Платформада мектеп пәндері бойынша және олармен шектелмеген, сандық білім беру ресурстарын, электрондық кітаптар, аудио-бейне материалдар жинақталған. Ресурсқа тіркелу мүмкіндігі тегін. NIS Play оқушыларға өзара онлайн талқылау жүргізуге мүмкіндік береді. 2019 жылдың 1 мамырындағы мәлімет бойынша платформада 1252 сандық білім беру ресурсы жинақталған Сайттағы ресурстар 2016-2017 жылдары жасалып, жүктелген [6].

Мысал ретінде «7.3.2.5 түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолдану» оқу мақсатын меңгеруге мүмкіндік беретін http://der.nis.edu.kz/Math/KAZ/Geometry/%D0%A6%D0%9E%D0%A0-9 - KZ/index.html сілтемесі бойынша орналасқан ресурсты қарастырып көрелік.

Бұл ресурста 3 түрлі тапсырмалар бар:

1-ші тапсырмада 9 сұрақ «екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштардың түрлерін көрсетеді» дескрипторы бойынша білімдерді тексереді;

2-ші тапсырмада 3 сұрақ «түзулер және қиюшымен жасалған бұрыштарды қолданады» дескрипторы бойынша меңгерілген білімдерді тексереді;

3-ші тапсырма 17 сұрақ бойынша «түзулердің параллельдік белгілерін қолданады» дескрипторы бойынша меңгерілген білімдерді тексереді.

Ресурс қызықты ойын түрінде жасалады, мұнда барлық тапсырмалар көңілді әуенмен сүйемелденген. Тапсырмалар орындау барысында уақыт белгіленеді және нәтижесі бойынша студенттің нәтижесі тапсырмаларды орындау әрекеттерінің санын көрсететін кестеде көрсетіледі. Дегенмен, тапсырмалар басына оралу қамтамасыз етілмеген. Мұны істеу үшін, басты бетке қайта оралып және тапсырманы орындауды қайта бастау керек, бірақ әрекеттер саны үнемі артып отырады.

Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, респонденттердің 48%-ы сайтты сирек пайдаланатынын көрсетті. Жиі пайдаланатын мұғалімдердің болмауы, сайттың бағалауға бейімделмеуінен және тапсырмалардың ойынға көбірек ұқсайтынынан деп болжауға болады.

YaClass – мектеп оқушыларына, мұғалімдерге және ата-аналарға арналған білім берудің онлайн-ресурсы. 2013 жылдан бастап жұмыс жасайды. Бүгінгі күні Ресейде, Латвияда, Арменияда, Австрияда, Финляндияда, Германияда, Қазақстанда және Беларусь Республикасында 40 000 мектептен 2 миллион оқушы онлайн-платформаны пайдаланады [7].

Порталда мектеп бағдарламалары мен автоматтандырылған үй тапсырмаларын тексеру үшін онлайн тренажерлер бар. Якласс – Интернет инициативаларды дамыту қорының түлегі, Сколково және Microsoft бағдарламасының резиденті. Yaklass компаниясының веб-сайтында мектеп бағдарламасының 13 пәні, мемлекеттік емтихандарға дайындық үшін құрастырылған 1,6 трлн тапсырмалар мен бейнесабақтар бар. Оқушылардың 60%-ы сервиспен мобильді құрылғылардан пайдаланады.

Дегенмен Якласс интернет порталының тілі тек орыс тілінде болғандықтан, Қазақстан мектептерінде кеңінен таралмаған.

Бұл ресурстың басқа ресурстардан ерекшелігі тапсырмаларды мұғалім өзі құрастыра алады. Алдымен мұғалім порталға өзі тіркеліп, кейін оқушыларын тіркейді. Порталда өз тақырыбы бойынша бар есептермен танысқаннан кейін өз тапсырмасын құрастырып, және бар есептерді тіркеп, оқушыларына жолдайды. Оқушылар порталға өз парақшаларынан еніп тапсырмаларды орындағаннан кейін мұғалім парақшасына олардың нәтижелері туралы есеп келіп түседі.

Порталда автоматты тексерілетін есептің үш түрін енгізуге болады: мәтіндік есеп, сандық есеп, тесттік есеп. Бұл есептер порталда автоматты түрде тексеріліп, мұғалім парақшасына нәтижесі кесте түрінде ұсынылады. Сонымен қатар мұғалімнің өзі қолмен тексеруге болатын шығармашылық есеп пен жауабын файл түрінде ұсынуға болатын тапсырма да құрастыруға болады. Оның нәтижесін мұғалім өзі тексергеннен кейін порталға енгізіп, оқушы өз парақшасынан көре алады.

Мысал ретінде 7.3.2.5 түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолдану» оқу мақсатын меңгеруге мүмкіндік беретін тапсырмаларды қарастырайық.

Берілген оқу мақсаты бойынша меңгерілген білімдерді тексеру үшін сайттың өзіндегі бір тапсырмаға қоса 4 тапсырма тест түрінде құрастырылды және үш оқушыға орындауға берілді.



Сурет 2. Якласс порталындағы оқушылардың нәтижелерінің кестесі.

Тапсырмалардың 5-сі 4 дұрыс жауапты табуға құрастырылған болатын.

Сайт ерекшелігі, егер жауаптардың біреуі қате болса, 0 ұпай беріледі.

Проценттік көрсеткіштер мұғалім парақшасында көрсетіледі.

Мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама бойынша 27% мұғалім сайтты қолданатынын көрсеткен. Оның ішінде 3%-ы жиі қолданатынын көрсетті. Мұндай аз қолданыс сайттың тіліне және критериалды бағалауға бейімделмеуіне байланысты деп болжауға болады.

Kahoot – тегін білімді тексеруді ыңғайлы қызықты ресурс болып саналады. Kahoot — көптеген тест тапсырмаларын сурет, видео қойып жасауға мүмкіндік беретін онлайн тест құрастыру сервисі. Бұл порталдың ыңғайлылығы арнайы компьютер кабинеті талап етілмейді. Бұл сервис арқылы мұғалім компьютері арқылы бір мезетте бір тестті әртүрлі гаджеттермен қатыстыра алады [8].

Бәсекелестік әсерді қосу үшін сұрақтарға таймер қосылады. Сыныпта ойынды бастау үшін мұғалім оқушылар тобын жүйе жасаған кодпен қамтамасыз етуі керек, олар өз құрылғыларына (планшетке, смартфонға, үстелге) кіреді және сұрақтарға жауап беруді бастайды. Жүйе орыс тілін қолдайды, кез-келген құрылғыда қол жетімді (ол браузерде жұмыс істейді, бейімделген мобильді нұсқасы бар, сондықтан қосымшаларды орнату қажет емес).

Kahoot-та оқушыларды ынталандыруға және қызықтыруға көмектесетін бірқатар қызықты ерекшеліктер бар. Біріншіден, музыка. Экранда сұрақ пайда болғанда, музыка ойнатыла бастайды, әр сұрақ әртүрлі болады және жауап беру уақыты шектеулі екенін еске салады. Оқушылар тезірек сұрақтарға жауап береді, олар қанша балл жинайды. Ең көп ұпай жинағандарды көрсететін лидер тақтасы бар.

Қызметті пайдалана отырып құрылған викториналар 30 адамға қатысуға арналған.

Қызмет аудиторияда және қашықтықтан оқыту барысында түрлі тесттер мен сауалнамаларды жүргізу үшін пайдаланылуы мүмкін. Викторина ұсынылғандардың ішінен дұрыс жауапты таңдауды және кез-келген тақырыптағы студенттердің білімін тез тексеруге көмектеседі [9].

Сауалнама нәтижелері бойынша мұғалімдердің 55%-ы платформаны қолданатынын байқадық. Оның 10%-ы жиі қолданады. Дегенмен, қалған 45%-дың қолданбауының себебі бағалаудың бейімделмеуінде деп болжай аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Мақалада қаралған интернет-технологиялардың салыстырмалы талдауын жасайтын болсақ, келесі қортындылар жасауға болады:

Bilimland.kz сайты бойынша:

Артықшылықтары: теориялық материалмен танысуға мүмкіндік алатын бейнетүсіндірме және конспект бар. Сабақ қорытындысы пайыздық көрсеткіш түрінде беріледі. Бұл мұғалімнің кері байланыс беруіне көмегін береді.

Кемшіліктері: Тапсырмалардың орындалу уақыты және мүмкіндіктер саны ескерілмейді.

Жақсарту ұсыныстары: Уақытты белгілеу таблосын және мүмкіндіктер санын ескеруді қосу.

NIS play платформасы бойынша:

Артықшылықтары: Есептерді орындау уақыты және есептерді орындау кезінде әрекеттердің саны есепке алынады, бұл мұғалімге тапсырманың нәтижелерін объективті бағалауға көмектеседі.

Кемшіліктері: Оқушыларға көмектесу үшін теориялық материалдар жоқ. Нәтиже кесте түрінде көрсетіледі, сұрақтардың жалпы саны көрсетілмейді, нәтижені пайызға айналдыру қиынға соғады. Тапсырманы басынан қайта орындау жолы қаралмаған

Жақсарту ұсыныстары: Нәтижелерді пайыз ретінде басып шығару немесе тапсырмадағы сұрақтардың жалпы санын көрсету. Теориялық материалдарды қайталау үшін кеңесші батырмаларын қосу. Тапсырманың басына оралу батырмасын қосу.

YaClass интернет порталы бойынша:

Артықшылықтары: Кейбір тақырыптар бойынша теоретикалық материалмен танысуға мүмкіндік алатын бейнетүсіндірме және конспект бар. Тапсырмаларды орындаған кезде есептерді орындау уақыты ескеріледі. Сабақ қорытындысы пайыздық көрсеткіш түрінде беріледі.

Кемшіліктері: Сайт материалдары тек орыс тілінде қамтылған. Тапсырмаларды мұғалім өзі құрастыру керек, бұл мұғалімнің қосымша уақытын бөлуді қажет етеді.

Жақсарту ұсыныстары: Қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін тілдік контентті қарастыру. Тапсырмалар базасын үлкейту. Қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін тілдік контентті қарастыру. Тапсырмалар базасын үлкейту.

Kahoot тест платформасы бойынша:

Артықшылықтары: Тапсырмаларды орындаған кезде есептерді орындау уақыты және және ең алғашқы орындаған жеңімпаз анықтлады. Оқушылардың арасында ойын түріндегі бәсекелестікті оқыту мақсатында пайдалануға жол ашады.

Кемшіліктері: Тапсырмаларды мұғалім өзі құрастыру керек бұл мұғалімнің қосымша уақытын бөлуді қажет етеді. Тапсырмаларды критериалды бағалауға бейімдеп құрастыру мүмкіндігі аз.

Барлық ресурстарға ортақ кемшілік – критериалды бағалауға бейімделмеген, сондықтан мұғалім сабақ жоспарына қосу алдында тапсырмаларға критерийлер құрап, тапсырмаларды орындағаннан кейін кері байланыс беру нұсқаларын дайындауы қажет.

Интернет-технологияларды оқытуда пайдалану артықшылықтары:

1. Сабаққа қажетті ресурстар интернет арқылы алынады, сондықтан әр оқушының оқу үдерісіне дербес компьютерден де қатынасуға мүмкіндігі бар. Ата-аналар да баланың сабақ үлгерімін бақылауына болады.

2. Біріктірілген курстар жабық модульдер түрінде емес, әртүрлі форматтағы материалдардың жиынтығы түрінде беріледі: мәтін, бейнематериалдар, интерактивті модельдер.

3. Оқу процесін жоспарлау және бақылау құралдары, көрсеткіштерді талдау құралдары бір мектепте ғана емес, аудандағы, қаладағы оқу үдерістерін де ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

5. Мұғалімдер оқу материалдары арқылы мәліметтер қорын толықтыра алады.

Критериалды бағалауға бейімдеу үшін тапсырмаларға критерийлер құрастырып, кері байланыс беруге жеңіл болу үшін рубрикалар құрастыру қажеттігі туындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ушинский, К. Д. Избранные педагогические сочинения. – М.: Учпед-гиз, 1945. – 337 с.
2. Сухомлинский, В. А. Сердце отдаю детям / В. А. Сухомлинский. – Киев: Радяньска школа, 1974. – 160 с.
3. Исмаилова З.Н. Использование компьютерных технологий как средство повышения активности школьников на уроках математики. // Сибирский Педагогический журнал. Новосибирск – № 9. – 2009. – С. 197-201.
4. Воронина, И.В. Методика обучения интернет-технологиям / И.В. Воронина. // Актуальные вопросы современной информатики: материалы Междунар. науч.-метод. конф. 1–15 апреля 2011 г. – Коломна: Моск. гос. обл. соц.– гуманит. ин-т, 2011. – С. 132–136.

https://bilimland.kz/kk сайтының материалдары
http://play.nis.edu.kz/ сайтының материалдары
https://www.yaklass.ru/ сайтының материалдары
https://kahoot.it/ сайтының материалдар
http://didaktor.ru/kahoot-programma-dlya-sozdaniya-viktorin-didakticheskix- igr-i-testov/

УДК378 (574)

КУНАНБАЕВА М.Ш.
Павлодарский государственный педагогический университет

МЕХАНИЗМЫ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА ПО РЕАЛИЗАЦИИ СИСТЕМЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАК ОСНОВА ДЛЯ ИХ АДАПТАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. *Мақала шет елдерде үздіксіз білім беруді жүзеге асыруға арналған. Бұл мақалада автор Финляндия, Португалия, Испания, Норвегия, Словения, Греция, Франция, Польша, Швеция, Германия, Біріккен Корольдік сияқты елдерде үздіксіз білім берудің тетіктерін, құрылымы мен формаларын талдады. Мақалада ересек студенттердің әр ел үшін жеке көрсеткіштерін салыстыру қарастырылған. Ересектерді зерттеудің жалпы жасы көптеген елдер үшін – жиырма бесден алпыс төрт жасқа дейін анықталады. Зерттеу тақырыбы бойынша өте көп ғылыми әдебиеттерді талдағаннан кейін, автордың мақаласында Қазақстанның білім беру жүйесіндегі өзгерістер туралы айтылып, жаңартуға арналған идеялары бар.*

Түйінді сөздер: *үздіксіз білім, қашықтықтан оқыту университеті, жазғы университеттер, ұзақ мерзімді курстар.*

Қазақ халқының бала тәрбиесінде баса назар аударған адамдық қасиеті – үлкендерді құрметтеу. Әр шаңырақтың ең құрметті, сыйлы адамы – ата,әже болды. Үлкен адамға сендеп сызданбай, сіз деп сөйле. Сіз деп сөйлеу – кішіліктің емес, кісіліктің белгісі. Әйел адамнан талап етілген адами қасиеттер; зейінділік, іскер, жан жарын күту, аналық борышы – өмірге перзент әкелу, тәрбиелеу, қонақ қабылдау, шай құю, қайнату, киіз басу, кілем тоқу. Қазақ әйелдері бесік жырын айтып, балаларын тәрбиелейді. «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі». Елдің бірлігі отбасының берекесінен басталады. Азаматқа адал жар, балаға аяулы ана бола білсе, қыз баланың бағы артады, елдің мерейін өсіреді.

Отбасылық білімнің негіздерінің бірі – балаға туыстық қатнастардың жүйесін, ұлт ішіндегі әлеуметтік рөлдердің мәнін түсіндіріп, ұлт арасындағы қатнастарды реттеу, шежіресін таныту. Ол үшін әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің негізінде алынатын нормалар жүйесі қолданылып, туыстық қатнастар реттеліп тәрбие беріледі. Туыстық байланыстардың беріктігі: ата-ананы сыйлау парызы, қартайған ата-аналардың балаларымен бірге тұруы, кенже немесе жалғыз ұлдың ата-ана алдындағы жауапкершілігі, балаларды туысқандарының асырап алуы, туыс отбасыларының өзара көмегі және жесірлердің балаларын туыстардың өз қамқорлығына алуы сияқты әдет-ғұрыптар қазақ отбасыларының жазылмаған заңдары бола отырып, балалар мен жастарды тәрбиелеуге жағымды ықпал жасағаны даусыз. Парасатты әке-шеше балаларына өздерінің шыққан тегі, руы, ел-жұрты туралы әңгімелеп, ағайын-туыстар арасындағы қатнасты, жекжат-жұрағатты сыйлау салты бойынша аталас ағайындар бір-біріне қамқорлық жасап, қарайласып отыру міндеттілігін түсіндіріп, олардың үлгілі істерін мадақтап отырған. Әдет-ғұрып, рәсімдер, салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеу көбіне отбасында жүреді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, үлкендердің, ата-аналардың жеке басының үлгі-өнегесі балалар тәрбиесіндегі ұтымды әдістердің бірі болып саналады [3].

Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын үмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасын тиімді пайдалану, оның салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 20 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, мемлекет тарапынан отансүйгіштікті дамыту, сапалы білімге жол бастау бағытында келелі шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатқаны қаншалық деген сұрақ ойға оралады. Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен ұстаздар қауымына жүктеледі

Оқу мен тәрбиелеудің үлкен ортасы – мектеп екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтармен қатар, сынып сағаттары, тәрбие сағаттары,пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар оқу мен тәрбиенің ең негізгі, ықпалдастығы болып отыр. Бүгінгі таңда, ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһанданудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен мектептің өзара байланысынан көрінеді [4].

Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, сапалы білімді дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Ақиқатында, осынау мәселе еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді.

Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады. Отансүйгіштік сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады.

Бастауыш сынып балалардының этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыруды зерттеу күрделі және көпсалалы болғандықтан, оның барлық жақтарын қамтып шығу мүмкін емес. Этностық-мәдени сәйкестілікті мектепке жасына дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыру мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші-педагогтардан ізденісті, жаңа формалар мен әдістерді талап етеді.

Ұлттық тәрбие беру мақсаты – оқушылардың бойында адамгершілік, отансүйгіштік, елжандылық, имандылық қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашақта еліміздің тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелеп шығару. Халық педагогикасы – ұрпақтан –ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрдің өзегі, алтын діңгегі, халықтың ең озық тәжірибесі. Ол ғасырлар бойы жинақталған сан алуан іс-тәжірибелер мен ой-пікірлер негізінде қалыптасты. Оның мұралары уақыт талабы мен өмірге қайта оралып, мектептің оқу – тәрбие жұмыстарында кең қолданылуда[5].

Халықтық тәрбие, ол ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге дамып келе жатқан көне тарихи жүйеге жататыны кімге болса да аян. Халқымыздың ұлттық педагогикасының ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Ерекшелігі сол: жас жеткіншектерді есті, адал, еңбекқор, парасатты болсын деген үмітпен ата-баба тәлім –тәрбиесін әрқашан мұра тұтып келген және оны талап етіп отырған. Ұрпағын жаман әдеттерден жирендіріп, жақсылыққа жетелеп, өсиет сөздерін күнделікті бойына ұялатып отырған. Әр халық өзінің жас ұрпағын қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ер жүрек, ізгі ниетті, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды, бұл мәселені өзінің тұрмыс-салтына байланысты шешіп отырады. Ол үшін ғасырлар бойы қолданып, сұрыпталып, өмір тәжірибесінен сыннан өткен салт-дәстүрлерді, педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланып келеді

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі – білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы. Жоғарыда аталған құзіреттілік құрамынан әр бастауыш сынып мұғалімі өз жұмысына талдау жасап, қызметіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін мойындай алады. Өзіне-өзі сын көзбен қарай отырып, кемшілік болса, түзеп, артықшылықтарымен өз әріптестерімен бөлісе алады, олай ету әр маман үшін өте тиімді. Баланың дұрыс тәрбиеленуі үшін оның тәрбиесін жүзеге асыратын мұғалім, педагогқа қойылатын талаптар кәсіби құзіреттілік шарттарына сай болуы керек.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып , ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі оқушы тұлға шығатынына сеніміміз мол. Жалпы, патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасы мен мектептің сабақтастығымен дамиды. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Ендеше өсіп кележатқан ұрпақты тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады ұлттық тәрбиеге бұл әр бір адамның қоғам алдындағы парызы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан.-1996.
2. Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. Астана: Елорда, 2001. – 248 б.
3. Есім Ғарифолла. Ұлттық өркениет және мәдени бағдар // Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Аматы: Қазақ университеті, 2003. – 305 б.
4. Қожамберлиев Б. Қазақтың рухани болмысындағы ұлттық діл мен ұлтжандылықтың ара қатынасы. // Қазақстан жоғары мектебі, 2003, №4, 201-204б., 202 б.
5. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. -Алматы, Ана тілі, 2007ж., 136б. 78 б.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PHILOLOGICAL SCIENCE

АБИЛХАМИТҚЫЗЫ Р.
доцент
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
risgul555@mail.ru

САҒАТОВА Ш.
доцент
Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті
astana14_14@mail.ru

ТҮРКІЛЕРДІҢ ҚАРА РУХТЫ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Аннотация. *Миф – бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы. Мұндай ажыраспаған күйді ғылымда әдетте синкреттілік дейді. Мысалы, ертегі мен жырдың басында миф жатыр, яғни бүгінгі ертегі мен жырды байыптап қарап, белгілі бір заңдылықтарға сүйене саралай отырып, ежелгі озарттық түсініктерді сұрыптап, бөліп шығаруға болады.*

Кілт сөздер: *Түркі мифологиясы, миф, қара рух, жын, кейіпкер.*

Аннотация. *Миф – это определенный этап в развитии науки, жизни, культуры. Такое единство в науке называется синкретическим. Например, в основе сказок и поэзии лежат мифы. Проанализировав современные сказки и стихи, применив определенные методы, можно сделать их классификацию.*

Ключевые слова*: Тюркская мифология, миф, черный дух Джин, герой.*

Abstract: *Myth is a certain stage in the development of science, life, culture. This unity in science is called syncretic. For example, the basis of fairy tales and poetry are myths. Analyzing modern tales and poems, applying certain methods, you can make their classification.*

Keywords: *Turkic mythology, myth, black spirit, Jean, gin, hero.*

Кіріспе

Миф – бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы. Мұндай ажыраспаған күйді ғылымда әдетте синкреттілік дейді. Мысалы, ертегі мен жырдың басында миф жатыр, яғни бүгінгі ертегі мен жырды байыптап қарап, белгілі бір заңдылықтарға сүйене саралай отырып, ежелгі озарттық түсініктерді сұрыптап, бөліп шығаруға болады.

Түркі мифологиясы – бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің, ежелгі танымдарының бірыңғай жүйесі. Миф – ертегі адамдардың адамтану, дүниетану көзқарасы, ақиқат танымы. Ежелгі адам кез келген әрекетінің себебін озарт арқылы түсіндірген, яғни айтылатын ертегі мен жырдың да, салынатын суреттің де, айтылатын ән мен өлеңнің де, тарихтың да, биленетін бидің де арғы жағында озарттық түсініктер жатыр.

Негізгі бөлім

Түркі халықтарының жағымды/жағымсыз кейіпкердің бірі – *жын.* Жын шашын тарқатып жіберген ұзынтұра қыз бейнесінде, кеудесі итаяқтай салбырап тұратындықтан, иығынан асыра лақтырып жіберіп жүреді.

«Жын – керемет күш иесі. Неше түрге көзіңді ашып-жұмғанша келе алады. Ол денеңе де еніп, ішіңнен де, дененің басқа жерінен де еркін дауыс шығарып, өзі билегеніне дегенін істетеді. Киелілердің көбі өзінің діни және ғылыми сауатсыздығын біле бермейді. Ал кейбіреулері біле тұра, зұлымдық жолына жындарын пайдаланады.

Жынды бақсылар бағындырады. Бақсы жындарды өзінің сенім дініне қарай көндіріп, өзінің қызметін атқартады» [1, 92 б.].

«Жындардың бірнеше аты бар: *Хишанҳ, Жабир бир Мердан, Медиун Ибн-и Зенги, Хаксак, Дершуз, Иемһур, Каракаш Ибн-и Весвас, Бюлбюле Ибн-и Кизбан, Кешкатур Ибн-и Кешибаш, Сешзар Ибн-и Семан*», – деп түрік түркологы Мурат Ураз бірнеше түрін атайды. [2, 118 б.].

Н.Ф.Катанов материалдарынан төмендегідей мәліметтерді оқимыз. "Әйелдің босанатын мезгілі жеткенде, оны жын тұншықтырады... Егер жынды қуатын адам болмаса, онда әйел өледі. Жынды қуатын (сөзбе сөз айтқанда сабайтын) адамдар бар... Қуа алатын адам өзінің шапанын немесе белбеуін,

не тақиясын біреуден беріп жібереді, бұл жіберілген кісі үйге кірісімен, жын қашады. Егер жын кетпесе, қуатын адам өзі келеді. Кейбір жындар күшті болады. *Жын әйелдің өкпесін алады да, суға барады.* Егер жынды ұстап алып, оған суға жетуге мүмкіндік бермей, куып жетіп, қайырып, содан кейін үйді тобылғы сапты қамшымен ұрып және "жібер, жібер!" – деп айқайласа, сонда әйел өмірге қайта оралады. Егер жын суға жетсе және "*өкпені су ішінде шайқаса. онда әйел өледі*". Кейбіреулер оны (яғни, жынды) сабайды, кейбіреулерден ол, көзге түспей, қашқалақтайды. Егер үйір ішінде *көздері ақ шаңқан ақ жылқы* болса, бұл жылқыны үйдің қасына жетектеп әкеледі. Бұл жылқы, жынды көргесін, *үйге өзі кіреді.* Жын, бұл жылқыдан қорқып, қашады..." [3, 71 б.].

«Ислам діні бақсыларды қаншалықты тойтарғанымен, ол бақсылардың "тәңір" дініндегі шамандық ұғымының жын, шайтан, перілермен байланысын жоя алмады. Бақсыларға дем беретін күш-қуат иелері немесе қарсыластары жын, пері және шайтандар жөнінде қасиетті Құранда: "Адамдардың кейбірі жындардың кейбіреулеріне сыйынатын болды. Оған жындар тіпті жынданып кетті", – деген [4, 11 б.]. Жын мен шайтан екеуі екі бөлек жаратылыс. Алла тағала "Жындар мен адамдарды тек өзіме ғибадат ету үшін жараттым" деген. Осыдан-ақ жындар да адам сияқты өмір сүреді. Бірақ, көзге көрінбейді. Бізбен бірге өмір сүруде. Сондықтан да, жындар да мұсылман, кәпірге, еркек – ұрғашыға, кәрі – жасқа, жоғары мен төменгі топтарға бөлінеді. Кейбір адамдар жындармен қатынасқа түседі. Бұл топқа жататындарға көбінесе бақсылар, сиқыршылар, дуашылар, өзімшіл емшісымақтар, арам ниеттілерді атауға болады [1, 52 б.].

Сондай-ақ, Мурат Ураз да жынды шайтан яғни жағымсыз/жаман рухты иелердің қатарына жатқызады да бірнеше түрлерін атап өтеді. Олар:

–Абасилер – жағымсыз/жаман рух тобы;

–Ажуман – жағымсыз-жаман рухтың бірі, жамандық иесі;

–Ада Өке – өлген бабалар рухы, бұлар Ерлік Ханның жанынан табылатын қара рух;

–Алдашы – өлген бір адамның немесе ертеде өлген туыстарының бірінің рухы. Өлген адамның үйіне келеді. Бақсылар/шамандар таза және әулие саналғандықтан, өлгендердің үйіне кірмеген. Басқалары бір апта өлген адам үйіне ештеңе бермейді және еш нәрсе алмайды. Қырық күн өткен соң, барлық рәсімі жасалып, тамақ дайындылып, ас беріледі. Рәсімнен бұрын шаман/бақсы келіп, арша ағашымен аластап, алдашыны қуған. Алдашыны өлім рухы деп те атайды. [2, 119-120 бб].

Қазақтарда «алдашы» деп жаналғыш бейнесіндегі Жалмауызды айтады. «*Алдашылар»* туралы туысқан алтайлықтарда түрлі аңыз-әңгімелер бар. Ал бізге белгілісі кімнің мойнына алдашының ала арқаны оралса, сол жан тапсырады. Ертеде алдашыны көрген адамдар уақыты келгенін біліп, о дүниеге оралуға қам жасай бастайды екен [1, 112 б.].

*«*Қорқыт туралы қазақ әңгіме-аңыздары дүние жүзінде, әсіресе Шығыста, кең тараған сюжетке құрылған. Ол – адамның ажалмен айқасы жайында: «Қорқыт бір күні түсінде көр қазып жатқан кісілерді көріп, олардан көрдің өзіне қазылып жатқанын біледі. Оянғаннан кейін ол өлімнен қашып құтылмақ болып, дүниенің төрт бұрышын аралайды. Бірақ барлық жерде өзіне көр қазып жатқан адамдарды көреді. Ажалдан қашып құтылмасына көзі жеткен Қорқыт енді жер ортасы – Сырдарияға, өзінің мекеніне кайтып келеді. Ажал кенеттен келіп қалмасын деп, ол өзеннің ортасына кілем төсеп, өзі жасаған қобызды тартып, өмір сүре береді. Бір күні әбден калжыраған ол қалғып кетеді. Сол мезетте ажал жылан түрінде келіп, оны шағып өлтіреді». Бұл сюжет өте ерте заманда пайда болған. Мәселен, ол әзірше ең көне деп саналатын, тіпті, әйгілі “Илиада” мен “Одиссеядан” бір жарым мың жас үлкен “Гильгамеш туралы жырда” философиялық тұрғыда өлім мен өмірдің күресі, адамның ажалдан құтылу жолдарының мәселесі ретінде, көркем түрде әңгімеленген». [3, 79 б.].

Алтайлықтардың ұғымында төменгі әлем Ерліктің өкілі *Алдачы* адамның жанын алуға келеді, кісі өлген соң ол жеті немесе қырық күн бойы марқұмның үйінің маңында торуылдап жүреді. Осы кезде өлген адамның затын алуға, аруақты мазалауға тыйым салынады. Қырық күн өткен соң бақсы-қам арша тұтатып аластап, *Алдачыны қуу* шарасын өткізетін көрінеді [5, 200 б.].

–Алмыш – Алтайларда Ерлік Ханның қарарындағы кара рухтың бірі;

–Алтан Сабарай – Сахаларда қотыр шығаруға себеп болатын рух;

–Арсан Долай – сахаларда қара рухтардың қорғаушысы;

–Айналар/азалар – Алтайларда жер астында жайсайтын қара рух. Бұлар адамдарға жолықса, түрлі дерт-ауру беріп, адамдар ол дерттен құрбан сою арқылы құтылған. Бұл құрбандыққа шалған малы қара түсті болса, ол ең бір қабыл етілетін болған. Оларды Иертір де те атаған, олар көп тамақ жейді, бірақ тоймайды.

–*Боурма Лаһай* – сахаларда адамдарға жұқпалы дертпен ауыртатын рух;

–*Жығы* – Жығылар жындардың бір тобы; екі халық соғысса жын басым болған жағы жеңіп, жындары қорқып қашқан жағы жеңіліс тапқан.

–*Чор/чар* – Алтайларда шаман сенімдеріне қарай адам денесінің сыртында болады, бірақ адаммен бірге болатын қара рухтың бірі.

–*Чорабаш* – Алтайларда шаман дұғаларындағы бір рух. Бұның тоқсан қойын терісінен тоны, сексен қойын терісінен бөркі болған;

–*Даһталыр/тарах* – сахаларда күнәһарлар қайда болса, сонда болатын үлкен бір рух.

–*Едимнулар* – шумерлерде Хортлак деп аталатын қара рух;

–*Егелер* – ұйғырларда жаһанамда зұлымдық/жауыздық көрсететін қара рух;

–*Гидим* – өлген адамның рухына да, қара рухтарға да осы есім берілген;

–*Карачор (а)* – солтүстік түркілері қара рухтарды осылай атайды;

–*Қара немелер* – сахаларда қара рух.

– *Көкмен* – Алтайларда шаман дұғаларындағы қара рухтың бірі; Оның алпыс қойын терісінен тоны, сексен ешкі терісінен бөркі болған;

–*Көрмөстер* – Алтайларда, сахаларда қара рух иесі, Ерліктің жер астындағы көмекшісі. Көрместердің кейбірінің жақсылық жасайтындары да бар. Оларға арнап құрбан сойлады. Көрместер өлген адамның денесінен шығады, ол адам жақсы болса, көрсем те жақсы, жаман болса, жаман рух болады;

–*Көнчөлөрүме* – сахаларда қара рухтардың анасы. Адамдар бұлардан құтылу үшін құрбан шалады;

–*Өтгерлер* – Алтайларда жер асты әлемінде Ерлік Ханның иелігіндегі азап әкелетін қара рух;

–*Ракшаслар* – Алтайларда жындардың бір тобы. Күнә істеген адамдарды жаһанамдағы қазанға тастап, азаптайды;

–*Сүне* – Алтайларда адамдар мен хайуандарда болатын рух. Ол барлық адамдарға көрінбейді. Бірақ шамандар, кейбір киелі адамдарға, иттерге көрінеді. Сүнені көрген адамды Көспекші деп атайды. Егер бұл адамдардан басқа бір адам оны көрсе, ол адам өледі деген. Сүне ол адам өлгеннен кейін жер астына кіреді. Онда оны Ерлік Ханның Иула қарсы алады;

–*Тажес* – жынның бір түрі;

–*Токушла* – бүркіт тұмсықты, есек құлақты, жылан шашты бір жын. Адамдарды азаптайтын рух;

–*Улукки* – жамандық жасайтын жындар тобы;

–*Урумки* – Жестенидің хикаясындағы жынның бір түрі;

–*Иама* – буддист ұйғырлардың жамадық және өлім әкелетін рухтың бірі. Жер асты әлемінде жасайды;

–*Иула* – Алтайларда адамныңжәне хайуанда да болатын рух. Иуланы адамдар түсінде көреді. Шамандардың рәсімдері кезінде болады. Шаманлармен бірге көкке, жер астына саяхат жасайды. [2, 199-200 бб].

Қазақ мифологиясында жынның мындай түрлері бар:

–*«Кісікиік*, негізінен, иен далада, орман-тауларда кездеседі. Бойы адам бойындай. Қос аяғын тік басып жүреді-міс.

–*Кесір* деп – бұрынғылар адамның желкесінде болатын жынды атаған. Аты айтып тұрғандай, оның мақсаты бәріне кесірін тигізу, бүлдіру екен. Үнемі жақсылықтың жолын кеседі. Адамдардың арасына түсіп, отбасыны бұзатын да осы кесір. Сондай-ақ мал-жанның құруына, ауру-індеттің таралуына көп қызмет етеді. Кесір көбіне жан-жануарлар мен заттардың қадірін түсінбеуден, киесіне ұрынудан туындайды екен. Алайда, кесір өз алдына жеке кейіпкер ретінде аз қолданылып жүр;

–*Елті* – қазақ аңыз-әңгімелерінде кездесетін тағы бір тылсым кейіпкер. Ол сиқырлық өнерімен адамдарды өзіне бағындырып алады-мыс. Елті көбіне жоталы әйел ретінде суреттеледі. Шоқан Уәлиханов: «Елті – өзінің сиқырлық өнерімен адамдарды еліту, ұйыту, бар сана-сезімін билеп алушы, өзіне бағындырушы. Елті сөзінің төркіні – қазіргі тіліміздегі еліту» деген. Әйел бақсыны «елті» деп атайтындар бар. Ал Шоқан Уәлиханов жыны бар әйелдерді «елті» депті.

–*Үббе* – өзен иесі, қаскүнем күштердің түрі. *Үббе* – терең су иірілімдерінде, тұңғиықта, ұйықта тіршілік ететін су перісі. Ол өзенге жақындаған адамның атын атап шақырып, су түбіне тартып әкетеді-міс. Елімізде үббенің барына әлі де сенетіндер бар. Байырғы қазақтар адамдарды суға батырып

өлтіретін күш осы үббе деп білген. Түрін де ұзын қап-қара қастары түйілген адамға ұқсас тіршілік деп топшылаған. *Үббе* туралы әңгімелер көбіне Сыр аймағында көп айтылады. Мынадай бір оқиға болған екен. Бір адам өзенді жағалап келе жатып, су ішінен бір кісінің өзінің атын атап шақырған дауысын естиді. Ол әлгі дауыс иесінің үббе екенін сезеді. Сөйтіп суға жақындамайды. Дәл сол кезде, бөтен бір кісі суға түсуге келе қалады. Мұның «суға түссең, өлесің» деп қарсыласқанына қарамастан, өзеннің арғы бетіне жүзіп кетеді. Енді бергі бетке қарай жүзбек болғанда, суға батады. Әлгі кісі арқан байлап тартып шығарғанша, жүрегі тоқтап қалыпты. Екі аяғы қып-қызыл болып кеткен дейді. Мұны ел ақсақалдары үббенің ұстаған жері деп түсіндіріп, жұртшылықты суға барғанда сақ болуға шақырыпты.

–*Жік.* «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты». Қазақта осындай бір аталы сөз бар. Осындағы жік дегеннің көне түркі тілінде жікті жын, шайтан мағынасында қолданған. Махмұт Қашқари «Түркі сөздігінде» «иекті», яғни жікті перінің атауы деп түсіндіреді. Жік дегенді тажал, яғни Дәжжал деп түсінетіндер бар. Дәжжал сөзі турасында «суайт» дегенді білдіреді. Қиямет жақындаған кезде, Дәжжал адамдарға өзінің Жаратушы екенін айтып, иманы әлсіз адамдарды иландырады екен. Діни кітаптарда тажалдың жер (Хорасан жақтан деген дерек бар) астынан шығып, асқан жылдамдықпен жүріп отырып, әп-сәтте әлемді жаулап алатыны жайлы айтылады.

–*Зарап* – қазақ мифологиясындағы қара күштердің тағы бірі. Зарапты көбіне құбыжық түріндегі *заһарлы аң* деп біледі. Аң атаулы зараптан қатты қорқады екен. Себебі, оның заһары у болады. Жақындаған жан-жануарларды сеспей қатырады» [6, 95 б.];

–*Марту* – өзбектер мен қазақтарда бар жынның атауы. Кейде албастыны да осылай атаған.

Қорытынды

Түркі халықтарының мифологиясына ортақ кейіпкерлерді әңгімелеу – үлкен, күрделі іс. Ірі жинақтаулар көп жылдық ізденістер нәтижесінде ғана туады. Сондықтан алдағы уақытта түркі халықтарының мифологиясындағы ұқсас кейіпкерлер жайында зерттеулерімізді жалғастырамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қожалымов З. Ғаламның жұмбақ сырлары. Монография. Ғарыш, адам, жер тылсым сырлары. Алматы, 2010 – 750 б.
2. Uraz M. Türk mitolojisi. Ankara: 1994 – 340 p.
3. Қасқабасов С. Ой өріс. Алматы: Жібек Жолы, 2009. – 303 б.
4. Құран Кәрим. Қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Х. Алтай. Медине, 1995, 478-б.
5. Тойшанұлы А. Қазақ мифологиясының кейіпкерлері. //Жұлдыз, №9, 2011.
6. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі, 2009 – 192 б.

АКАНОВА А.И.
докторант, педагогика ғылымдарының магистрі,
Нұр-Сұлтан қ., e-mail: Comfort_land_kz@mail.ru

ЕСПЕКОВА Л.Ә.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ., e-mail: espekova@bk.ru

МИФОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАНЫМ

Түйін. *Мақалада қазақ халқының таным-түсінігі, ұлттық дүниетанымы мифтік танымммен сабақтастырыла қарастырылған. Сондай-ақ, миф пен таным мәселесін зерттеген ғалымдардың пікірлерін саралай келе, миф пен таным мәселесінің өзара тығыз байланысты ұғым-түсінік екендігі және таным сабақтастығы жалпы түркі халықтарына тән ортақ мәселе ретінде қаралған.*

Кілт сөздер: *мифология, таным, түркі халқы.*

Резюме. *В статье рассмотрены вопросы взаимосвязи миропознания с мифическим миропониманием казахского народа. Кроме того, на основе научных суждении ученых изучающие вопросы мифологии и познания, формулировывается четкое понимание того, что есть взаимосвязь между тюркскими народами и их миропониманием.*

Ключевые слова: *мифология, миропонимание, тюркский народ.*

Summary. *In the article the questions of the relationship of knowledge of the world with the mythical world outlook of the Kazakh people. In addition, on the basis of scientific judgments of scientists studying the issues of mythology and knowledge, formulated a clear understanding of what is the relationship between the Turkic people and their worldview.*

Keywords: *myth, outlook, Turkic people.*

Қазақ халқы ежелден көшпелі ғұмыр кешкен. Қоршаған әлемнің, табиғаттың қыры мен сырын тереңнен әрі жан-жақты ұғыну, шеті мен шегі жоқ кеңістікте мал бағу, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп-қону – біздің бабамызға тән дүние. Көшпелі өркениет, дәстүр ол біздің өмір салтымыз. Демек, бұл дәстүр бізді қоршаған ортаға ерекше көзбен қарауға, ерекше танымммен зерделеуге үйретті. Табиғаттың қатал сынына төтеп бере жүріп, өздеріне ғана тән тіршілік қамын жасап, қиыншылықтарға қарсы тұра білуге машықтанған. Бұл халықтың өзіндік дүниетанымның қалыптасуына өз септігін тигізді.

Дүниетаным бір күнгі я бір жылдың ғана жемісі емес, ол адамдардың ғасырлар бойы жасаған өмір тіршілігімен тығыз байланыста дамып, жетілетін өнер мен мәдениетке жақын көзқарастар жиынтығы екен. Олай болса, қазақ халқының танымын салт-дәстүрі, әдебиеті, мәдениеті арқылы танып-білуімізге болады. Ғалым Ислам Айбарша адамның танымын қоршаған ортамен байланыста қарастырып, ойын былай деп өрбітеді: «Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындық болмысты танып білуі ой арқылы жүзеге асса, тіл – бейнелеу қызметінің нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Бұл жалпыға ортақ таным үлгісі. Өйткені биологиялық табиғаты жағынан адамзат бірдей болса, таным қызметі де, оның механизмдері де ортақ құбылыс екені мәлім. Қандай да тіл өзінің тілдік құрлымы немесе тілдік үлгілері жағынан әртүрлі болғанымен, шындық болмысты түсінуге келгенде ортақ танымдық дүниелерден тұрады. Бұл сайып келгенде, жоғарыда айтылған таным түсініктің тіл арқылы емес, ми, ойлау арқылы жүзеге асатындығын дәлелдей түседі» [1:13]. Бұл пікір адамның танымы оның санасы, ойы, миымен етене тығыз байланыстылығын дәлелдей түседі. Әрине осы түсінік-пайым, таным, дүниетанымның белгілі бір жолдармен көрініс табуы заңды құбылыс. Ол құбылыс тіл арқылы, атап айтқанда халықтың әдебиеті, мәдениеті, өнері, салт-дәстүрі сияқты жалпы бүкіл өмірлік үздіксіз даму қозғалысынан орын тауып жүзеге асатындығы айдан анық.

«Қазақ халқы бар сұлулықты, мықтылықты, төзімділікті табиғаттан іздеген. Соны адамның өмірімен байланыстыра отырып, өмірдегі жақсылықты, адалдықты, мейірімділікті, әділдікті, ерлікті, өмір үшін күрес секілді рухани құндылықтарды дәріптеген. Батырлар жырында адамды жануарлар әлемімен, табиғат дүниесімен жақындату жиі байқалады, бұл – қазақ халқының жеке ой танымының

нәтижесі. Халықтың сыртқы ортаны танып білудегі ізденістері деп қарауға болады» [2:115]. Адам осы аталған бойымызда бар барлық қасиетті тіл арқылы көркейтіп, әдемілеп өзін қоршаған адамзатқа жеткізе білген. Оның бір дәлелі ретінде әдебиетіміздің қайнар бұлағы – мифтен көруге болады. Ғалым Ж.Ә.Аймұхамбетованың тұжырымынан миф пен танымның арасындағы тығыз, үзілмес байланысты байқаймыз: «Миф – ежелгі дүниетаным және тарихи сананың алғашқы формасы, ақиқатты тануға деген талпыныс деген тұжырымдар, тұтастай алғанда, мифологияның адамзат дүниетанымындағы тереңнен тамыр таратқан болмысын танытады» [3:70].

Қойшығара Салғара: «Миф –адамзат баласының өзін қоршаған ортаны танудағы, басқаша айтқанда аспан, жер, су дүниелері және жерасты тірлігі, осылардың тұрғындары жөніндегі ең әуелгі бастапқы танымындағы түсініктері, дүниетанымы дегенге саяды. Басқаша айтқанда миф – алғашқы адамдардың, яғни түпаталарымыздың юолмысты танудағы ақиқаты, өзіндік тарихы» [4:94]. Жоғарыда келтірілген ғылыми тұжырым-пікірлердің ортақ сарындастығына көз жеткізе отырып, миф арқылы адамзат өзінің өмір, қоршаған орта, дүние туралы өз түсінігін білдіруге тырысқандығын, яғни халықтың танымы мен ол халықтың танымы көрініс тапқан бірден бір бастауы – миф өзара ажырамас құбылыстар екендігін түсінеміз.

Мифтегі таным ондағы кейіпкерлердің сипаты, түрі, олардың қимыл-қозғалысы, жалпы кейіпкердің болмысы арқылы берілетіні белгілі. Жалпы кейіпкерлер арқылы сол халыққа тән танымммен қатар белгілі бір бәріне ортақ, түсінікті, айтпаса да айдан анық ұғымның пайда болып, қалыптасатындығы да жасырын емес. Мысал үшін, ортақ түркі тілдес халықтар арасында *албасты* деген ұғым, түсінік белгілі. Әрине, ол кейіпкердің бойында халықтың санасына бірден жағымсыз, жексұрындықтың нышаны сезілетін ұғым тиесілі екендігі белгілі. Орыс ғалымы О.А.Черепанова XIX ғасыр материалдарынан албаста, су иесі, су перісі, албастый леший орман иесі, лесовик орманшы деп тұжырымдайды.

Бұл сөздердің түп негізі славяндық еместігі түсінікті-ақ, оның *лобастый-лопастый, лобаста-лопаста* деген варианттары да бар [5:89]. «Албаста» деген сөздің мағынасы «шашы тақырлана алынған адам» деп түсіндіріледі, алайда бұл оның екінші мағынасы, алғашқысы *лоб, лобастый* деген сөздің мағынасымен байланысты [5:89]. Солтүстіктік орыс халқында *албаста* және *албастый* сөздерінің түп негізі түркі-иран ареалымен, яғни Кавказ елімен байланысты қаралады. Сондықтан орыс елінің оңтүстік шығыс территориясына таяу Волганың орта және төменгі ағысында лобоста мифологемасы кездеседі. Лобоста – бойы аспаннан жерге дейін жететін ірі денелі әйел ретінде сипатталады. Оның денесін былай деп суреттейді: ұйысқан шашы бар, басы үлкен, ақсиған тістері бар, саусақтары айқұш-ұйқыш қиылысқан, ұзын қолды сұр масса. Ол дауыл кезінде, бұлттардан, желден, ұйытқыған желден пайда болады екен. Онымен кездескен адам өлімге тап болады екен. Мұндай сипаттау бірнеше славяндық емес елдердегі кейіпкерлермен сабақтас келеді.

Татар халқында албасты – өте ірі көлемді, формасы жағынан белгісіз нәрсе деп суреттеледі. Алыстан ит сияқты көрінеді де, адамға жақындаған сайын ұлғая түсіп, жиналған биік мая (үйілген, көпене) шөп сияқты формаға ие болады екен. Әдетте көпірлердің жанында, көшелердің, жолдардың қиылысында кездеседі. Тәжік халқында *альбасти, альмасти* формасында келіп, босанатын танытады [5:90].

Д.К.Зелениннің айтуынша [5:90] якут елінде *аjысыт* – босанатын әйелдердің дух-покровитель, түрік тілінде *албасты* жаңа босанған әйелдерді жоюшы және айырбастаушы деп танылады. Орыс тілі говорына сіңісіп кеткен албастый және албаста сөздері татар, қазақ, қыпшақ, қырым татар тілдерінен енген *albasty*, яғни «зұлым жан, дух үй иесі (домовой), құбыжық (кошмар)» немесе татар, қырғыз тілдерінен енген албасты, албасти «зұлым (дух)» деген мағынада түсіндіріледі. Орыс тілінде *албастый* сөзі субстантивтенген сын есім деп танылып, *алвастий* «леший» формасында солтүстік орыс говорына түркі тілдерінің ішінде фин-угор және удмурт тілдерінен енген, ал орыс говорындағы албаста сөзі татар тіліндегі *албасты, албасти* деген сөздерінен бастау алады деп түсідіріледі [5:90]. Қазақстан балалар энциклопедиясында: «Албасты – су тылсымына байланысты әзәзіл пері. Албастылар өзен-көлдердің маңайын мекен етіп, ақ шашы жалбыраған, емшегі арқасыннан асып салбыраған ұсқынсыз әйел кейіпінде көрінеді. Әдетте, ол жағалауда жайбарақат шашын тарап отырады [6:184]. Албасты жансыз заттар мен жануарлар кейпіне енеді деген нанымдар бар. Кейде көпене (үйілген шөп), ағаш немесе арбаға айнала қояды. Олардың аяқтары теріс қараған, құс табан немесе тұяқты болып келеді. Кейбіреулерінің маңдайында жалғыз көзі, тас немесе қызыл жез мұрны, қолдарында өткір тырнақтары

бар. Ең қаскүнем зиянкес албастылар қара, қалғандары сары болады. Олардың қолында әрқашан да сиқырлы кітап, тарақ, күміс теңге жүреді. Албастының күйеуі – әзәзіл Теміртөс сайтан. Ол – орманды мекендейтін пері.

Албастылар адамның түсіне еніп, шошытып, ауруға шалдықтырады. Әсіресе, жас босанған әйелдер мен жаңа туған сәбилерге өш. Ол жас босанған әйелдің жүрегі мен өкпесін ұрлап алып, суға жүгіреді екен. Оларды суға салса, әйел өліп қалатын көрінеді.

Албасты – өз құрбандарының қанын ішетін қансорғыш. Жылқыны жақын көреді, түнде мініп, жалдарын шимай-шатпақ қылып өіп тастайды. Албасты жалғызілікті адаммен немесе аңшылармен бірге тұрып, оларға сәттілік әкеледі, өзінің сүтін ішкізіп, қабырғасынан кесіп алған етін жегізеді.

Адам албастыны бағындыруы үшін оның үстінен бір тал қылшығын немесе бір затын, сиқырлы кітабын, тарағын не болмаса теңгесін қолына түсіруі керек. Сондай-ақ оған айтқанын істеткізу үшін киіміне ине шаншыса да болады, сонда адам не қаласа, албасты соны орындайды екен делінген [6:184]. Бұдан байқайтынымыз, түркі жұртшылығына ортақ таным үрдісі бар және оның айғағы жоғарыда суреттелген кейіпкер бейнесі. Түркілік дүниетанымның негізі бір, түбі бір екендігі айқындала түсскендей, өзегі бір әлем халықтарындағы мифтік таным бір арнаға келіп тоғысқандай.

Түркі халықтарының арасында ортақ таным мен түсініктің сабақтастығын көрсететін тағы бір образдар – Тәңір әке мен Ұмай ана. Әлемнің жаралуы туралы мифтік дүниетанымда еркек пен әйелдік бастау тұрғаны мифологиялық түсініктердегі ұқсас сипаттардан білінеді. Бұл ретте аспан мен жер, Ақ және қара құдайлары, оң мен сол тағы да басқа бинарлық, қарама-қарсы ұғым мәселелері де өрбіп шығары заңды, ол мәселенің төңірегінде де таным мәселесі сөз болары анық. Алайда біздің бұл зерттеудегі айтар ойымыз мифтік образдардың, кейіпкерлердің халық танымының, түсінігінің аясында бойына жинаған қасиетін сөз ету болады.

Ұмай ана көне түркі мифологиясы бойынша ұрпақ жалғастығын жебейтін періште. Ертеде қазақтар қыздарын ұзатқанда, неке қиғызу рәсімінде, сондай-ақ әйелдер босанғанда Ұмай анаға жалбарынып, одан медет тілегені мәлім. «Ұмай» деген сөз ежелгі түркі тілінде «баланың ізі», «бала орны», «ана жатыры» деген мағынаны білдереді екен [7:42].

Ұмай құдай – әйел бейнесі түркі тілдес халықтардың көпшілігінің этнографиясында кездеседі. Әр халықтың Ұмай ана бейнесін әртүрлі қабылдаған. Біреулер Ұмай – ана бейнесінің нышаны ретінде садақты оғымен баланыңң бесігінің тұсына ілсе, енді біреулері оны сұлу жас әйел бейнесінде қабылдаған. Ал қазақ халқы басқа көптеген түркі тектес халықтар тәрізді Ұмай ана босану кезінде адамға көмектесіп, сәбиді түрлі пәлелерден (албастыда т.б.) қорғайды деп білген. Ұзақ уақыт бойы бала көтермеген немесе сәбилері шетінеп кеткен әйелдер Ұмай анаға сыйынған. Аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынған. Ұмай есімі Монғолиядағы Тоныкөк пен Күлтегінге арналған көне түркі жазба нұсқаларында кездеседі екен. Иоллық-тегін жазған Күлтегін мәтінінде «Ұмай текті анам қатынынң құтына (бағына) інім Күлтегін ер атанды», «Тоныкөк ескерткішінде «Тәңірі, Ұмай, киелі Жер – су ықылысын берген екен», деген жолдары бар [7:42].

Ұмай жөнінде көп айтылып та, жазылып та жүр, дегенмен оның этимологиясын ғалым С.Қондыбай қарастырған. Ұмай – дей-түркілік мифологиядағы Ұлы Ана есімдерінің бірі. Кейінгі қазақ, қырғыз тілінде оның есімі «Май-ене» түрінде сақталған. Кейінгі қазақ, қырғыз келтірімдеріндегі Ұмай (Май-ене) жас босанатын келіншектердің, босану процесінің, жалпы алғанда әйелдер мен жас нәрестелердің қамқоршысы болып есептелген. Сонымен қатар ол үй (әйел) шаруасының да («йел қолөнерінің де) қамқоршысы болып есептелген. Бүгінгі қазақтағы «Менің қолым емес, Бибатпаның (Бибі Фатиманың) қолы» деген сөз бір кездері «Менің қолым емес, Май-ененің қолы» деп аталған. «Ұмай» есіміндегі праформа – «ум» < «йум» < «ңум» / «нгум». Яғни оның шумерлік «Намму» мен «Нум» сияқты «ұлы аналық» есімдермен бір тектес екендігі дау туғызбауы тиіс [7:42]. Сілтеме

Осы праформадан өрбіген «Ұма» сөзі «баланың жолдасы, пердесі» (полед) дегенді білдіреді, біз бұл жерде сөздің «»баланы жарататын құрсаққа» – «ана құрсағына» – абақ таңбаға байланысты екендігін көрсетеді. Егер нүкте – бала, сәби болса, оның сыртындағы шеңбер – баланың пердесі, «жолдасы» болып шығады; шеңбердің дәл осы жағдайдағы «ана құрсағы» болып та есептелетіндігін ескерсек, неліктен «ұма» сөзінің пердені, «ұмай» сөзінің ұлы ананы білдіріп тұруы таң қалдырмауы тиіс.

Ұмай немесе Йум – дей-түркілік дербес болмысты тәңіреше (богиня) болған, бірақ сол заманның кейінгі кезеңдері оның мәртебелік бейнесі төмендетіле бастаған сыңайлы; қалай болғанда да «Йум»

есімінің «Йумай» немесе «Ұмай» болып өзгеруін, яғни бастапқы есімге «~ай» формантының жалғануын осындай сапалық өзгерістермен байланыстыруға болады.

Ғалым С.Қондыбай Ұмайдың «аспан әке – жер ана» қосағындағы Тәңірге «жұбай» болып шығуын нақты түркі (көк түркі алды, 2-5 ғғ.) дәуірімен сабақтастыруға болатындығын; аталмыш уақыт жаңа тілдің (түркі тілінің) қалыптасуымен қатар, жаңа мифтік келтірімдердің (түркі мифологиясының) қалыптасуына тұспа-тұс келетіндігін; дей-түркілік тілінің жаңа араласу жағдайында әлдебір мутацияға ұшырап түркі тіліне айнала бастағаны сияқты, дей-түркілік мифологиялық келтірімдер де өзгеріп, сол өзгеріндінің (ұмытылуы, араласуы, сырттан қосылуы т.б.) негізінде түркі мифологиясы қалыптасқандығын айтады. Сондықтан, орхон-енисей және одан кейінгі ғасырлардағы жазба мәтіндерде сақталған Ұмайға, Тәңір мен Ұмайға байланысты мифтік келтірімдерді ең алғашқы, о бастағы түсініктер деп емес, нақты тарихи уақыт бөлігінде қалыптасқан түсініктер деп есептегенді жөн деп санайды.

«Ұмай» есеміне ұқсас есім – индуистік мифологиядағы Ума. «Ума-махадеви» деп аталатын осы мифтік бейне де «құдай-аналар» категориясына жататындығын; зерттеушілер индуистік мифологиядағы Деви бейнесінің б.з.д. 3 мыңжылдықта дамыған құдай-ана культінен өрбіп шыққанын нақтылайтындығын айтады ғалым. Ал бұл – арийлердің Үндістанға келмей тұрған уақыты. Сондықтан Девидің бір кептік есімі болған «Ума» есімінің (оның үнді тілінде «жарқын» деп аударылып жүргеніне қарамастан) сол дравид (Хараппа, Моxеджо-Даро) мифологиясының ұғымы болғандығын топшылай отырып, осы Уманың дей-түркілік Ұмаймен бір текті болғандығына меңзейді. Олай болса, ғалымның сөзге тиек етіп отырған Ұмай есімінің белгілі болу уақыты да б.з.д. 4-3мыңжылдық болмақ. Бұл аталған тұжырымдар миф пен танымның арасындағы үлкен сабақтастықты дәлелдей түседі. Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте (жертартпа), нақты бір саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының (социумның) өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктердің жиынтығы, дәлірек айтқанда – «түсіндім» деген стереотипі. Яғни, бұл жағдайдағы миф – ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, басқаша айтқанда – «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі Ақиқаты. Миф – әрине тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни, бұл жағынан «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние [7:25].

Дүниежүзі халықтарын ортақ жүйе, ортақ модельге тоғыстыру үрдісі заманында әр этностың ұлттық мәдениеті мен тіл ерекшелігін сақтап қалу мәселесі қазіргі таңда өте өзекті. Адамзаттың танымын суреттейтін символдар, этномәдени белгілер, ұлттық реңкті білдіретін аялық білім және т.б. да рухани құндылыққа толы дүниелер әр ұлттың болмысын танытатын ақиқат. Сол ұлттық болмыстың бірден бір көрінісін мифология әлемінен табатынымыз айдан анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ислам Айбарша. Ұлттық мәдениет конспектісіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. Ғыл. д-ры... дис. – Алматы, 2004.
2. Қазақ лингвофольклортануы: эпостанулық зерттеу. Ұжымдық монография. Астана, 2017. -388 б.
3. Аймұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика. Алматы, 2017. -512б.
4. Қойшығара Салғара. Ежелгі түркілер // Тамыр. Әдеби-танымдық журнал. 1-2(20-21)/2013. 28-бет.
5. Черепанова О.А. Мифологическая лексика русского Севера. Ленинград, 1983.
6. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы, 2006. -252 б.
7. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, Пресс, 2004. -516 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. XI том. Алматы, 2011. -752 б.
9. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. –Алматы: Раритет, 2004. -21 б.
10. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. Оқулық. –Алматы, 2002. -408 б.
11. Смағұлов Н.Б., Ташағыл А. Ежелгі түркілердің дүниетанымы – «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының негізі //Вестник Карагандинсткого университета. Серия «История. Философия». №4 (88)/2017.
12. Қасқабасов С. Шығармалары. Бірінші том. Жаназық. Астана, 2011. – 568 б.
13. Журавлев А.Ф. Язык и миф. Лингвистический комментарий к труду А.Н.Афанасьева «Поэтические воззрения славян на природу». Москва, 2005. -1004 с.

14. Максимов С.В. Нечистая, неведомая и крестная сила. СПб., 1903. 526 с.
15. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. ҚазССР Ғылым акад. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты. Ертегілер. Т.І. Алматы: Жазушы, 1988. -288 б.
16. Мифы, предания, сказки, хантов и манси. Москва, 1990.
17. Мифы народов мира. Энциклопедия. Том I. Москва, 1987.
18. Қазақ фольклорлы мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. Алматы, 1983. -264 б.
19. Әдебиеттану. Терминдерсөздігі. Алматы, 1998. – 384 б.
20. Қасқабасов С. Таңдамалы. Астана, 2015. 328 б.
21. Мәуленов А.А. Қазіргі қазақ прозасындағы аңыздар мен мифтердің көркем қызметі. Алматы, 2001.
22. Хроленко. Язык и хрестоматия. Москва, 2005.
23. Дүйсенбі А.К.Оңтүстік Қазақстан аңыздары мен әпсаналары. Түркістан, 2002.
24. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 10-томдық. Аңыздар. Қарағанды, 2013.
25. Трубецкой Н.С. Истори. Культура. Язык. Москва, 1995. -799 с.

АМАНГАЗИЕВА М.К.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Ақтөбе, Қазақстан
e-mail: mika-230376@mail.ru

БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ АУДАРМАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. *Мақалада бір тілден екінші бір тілге аударма жасағандағы туатын қиындықтар мен оларды аудару процесіндегі жүйелілік мәселелері сөз болады. Сонымен қатар аудармашының осы саладағы кәсіби шеберлігі қарастырылған.*

Кілт сөздер: *термин, аударма, мәтін, тіл, лексика, ғылым, стиль, лингвистика*

Резюме. *В данной статье рассматривается проблемы перевода и его классификации при переводе текста. Также роль переводчика и его компетентность в переводческой деятельности.*

Ключевые слова: *термин, перевод, текст, язык, лексика, наука, стиль, лингвистика.*

Summary. *This article deals with the problems of translation and its classification in the translation of the text. Also, the role of the translator and his competence in translation activities.*

Keywords*: term, translation, text, language, vocabulary, science, style, linguistics.*

Адамдар тек бір тілде ғана емес, бірнеше тілде сөйлей алатындықтан аударма міндетті түрде керек. Сондықтан тілшілер тілдің ситуациялық жағдайларын тек бір мемлекеттің көлемінде ғана оқып үйреніп жатқан жоқ, бір мәселені әлемдік жағдайға қарастырып жатыр. Енді көптілділік болғандықтан аударманың болу керектігі анықталды. Аударма тілдік кедергілерді жоятын күрделі құрылымға айналды. Тіл білімі мен аудармашылықтың алдында бұл тілдік барьерлер қалай пайда болды және оны жоятын қандай күш ойлап табуға болады деген сұрақтар тұрды.

Аударма процесінде ең алдымен аударатын тілдегі лексикалық бірліктердің аударылатын тілдегі баламасын дәл қолдану маңызды. Сонымен қатар аудару процесінде баламалықтың төрт түрін атауға болады. Аударманың бірінші түрдегі баламалылығы түпнұсқаның *коммуникацияның мақсатын* құрайтын мазмұндық бөлігін ғана сақтаудан тұрады. Баламалылықтың екінші түрінде түпнұсқа мен аударма мазмұнының жалпы бөлігі коммуникацияның бірдей мақсатын ғана көрсетіп қоймайды, бірдей *тілден тыс жағдаятты* береді. Түпнұсқа мен аударманы салғастырудың үшінші түрінің төмендегідей ерекшеліктері болады: 1) лексикалық құрам мен синтаксистік құрылымында параллелизм болмайды; 2) түпнұсқа мен аударма құрылымын синтаксистік трансформация қатынасы арқылы байланыстыру мүмкін болмайды; 3) аудармада түпнұсқадағы коммуникациялық мақсат пен жағдаят бірдей сақталады; 4) аудармада жалпы ұғым сақталып, олар арқылы түпнұсқадағы жағдаят сипатталады. Баламалылықтың төртінші түрінде, жоғарыдағыларды қоса алғанда, аудармада түпнұсқаның синтаксистік құрылымының, мағынасының айтарлықтай бөлігі көрініс табады. Түпнұсқа мәтінінің құрылымдық ұйымдасуы аударылатын мәтіннің жалпы мазмұнына енетін белгілі бір ақпаратты айқындайды... Баламалылықтың соңғы бесінші түрінде түпнұсқа мен аударма мазмұнының барынша жуықтатылуына қол жеткізіледі [1, 52-78].

Аударма процесінде аударма өніміне және аудармашыға қойылатын талаптарды да ғалымдар түрліше атайды. Мысалы, Л.К.Латышев аударма қызметінің өніміне – аударылатын мәтінге қойылатын бірінші және басты талап турасында былай дейді: «... ол (мәтін) шығыс мәтінге коммуникативтік тұрғыда балама болуы керек, яғни адресатқа (тыңдаушыға немесе оқушыға) әсер етуі шығыс (аударатын) мәтіннің әсерімен бірдей болуы керек; ШТ (шығыс тіл) адресаттары мен КТ (кіріс тіл) адресаттарының мәтіннің екі нұсқасын да қабылдаудағы және оларға жауап берудегі (реакция) алғышарттар объективті түрде бірдей (яғни олардың жеке қасиеттеріне байланыссыз) болуы қажет». Ал екінші талап – ШТ мен КТ мәтіндердің барынша мүмкін болған семантика-құрылымдық жақындығы (әрине мұны «таза» буквализмге бару деп ұқпау керек). Бұл жақындық аудармада автор (түпнұсқа авторы!) ойының сәйкестігін барынша сақтауға, шығыс тілдегі мәтіннің аударылатын тілдегі мәтінде дұрыс «орналасуының» ауқымын (диапозон) арттырады (сәйкесінше шығыс тілдегі мәтіннің кіріс тілдегі мәтіннің «орынбасар» болуына, яғни дұрыс аударылмауына алып келетін жағдайлардың санын азайтады), аударма процесінің және аудармашылық шешімнің объективтілігін арттырады [2, 26]. Бұл аталған талаптар әрине аударма

жанрының барлық түріне жалпы қойылатын басты талаптар болып табылады. Негізінде аударманың түрлеріне байланысты (мысалы, көркем, ғылыми, саяси, ресми, жарнама т.б.) бұдан өзге де «қосымша» талаптарды көптеп атауға болады (Мұнда біз *қосымша* деген сөзді тырнақшаға алып отырған себебіміз: аударманың бір саласында қосымша саналатын талап екінші түрінде негізгілердің қатарына жатуы мүмкін). Мысалы, әлеуметтік мәртебесі бір жарнамада «ұстаз», ал екіншісінде – «кәсіпкер» деп берілген. Жарнаманы аударушы «преподаватель» сөзінің баламасын «ұстаз» деп береді, ал басқарма оны «оқытушы» деп түзетеді. Біз басқарманың пікірімен келісеміз, себебі «ұстаз» сөзі стилистикалық тұрғыдан басқа мәнге ие. «Ұстаз» сөзі асқақ реңде: құттықтау немесе естелік стилінде қолданылады. Бұл жағдайда әлеуметтік мәртебені сипаттау аудармашыны фактіні стилистикалық бейтарап мағынада беруге міндеттейді. Кәсіпкерлік мәртебесінде жарнамашы қазақ тіліндегі аудармасын жазбайды және тілдерді дамыту басқармасы «кәсіпкер» сөзін ұсынады, бұл «предприниматель» сөзіне стилистикалық балама бола алады және мағынасын растайды.

Көп жағдайда тілдік саясаттың мүлтіксіз орындалуына өзге тілден енген сөздердің қазақ тіліндегі баламасының болмауы себеп болады. Мысалы, шкаф-купелердің жарнамасында қазақ тіліндегі баламасы «гардеробтар» деп берілген. Бірақ бұл жерде кальканың лингвистикалық түсінігі өзін көп жағдайда ақтап тұрады. Жарнамашылармен басқарманың келісіп отырғанына қарамастан кейбір авторлар «купелер» деп баламалағанды дұрыс санайды. Мұндай аудармаға теміржол көліктері жүйесіндегі әдепкі семантикалық мағыналар тобының лингвистикалық баламалары дәлел болады.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерден басқа тұтынушыға әсер етуде, жетістікке жету үшін де, жарнама жасау саласындағы мамандар үшін де , аудармашылар үшін де маңызды бір бағыт – аударманың баламалылығы мәселесі. Аудармашылар ғана емес, жарнама жасаушылар да бастапқы тілде – түпнұсқа тілінде – слогандар, каламбурлар және т.б. жұмыс жасағанда баламалылық мәселесінің айтарлықтай күрделі, әрі маңызды болатынын түсінеді. Тіл тек қана иілгіш, стандарттарға сәйкес келе қоятын субстанция емес. Түпкі мағынаның түпнұсқалылығы, мағыналардың көпүнділігі, әрқилы стилистикалық және жанрлық белгілілік бір сөзді әртүрлі жағдайда қолданудың және әртүрлі сөзді бәр мағынада қолданудың жан-жақты түрлерін қарастырады. Жарнама түрлеріне және алдын ала белгілі болған стилистикалық мағыналарға қарай жалпы ұсыныстар айтуға болады, дейтұрғанмен, аударманың ерекшелігі, қандайда бір баламаларды таңдау түпкі мағынадағы тірек сөздердің функционалдық мәнділігіне, ақпарат беру сипатына, тұтынушылар ортасына, ақпаратты көрегенділікпен жеткізуге байланысты.

Біз аударма жанрларының барлық түріне қатысты талаптарды төмендегіше топтастырамыз:

1. **Дәлдік.** Аудармашы автордың ойын толығымен аудармада жеткізуі тиіс. Мәтіндегі ойлардың негізгі сипаты ғана сақталмауы тиіс, сонымен бірге айтылған ойдың нюанстары мен белгілері де сақталуы тиіс. Автордың айтқан ойларын жеткізе отырып, сонымен бірге аудармашы өз жанынан ештеңе қосуға, толықтыруға және оны түсіндіруге тиіс емес.

2. **Ықшамдылық.** Аудармашы көп сөзді болмауы керек, ойлары барынша ықшамды және мәнерлі (үйлесімді) түрде мазмұндалуы тиіс.

3. **Айқындылық.** Аудармада тілдің жеңілдігі мен ықшамдылығы аса қажет. Қабылдауға қиындық туғызатын күрделі және екі ұшты оралымдардан бас тартқан жөн. Ой қарапайым әрі айқын, баршаға түсінікті тілмен жеткізілуі тиіс.

4. **Әдебилік.** Аударма әдеби тілдің жалпыға бірдей тұтастай нормасына сай жасалуы қажет. Әрбір сөйлем түпнұсқаның синтаксистік құрылымындағы аударма тіліне жат ешқандай тұспалдау байқатпай, нақты және табиғи түрде айшықталып тұруы тиіс. Шетелдік сөздерге калька жасаудан бойды аулақ салып, сөздіктер мен анықтамалық әдебиеттің көмегіне сүйене отырып, аударма тілінде балама терминдер табуға тырысу керек.

Аудармашының тілдік тұлғасын төмендегі жайттар қалыптастырады: а) тұлғаның әлеуметтік мінездемесі; ә) ішкі тұлғалық қасиеттер; б) филиологиялық білімі, білігі, дағдысы; в) түпнұсқа авторы мен аудармашы тұлғаларының үйлесуі (жақындығы немесе ұқсамайтындығы) (Т.Никитченко). Аудармашы осы қасиеттері арқылы шығармашығын танытып, өзі аударған мәтінде өз қолтаңбасын қалдырады.

Здесь автор книги отчетливо показывает знание Ч.Валихановым многих языков, в числе которых были татарский, уйгурский, монгольский, арабский, персидский, китайский языки. Здесь убедительно представлено ‘лексикографическое’ искусство Ч.Валиханова и в данном разделе приводится огромное количество иноязычных слов, их этимология, толкование. Кроме того очень интересными кажутся собственные надписи (мысли) Ч.Валиханова на полях своих дневников, а также калькированные сочетания, придуманные им самим: *принести в жертву огня ложку масла, дать джан, конские джели, имеют кие* и мн. др.

Особого описания требуют пословицы и поговорки, устойчивые обороты в сочинениях Ч.Валиханова и наблюдения здесь О.А.Султаньяева таковы: изначально Ч.Валиханов, следуя тезису русского ученого Ф.И.Буслаева, ищет в пословицах и поговорках «следы прошлой жизни», однако постепенно меняет свое отношение к ним, а начинает связывать их с окружающей средой, историческими явлениями и жизненной реалией. В результате они становятся для него одним из средств борьбы с невежеством, необразованностью и действующим инструментом на пути к просвещению и культуре [1, с. 136]. Хотя автор книги в самом начале утверждает, что Ч.Валиханов не стремился проводить глубинный научный анализ в своих сочинениях, но, читая в дальнейшем его выводы и примеры, убеждаемся в глубоко научной ‘подкованности’ Ч.Валиханова, в знании методологии толкования слов и сочетаний, паремий, лексикографии и мн.-мн. др.

Анализируя статью «Следы шаманизма у киргизов», О.А. Султаньяев в качестве иллюстративного материала приводит много различных имен собственных. Данная часть работы непременно будет полезна тем, кто занимается ономастикой, в частности изучением космонимов, астронимов и теонимов.

В заключении книги приводятся интересные соображения О.А. Султаньяева о возможном знакомстве трех казахских гениев, просветителей – Чокана Валиханова, Ибрая Алтынсарина, Абая Кунанбаева, обосновывая это рядом факторов: небольшой разницей в их возрасте (Ибрай Алтынсарин был младше Чокана на 6 лет, а Абай Кунанбаев – на 10 лет), службой в тот период И.Алтынсарина в Оренбурге и его связями с Русским географическим обществом, а также известными русскими востоковедами В.Григорьевым и Н.Ильминским, любовью Абая к русской литературе и культуре, его сближением с русскими мыслителями, путешествием Шокана в Семей (Семипалатинск), Каркаралы и знакомство с Кунанбаем – отцом Абая и т.д. Таких причинно-следственных связей приводится очень много, которые свидетельствуют о том, что ‘три кита’ казахской степи, вполне вероятно, знали имена и были в курсе деятельности друг друга.

В приложениях к книге даются копии архивных документов, фотографий Ч.Валиханова, сохранившиеся рассказы и воспоминания о нем, записанные в различных областях Казахстана в 1981 году учителем русского языка Б. Какпеновым (под руководством О.А. Султаньяева), а также составленный О.А. Султаньяевым словарь казахских эквивалентов некоторых русских фразеологизмов («Кейбір орыс тілі фразеологизмдерінің қазақша баламалары»), который значительно мог бы пополнить современные двуязычные академические словари.

Заключение. Исследование О.А. Султаньяева «Шұрайлы сөздің шебері (Шоқанның публицистикасы негізінде)» наглядно и в достаточном объеме характеризует концептуальную (наивную, языковую, научную) картину мира Чокана Валиханова. Культура изложения автора и любовь к своему труду настолько явна, что он не претендует на ее максимальную завершенность и выдвигает следующей плеяде ученых дальнейшие перспективы лингвистических исследований в чокановедении.

В настоящее время в Казахстане не прекращается интерес к изучению творчества Чокана Чингизовича Валиханова. Его труды высоко оценивались Русским географическим обществом и мировой научной общественностью, печатались в изданиях России, Европы (Берлине, Лондоне), а дневники и отчеты стали ценным источником по изучению стран Азии.

Монографические исследования Ч. Валиханова и труды в виде путевых заметок, публицистических статей и очерков настолько глубинны и содержательны в качественном отношении, что до настоящего времени они актуальны и интерес к ним не исчерпывается, а, наоборот, с различных аспектов становятся объектом изучения многих гуманитарных наук. Однако в филологическом изучении его наследия значительно преобладают труды литературоведческого направления и лишь имеется считанное количество трудов по лингвистике, к которым относятся: статьи академика НАН РК Ш.Ш.Сарыбаева («Шоқан және тіл білімі мәселелері» (1958) и др.), диссертационные исследования О.А.Султаньяева «Русская и казахская лексика и фразеология произведений Чокана Валиханова» (1995) [2], З.А. Муканової «Иноязычные вкрапления в произведениях Чокана Валиханова» (2001) [3]. Интерес также представляют публикации разных лет известного ученого-лингвиста Н.Ж. Шаймерденовой, например, статья «Дневник поездки на Иссык-Куль» Ч.Валиханова как лингвистический источник» [4] и др. [5]. Однако еще не одному поколению ученых предстоит изучать творческое наследие Чокана Валиханова, например, сопоставить переводы его сочинений на немецкий, английский языки, которые были сделаны и опубликованы в Европе еще при его жизни, а также развивать в Казахстане такое уникальное, интересное направление, как лингвистическое источниковедение.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Султаньяев О.А. Шұрайлы сөздің шебері (Шоқанның публицистикасы негізінде). – Астана: Әлем SS, 2005. – 176 с.
2. Султаньяев О.А. Русская и казахская лексика и фразеология произведений Чокана Валиханова: дис. … д-ра филол.н. – Алматы, 1995.
3. Муканова З.А. Иноязычные вкрапления в произведениях Чокана Валиханова: дис. … к. филол.н. – Алматы, 2001.
4. Шаймерденова Н.Ж. «Дневник поездки на Иссык-Куль» Ч.Валиханова как лингвистический источник // Валихановские чтения-2: Мат-лы научно-практ. конф. – Кокшетау, 1994. – С. 286-289.
5. Шаймерденова Н.Ж. Ш.Ш.Уалиханов и О.А. Султаньяев: две эпохи, две жизни, два исследователя // Вестник КГУ им. Ш. Уалиханова. Серия филологическая. – Кокшетау, 2011 (соавт. З.А.Муканова).

ИСАЕВА Г.С.
филология ғылымдарының кандидаты,
ҚР БжҒМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты Этнолингвистика
бөлімінің меңгерушісі,
Алматы қаласы, gulsinai_isa@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ИДИОЭТНИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРІН ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ЗЕРТТЕУ

Аннотация. *Мақала авторы қазақ этнолингвистикасы саласындағы жаңалыққа назар аударып, профессор Ербол Жанпейісовтің «Қазақ эскірігі» атты ғылыми еңбектеріне шолу жасап, осы кітаптың Қазақстанның ғылыми жаңалығымен байланыстыратын алты негізгі ғылыми қорытындысын береді.*

Түйінді сөздер. *Қазақ этнолингвистикасы, Ербол Жанпейісов, ғылыми жаңалықтар, ғылыми жаңалық.*

Аннотация. *В статье автор, акцентируя внимание на новизну в области казахской этнолингвистики, рецензирует научный труд профессора Ербола Жанпеисова «Қазақ ескіліктері», а также приводит шесть главных научных выводов данной книги, связывая их современной научной новизной Казахстана.*

Ключевые слова. *Казахская этнолингвистика, Ербол Жанпеисов, научные выводы, научная новизна.*

Summary*. In this article author focuses attention on the novelty in the field of Kazakh ethnolinguistics, reviews the scientific work of Professor Yerbol Zhanpeisov, "Kazakh eskilikteri", and also gives six main scientific conclusions of this book, linking them with the modern scientific novelty of Kazakhstan.*

Keywords. *Kazakh ethnolinguistics, Erbol Zhanpeisov, scientific findings, scientific novelty.*

Белгілі бір этностың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, әдет-ғұрпын тек сол ұлттың қолданыстағы тілінде сақталған лексикалық, фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердің мазмұнын ашу арқылы түсіндіру тіл білімінде этнолингвистика пәнінің құзырына жатады. Қазақ этнолингвистикасын әдеби шығармаларда көненің көзіндей сақталған қазақ тілінің түрлі атауларын зерделеу арқылы дамытқан Ербол Жанпейісов тіл білімінің осы саласын тағы бір ғылыми туындымен толықтырды. Осы орайда ғалымның өмірінен соң жарық көрген «Қазақ ескіліктері» атты құнды еңбегін (Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. 352 б.) ерекше атап өтуге болады. Өткен ғасырдың аяғында Е.Жанпейісовтің «Абай жолы» эпопеясының тілін, ондағы ұлттық кодтар мен символдарды этнолингвистикалық тұрғыда терең зерделеген құнды еңбегі – алдымен қазақ тілінде «Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі» деген атпен [*Жанпейісов Е., А., 1976, 168 б.*], кейіннен толықтырылған түрде орыс тіліндегі «Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауэзова)» атты [*Жанпеисов Е., 1989, 288 с.*] кітаптары қазақ этнолингвистикасы мен этимологиясы салаларында жаңалығы мол, іргелі зерттеу болды.

Ербол Жанпейісовтің «Қазақ ескіліктері» атты ғылыми еңбегінде қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттей отырып, түркі тілдерінің материалдары арқылы идиоэтникалық бірліктердің құрылымдық-семантикалық табиғаты мен этимологиясын ашады. Ең алдымен кітаптың атауына арқау болған «ескілік» сөзінің мән-мағынасын жіті түсініп алсақ. Бұл сөздің лұғаттық мағынасы Қазақ сөздігінде: «I. тозығы жету; бұрынғы, ескі қоғамның салт-санасы, әдет-ғұрпы; II. ескіге тән, бұрынғы, баяғы; қарттық, кәрілік; ескі-құсқы, тозығы жеткен» деп көрсетілген [*Қазақ сөздігі, А., 2013, 429-б.*]. Демек ***ескілік*** сөзінің «тозығы жеткен», «ескі салт-сана», «бұрынғы», «қарттық» негізгі семаларын белгілеуге болады. Ақын-жазушылардың шығармаларында да осы негізгі семалар қолданылған. Алайда Мұхтар Әуезовтің «Батырлар әңгімесі» атты ғылыми мақаласындағы «Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санауға керек» деген сөйлемінен *ескілік* сөзінің жоғарыда сөз болған семаларға қосымша «халықтың бұрынғы заттық-рухани мәдениетіне қатысты ұғымды» білдіретін ортақ семасын аңғаруға болады [*Әуезов М., А., 1985., 65-б.*]. Профессор Ербол Жанпейісов те сөз болып отырған ғылыми еңбегінің атын «Қазақ ескіліктері» деп тіліміздегі идиоэтникалық лексиканы, этномәдени тілдік бірліктерді жинақтап, қазақ халқының бұрыннан келе жатқан заттық, рухани мәдениет ұғымдарын білдірткісі келген болса керек.

Қазақ халқының тарихы оның жүріп өткен жолы арқылы танылады. Алайда «танылу» тек халықтың тіліндегі түрлі аталымдар, өмір сүру, тіршілік етудің мәдени формалары бейнеленген тілдік

бірліктердің мазмұнында сақталған. Осы орайда қазақтың заттық лексикасының қолдану аясын, шығу төркінін тіл иелменіне этнографиялық еңбектер мен көркем шығармалар арқылы дәйектей отырып, мазмұндап жеткізу мақсатында жазылған Е.Жанпейісовтің бұл еңбегі қазақ этнолингвистикасының ғана емес, қазіргі түркологияның да жетістігі болып табылады.

Е.Жанпейісовтің сөз болып отырған зерттеу еңбегінің мынадай ерекше тұжырымдарын атап өтуге болады:

– *қазақ тіл ғылымының этнолингвистика саласы өзінің бастау тінін Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен алады*. Профессор Жанпейісов тіл мен этностың арасындағы өзара байланысына алғаш көңіл бөлген тұңғыш түрколог ғалым Махмұд Қашқари екенін айта келе, тіл ғылымындағы дербес бағыт саналатын этнолингвистиканың негізін қалаушы Вильгельм фон Гумбольдттың ғылыми теориялық тұжырымдарына мазмұндас пікірді қазақ тіл білімінің көсемі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен де көруге болатынын жан-жақты дәлелдейді. Ғалым этнолингвистиканың негізгі объектісі болып табылатын орыс тіліндегі *материальная культура, духовная культура* ұғым-терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қазақы менталитетке лайықтап *тірнек өнер, көрнек өнер* деп атағанын, XX ғасырдың аяқ шенінде орыстардың (алғаш рет С.А. Арутюновтың) этнолингвистикалық зерттеулерінде жиі кездесетін *культура жизнеобеспечения, предметы жизнеобеспечения* дейтін ұғымдық категорияларды А.Байтұрсынұлы *күн көру керек-жарақтары, жан сақтау (жан қоштау) керегінен шыққан нәрселер* ретінде қазақ тілінде XX ғасырдың басында-ақ сәтті терминденгенін айрықша атап өтеді.

– *туыстас түркі халықтарының идиоэтникалық бірліктерін бірге алып зерттеу үлгісін «түркі этнолингвистикасы» деп атауға болады*. Автордың «зерттеуімізде қазақ ескіліктері деп отырғанымыздың өзі көп жағдайда осы күнгі туыс түркі тілдерінің де, сондай-ақ бұлардың бәрінің де ертеде жеке-жеке отау болып бөлініп шыққан қара шаңырағы – «ескі түрік бірлігі заманындағы» көне түркі тілінің де материалымен барып астасады» деген пікірі Н.Ә.Назарбаевтың «**Ұлы даланың жеті қыры**» атты мақаласындағы «тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси, мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды» деген ойымен үндеседі[http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy].

– *көркем шығарманың тілі арқылы халықтың ұғым-түсінігі, дәстүрлі-тұрмыстық мәдениеті анықталады*. Е.Жанпейісовтің тұжырымы бойынша, «этностың таза өзіндік ерекшеліктерін, әсіресе өткен алыс заманғы дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетін айқындауда таптырмайтын маңызды дереккөзі қызметін сондай-ақ кәсіби көркем шығармалар да атқара алады. Мұндай шығармалардың өзі кейде этностың ажырағысыз бір компонентіне айналып кетеді». Ғалым бұдан бұрынғы ғылыми еңбектерінде идиоэтникалық лексикалардың этнолингвистикалық сипатын М. Әуезовтің «Абай жолы эпопеясының тілі арқылы ашуға тырысқан. «Қазақ ескіліктері» еңбегінде де ғалым заттық мәдениет лексикаларын талдау барысында М.Әуезовтің шығармаларымен қатар, ескі жыр-дастандарды, Абай Құнанбаев, Мұқағали Мақатаев және т.б. ақын-жазушылардың шығармаларын маңызды дереккөз ретінде келтіреді.

– *тілдік деректерді диахрондық талдаумен қатар, синхрондық жолмен талдау әдісі де этнолингвистика саласына тән сипат*. Профессор Е.Жанпейісов 1994 жылы «Ана тілі» газетіне «Этнолингвистика» тақырыбымен жариялаған ғылыми мақаласында «этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін емес, көбіне-көп өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді» – деп пікір келтірген болатын [*Жанпейісов Е., А., 1994, 7-б.*]. Ғалымның ғылыми пікірі жылдар өте басқа ғылыми дәйектемелер арқылы толастағанын сөз болып отырған еңбегінде келтірген тұжырымдамалардан көре аламыз. Себебі профессор тіл ғылымының этнолингвистика мен әлеуметтік лингвистика салаларын қызметі мен қолданыс аясы тұрғысынан жан-жақты талдап, уақытт арақатынасы жағынан оппозициялық қосарлар қатарында алып қарауға болатынын айтады. Осы тұрғыда бұл дербес екі сала диахрондық тұрғыда «негізінен тарихи мәнді, тарихтық сипаттағы тіл деректерін» қарастырумен қатар, «таза бүгінгі күннің жалпы қолданыстағы тілдік материалдарын» да зерттейтінін айта келе, осы синхрондық жолмен талдау әдісі этнолингвистика саласына тән сипат екенін айрықша білдірген.

– *Қазақтың ескіліктерін негізгі үш бөлікке бөледі. Олар: заттық мәдениет лексикасы, рухани мәдениет лексикасы, мифологиялық лексика.* Қазақ этнолингвистикасының теориялық негізін салған

академик Әбдуәли Қайдар қазақтың тіл әлемін Адам, Қоғам, Табиғат деп үш фактордың аясында зерттеген. [*Қайдар Ә., А., 2009, 2013*]. Академик ғалымның шәкірттері де осы топтастырудың негізінде жан-жақты зерттеу жүргізіп, Әбдуәли Қайдардың этнолингвистикалық мектебін қалыптастырды. Ал Ербол Жанпейісовтің қазақ этнолингвистикасын зерттеп-зерделеуі өзіндік ғылыми ұстанымымен ерекшеленеді. Ғалым мәдениет феноменін екі топқа бөліп, олардың объектісін былайша жүйелейді: «киім-кешек үлгілері, үй мүліктері, баспана түрлері, төрт түлікке қатысты бұйымдар, азық-түлік өнімдері заттық мәдениетті, яғни тірнек өнерді, ал бұдан кейінгі әдет-ғұрыптық ишара көріністер мен символдық түрлі рәсімдік актілер тобы рухани мәдениетті, яғни көрнек өнерді құрайды». Сонымен қатар бұларды заттық-рухани мәдениет (тірнек-көрнек өнер) дихотомиясы деп атап, соңғы дәуірге жатқызады. Себебі біртұтас семиотикалық жүйе болып табылатын архаикалық мәдениет бұлай мүшеленбейді деп тұжырымдайды.

– *заттық мәдениет лексикасының идиоэтникалық ерекшеліктері этнолингвистикалық тұрғыда зерттелді*. Профессор көп жыл бойы жалпы түркілік контексте жүргізілген қазақ ескіліктері жөніндегі зерттеуін *заттық мәдениет лексикасы, рухани мәдениет лексикасы* және *мифологиялық лексика* деп аталатын негізгі үш бөлікте қарастыруды жоспарлағанымен, бұл ғылыми кітабын заттық мәдениет лексикасын зерттеуге арнаған. Сонымен сөз болып отырған еңбекте сөздік қорымызда сақталып, бүгінгі күнге жеткен *сәукеле, көйлек, тон (қамқа тон, берен тон, себіл тон, қаракес тон, кіреуке тон), шапан, шекпен, ішік, сақсыр, сақпан, самалық, белбеу, жүзік, селебе, киіз үй, лау* идиоэтникалық лексикалары және оларға қатысты этномәдени тілдік мәтіндер тарихи-салыстырмалы, этимологиялық талдау әдістерімен зерттелді.

Қорыта айтқанда, профессор Ербол Жанпейісовтің «Қазақ ескіліктері» атты ғылыми еңбегінің басты құндылығы ретінде этнолингвистика саласының теориясы және этнолингвистикалық талдаулары тың жаңалықтармен, маңызды этномәдени мәліметтермен толыққанын ерекше атап өтуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Т. 16. – А., 1985.
2. Жанпеисов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауэзова). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с.
3. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.
4. Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994, – № 3, – 20 қаңтар.
5. Қазақ сөздігі *(Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі)*. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 бет.
6. Қазақтар: ана тілі әлемінде. үш томдық этнолингвистикалық сөздік: I Адам. II Қоғам. III Табиғат. А., 2009, 2013.
7. http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy

ЖӨК 82-95

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Д.
Ұлттық ғылым академиясының академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан, Нұр-Сұлтан, e-mail: dikhan.kamzabek@mail.ru

МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР (XX ғасырдың 20-жылдары)

Алашқа кешірім жасап, төңкерісті жоқтағанның арқасынан қағып, "кеңшілдік" танытқан кеңес өкіметі қайта жиырыла қалып, "бөрік астынан бөрі іздей бастаған" шақта, яки 1924-1925 жылдары қазақ зиялылары тағдыр бұйырған ісімен айналысып жатты. Бір жағынан жаңа жағдайға сай Алаш ағартушылығын дамытқан, екінші жағынан жоғарыдағыдай Мәскеу оқығандарының тең текетіресіне үміт артқан олар әдебиет мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Тарихи жағдайға сәйкес әдебиет ағартушылық аясында қарастырылды.

Тірек сөздер: *төңкеріс, әдеби сайыс, мәдениет, интеллигенция, большевик, әдеби талғам, шығармашылық бостандық, сылтау.*

ВЗГЛЯДЫ О КУЛЬТУРЕ (20-годы XX века)

В статье рассматривается суть совещаний коммунистов по литературе и культуре, взгляды выступавших видных деятелей, которые проводились в Москве после установления большевистской власти. В диспутах между «образованным» руководителем (партийный функционер) и образованным ученым представляются различные размышления. В то время как руководитель (функционер) хочет переубедить и преклонить ученого, ученый старается объяснить руководителю закономерность культуры, литературы и истории. Руководитель боится потерять власть и политическую систему, которого добился, а ученый – творчество, к которому привык. В статье доказывается, что такие споры проводились, чтобы определить «кто есть кто» и, что однобокий контроль литературы приводит к тяжелым последствиям.

Ключевые слова: *переворот, литературная дискуссия, культура, пролеткульт, интеллигенция, большевик, литературный вкус, творческая свобода, притворность, классовость.*

VIEWS ON CULTURE (20S of the XX century)

The article discusses the essence of the meetings of the Communists on literature and culture, the views of prominent figures who spoke in Moscow after the establishment of Bolshevik power. Various reflections are presented in the disputes between the "intelligent" leader (the party functionary) and the intelligent scholar. While the leader (functionary) wants to persuade the scholar, the scholar tries to explain to the leader the laws of culture, literature and history. The leader is afraid of losing the power and political system, while the scholar is afraid of losing his art. The article proves that such disputes were held to determine "who is who" and that one-sided control of the literature leads to grave consequences.

Keywords: *coup, literary debate, culture, proletkult, intelligentsia, Bolshevik, literature taste, creative freedom, pretense, classiness.*

XX ғасырдың 20-жылдарының ортасына дейінгі әдебиетте көркемөнер функциясын түсіндіру, төңкеріс мұраты мен елшілдік сарынды жақындастыру ыңғайындағы материалдар – жалпы адамзаттық мәдениетте қазақ үнін естіртетін еңбектерге тамызық болса, таптаурын таптық түсініктен шықпау, көркемөнерді пролеткульт таразысымен салмақтау бағытын ұстанған материалдар – сыңаржақ еңбектердің тууына себепші болды. Ғалым М.Базарбаевтың сөзімен айтсақ: «Бүкіл қоғам жаңа құрылыс қамымен қалай аласұрса, әдебиет пен өнер де тап сондай қым-қиғаш аласапыранда болды» [1, 7 б.].

Сол уақыттағы әдеби айтыстарды немесе мәдениет туралы көзқарастарды қарастырар алдында мына жайды ескерген жөн: кеңес өкіметі толық орныққан уақытта саяси-экономикалық саладағы шаралардың бәрі де бір орталықтан жүзеге асырылғаны секілді, рухани сала да Мәскеуден басқарылды.

Кеңес жүйесіндегі ұлт аймақтары үшін бұл тәртіптің өз заңдылығы болды. Сондықтан XX ғасырдың 20-90 жылдарындағы (кеңес кезеңі) елеулі оқиғалардың күллісінде орталықтың "қолтаңбасы" (үлесі, ықпалы, әсері) бар дей аламыз. Ендеше 20-жылдарды әдеби айтыстың жүруіне Мәскеу мүдделі болды. Мұндағы мақсат: біріншіден, кімнің "дос", кімнің "жау" екенін анықтап, жаудың амалына қарсы әрекет қолдану еді; екіншіден, кеңестік идеологияға сай әдеби талғам мен түсінік қалыптастыру еді.

Қазақстандағы әдеби айтыстардың бастауы – 1924 жылы 9 мамырда РКП (б) ОК-нің Баспасөз бөлімінде "Көркем әдебиет саласындағы партияның саясаты туралы" атпен өткізілген кеңес пен 1925 жылы 10 наурызда консерваторияның Үлкен залында "Қазіргі интеллигенцияның тағдыры" деген ныспымен өткізілген диспут деуге негіз бар (Екеуі де Мәскеуде болған). Әрине, мұндай жиын, немесе шара 20-жылдары аз өткізілмеген. Алайда Мәскеуге көз тіккен шет аймақтар үшін бұл басқосулардың орны айрықша болған ұқсайды. Өйткені бұған сол кездегі кеңес үкіметі басшыларынан – Н.Бухарин, Л.Троцкий, А.Луначарский, т.б., белгілі әдебиетші, ақын-жазушы, сыншылардан – П.Сакулин, Г.Лелевич, А.Воронский, И.Вардин, Н.Чужак, Л.Авербах, В.Плетнев, С.Родов, А.Безыменский, Д.Бедный, т.б. қатынасқан еді. Қазақстандағы әдеби айтыс барысында жоғарыда аты аталған тұлғалардың кейбірінің сөзі дәйек етілуі (бұл "Алқа" айқындамасында да ұшырасады) кеңестік рухани кеңістікке қатысты біраз жайды аңғартса керек. Мысалы, бұл ғасырдың 10-жылдары қазақ руханияты үшін А.Луначарский мен А.Воронскийлер, әжептәуір оқыған-тоқығандығына қарамай, ешкім емес болса, 20-жылдардағы олардың мәртебесі жөнінде бұлай айта алмас едік. Кеңеске мойынұсынған алаш зиялылары әлгілердің жалпыадамзаттық құндылық өресіндегі жылт еткен ойын дәйек етуге мәжбүр болды.

Қазақ баспасөзіндегі әдеби айтыстарды біз Мәскеуде өткен әдебиет жөніндегі айтыстардың тікелей көшірмесі демейміз. Сөйте тұра олардың шет аймақтарға әсері елеулі болғанын жоққа шығармаймыз.

Орталық комитет 1924 жылы ұйымдастырған кеңесте [2] екі бас баяндама жасалады. Алғашқы баяндаманы жасаған А.Воронский – кеңес кезеңінің белгілі қаламгері және әдебиет сыншысы болса, екінші баяндаманы жасаған И.Вардин – жаңа жүйеге бейім аса солшыл әдебиетші еді. Екеуінің ымыраға келе қоймағандығын дәлелдейтін факт: бірі – "Красная новь", екіншісі "На посту" журналының "өкіл әкесі" болғандығы. Олар өзара поляризациялық пайымдағы басылымдар еді ("Красная новь" – М.Горькийдің мұрындық болуымен және В.И.Лениннің қолдауымен 1921 жылдан бастап шыққан журнал. М.Горький төңкерісті қалай түсінгенін ескерсек, бұл басылымның кімдерге жаны ашығанын аңғару қиынға соқпайды. Мұнда көбіне ресми үкімет "жолбике" атағандар топтасқан-ды. Ал, 1923 жылы шыққан "На посту" журналы классикалық мұрадан бас тартқан пролеткультшіл басылым болды. Ол 1926 жылы атын "На литературном посту" деп өзгертсе де, бағытынан қайтқан жоқ).

Кеңестегі А.Воронскийдің сөзі принципті мәселелерге арналған. Ол қандай мәселелер – енді соған тоқталайық. Біріншіден, баяндамашы партияның әдебиет саласындағы саясатына тоқталған. Екіншіден, ол әдеби ұйым жайын қозғаған. Үшіншіден, әдеби талғам мен бағыт туралы өз уақыты үшін сындарлы ой айтқан.

Жиынның хаттамасынан белгілі болғаны: жаңа үкімет 1921 жылы А.Воронскийге белгілі жазушыларды кеңес жағына тарту жөнінде нақты нұсқау әрі тапсырма берген. Сондықтан оның баяндамасында сол шақтың шындығына қатысты біраз мағлұмат жинақталған.

А.Воронский партияның әдебиет саласындағы саясаты хақында былай дейді: "Партия әдебиет саласындағы ішкі және сыртқы эмиграциямен (кеңеске қосылмағандарды осылай деп атаған – Д.Қ.) дәйекті күрес жүргізді; партия қазан жеңістерін қолдаған барлық төңкерістік топқа жәрдемдесті; ол қайсыбір топтың бағытын өз бағыты еткен жоқ; партия көркемдік таңдауға еркіндік берді және оған араласпады" [2, 55б.].

Баяндамашы мұның себебін де алға тартады. Яғни "крестьяндық және мұжықтық уклон" анық көрінгенде, партия оны жетілдіру үшін жағдайды күрделендірмеген. "Пролетариат алдын-ала ғылым мен өнерді меңгермей билікті қолына алды,-дей келе А.Воронский: – Біздің коммунистік партия бұрын да, қазір де өнер мәселесімен айналыса алмады. Ол өнерге өте аз көңіл бөлді. Оның ақылы, таланты, күші саясатқа жұмсалды және жұмсалып отыр"-деп тұжырымдайды [2, 56 б.]. Сондай-ақ бұл қаламгер бірі – көкке, бірі – жерге, бірі – суға тартқан әдеби үйірмелерден гөрі, тегеурінді ағынның болғанын қалайды. Сол себепті де ол "үйірмешілдік рухқа" қарсылығын білдіреді.

А.Воронский "партия неге 20-жылдары көрінген әдебиеттегі көп ағымның бірінің көзқарасын ұстанбады?" деген сұраққа: "Өнердің табиғаты ғылым секілді, оп-оңай реттеуге келмейді. Ғылымдағы тәрізді өнердің де өз әдісі бар. Сонымен қабат өнердің өз тарихы, өз даму заңдылығы бар. Жаңа,

қазан жеңісі өнері үшін көп нәрсе алда тұр: бәрі қайнап жатыр, бастапқы сұлбасы ғана бар, көп жай түсініксіз, біраз нәрсе әлі табылған жоқ. Осы жағдай бізге мұқият қадам жасауды міндеттейді",-деп жауап қайырады.

Баяндамашы кеңес әдебиетінің өрлейтініне, классикалық дүниелер тудыратынына сенімді. Ол мұны жай айтпайды, "Красная новь" журналымен байланыстағы М.Горький, А.Толстой, М.Пришвин, В.Вересаев, Бабель, Всев. Иванов, Пильняк, Федин, Зощенко, Есенин, Катаев, Маяковский, Пастернак, Серафимович, т.б. тұлғалар еңбегіне сүйеніп айтады. Сөйтіп, кеңес әдебиетін барлық қаламгерлер ("ескілігіне", "жолбикелігіне" қарамай) бірігіп жасау қажеттігін ұсынады. Осы ретте баяндамашы солшылдар мен пролеткультшілдер таланттылардың бетіне салық қылып басатын "буржуазияшылдық" айдарына түсінік бере кетеді. "Біреулер классиктерді қазіргі заманның кемесінен лақтырып тастауға кеңес береді. Біздіңше, жұмысшы мен шаруа Пушкинді, Толстойды, Горькийді оқу керек, түсінуі керек. Осы буржуазияшылдық па? ғмірді сезіммен танудың әдісі ретіндегі өнерге қарсы күрес ашып, өміртанымды мансұқтайтын өмір құрылымының теориясын ұсынуды қалай түсінеміз? Бұл – нағыз субъективті әрі идеалистік теория болып шықпай ма?"-дейді. Қазақта да дәл осымен орайлас ой айтқандар (Мұхтар, Смағұл, Қошке, Ыдырыс, Жүсіпбек, т.б.) болғаны мәлім. А.Воронский, Пильнякша айтқанда, "дүниеге пролетариат көзімен қарайтын" жазушылардың типі мен олар құрған сыңаржақ бағыттағы үйрмелердің "сенім рәмізіне" (символ веры) объективті баға береді. Ол былай дейді: "Әдетте "сенім рәмізі" мынаған саяды: қазір Ресейдегі пролетариат жазушысының негізгі міндеті – буржуазиялық эстетиканы, өнерді, мәдениетті жойып, жаңа социалистік өнер мен мәдениет құру. Ал шындығында Ресей пролетариаты алдында ескі мәдениет пен өнерді сыни тұрғыда меңгеру проблемасы тұр. Міне, осы тұста үлкен сәйкессіздік пайда болады. Іс жүзінде мұндай қарама-қарсылық тиянақсыздыққа алып келеді. Тірі жанның орнына рәміз ұсынады, үдемелі дамудың орнына қинала даму жүреді" /2, 60/.

Баяндамашы әдеби таластардың негізгі себебін: "Түптеп келгенде, біздің әдебиет жөніндегі келіспеушілігіміздің қайнар-көзі – ескі мамандар (яғни, буржуазиялық мамандар – Д.Қ.) туралы бұрынғы партиялық айтыстың әдебиетке көшірілуі",-деп көрсетеді.

А.Воронский баяндамасының өне бойынан әдебиет ахуалына жаны ашығандығы, мәмілегерлік мүддесін жоғары қойғаны және төңкеріс жеңісін халыққа бұйыртқысы келгені аңғарылады.

Екінші баяндамашы И.Вардин сөзін салған жерден А.Воронский пайымын терістеуден бастайды. "Күн тәртібінде күрделі саяси мәселе тұр: көз алдымызда әдебиет – буржуазияның, оның идеологиясының қаруына айналып барады. Ал, Воронский жолдас жауларымыздың саяси міндетін жеңілдетіп отыр. Сондықтан оның позициясын кеңес өкіметіне қарсы партиялар мен ағымдар қолдайды",-дейді ол [2, 62 б.]. Тапшыл И.Вардин мәселені өзге қырынан қарастырады. Бұл баяндамашы: "Бізде "өнердің аты – өнер ғой", "талғам туралы таласуға болмайды" тәрізді әңгімелерді өрбітуге құмарлар жеткілікті. Мәселені бұлай қоюға жол берілмеу керек… – дей келе: – Осында отырған бәріміз ақ (үстем тап мағынасында – Д.Қ.) әдебиетті оқимыз. Себебі бізде иммунитет бар, ал ол жалпы халықта жоқ. Сондықтан бізде баспасөз еркіндігі партия қолында. …Әдебиет проблемасын біз оның жалпы жұртқа ықпал етуі тұрғысынан қарауымыз қажет. Басқа көзқарас болуы мүмкін емес",-деп түйіндейді [2, 64 б.].

И.Вардин сондай-ақ партияның әдебиет саласындағы үш міндетін төмендегіше анықтайды: "1. әдебиетті буржуазияның өз саяси мақсатына пайдалануына мейлінше кедергі жасау; 2. бізге пайдасы бар ескі әдебиеттің бар жақсысын пайдалану, бізді қолдайтын әдебиетшілерді тарту; 3. төңкерістің өз әдебиеті болуына нақты шаралар жасау" [2, 64 б.].

Сонымен бірге осы баяндамашы А.Воронский қолдаған Пильняктың: "Мен коммунист емеспін, сондықтан коммунист болуым керек деп, коммунистерше жазуым қажет деп ойламаймын… Коммунистер Ресеймен бірге болғандықтан, мен де олармен біргемін", немесе: "Жаңа әдебиетке не керек – білмеймін. Бірақ білетінім: жақсы дүниелер керек, қалғаны өзі құралады" деген ойларына шүйіледі. "Красная новь" бетіндегі дәстүрлі-интеллигенттік сынды (өз анықтамасы) тезге салады. Сөйтіп, "бізге әдебиеттегі большевиктік фракция қажет. …Партия ВАПП-ты (бүкілресейлік пролетарлық жазушылар ассоциясы) басқару керек, ал ол өз кезегінде партияда жоқ жазушыларды төңірегіне жинау қажет" деген қорытындыға келеді.

Кеңестегі жарыссөзде әр түрлі пікір айтылады. Н.Осинский: "Әдебиет – ағартудың басы. Көркем шығарма, сауатты туынды – ағартудың олжасы. Сондықтан шығарманы қандай "уклон" бар деп оқығаннан гөрі, жазушы оқушы санасына не бере алды деп оқыған тиімді. Жақсы-жаманды ағарған

оқушы өзі-ақ біліп алады",-десе [2, 71 б.], В.Полонский: "Біздің міндетімізге пролетариат көзқарасын ескі интеллигенттерге күштеп қабылдатқызу кіру керек. …ВАПП бізге жарамсыз әдебиетті жою үшін керек. …Әйтпесе жаңа әдебиет дамымайды. …Ескі әдебиетті жоймайынша жаңа әдебиетті құру мүмкін емес",-дейді [2, 75 б.]. Г.Лелевич партия пролетариат әдебиетінің әжептәуір жетістігіне назар сала бермейтіндігі туралы айтса, Л.Авербах аталған мәселеде буржуазияшыл әдебиетшілерді ойлаудан бұрын "өз әдебиетшілерімізді" топтастырып, ұйымдастырып алу қажеттігін ұсынды. К.Радек: "Ресейде шыққан 100 кітаптың 99-ы – коммунистік емес кітаптар",-дей келіп, әдебиет тас-талқан етумен жасалмайтынын ескертсе, В.Плетнев "бізге әр түрлі сын емес, біртекті төңкерістік-марксистік сын керек" деп өрекпіді.

Жиын ортасында сөз алған Н.Бухарин алғаш "бізде жаппай оқырман, жаппай жазушы, жоқ сондықтан мәселенің жаппай шешімі де жоқ" деп орағытса да, ақыры көкейдегісін айтты. Онысы мынау: "Меніңше, идеология және ғылыми өмір салаларының бәрінде, тіпті математикада да, түптің-түбінде өзімізге ғана тән, белгілі бір амал-тәсіл болуы керек. Осыдан мәдени қатынастардың жаңа рухы өсіп шығады" [2, 78 б.]. Н.Бухарин сондай-ақ: "Мәдени проблеманың әскери проблемадан өзгешелігі – механикалық күштеу құралымен сарт-сұрт шешілмейтіндігінде",-дей отырып, бұл мәселеде оңтайлы амал мен сауатты сынның әрі бәсекенің қажеттігін еске салды. Сонымен бірге ол пролетарлық әдебиет үкімет күшіне сүйенбей, өз күшімен жеңіске жетсе (яғни, оқырманын тапса), баянды әдебиет болатынын ескертті. Ұйым мәселесінде қайраткер әдеби топтардың көптігі әдеби процеске зиянын тигізбейтінін дәлелдеді.

Осы кеңесте Л.Троцкий "төңкеріс кезіндегі өлеңдердің тарихи-мәдени маңызы әлем мәдениетіндегі Шекспир, Мольер, Пушкин шығармаларының маңызындай еді, сондықтан шын негізінде ол өлеңдер әдеби факт емес, саяси факт" дей келе [2, 89-90 б.], пролетарлық әдебиеттің публицистикада кенжелеп қалғанын жасырмады. Қайраткердің әдебиетке қатысты мына пікірі өз кезеңі үшін елеулі деп білеміз: "Көркемөнерге саясатқа қарағанкөзбен қарауға болмайды, …себебі оның өз амал-тәсілі, даму заңдылығы бар. Көркем шығармашылықта санаға байланысты нәзік процестер айрықша рөл атқарады. Олар баяу, сылбыр, икемге және басқаруға көнбейді. …Біздің алдымызда шығармашылыққа жеке-дара, немесе үйірмелік емес, таптық-әлеуметтік бетбұрыс жасау міндеті тұр. Бұл – ұзақ, сан қырлы процесс" [2, 99-100 б.].

Әдебиет саясат қапталында өзінше өсіп-өнеді деп есептеген Л.Троцкий әдеби ұйымға партияның ресми басшылық жасауын қолдамады. ғйткені, оның пікірінше, "социалистік мәдениетте суреткер мен мәдени білігі өскелең халық қашанда қоян-қолтық қарым-қатынаста болады". Сол үшін де бұл қайраткер бар күшті ағартуға, мәдениетті көтеруге, тұрмысты түзетуге жұмсау керектігін мәлімдеді.

Аталған кеңеске қатысушы С.Родов "жұмысшы табының әдеби қозғалысы үшін ұйым керек, ал оны тек партия басқару қажет" деп, осы тезисін дәлелдемек болып тырысқанда, Н.Бухариннің: "Пушкинге қай дворян политбюросы нұсқау берді?.." деп сұрақ қойғаны хаттамада тіркеліпті [2, 106 б.].

Халық ағарту комиссары А.Луначарскийдің сөзі де сол кездің мәдениеттану контексінде айрықша болғаны байқалады. Ол: "Көркемөнердің өзіне тән заңдылығымен есептеспей, әдебиет саясаты жөнінде мәселе көтеруге болмайды. Әйтпесе біз қопал саяси шараларымызбен әдебиетті табытқа құлатуымыз мүмкін",-дейді [2, 107 б.]. Қайраткер әдебиеттің өзіндік функциясы туралы айта келіп: "Көркемөнердегі барлық талантты шығармалар бізге жат болмауы тиіс. Бұл мәселеде кеңшілік керек. ғнер гүлденсе, біз өз елімізді танудың қайнар көзін табар едік",-деп тұжырымдайды. А.Луначарский өнерге қатысты мәселедегі құр байбаламға, таптық тартыншақтық пен жалған қорқынышқа қарсылығын білдіреді. Саясат пен әдебиет қарым-қатынасы туралы ол: "Біз ешқашан көп суреткерді саясатшылардың жанына қоса алмаймыз. Белгілі бір ерік-жігер қызметіне байланған, ақыл-ойына шек қоя алған жан суреткер бола алмайды. Маркс мұны білген еді, сондықтан Гете, Гейне сынды әдеби құбылыстарды қарастыруға айрықша сақтықпен және нәзіктікпен бара білді. …Егер біз бәріне саясат өлшемімен келсек (Авербах сияқты), бөтен елді жаулап алғандарға ұқсап қалуымыз мүмкін. Әдебиетте "солшылдықтың ауруына" ұшырамасақ жарар еді",-дейді. Қайраткер сонымен бірге "жолбике" (попутчик) аталғандарды үркітіп алмау туралы да, жалпыадамзаттық мәдениет пен пролетарлық мәдениет хақында да өрелі сөз қозғайды.

Сөзін "ВАПП-ты қанымызды төгіп құрдық, …бізге жаппай әдеби қозғалыс керек" деп бастаған А.Безыменский партия не бұйырса соны істейміз десе, Д.Бедный кеңеске қатысушыларға: "Сіздер шаруа мен жұмысшыны айдалаға тастап, лағып кеттіңіздер ғой. …Мына талғамдарыңызбен сіздерге сөз безеуге бес, не үш жыл, я одан да аз уақыт қалғанын байқап тұрмын",-деп тіл қатты [2, 111-119 б.].

Кеңеске қатысушы баспагер, ғалым Н.Мещеряков пролетариат әдебиетінің сапасыздығын тұспалдап: “Пролетариат жазушыларының кітабына сұраным жоқ. Олар қоймада сіресіп тұр. Амалымыз құрыған соң оларды таразымен өлшеп сататын болдық”,-дегенді айтса [2, 113 б.], Маркс-Энгельс институтының басшысы Д.Рязанов классикадан безуге болмайтынын түсіндіре келіп: “Біз құнарлы орыс тілінде сөйлеуді ұмыта бастадық. Кеңестік құс тілін (қысқа тіл – Д.Қ.) шектен тыс пайдаланып бара жатырмыз. …Форманы менсінбеу дегенді қою керек, ескі буржуазиялық сөз шеберлерінен үйрену керек”,-деп тұжырымдады [2, 117 б.].

Бұл жиында біз сөзін дәйек еткен кеңес қайраткерлерінен басқа адамдар да сөйледі. Олар да ағымдағы мәселелер туралы ойын ортаға салды. Кеңес жұмысын И.Вардин, А.Воронский, Я.Яковлев қорытындылады. И.Вардин: “…Ленин суреткер Горькийді басқаруға тырысты. …Біздің алдымыздағы проблема саяси ма, жоқ мәдени ме? Саяси болмаса, РКП ОК жанында бұл кеңес өтпес еді. … Біздің ұранымыз – ВАПП диктатурсы емес, әдебиет саласындағы партия диктатурасы. ВАПП осы диктатураның құралы бола алады”,-десе [2, 120-124 б.], А.Воронский: “Орыс әдебиеті оп-оңай жасала салмайды. Қазіргі оның жолы – ирелең. “Жолбикелер” өзінен-өзі қалың нөпір болып қалыптаса қалған жоқ, әдеби өмір оларды осылай жасады. Бүгінде пролетариат жазушысына да, “жолбикеге” де өмір сүру ауыр. …Үйірмешілдік жағдайында жұмыс жасау мүмкін емес”,-деп ойын түйіндеді [2, 126-127 б.].

Партия атынан сөз алған Я.Яковлевтің негізгі тоқтамы мынандай: “Партия жұмысшы-шаруа арасынан шыққан он мыңдаған шығармашыл жандарға бағыт-бағдар береді, таланттыларына тікелей жәрдемдеседі. “Жолбикелерге” деген бұрынғы саясатты ұстанады. Жұмысшы-жазушыға құр жарнама, мақтан, білікке жеңіл-желпі қарау қауіпті екенін ескертеді. Араздық, құр табан тоздыру бүгін айтысып жатқан екі жақта да бар. Осыны жоюымыз керек. Сынымыз әлсіз, оны да тамыр-таныстық жайлаған. Коммунистік партияның сыны керек” [2, 128 б.].

Сонымен, Мәскеуде партия ұйымдастырған әдебиетке қатысты жоғарыдағы кеңес жұмысы туралы не айтуға болады? Біріншіден, төңкеріс жеңісінен соң пайда болған кеңес өкіметінің негізгі бағдары мен рухани саланы (әдебиет, өнер, мәдениет) қалай мейлінше табиғи ұштастыруға болатынын ешкім білмеген. Әрине, кеңесте сөйлеушілер екі “ұштастыру” жөнінде айтады: бірі – мәмілемен, екіншісі – күшпен. Мұнда бұл пікірлер итжығыс түскен. Екіншіден, әдебиет функциясын жақсы түсінетіндердің өзі төңкеріс мүддесін ойлап, бүгежектегені байқалады. Үшіншіден, бағдардың белгісіздігінен қаймыққан қаламгерлердің біразы интуитивті түйсікпен “партия бастасын” деген сөзді ауызға алған. Төртіншіден, қай ұстаным басшылыққа алынғаны белгісіз,… кеңесте шет аймақтардың әдебиетіне қатысты бір ауыз сөз айтылмаған.

1925 жылы наурызда өткен “Қазіргі интеллигенцияның тағдыры” атты диспутқа жалпы кеңес өкіметі мен зиялылардың ара-қатынасы арқау болғанымен, мұнда әдебиет пен мәдениет жайы да сөз етілді [3]. Оған А.В.Луначарский, П.Н.Сакулин, Н.И.Бухарин, Ю.В.Ключников қатынасты. Анығырақ айтсақ, пікірталасқа түскен төрт шешеннің екеуі – өкімет адамы, ал қалған екеуі – “ескі интеллигент”. Мақсат – “бастыны идіру, тізеліні бүктіру”. Әлбетте, кеңес мүддесіне орай.

Жаңа өкімет ұғымындағы жұмысшы-шаруа интеллигенциясының моделін сипаттай келе, А.Луначарский былай дейді: “Егер адамзат өзінің мәдени тәжірибесін ұмытса, мәйітке айналар еді. Кітаптардағы белгілерді түсіну, өзіміз әсер ететін заттарды ұқсату қабілетінен айырылу жалпы мәдениет деңгейімізді төмендетері мәлім. …Пролетариат үшін интеллигенциямен бірлесіп қызмет істеу таптық күрес үшін де, …жаңа мемлекеттік тәртіп пен шаруашылық тұрғызу үшін де керек. Сондықтан интеллигенция тарапынан жасалынған саботаж пролетариаттың барлық шығармашылық жұмысына бағытталған ауыр соққы болып табылады. Пролетариат интеллигенцияны өзімен бірге жұмыс жасатуда көзін жеткізуге және мәжбүрлеуге мүдделі” [3, 21 б.]. Сөзінің бір тұсында қайраткер жаңа саясатпен келіспейтіндерге қандай шара қолданылатынын да меңзеп кетеді. Мысалы, ол: “Менен шетелдіктер, айталық, француз жолдастар “жоғары талантты адамдарыңызды неге шеттетесіздер?” деп сұрады. Біз оларды күпірлігі (ересь) үшін шеттетеміз. Біз “мынау адам күдікті, себебі оны сүтіне бірнеше шыбын түсіп кеткен” деп айтамыз. …Біз өзімізге жау идеологияның аузын жаба алдық”,-дейді [3, 24 б.].

А.Луначарский сондай-ақ “ел үлкен, бәрін қадағалау мүмкін емес, сол себепті жаңа интеллигенцияның арасына ұсақ буржуазия интеллигенттері жүр, қауіп аз болсын десек, көзімізге қарауыл қоялық” деп, әріптестерін сақтандырды. Қайраткер сөзінен оның партиялық тезден өткендігі, тіпті партиядан арнайы тапсырма алғаны анық аңғарылады.

Кеңес тұсында эмиграцияға кетпей, елде қалған әдебиетші-ғалым П.Сакулин бұл диспутта жаңа өкіметтің иманды келбетін көргісі келген, онымен осы тұрғыда істес болуды қалаған оқығандардың аты-

нан сөйледі. “Ескі өкімет тұсында интеллигенция буржуазияның “құрсауында” жүріп мүмкіндігінше тәуелсіз көзқарасын сақтай алды, сол жүйемен күресе алды. …Шығармашылық еркіндік – биік интеллектуалдық құндылықтар тудыратын зиялы еңбегінің басты шарты. Мұнсыз олар үшін өмірдің мәні болмайды”,-деп [3, 30 б.] сөзін сабақтаған ол төңкеріс пен оқыған мәселесіне кеңірек тоқталды.

П.Сакулин былай дейді: “Менің ойымша, саботаж ұғымының шын мағынасы ашылмауына себеп – төңкеріс тарихын жазуға әлі ерте болғандығы шығар. …Мәдени, ғылыми интеллигенция аса күрделі көңіл-күйді бастан кешірді. Интеллигенцияны сынағанда, осы қиындық ескеріле бермейді. Төңкеріс пен оның түпкі мақсаты алдыңғы қатарлы интеллигенцияға бөтен емес еді, өйткені олардың өзі саяси еркіндік пен әлеуметтік теңдік арманын әлдилеген еді. …Олар шығармашылық еңбегімізге төңкеріс қандай жағдай жасайды деп күтті. Тарихи әділеттік үшін айту керек, әскери коммунизм тұсында интеллигенцияның халі өте мүшкіл болды” [3, 31 б.].

Ғалым кеңес өкіметі тарапынан жасалып жатқан шаралардың үстірт, ақылмен екшеленбей жүргізіліп жатқанын тілге тиек ете отырып: “Мәдени адамзат тарихынан мәлім жай: шығармашылық ойға сырттан қысым жасау күткен нәтижені бере алмаған. Бұл – жәй либералды ұран емес, талассыз аксиома. …Өмір мен тарихтың логикасы бәрін жеңеді. Басшы топтардың іс-әрекеті арқылы көрінген қате түсінікті міндетті түрде жойып, интеллигенцияны сенім атмосферасымен баурау керек”,-деп [3, 31-32 б.] сарабдал ой айтты.

Сөзге шебер Н.Бухарин бұл жолы 1924 жылға кеңестегі позициясынан гөрі ресмилеу, әсіресе көркемөнер функциясын әрі “тарих логикасын” түсінгісі келмеген адамдай сөйледі. Ол: “Сіздер мәдениет қызметкеріне мәдениет көзімен қарау керек, оларға саясат көзімен қарауға болмайды деп, бізді жеңіп алған шебіміздің кейін қарай тартқыларыңыз келеді. Біз жекелей алғанда игі, бірақ ісімізге қайшы ережелерді ойымыздан қуып үйренуіміз қажет”,-дей келіп [3, 34 б.], әркім өз қоғамының түсінігіне, мүддесіне қызмет етуі тиіс деп тұжырымдады. Жаңа өкіметке жүрегі елжірей қоймаған оқығандарға Н.Бухариннің бағыштаған сөзі төмендегідей: “Ресей тағдырын біз сіздерге тапсырсақ, не болар еді? Сіздер өлген аттың өзінен қорқар едіңіздер. Мәйіттің үстінен аттап өту тура келген кезде, кешіріңіздер, шыныққан жүйке керек еді. Ал ол үшін маркстік санаға негізделген жолды табу қажет болды. Тарих оны бізге бұйыртты. Сіздер оны кері бұрғыларыңыз келеді” [3, 37 б.].

Партия оқығандарды біртекті көргісі келетінін және солай жасайтындығын бұл қайраткер ашық мәлімдеді. Осы орайда ол: “Бізге интеллигенцияның белгілі ыңғайда идеологиялық тұрғыдан жаттыққаны керек. Иә, біз интеллигенцияны штампылап, фабрикада жасалғандай етіп шығарамыз”,-дейді.

Н.Бухарин аталған диспуттағы сөзінде шет ұлттардың зиялыларына қатысты да ойын шетпұшпақтап білдірді. “Орыс интеллигенциясы, сондай-ақ біздің одақтағы басқа да ұлттардың интеллигенциясы үлкен трагедияны бастан өткерді. Бақытсыздығына қарай, олар бұған большевиктер кінәлі деп біледі. Қазіргі басты проблема күштерді жинақтауға келіп тіреледі. Бірақ интеллигенцияның бір бөлігінің әрекеті дұрыс күш біріктіруге кедергі келтіріп тұр. …Біздің партия рөлді босата алмайды және басқа идеологияның көзқарасына өтпейді”,-дейді ол [3, 41 б.].

Сөйтіп, А.Луначарский сөзінің ызғарына Н.Бухарин сөзінің бұрқасыны қосылып, әдеби-мәдени процесті шайқалтар алдағы дауылды сездірді.

Зиялы Ю.Ключников сөзін жоспарланып отырған сұрқайлықты сынаудан және оның қажетсіздігін дәлелдеуден бастады. “Біртекті идеология… Осылай жасасақ керемет болады деген сенім қайдан бітті? Мен өзімнен сұраймын: егер келешекте біркелкі халық жасайтын болсақ, оларды біркелкі ойландырсақ, сонда жалпы жұмысымыз қалай жүреді? Мұнда социологиялық шектен шығушылық, немесе қауіп жоқ па екен… Адамзатты біркелкі ойлантсақ, марксизмнің керегі болмай қалмай ма?”,-деп қарсы сұрақ қойған ғалым замандас “интеллигенцияның басты міндеті – рухани мағынадағы мещандықпен (ұсақ мүдделілік) күресу” дегенді айтады. Ю.Ключников жасанды жіктеліске түбегейлі қарсылығын былайша жеткізеді: “Егер интеллигенция қайбір техникалық және механикалық мәдениет үшін техникалық күш ретінде уақытша ғана керек десеңіздер, мен сеніммен айта аламын, бұларыңыздан түк те шықпайды. … Жаңаны беру үшін, айрықша еңбек ету үшін ерекше рух, ерекше от және талант қажет. …Интеллигентті тапсырыс бойынша жасай алмайсың әрі оны бұйрықпен ақылды етуге келмейді. Оған жемісті еңбек ету үшін шығармашылығына жағдай туғызатын орта керек” [3, 45 б.].

Ғалым сондай-ақ күштеу, ақылға салмау – жасандылыққа, формалық еліктеушілік пен көзбояушылыққа, жалпы мещандыққа апарып соғатынын ескертті.

Сонымен, басшы-оқыған мен ғалым-оқыған арасында өткен диспутта әркім өз пікірінде қалды. Басшы ғалымды өз дегеніне көндіргісі, мойынұсындырғысы келсе, ғалым басшыға мәдениет пен көркемөнер заңдылығын, тарих тәжірибесін түсіндірумен, дәлелдеумен болды. Басшы – қолы жеткен билік пен идеалдан, ал ғалым шығармашылық үрдістен айырыламын деп қорықты. Басшы әлді, ғалым әлсіз еді. Билік дүмді, шығармашылық нәзік еді.

Қазақ аңырап қараған 20-жылдардың ортасындағы Мәскеудің шындығы – мәдениет туралы көзқарастар ақиқаты осындай болатын.

Мұның артынша, 1925 жылы 18 маусымда, РКП (б) Орталық Комитеті "Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы" қаулы қабылдады. Қаулыда жоғарыдағы жиындарда сөйлеген оппоненттердің қарсылығын болдырмайтындай механизмдер көзделді. Пролетариат диктатурасының құралы есебіндегі әдебиетті мықты идеологияға айналдыру жоспарланды. Ақын-жазушыны идеология көрігінен өткізетін пролетариат жазушыларының ассоциясы жандандырылып, жер-жерлерде оның бөлімшелері құрылды. Әдебиетшілерге "партияға сүйеніп жаман үйренбеңдер" деген Бухариндердің сөзі енді басқаша өреде шықты. Ұраншыл жазушылардың лексиконы "тап, жау, күрес" секілді әсіре нақтылыққа орайланды. Бұл шақтағы әдебиеттің беталысын академик С.Қирабаев төмендегіше сипаттайды: "Әдебиетте таптық көзқарас үстем болып, қазақ қоғамын бай мен кедейге бөліп, кедейді іш тартып, жаңа заманның қаїармандары, болашақ қоғамның иесі ретінде бейнелеп, байларды тап дұшпандары кейпінде суреттеу орын алды. …Әдебиет пен мәдениеттің даму беталысын партия қадағалап отырды" [4, 13-14 б.].

Алашқа кешірім жасап, төңкерісті жоқтағанның арқасынан қағып, "кеңшілдік" танытқан кеңес өкіметі қайта жиырыла қалып, "бөрік астынан бөрі іздей бастаған" шақта, яки 1924-1925 жылдары қазақ зиялылары тағдыр бұйырған ісімен айналысып жатты. Бір жағынан жаңа жағдайға сай Алаш ағартушылығын дамытқан, екінші жағынан жоғарыдағыдай Мәскеу оқығандарының тең текетіресіне үміт артқан олар әдебиет мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Тарихи жағдайға сәйкес әдебиет ағартушылық аясында қарастырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Базарбаев М. Зерттеудің методологиялық жайы / Кітапта: 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997.-512 б.
2. О политике партии в художественный литературе. Протоколы совещания / В кн.: Судьбы русской интеллигенции. – Новосибирск: Наука, 1991. – С. 54-128.
3. Судьбы современной интеллигенции / В кн.: Судьбы русской интеллигенции. – Новосибирск: Наука, 1991. – С. 18-54.
4. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 224 б.

ЖӨК 80

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Д.
Ұлттық ғылым академиясының академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан, Нұр-Сұлтан, e-mail: dikhan.kamzabek@mail.ru

РАЙЫМЖАН МӘРСЕКҰЛЫНЫҢ ТҰЛҒАСЫ МЕН ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Мақалада «Алаш» қозғалысының белгілі қайраткері Райымжан Мәрсекұлының өмірі мен әдеби-эстетикалық көзқарасы сипатталады. Ол өзінің замандастары сияқты қазақ ұлтының рухани жаңғыруына және бірегейлігіне маңызды көңіл бөлген. Одан басқа мақалада әдебиетке, шығармашылық пен дәуірге берген бағасы көрсетіледі, автордың Абай тұлғасы жайлы және жаңа әдебиет туралы қорытындысы беріледі.

Тірек сөздер: *Райымжан Мәрсекұлы, Алаш қайраткері, қазақ әдебиеті, сөздің мазмұны, поэтикалық форма.*

ЛИЧНОСТЬ И ЛИТЕРАТУРНО-ЭСТЕТИЧЕСКИЙ ВЗГЛЯД РАЙЫМЖАНА МАРСЕК-УЛЫ

В статье рассматриваются малоизученные факты из жизни и литературные размышления видного деятеля «Алаш» Райымжана Марсек-улы, который, как и его передовые современники, делал акцент на духовном возрождении и идентичности казахской нации. Кроме того описывается его оценка литературы, творчества и эпохи, представлены выводы автора о новой литературе и личности Абая.

Ключевые слова: *Райымжан Марсек-улы, деятель Алаша, алашский полк, казахская литература, содержание слова, поэтическая форма, ритмическое варьирование.*

PERSONALITY AND LITERARY-AESTHETIC VIEW OF RAIMYZHAN MARSEK-ULY

The article considers the little-known facts from the life and literary reflections of a prominent figure of "Alash" Raimyzhan Marsek-uly, who, like his advanced contemporaries, emphasized the spiritual rebirth and identity of the Kazakh nation. Also, the text provides his assessment of literature, creativity and era. The author's conclusions on the new literature and the personality of Abay are determined.

Keywords: *figure of Alash, Alash regiment, Kazakh literature, word surface, word core, poetic form, rhythmic variation.*

Кіріспе. XX ғасырдың басындағы ұлт қайраткерлерінің ішінде саяси күрескерліктен де, мәдени бастамашылдықтан да құралақан болмаған тұлғалардың бірі – Мәрсекұлы Райымжан. Ақын Мағжан әйгілі «Эпиграммаларында»:

Қарны ысылып,
Жаны қысылып,
Рай Мәрсек.
Қашқар барды,
Сәлде салды,
Мінді есек,-

деп жазғаны бар [1, 219 б.]. Жалпы бұл туындысында Алаш ақыны барлық қайраткерлерді жеңіл әжуалайды. Біз бүгін оны теріс түсінбеуіміз қажет. Мысалы, Райымжанға келсек, Мағжан Петерборда батысша оқыған азаматтың Шығыс Түркістанмен тығыз байланыста болғанын тұспалдайды. Сондай-

ақ осы жолдардан Шоқанның таныс та бейтаныс Алтышаһар сапарының жалғасын шырамытқандай күйге түсеміз...

Негізгі бөлім. Мәрсекұлы Райымжан – Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, белгілі көсемсөзші-қаламгер. 1879 жылы Семей облысына қарасты Өскемен уезі Айыртау болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы) туған. Елдегі мектепті бітірген соң ол Омбы гимназиясына қабылданады. Оны тәмамдаған соң алғаш Қазан университетінің заң факультетіне оқуға түсіп (осы дерек көп айтыла бермейді), 1899 жылы Санкт-Петербор университетінің аталған факультетіне ауысады. Бірақ сол жылы астанадағы студенттер толқуына қатысып, оқудан шығарылады. Бірақ 3-4 айдан соң ізденіп, білімін қайта жалғастырады. 1902 жылы университетті бітіріп, Семей округтік сотына қызметке тұрады. Кешікпей Омбыға адвокат қызметіне шақырылады. Ол осында 1912 жылға дейін істейді. 1912-1913 жылдары Ж.Сейдалин, М.Қаратайұлы сынды азаматтармен бірігіп жалпықазақ съезін шақыруды жақтайды. 1915 жылы Семейдегі әдеби кеште қазақ әдебиеті туралы баяндама жасап, білікті маман ретінде танытады. «Айқап», «Қазақ», «Сары Арқа» басылымдарында ел, саясат, білім-ғылым, құқықтану жөнінде мақалалар жариялайды. 1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін Семей облыстық Қазақ комитетінің төрағасы, облыстық атқару комитетінің мүшесі, сот төрағасы қызметтерін атқарады. 1917 жылы Алаш партиясы құрылатын I жалпықазақ съезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын II жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. 1918 жылы Семей облыстық земствосының төрағасы болып сайланады. Осы шамада Сібір үкіметінің Алаш милициясына қатысты бұратартушылығына қарсы шығады. Алашорданың 1918 жылы маусымдағы жарлығына сәйкес, Семейде Алаш полкін жасақтауға басшылық жасайды. Қаланы большевиктер алғанда, Зайсанда Алаш бөлімшесін ашып, соған жетекшілік етеді. 1919 жылы мұндағы Алаш полкі 500 солдаты бар Бабенко жасағымен соғысады. Қанды қырғыннан кейін амалсыз бас сауғалайды.

1922 жылы Райымжан Семей губаткомына нұсқаушы-ревизор болып қызметке тұрады. Сол жылы әліптің аяғын баққан қайраткер Қытайға өтіп кетеді. Мұнда алғаш Алтай аймағында, сонан кейін Тарбағатайдағы Қызыр Үкіртайға («Қызыл төре» деушілер де бар) қоныс тебеді.

Қытай жағындағы Алаш қозғалысының өзіндік тарихы бар. Қайраткер 1918 жылы сәуірде Шәуешекке А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бірге барып, сол жақтың зиялыларымен ел болашағы туралы кеңес өткізген, бұған Аманжолұлы Садық та қатысқан. Енді ол осы жолды қайта жалғастырады. ҰҚК құпия мәліметіне қарағанда, «Р.Мәрсекұлы 30 адамдық қаруланған Алаш отрядымен» Шара-Сумэ, Қабық аталатын жерлердегі бай қазақтарға жолыққан және енді «Алтайды бағытқа алып келеді».

Қайраткердің Қытайдағы күрес жолы толық зерттелмеген. Оны 1937 жылы Текес атты жерде сондағы арнаулы қызмет адамдары Ы.Жайнақұлы, Иса төре деген азаматтармен бірге тұтқындап, Құлжа қаласында нақақ өлтірген.

Жалпы Қазақстан ғалымдарын Алаштың Шығыс Түркістан кезеңі немесе «жартылай эмиграция» ахуалы қатты қызықтырады. Соңғы жарияланған деректерде XX ғасыр басында Қытайдағы билік басына Жапонияда оқыған ханзу жастары келіп, сананы модернизациялауға әрекет жасағаны айтылады. Е.Орда «Жапонияда білім алған қытайлықтар» атты кітапқа сілтеме жасай отырып, былай деп көрсетеді: «1912 жылы Құлжада «Цин үкіметін аударып, демократиялы еркін үкімет құрамыз» деген төңкерісті Жапонияда білім алған әскери офицерлер жасаған. Олар аты қазақшалағанда «Іле уәлаяты» болатын газет шығарды. Ол Жапония қаржысымен дүниеге келді. Бұл газетте жапонша жаңа терминдер көп қолданылып, классикалық қытай иероглифінен гөрі ықшам, қысқа жапон иероглифі айналымға түсірілген... 1918 жылы Алтай мен Қобданы Монғолияға қоспақ болған Торғауыт Палта да оқуды Жапониядан білген. 1933 жылы Жин Шурін билігін төңкеріп жаңа үкімет құрған Шың Дубан командасы да Жапониядан білім алғандар (ол Жапонда оқыған сабақтастарын жұмысқа шақырып алған). 1922-1937 жылдар арасында Дихуада (Үрімжі), Нанкиңде (кейін Чуң Чинге көшкен) әскери тәлім-тәрбие алған қазақтар Жапонияның әскери методикасымен білім алған. Қытайдың әскери-саяси мектебін қалыптастыруда Жапонияның ықпалы ұшан-теңіз. Гоминдаң үкіметі әр жылы арнайы неше жүз қытай оқушыларын мемлекет грантымен Жапонияға оқуға жіберген. Олар Жапониядан саяси сауат пен заманауи ғылым тетіктерін үйреніп қана қоймай, мәдени, әдеби һәм нарықтық экономикаға қатысты неше мың Жапон иероглифін қытай тіліне әкеліп ғылыми айналымға енгізеді» [2].

Елдес Орда әрі қарай оқырманды мына дерекпен тағы да ойлантады: «1918 жылдары Шәуешекке жеткен Жапон шолғыншылары ондағы бай татар саудагерлері мен ақтар армиясына «сіздер неше мыңдап Жапон азаматтығына өтсеңіздер, біз Үрімжіден сіздерді қорғауға алатын Жапон консулдығын

құрамыз» деп ұсыныс жасаған. Сонымен қатар Шәуешек пен Құлжада совет қызыл үкіметіне қарсы саяси блок құруға көмектесіп, қазақтардың ақтар әскерімен бірге қызылдарға қарсы соққы жасауына қаржылай демеу береміз деген. Шәуешектегі төрт үкірдай елдің төбе биі Қызыр төренің ауылында уақытша жасырынып бала оқытып жүрген Райымжан Мәрсектің жапондармен байланысы болды ма – ол әлі ашылмаған дерек. Бірақ, «жапон тыңшысы» деп ең ерте ұсталушы Мәрсек баласы екенін білуіміз керек» [2].

Зерттеуші болжамынан Алаштың күрделі де жауапты тағдыры елес береді. Ұлт зиялыларының «көп векторлы» саясаты азаттық жолындағы ізденісі екені айқын аңғарылады.

Танымал тарихшы ғалым Талас Омарбеков ОГПУ-НКВД архиві материалынан Р.Мәрсекұлына қатысты елеулі деректерді ғылыми айналымға енгізгені мәлім. Мысалы, бұл орган Шығыс Түркістан шебіндегі Алаш арыстарының мақсатын былай айқындапты: «... а) КСРО жерінде контрреволюциялық топтар ұйымдастыру, оларға басшылық жасау; б) халықты Қытайға өткізу үшін және шекаралық аудандарды көтеріліске көтеру үшін қарулы бандылар ұйымдастыру; в) көтерілісшілерге нақты көмек көрсету; г) эмиграцияға кеткен қазақтардың Қытай жерінде хандығын құру» [3].

Мұны бүгінгі түсінікті тілге қотарсақ, төмендегі тұжырымға сәйкес келеді:

1) Алаш зиялылары (яғни сол жаққа өткен) Шығыс Түркістанда отырып, большевизмге қарсы ұлт-азаттық қозғалысты барынша қолдаған.

2) Шартты түрде алғанда, қазақ-қытай, моңғол-қытай шекарасындағы аса күрделі мәселелерді реттеуді қолға алған.

3) Жапония мен Қытайдың демократиялы ойлы топтарының күшімен және халық ыждағатымен екі жақтың да көтерілісшілеріне нақты материалдық жәрдем көрсеткен.

4) Егер Қазақстандағы саяси ахуал қатты ушықса және кеңес билігі мызғымастай шеп құрса, Шығыс Түркістанда шынайы қазақ автономиясын құруды жоспарлаған.

Бүгінгі Тәуелсіздік мұғдарынан қарағанда, бұл – нағыз отаншыл іс-қимыл және ұлт тарихындағы айтулы серпіліс.

Райымжан Мәрсекұлының шығармашылығы дегенде, біз оның 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақаласын (баяндамасы негізінде жазылған) ерекше атаймыз [4]. Себебі ол аталған кезеңде әдебиет жөніндегі пайымын жүйелеп көрсете алған азаматтардың қатарында болды. Қазан және Петербор университеттерінде жүйелі дәріс тыңдаған, әлем мәдениеті тарихын қызыға оқыған, Алаш қозғалысы тұсында саясатты да, руханиятты да қатар алып жүрген, большевизм жеңген уақытта амалсыз Қытай асып, эмиграцияға кеткенде де өмірлік қағидаттарынан айнымаған бұл тұлға әдеби білімді өз бетімен алғанға ұқсайды. Тіпті Райымжанның әдебиетшілігі – елдің сұранымына жауапкершілік тұрғысынан туған әдебиетшілік деу қисынды. Мұны "Қазақтың" өткір мақалаларынан қорыққан ресми өкімет газет шығарушыларды мысын баспақ пиғылмен абақтыға жапқан кезде "күлген дос" пен "табалаған дұшпанға" қарсы жазған мақаласындағы қаламгердің мына сөзі растайды: "Жұрты үшін қайғырып, елі үшін күйініп жүрген ерлерге ондай іс батырдың басына соғыста салған жарадай болып, батырлық, қаһармандықтың белгісі деп атаймыз біз. Жазушы ортаға білімін салсын … Кемітуге басы лайық емес адамдарды кемге санайын деу – өзі жетпегендік" [5].

Райымжан сөзінде халықты хан көтерді. Ел рухы мен ақиқаттың алдында басын иді. Осы орайда қайраткер былай дейді: "Кімдікі рас, кімдікі жалған – халық сынар, таныр" [6].

1915 жылы 13 ақпанда Семейдегі саудагерлер клубында Ресей мұсылмандары атынан майдангерлер үшін ашылған ауруханаға жәрдем көрсету орайында және қамқорсыз шәкірттерге көмек беру мақсатында әдебиет кеші өтеді. Осы кеште Райымжан Мәрсекұлы қазақ әдебиеті туралы өз кезеңі үшін аса көкейкесті баяндама жасайды. Кешікпей бұл баяндама "Қазақ" газетінде жарияланады [7].

Р.Мәрсекұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдамасы, сондай-ақ өз тұсындағы әдеби процеске берген бағасы осы баяндамада көрініс тапқан.

Қайраткер баяндамасының басталуы мен аяқталуы және мәселені жүйелі қарастыруы бұл еңбектің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын елеулі етеді деуге болады. Райымжан "әдебиет" ұғымын зерделеуден бастайды. "Қазақша қысқасынан айтсақ, әдебиет "сөз" деген мағынада. Сөз дегенмен, сөздің сөзі болады",-дейді автор. "Сөздің сөзі" – халық түсінігіне ыңғайланып айтылған тіркес. Сонымен бірге ол – сөз бұйдалатпай, нақты мәселеге қарай көшудің негізі. Негіз – қаламгер ойының іргетасы. Жалпы әдебиет жөнінде Райымжан іргетасы мынандай: "Сөздің сырты шырайлы, сынды болып, іші мағыналы, ойлы болса, сонда ол әдебиет болып табылады".

Қаламгердің осы тұжырымына әдебиеттің мазмұны мен формасына, жалпы құрылымына және көркемдігіне қоятын талабы сыйып кеткен. Бұл – XX ғасырдың 10-жылдарындағы руханият туралы алаштың озық ойлы пайымының бірі. Мұнымен қоса Р.Мәрсекұлы – негізгі ағартушылық кезеңінің тұлғасы болғандықтан, көзқарасынан осы ағымның сипаты да көрінеді. Ол бұл орайда: "Халықтың ойлаған ойын, пікірін білдіретін, мұңын, мұқтажын көрсететін – осы әдебиет. Бұл – жұрттың айнасы",-деп жазады.

Райымжан руханиятты ілгерілететін басты шарттарды (ой, пікір, мұң, мұқтаждық) дұрыс аңғарған. Біздіңше, мұндағы ой – парасатты, пікір – батылдықты, мұң – сезімді, мұқтаждық (сұраным мағынасында – Д.Қ.) – елшілдікті анықтайды. Бұл төртеуі әдебиет ішінде көрінсе, ол (әдебиет) өлмейді һәм кері кетпейді.

Қаламгер қазақ әдебиетін үш дәуірге бөліп қарастырды. Бірінші дәуірге біз бүгін фольклор деп жүрген сала кіреді. Екінші дәуір ислам құндылықтарын теріс түсіндірген уақыт пен түріктік-шағатайлық әдебиет кезеңін қамтиды. Автор үшінші дәуірді Абайдан бастайды (шартты түрде "жаңа әдебиет" дейік). Р.Мәрсекұлының бұл бөлуін – әдебиетті дәуірлеудің алғашқы фактыларының бірі деп қабылдауға тиістіміз. Сондықтан бізге оның әрі шарттылығы, әрі деректілігі қымбат.

Райымжан "ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кезді", түйіндеп айтқанда, былайша сипаттайды: "ойлауға уақыты кең, сөз сөйлеуге тілі еркін"; бар қазақ "сөйлесе қалса, жай сөз қылып өлеңмен, жұмбақпен, пернемен сөйлескен"; жиын "ақынсыз, өлеңсіз болмаған, айтысу парыз сияқты болған"; "сөз білген, өлең білгендер… елге қадірлі болған"; "өлең мен күй адам баласының өнерінің зорына саналған". Қаламгер "әуелгі дәуір" өнерінің синкреттілігін де анықтап кетеді ("Күй тарту бұ да сөзбен қатар жарыста жүрген өнердің бірі еді"). Сондай-ақ күй-аңыздарының мифтік негізін де байыптайды ("Бұл сияқты сөздер, әрине, ертегі сияқты асырып айтқан сөздер").

Автор екінші дәуірдің (түріктік-шағатайлық әдебиет кезеңі) қазақ әдебиетіне оңтайлы болмаған жағын қарастырады. Бұл кезде дін теріс түсіндірілген, "шала молда дін бұзған", ислам құндылығын кір шалған тұс байқалғаны мәлім. Мұны Райымжан: "Түрлі-түрлі кітаптар таралып, тіл кітапшаға айналып, ескі сөздер жазбаға түсіп, мирас болып қалмай, бұрынғы тілге, бұрынғы жақсы сөзге жұрт жаман көзбен қарап, кітапшаны үлгі қыла бастаған",-деп сипаттайды. Әрине, "кітаби" кезеңді Еуропа да, Ресей де бастан өткергені белгілі. Бұл тұрғыда ол кезеңнен өту заңдылық та сияқты. Алайда ағартушылық кезеңінің тұлғасы Р.Мәрсекұлы исламға, Орталық Азия мен Еділ бойында, Қырымда, т.б. жерлерде оны негіздеуге тырысқан түріктік-шағатайлық түсінікке И.Гаспринскийше қараған. Рас, Гаспринский түрік жұрты үшін бір тіл болу керек дейді. Бірақ ол саф исламды, ақылға, ғылымға негізделген оның ілімін қолдайды. Райымжанның: "Дұрыс емес" деу қожа-молдалар көбейген сайын молайған",-деген сөзінің астарынан дінге емес, дін атын жамылған шала сауаттыларға қарсылығы анық байқалады.

Қаламгердің түсіндіруінше, Абайдан басталған жаңа әдебиет "кітапшылыққа" қарсы ағым ретінде пайда болған. "Қазақ әдебиетін көркейтіп, түрлендіріп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, ішіне жан кіргізіп, сөз қадірін танытқан осы Абай болды",-деп жазады ол. Осы үшінші дәуір немен ерекшеленеді деген сұраққа Райымжан: "Абай бұрын қазақта жоқ уәзіндерді (қалаулар) білгізді, неше түрлі мақаммен таныстырды, сөздерін, ойларын жұртқа мирас қылып қалдырды. … Абайдың һәм Алтынсариннің өлеңдері қазақтан шыққан жас ақындарға үлгі болды. Сөз түзелді, үздік оңдалды",-деп жауап қайтарады. Сөйтіп, жаңа әдебиеттің қуатын білгізу мақсатында Абайдың "Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы", Ыбырайдың "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңін мысалға келтіреді.

Р.Мәрсекұлының еңбегі жария болған шақ – жаппай ағаруға бет бұра бастаған шақ. Бір жағынан – "Айқап" пен "Қазақ", екінші жағынан ақын-жазушылардың түрлі бастамашылдығы елді жақсылыққа нұсқаған кез. Осы мезгілдің рухани көңіл ауаны баяндамада төмендегіше көрініс тапқан: "Әдебиет те жас баламен бірдей: сүйеу күтеді. Халық жақсы көзбен қараса – әдебиетке демеу болып, әдебиет өрге басады. Абайдан бері һәм одан үлгі алған кейінгі жастарымыздың ыждағатымен әдебиетіміз түзу жолға түсті".

Қайраткер-қаламгердің әдебиетті арқау еткен осы мұрасының әдеби-эстетикалық құндылығы – көркемөнердің мән-мағынасын түсіндіре алғандығында, руханияттың ел рухымен біте қайнасқан шарттарын көрсете білгендігінде және халықтың рухани қазынасын қал-қадерінше топтастыруға талап қылғандығында деп есептейміз. Райымжан әдебиет тарихын саралай отырып, жаңа әдебиеттің басталған тұсын анықтайды. Сонымен бірге ол – жаңаны дамытушы өз тұсындағы әдебиетке "өткеннен сабақ ал" деп айтуды парыз санаған тілеуқор әдебиетші.

Әдебиетші ретінде Р.Мәрсекұлының руханият туралы түйінді көзқарасы: ішкі мүмкіндікті толық пайдаланған, мазмұны мен формасы үйлесіп, көркемдікке ұмтылған әдебиет – шын әдебиет дегенге саяды. Біз "ішкі мүмкіндік" деп атаған ұғымға – өткенге табан тіреу, елшілдік рухты жоғалтпау, қателіктен сабақ алу, т.б. кіреді. Мұндай ойлар, әлбетте, Абайдан кейінгі әдебиетке бағыт-бағдар көрсетіп, оның тұғырнамасын дәйектеді. Қатарында Райымжан да бар Алаш қозғалысының тұлғалары ұлт руханиятының табиғи және жаңаша серпінмен дамуына мүдделі болды. Бұл көзқарас олардың саяси ұстанымымен де байланысып жатты.

ПАЙДАДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық. 1-т. – Алматы: Білім, 1995. – 219 б.
2. Орда Е. Қытай қазақтарының Жапониямен байланысы болған ба? // URL: e-history.kz 17.11.2017: http://e-history.kz/kz/publications/view/3636
3. Омарбеков Т. Қытайдағы қазақ босқындары // Ақиқат. – 1992. – №9. – 42 б.
4. Мәрсекұлы Р. Қазақ әдебиеті жайынан // Қазақ. – 1915. – 15-19 наурыз.
5. Р.М. Газеталарға сөз жазушыларға // Қазақ. – 1914. – 14 қаңтар.
6. Мәрсеков Р. Көлбайдың сөзінен шындық табылар ма екен? // Қазақ. – 1915. – 18 маусым.
7. М. Қазақ әдебиеті кеші // Қазақ. – 1915. – 28 наурыз.

МРНТИ 10.02.19

ҚОБЛАНОВА А.Ж.
профессор, филология ғылымдарының кандидаты,
академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ЖАҢА БАҒЫТТАР МЕН ЖАҢАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Түйіндеме *Мақалада қазақ тіл біліміндегі постструктализм бағытындағы зерттеулерге қысқаша сипаттама жасалған. Зерттеудің алдыңғы шебінде антропоцентристік, лингвосоциологиялық, этнолингвистикалық, тілдік тұлға теориясы, прагмалингвистика, ортологиялық лингвистика тәрізді бағыттардың қалыптаса бастағаны айтылған. Лингвоортологиялық зерттеудің тілдік дәстүр мен уәжділікпен байланысты кейбір қырлары сөз болады.*

Кілт сөздер: *лингвоортология, лингвосоциология, коммуникативтік норма, тілдік тұлға, тұлғатану теориясы, лингвоэкология, тілдік орта т.б.*

КОБЛАНОВА А.Ж.
к.ф.н., профессор кафедры казахского языка и литературы имени академика С.Кирабаева,
КазНПУ имени Абая
г.Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НОВЫЕ МЕТОДЫ В ИЗУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Резюме. *В статье рассматривается краткое описание исследования постструктурализма в казахском языке. Были отмечены, о сформировании таких направлении, как антропоцентрический, лингвосоциологический, этнолингвистический, теория языковой личности, прагмалингвистика и ортологическое языкознание в исследованиях. А также говорится некоторые аспекты лингвистичекой ортологии связанные с языковыми традициями и мотивациями.*

Ключевые слова*: лингвоортология, лингвосоциология, коммуникативная норма, языковая личность, теория языковой личности, лингвоэкология, языковая среда и др.*

KOBLANOVA A.ZH.
Ph.D., acting professor of the Department of the Kazakh language and literature
after academician S. Kirabaev,
KazNPU after Abai
Almaty, Kazakhstan

MODERN TRENDS AND NEW METHODS IN THE STUDY OF THE KAZAKH LANGUAGE

Summary. *The article discusses a brief description of the study of poststructuralism in the Kazakh language. Were noted about the formation of such a direction as anthropocentric, linguistic, sociological, ethno-linguistic, theory of linguistic personality, pragmalinguistics and orthological linguistics in research. Some aspects of linguistic orthology related to linguistic traditions and motivations are also mentioned.*

Keywords*: linguoortology, linguasociology, communicative norm, linguistic personality, theory of linguistic personality, linguoecology, linguistic environment, etc.*

Тіл эволюциялық жолмен дамиды. Оның жүйесінде мыңдаған жылдан бері өзгеріске түспейтін, түссе де азын-аулақ қана өзгеретін қабаттары бар да, ондаған жылдардың ішінде дыбыстық жақтан жаңарып, мағыналық тұрғыдан жаңғырып отыратын құрылымдары болады. Тілдің, әсіресе, лексикалық қабаты өзгеріске бейімдеу келеді. Тілдің өмір сүруі дегеніміз, бір жағынан, ескілігінен қол үзбей, дәстүрін сақтай отырып, екінші жағынан, жаңарып, жаңғырып коммуникативтік қызметін атқаруы дегенге саяды. Халықтың өткендегісі тілдегі мағыналық бірліктер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Сондай-ақ әр ұрпақтың тіл дамуына қосатын өз үлесі болады.

Тілдің дамуы, оның құрылымдық жүйесіндегі өзгерістер, түптеп келгенде, ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен болып жатады. Қоғамдағы саяси-экономикалық өзгерістер, мәдени артефактілердің дамып, көбеюі, сонымен бірге қоғамдық санада, рухани өмірде болып жатқан құбылыстар тілдің әсіресе лексика-фразеологиялық жүйесіндегі жаңа атау, жаңа мағыналардың пайда болуына себеп болатыны белгілі жайт. Дегенмен, ғылыми жұртшылыққа белгілі жайтты айтып, сөз бастауымыздың да себебі жоқ емес.

Қазіргі заманда мәдени-экономикалық интеграциямен байланысты тілдің әралуан қызметіне, оның ішкі құрылымдық бірліктеріне, әсіресе сыртқы факторлардың тигізер қозғаушы күші басым болып отыр. Тіл дамуындағы ішкі факторлар әлдеқайда бәсең, сайып келгенде, тілішілік өзгерістер сыртқы күшке тәуелді. Бұрын-соңды тілдің дамуына әсер ететін сыртқы күштің әлеуеті тап қазіргі замандағыдай болған емес. Себебі XXI ғасыр жаңа бір заманның табалдырығы: жақын елді былай қойғанның өзінде алыс елдермен байланыс, қарым-қатынас үрдісі қарқын алып отыр. Жаңа технология, нарықтық экономика, биотехнология, биогенетика, ғылым-білім салаларындағы интеграцияның, қоғамдық санадағы өзгерістердің қарқынды кезі болып саналатын бұндай сыртқы күштің тілге, сол тілдің иелмендеріне де (носители) өз әсер-ықпалын тигізбей қоймайтыны сөзсіз. Компьютерлік лингвистика саласында тіл ақпараттанып, оның құрылымдық бөлшектері бүге-шігесіне дейін электрондық машиналардың жадына түсіп, цифрланып жатыр. Интернеттік коммуникация аз уақыттың ішінде тілдік ақпарат кеңістігін «жаулап» үлгерді. Тіл электрондық технологияда ақпараттандырудың мықты құралына айналды. Бұндай жаңаша ақпараттық кеңістікте жаңа сөздер, жаңа мағыналар жасалып, семантикалық жылжулар, мағыналық контаминация құбылыстарының пайда болып жатқаны компьютрлік лингвистиканың бақылауынан шығып кетпеуі тиіс. Тілдің дәстүрлі нормаларын саналы, санадан тыс бұзушылық күннен-күнге көбейе түсуде.

Осындай сыртқы күштің тілге тигізер ықпалы, артар жүгі мен салмағын тіл мамандары лингвистиканың бұрынғы структурализм бағытындағы ғылыми-теориялық зерттеумен пайымдап, ізерлей алмайтыны сөзсіз. Сонымен, лингвистикада структурализм заманы өтті, қазіргі кез постструктурализм кезеңі, ізденістер мен жаңа бағыттардың заманы басталды. Зерттеушілердің назарында тілдің адаммен (антропоцентризм); тілдің қоғаммен байланыстылығы (лингвосоциология), тілдік орта мәселесі (лингвоэкология), қазіргі кезеңдегі тілдік тұлға теориясы (теория языковой личности) мәселелері, дара тілдік (монотілдік) тұлғадан көптілділік (политілділік) тұлғаға қарай беталыс тәрізді өзекті мәселелер; жаһандану кезінде тілдің мазмұн межесіндегі ұлттық болмысын сақтауы, сол арқылы тілдік ұжымның ұлттық танымдағы құндылықтар дүниесін жоғалтып алмауы, тілдік тұлғаның креативтік қабілетінің дамуы т.б. көптеген мәселе күн тәртібіне қойылып отырған заманда бұрынғыша тілді өз ішінде зерттеудің аясында қалып қоймауы аса маңызды мәселеге айналды. Бұның өзі қазақ тіл білімінде жаңа бағыттағы ізденістердің, зерттеулердің жасалуына айтарлықтай әсер етті.

Тіл ғылымында тұлғатану (теория личности) жаңа бағыттағы ізденістердің бірінен саналады. Академик Р.Сыздықтың «Абайдың сөз өрнегі» [1] және «Шоқанның тілдік тұлғасы» [2] атты көлемді мақаласы осы бағытқа жатады. Р.Сыздықтың танымал шәкірттерінің бірі Н. Уәлидің зерттеулерімен жарық көріп жатқан мақалалар топтамасы жаңа бағыттағы зерттеулердің бірінен саналады.

Академик Ә.Т.Қайдаровтың [3,] және ғалымның мектебінен өткен шәкірттері Р.Шойбеков, Ж.Манкеева, С.Сәтенова сынды ғалымдардың этнолингвистикалық, лингвоэтнологиялық ізденістері, сайып келгенде, Ә.Т.Қайдардың идеясы бойынша тіл арқылы этносты танудың, этнос арқылы тілді танудың жаңашыл бағытты көздеген жолдары іспетті болды.

Ф.Оразбаеваның [4] және оның жаңа бағытқа салған шәкірттерінің тілдік қатысым жөніндегі зерттеулерінде коммуникацияның нақты қарым-қатынас жағдаятымен, адресат және адресант; баяншы және рецепиент тұрғысынан қарастырылуы коммуникативтік лингвистиканың қазақ тілтанымында жаңа бағыт ретінде алғаш қолға алынған ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Атап айтқанда,

Ж.Дәулетбекованың коммуникативтік-нормативтік, риторикалық аспектісіне қатысты зерттеуі сөз мәдениетінің әдістемелік базасының шеңберін кеңейте түскені сөзсіз.

Тілдік бірліктердің сөзжасамдық әлеуеті мен олардың ерекшеліктерін теориялық және әдістемелік тұрғыдан байланыстыра қарастырған Б.Қасымның зерттеулері қазақ тіліндегі сөзжасамдық категориялардың аражігін айқындауда маңызды болды.

Қазақ тіл білімінде З.Ерназарова, Қ.Есенованың зерттеулерінде тілдің құрылымдық бірліктеріндегі прагматикалық әлеуеттің сөз қолданыста, тілдік коммуникацияда, мәтінде актуальдану мәселесіне ерекше назар аударылғанын атап айтуға болады. Сөйтіп, қазақ тіл біліміндегі дәстүрлі стилистика саласы ендігі жерде прагмалингвистикалық жаңа бағытқа ойысты.

Бұған қоса айтарымыз филология ғылымдарының докторлары О.Жұбаева, А.Жаңабекованың грамматикалық категорияларды функционалдық-семантикалық өріс тұрғысынан қарастырған зерттеулеріндегі бастапқы нәтижелер грамматикалық категорияларды функционалдық-коммуникативтік тұрғыда жаңаша бағдарлауға мүмкіндік береді.

Қазақ жазуының теориясы саласында Қ.Күдеринова тілдің ауызша жүйесі мен оның жазуға түскен формасының арасындағы айырмашылықты, ерекшеліктерді айқындай келіп, тілдің жазба формасы, яғни жазуға түскен формасы өзіндік дербес тілдік жүйе деп тану концепциясын ұсынады. Тілдік тұлғаның ауызша сөзді жазбаша немесе жазба сөзді ауызша формада бере алатыны, яғни бір кодтан екінші бір кодқа ауыстыра алатындай субъектіге тән болмыс ерекшеліктерін айқындап береді.

Қазақ тіл білімінде ғалымдар тілдік тұлға мәселесіне назар аудара бастады. Бұл салада, яғни тұлғатану саласында Г.Мұратованың, Б.Нұрдаулетованың, т.б. зерттеулері тілдік тұлғаны дәстүрлі мәдениеттің өкілі, тұтынушысы, дамытушысы ретінде тануға, олардың сөз қолданысындағы этномәдени компоненттердің сипатын айқындауға негіз болды. Э.Оразалиеваның қазақ тіл білімінің аса көрнекті өкілдерінің өз ана тілінің құрылым-құрылысын сол тілдің өкілі ретінде тануы мен көрнекті лингвист ғалым ретінде ана тіліндегі тілдік бірліктерді, грамматикалық категорияларды ғылыми тұрғыдан тануын айқындаған айрықша зерттеулер деп білеміз.

Қазіргі кезде лингвосоциологиялық зерттеулердің жаңаша әдіс-тәсілдерге құрылуы құптарлық жайт. Қазақ жазу-сызуын реформалау бірнеше жылдан бері мәдени-ғылыми жұртшылықтың назарында тұрған келелі мәселелердің бірі болды. Латын графикасына негізделген әліпби жобасының 25 жылдан бері жүзге жуық түрі ұсынылды. Олардың көпшілігі баспа жүзінде де жарық көрді. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты бас ғылыми орталық ретінде А.Фазылжанованың ғылыми жетекшілігімен негізгі үш жобаны таңдап ала отырып, сауалнама жүргізу арқылы айтылмыш үш жобаның артықшылықтары мен кемшіліктерін саралады. Қалам ұстанушылардың тілдік санасында жаңа әліпби жобаларының бейнелену ерекшеліктері, яғни шкалалар бойынша «оңай» // «қиын», «оңтайлы» // «оңтайлы емес», «қолайлы» // «қолайлы емес» тәрізді тұстары алғаш рет айқындалды.

Тіл саясаты қазіргі қоғамызда аса өзекті де өткір мәселелердің бірі болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарында саясаттанушылар Қазақстанды көп этносты, көп ұлтты, көп тілді қоғам деп, тілдік жағдаятты (ситуацияны) әртүрлі қырдан таниды. Бұл мәселеде де тіл мамандарының белгілі бір дәрежеде саясаттанушы болуына, ал саясаттанушылардың белгілі деңгейде лингвист болуына тура келіп отыр. Қазақстанның көп этносты жағдайында тілдердің қызметін үйлестіру, мемлекеттің тілі ретінде конституциялық мәртебе берілген қазақ тілінің қоғамдық салалардағы қызметімен байланысты тіл саясаты Р.Қадыржановтың, А.Фазылжанованың зерттеулерінде күштеу емес, үйрету, үйлестіру жолымен қазақ тілін ортақ тіл жасау т.б. мәселелер тіл саясаты (лингвополитология) бағытындағы негізгі тақырыптардың бірі болды.

Сонымен, біз қазақ тіл біліміндегі соңғы ширек ғасырлар шамасында қалыптаса бастаған, ізденіс нәтижелері көріне бастаған жаңа бағыттағы зерттеулерді қысқаша ғана атап өттік. Әрине, жаңашыл бағыттағы зерттеулер осы айтылғандармен шектелмейді. Бұндағы айтпағымыз – қазақ тіл білімінде лингвортология мәселесі жөнінде азды-көпті өз зерттеумізді ғылыми жинақтар мен журналдарда жариялады қ.

Сондағы пайымдағанымыз – тіл ортологиясы жөнінде кезінде академик Р.Ғ.Сыздық қазақ тілтанымында алғаш рет «ортология сөздің (тілдің) дұрыстығы туралы ілім» екенін «бұл атаудың қисынды» екенін атап айтқан болатын. Ұстазымыздың тіл мамандарына ой салатын бұл пікірі болашақ зерттеу жұмысымызда тіл ортологиясын іргелі ұғымдардың бірі ретінде танып, жаңа бір бағыттың бастамасы ретінде қарастыруымызға түрткі болған негізгі себептердің бірі болды. Екінші

бір себеп – тіл мәдениеті, сөз мәдениеті бұрынғы деңгейде қалып қоймауы, уақыт талабына сай интеграциялану үрдісіне ілесіп отыруы керек. Өйткені интеграциялану үрдісімен байланысты қазіргі қазақ лингвистикасы жайында ғылыми таным мен білімнің құрылымдық жүйесінде заманның өзі туғызып отырған жаңашылдық (иновация) пайда болып, дәстүрлі тілтанымдық түсініктерден тыс жаңа бағыттар мен өзгеше ізденістер орын ала бастады.

Сөзді дұрыс қолдану, қатесіз жазу, тілдік нормалардан ауытқымау, стильдік, коммуникативтік нормаларды сақтау деген дәстүрлі мағынада ұғым бар да, бұл мәселелерді бұдан кеңірек мағынада ұғыну бар. Лингвортология мәселелері тілдік ахуалды, тіларалық қатынасты, тілдің даму күйіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды дұрыс бағамдау, тілдік тұлғаның, социумның тілдік тұлғасының қалыптасу мәселесімен байланысты тану дегенге де саяды. Осылайша тіл мәселелеріне «дұрыс» не «бұрыс» деп баға берілуі лингвортологияның негізгі ұстанымдарының бірі.

Лингвоортология – танымдық категория. Осымен байланысты тіл ортологиясы ғылыми бағыт ретінде ұлттың мәдени-тілдік дәстүрін сақтауды, одан қол үзбей, оның коммуникативтік қызметін дамытудың жолдарын іздеу, ұлттық тілдің ресурстарын ашу тәрізді кең көлемді мәселелерді де қамтиды.

Алайда бір нәрсені, құбылысты тану, оған «дұрыс» // «дұрыс емес» деп баға беру, әдетте, субъективті пікір болып табылады. Ал, біздің байқауымызша, белгілі бір тілдік қолданысқа, яғни сөйлеушінің сөз қолданысына болсын, тілдік бірліктер мен амал-тәсілдердің дұрысын кодификациялауда болсын, мынау, меніңше, дұрыс деген субъективті пікір ортологияда өлшем бола алмайды. Дұрыстық дегеніміз, субъектінің ортологиялық тұрғыдан, субъективтік «п і к і р і» және неге дұрыс екенін дәлелдейтін «у ә ж і». Егер уәжі көрсетілмесе, «дұрыс» не «бұрыс» дегендер дәлелсіз құр субъективті пікір болып қала бермек.

Сонымен қатар тіл ортологиясының практикалық жағы мен теориялық жағы бар. Яғни практикалық байқаулар теориялық ізденістермен тексерілуге тиіс. Мысалы, тіл тәжірибесінде, *мұз айдыны, мұзайдын* делініп жүр. Қайсысы дұрыс? Дұрысы, әрине, *мұзайдын* («каток») . Уәжі: *мұзайдын* номинативті бірлік, ал *мұз айдыны* синтаксистік қатынастағы бірлік, яғни синтаксистік қатынастағы бірлікті номинативті бірлік ретінде жұмсау дұрыстыққа жатпайды. Сондай-ақ синтаксистік қатынастағы *жылжымайтын мүлік* тіркесінің номинативтік қызметте жұмсалуын дұрыс деп тануға болмайды. Дұрысы – *орнықты мүлік*. Сондықтан бұндай жарыспалықты дұрыс тани отырып, кодификациялауда олардың номинативті сипатына қарай артықшылық берілуі тиіс.

Тіл ортология мәселесіне дұрыстықты танудың оған баға берудің тілдік жағы бар да, тілден тысқары жақтары бар. Таза тілдік жақтан кейбір сөздердің құрылымы дұрыс болмауы мүмкін. *Қой қоздады* емес, *қой қозылады* болуға тиіс қой. Бірақ бұл жерде тілдік дәстүр мықты, бұндай фактілерді дұрыс//бұрыс деп бағалаудың ең мықты уәжі дәстүрге, фактологиялық материалдарға сүйену болмақ.

Тағы бір айтатын жайт, тілші ғалымдардың әлденеше буыны зерттеп тиянақтап берген «Қазақ тілінің грамматикасын»[5]; халықтың алуан түрлі сөз байлығын лексикографиялық талдаудан өткізген онбес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігін»[6]; тілдік тәжерибеде ғылыми зерттеулер мен пайымдаулардың нәтижесінде жасалған «Қазақ тілінің орфографиялық негізгі ережелерін» ұлттық *тіліміздің ортологиялық базасы* болып табылады. Сондай-ақ аса қадірменді ұстазымыз академик Р.Сыздықтың ғылыми редакциясымен және авторлығымен шыққан қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, орфографиялық және пунктуациялық анықтағыштары, орфоэпиялық анықтағышы *қазақ тілінің ортолог иялық құралдарына* жатады. Тағы да бір атап айтарлық жайт – тілдік фактілерге дұрыс не бұрыс деп талдау жасаған ортологиялық ізденістерге тоқталуымызға тура келді. Кезінде «ортологиялық» деп аталмағанмен, бұндай ізденістерге М.Балақаев, Р.Сыздық, Н.Уәлиев С.Бизақов, Б.Қалиев, А.Алдашева, Қ.Күдеринова, Ш.Құрманбайұлының зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалалары сөз қолданыстағы тілдік фактіні ортологиялық қырдан танудың әдіс-тәсілдері болып табылады.

Сөйтіп, қазақ тілінің ортологиялық мәселелері қазақ тілтанымында зерттеу табалдырығында тұрған жаңа бағытқа жатады.

Сонымен, қорыта айтқанда, қазақ тілін зерттеудегі заманауи жаңа бағыттар мен жаңаша әдіс-тәсілдердің гуманитарлық саладағы студенттердің теориялық білімін көтеруде және олардың өзбетінше үйреніс, ізденіс дағдысын қалыптастыруда айрықша маңызды болып саналатынын атап айтуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі.– Алматы. «Арыс» баспасы, 2004. – 208 бет.
2. Р.Сыздық . Шоқанның тілтанымдық тұлғасы // Қазақ әдебиеті 22.10.2010, №41.
3. Қайдар Әбдуәли. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Т.1:Адам.Алматы:Дайк-Пресс, 2009.-784б. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т.2:Қоғам.Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013.-728б. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т.3:Табиғат. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013.-608б.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы, 2000.-110б.
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. Астана: Елорда, 2002. -784б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. I-XIVтом. Алматы: Арыс, 2006-2011ж.ж.

МРНТИ 10.02.19

ҚОБЛАНОВА А.Ж.
профессор, филология ғылымдарының кандидаты,
академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ШЕЖІРЕСІ

Түйін. *Мақалада 2017 жылы жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі «Энциклопедия» атты бестомдық еңбектің жаңа тұрпатта жазылғаны, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің түгелге жуық салалары қамтылғаны айтылады. Халықтың дәстүрлі мәдениетінің сан-салалы қырлары ғылыми-теориялық тұрғыдан категория, ұғымдар, атаулар атты когнитивтік түзілімнің негізінде жүйеленгені атап көрсетіледі. Энциклопедия форматында әліпби тәртібімен жазылған бұл ғылыми басылымның кейбір лұғаттық мақалалар топтамасы талданып, оларға сипаттама жасалады. Аталмыш энциклопедияның жаңа тұрпатта жазылғаны, аналогы жоқ еңбек екені, білім, тәрбие беру жүйесінде алатын орны мен мән-маңызының ерекше екені айтылады.*

Кілт сөздер: *дәстүрлі мәдениет, соцuум мүшесі, категория, этикалық, этикеттік номалар, этнология, когнитивтік құрылым, халықтық білім, лұғаттық мақала.*

КОБЛАНОВА А.Ж.
к.ф.н., профессор кафедры казахского языка и литературы имени академика С.Кирабаева,
КазНПУ имени Абая
г.Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НОВЫЕ МЕТОДЫ В ИЗУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Резюме. *В статье рассматривается краткое описание исследования постструктурализма в казахском языке. Были отмечены, о сформировании таких направлении, как антропоцентрический, лингвосоциологический, этнолингвистический, теория языковой личности, прагмалингвистика и ортологическое языкознание в исследованиях. А также говорится некоторые аспекты лингвистичекой ортологии связанные с языковыми традициями и мотивациями.*

Ключевые слова*: лингвоортология, лингвосоциология, коммуникативная норма, языковая личность, теория языковой личности, лингвоэкология, языковая среда и др.*

KOBLANOVA A.ZH.
Ph.D., acting professor of the Department of the Kazakh language and literature
after academician S. Kirabaev,
KazNPU after Abai
Almaty, Kazakhstan

MODERN TRENDS AND NEW METHODS IN THE STUDY OF THE KAZAKH LANGUAGE

Summary. *The article discusses a brief description of the study of poststructuralism in the Kazakh language. Were noted about the formation of such a direction as anthropocentric, linguistic, sociological, ethno-linguistic, theory of linguistic personality, pragmalinguistics and orthological linguistics in research. Some aspects of linguistic orthology related to linguistic traditions and motivations are also mentioned.*

Keywords*: linguoortology, linguasociology, communicative norm, linguistic personality, theory of linguistic personality, linguoecology, linguistic environment, etc.*

2017 жылы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бестомдық энциклопедияның екінші басылымы жарық көрді [1]. Әркімнің қолы жете бермейтін, таралымы шектеулі көлемі аса ауқымды, іргелі ғылыми еңбектің бірінші басылымы 2011-2014 жылдары жарық көрген болатын [2].

Кезінде бұл басылым жөнінде мәдени жұртшылық өкілдерінің және ғалымдардың да оны жоғары бағалаған ой-пікірлері жарияланған болатын[3].

Көрнекті этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбайдың ғылыми редакторлығы және жетекшілігімен «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» деп аталатын 5 томдық энциклопедияның жарық көрген жаңа басылымы бұрынғы томдармен салыстырып қарағанда әр том сайын жаңа, тыңнан жазылған әлденеше ондаған мақалалар қосылып отырған. Бұл туралы энциклопедияның ғылыми редакторы, әрі негізгі авторларының бірі Н.Әлімбай «Энциклопедияның екінші басылымындағы мақалалардың дені қайта өңделді, едәуір бөлігі, әсіресе өзекті мәселелерге арналғандары қайта жазылды. Ал деректі дәйектілігі шикілеу болған біраз мақалаларды, өкінішке орай, алып тастауға тура келді. Сонымен бірге, бұл басылымға тың тақырыптарды игерген көптеген жаңа мақала-зерттеулердің де енгізілгендігін ерекше атап өту қажет» – деп атап көрсеткен.

Этномәдени категориялар, ұғымдар мен атаулар – әлемдегі барлық халықтарда болатын ортақ құбылыс. Бірақ олардың сыр-сипаты, мағына-мазмұны әр халықта әрбасқа болатыны белгілі. Жекелеген мәселелері болмаса, белгілі бір халықтың этномәдени категорияларын, ұғымдарын, атауларын түгелге жуық қамтыған ғылыми энциклопедия әлемде жоқтың қасы деуге болады. Осы тұрғыдан қарағанда «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесін» түгелдей қамтыған бұл тәрізді әрі көлемді, әрі іргелі тұңғыш ғылыми-зерттеу этнография, антропология саласындағы жаңа бағыттың санатына жататындығын атап айтамыз.

Сөзімізге арқау болып отырған энциклопедияны аудара қарап, ақтара оқыған кезімізде осыған көз жетіп, көңіліміз сене түсті. Энциклопедияда ұзын саны он мыңнан астам категориялар, ұғымдар мен атаулар қамтылған. Байырғы қазақ қоғамының тіршілік қамымен байланысты, атап айтқанда дәстүрлі мал шаруашылығы, егіншілік мәдениеті, балықшылық кәсібі, аңшылық, саятшылық өнері; баспана, үй жиһазы, киім-кешегі, еңбек құралдары т.б. артефактілер дүниесі, түптеп келгенде, этностың тіршілік дүниесін қамтитын іргелі категориялар. Олардың өзі іштей сан-салалы болып, лұғаттық мақала формасында берілген. Лұғаттық мақала авторлары оларды халықтың өмір тәжірибесінен жинақтаған білімі, танымы түрінде, яғни когнитологиялық тұрғыдан талдап, саралап отырады. Бұл жағы жұмыстың үйреншікті сипаттамадан гөрі жаңа бір ғылыми талдау деңгейінде жазылғанын байқатады.

Энциклопедияда, төрт түлік малға, оның ішінде, әсіресе, жылқыға ерекше орын берілген. Оны энциклопедия «ішіндегі энциклопедия» деуге болады. Олай болуын орынды деп санаймыз. Өйткені жылқы қазақтың мінсе көлігі, кисе киімі дегендей, той-думаны да жылқысыз өтпеген. Жылқы тұқымының ішінде қазақы жылқының жаратылысы, төзімділігі туралы лұғаттық мақала авторлары дәйекті деректер келтіріп отырады.

Энциклопедия авторлары жылқы туралы этностың дәстүрлі білімдер жүйесіне арнайы тоқтала келіп, оларды категориялар мен ұғымдарға тарата талдап отырады. Мысалы, жылқы түлігіне қатысты лұғаттық мақалаларда «Қазақтардың ертеде төрт түліктің өзін, ең алдымен, *ақ мал* және *қара мал* деп екі үлкен топқа бөлгені; *ақ малға* тек жылқыны жатқызғаны айтылады. Өйткені жылқы – үйір-үйірімен 150-200 шақырым қашықтықтағы тебінде болып, қыс бойы қора-қопсы көрмей, «ақ қар, көк мұзда» жататын текті мал. Жылқының тағы бір атауы – *аяқты мал*, өйткені ол үнемі қолға қарап қалмай, азығын аяқпен жүріп табады. Ал түйе, қой-ешкі, сиыр бір мезгіл өріске шыққанмен, қора-қопсыда бағылып, қолдан күтім көреді, сондықтан *қара мал* деп аталады» дейді. Сөйтіп, қазақтар күнделікті тұрмыста, жортуыл-жорықтарда мінуге жарамды, табындық жағдайда бағуға қолайлы, сондай-ақ тез семіріп, тез ет жинайтын, сүті мол, даланың ыстығы мен суығына көнбіс жылқы тұқымын өсіруге малшы қауым ерекше мән берген. Жылқы тұқымын осындай талапқа сай етіп, әрі экстенсивті, әрі интенсивті жолмен көбейткен. Авторлардың айтуынша, жылқы малының алыс жолға, жорық-жортуылға, ат жарыстарға, саятшылыққа, еті мен сүтінің молдығына, өсім бере алатындығына, үй мен түз шаруашылығына бейімделіп өсірілген түрлері – *қазақы жылқы тұқымы* деп аталады екен.

Жылқы, түйе, қой-ешкі түлігіне қатысты танымдық деректер энциклопедияда молынан берілген. Әрине, мал шаруашылығына байланысты қазақ тіллінің сөз байлығы аса мол екені бұрыннан да

белгілі. Ал бұл энциклопедия сол сөз байлығының мазмұнында халықтың білімі мен танымы жатқанын тереңірек талдап, жете аңғартады.

Энциклопедиядағы жер бедері, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі т.б. табиғат объектілері этностың тіршілік қамымен байланысты көшпелі ортада қалыптасқан танымдар жүйесі тұрғысынан зерделенген. Басқаша айтқанда, табиғат объектілеріне қатысты халықтың дәстүрлі білімдер жүйесі, ең алдымен, малшылық, егіншілік кәсібіне орай қалыптасқан. Лұғаттық мақала авторларының көрсеткеніндей, жер-су – этнос тіршілігінің субстанциясы.

Этнографиялық энциклопедияда табиғат объектілерінің бір саласы ретінде аспан шырақтарының ерекше орын алатынын байқадық. Аспан шырақтары жөнінде халықтық білім де, түптеп келгенде, эностың дәстүрлі мал шаруашылығымен, егіншілігімен байланысты болып келеді. Қыстаудан жайлауға, жайлаудан күздеуге, одан қыстауға көшу мезгілдерін, шаруашылық ұйымдастыру шараларын малшы қауым Үркер, Үш Арқар-Таразы, Сүмбіле тәрізді жұлдыздардың батуы, шығуы тәрізді есепшілер айқындаған астрономиялық белгілерге сүйеніп жүргізеді. Лұғаттық мақала авторының (Н.Уәлидің) пайымдауынша, есепшілердің Күн қайыру жүйесі адам-қоғам-табиғат үштігі (триадасының) арасындағы өзара бірлігі мен үйлесімді байланысын реттеуге арналған жүйе болып табылады.

Сондай-ақ энциклопедияда халқымыздың тұрмыс-салт айтыстары, ақындар айтысы, жұмбақ айтыс тәрізді рухани мәдениетіне қатысты тақырыптардың болуы аталмыш еңбектің мазмұн аясын кеңейте түскен.

Бұрынғы этнографиялық зерттеулерде кездесе бермейтін, ғылыми айналымда жоқ көптеген этнографизмдердің енгізілуі осы еңбектің тақырыптық мазмұнын кеңейте түскен (*Ақ сабанның кезі, Ақ мал, Аяқты мал, Қасым Жомарт, Өнер құлы, Өлі отау, Өлі күйеу* т.б..).

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктер мен топтардың, жеке тұлғалардың ұлттық этикетпен байланысты қырларын қарастырып, біраз жылдан бері зерттеп жүргендіктен [4], және осы тақырыпта студент жастарға дәріс оқуымызға тура келгендіктен [5], біз осы энциклопедиядағы қарым-қатынас жүйесімен байланысты этикалық нормаларға қатысты біралуан лұғаттық мақалалардың дәйекті түрде, сондай-ақ этномәдени семантикалық тұрғыдан жазылғанын байқадық [6]. Әсіресе, тұңғыш президентіміз бағдар берген рухани жаңғыру идеясымен байланысты университет аудиторияларында өткізілетін дәрістер мен практикалық сабақтарда кеңінен пайдалануға болатын аса қажетті құрал болып саналатынына да көзіміз жетіп отыр.

Байырғы қазақ қоғамындағы *құдалық, қыз айттыру, қыз ұзату, үйлену, келін түсіру, нәрестелі болу, баланың ер жетуі, қыздың бой жетуі, отау тігіп үй болу, қартаю, ас беру* т.б. ұғымдар, бір жағынан, этностың өмір циклымен байланысты тұрмыс-салт категориялары болса, екінші жағынан, социумның сан ғасырлар бойы қалыптасқан этикалық, этикеттік нормаларының да жүйесі болып саналады. *Әйел, жігіт, келін, қыз* т.б. социум мүшелерінің дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік орны, табиғи, рухани болмысы, эстетикалық сипаты мен қадір-қасиеттері, «концепт» делініп графикалық белгімен ерекшеленбесе де, концептологиялық сипатта жазылған деуге болады. Аталмыш энциклопедияда социум мүшелері, олардың арасындағы әралуан қарым-қатынасты реттеудегі ұлттық стереотиптердің мән-мазмұны тереңнен ашыла түскен (*әйел заты*, Іт.; *келін*, ІІІт.; *қыз*, ІҮт.; жігіт, ІІт.).

Тағы бір атап айтарлық жайт, сөз болып отырған энциклопедияның деректері ғылыми әдебиеттерден, әсіресе революцияға дейінгі басылымдардан, музейдің мұрағаттық материалдарынан, халық ауыз әдебиетінен, көркем шығармалардан, діни шығармалар, сөздіктер мен энциклопедиялар, мерзімді басылымдардан молынан жинақталған. Сонымен қатар ел ішінен жиналған экспедиция материалдары – өз алдына ерекше дүниеліктер.

Қорыта айтқанда, ғылыми ізденістер арқылы бұл энциклопедия – қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті мен рухани әлемін кеңінен ашып көрсеткен жаңалығы мол, жаңартпасы көп құрылым-құрылысы ерекше, ешбір қайталамасы (аналогы) жоқ бірегей, құнды еңбек болып табылады. Бұндай еңбектің Ұлы Дала жайында өскелең жастарға, келер ұрпаққа берер ұлағаты мол, дәстүрлі мәдениетіміздің айшықты шежіресі іспеті деп бағалаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, 1-5тт. – Алматы, 2011-2014 жж.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, 1-5тт. – Алматы, 2017.
3. Күдеринова Қ. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің антологиясы//Ақиқат, 30.II.2015.
4. Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті.-Алматы: ЖАК-тің баспа орталығы, 2001. -120б
5. Қобыланова А. Сөз әдебі (оқу құралы).-Алматы: ЖАК-тің баспа орталығы,2001. -51б
6. Қобыланова А. Этикет сөздердің семантика-стилистикалық сипаты (оқу-әдістемелік құрал).«Рауан», 1999.-34б.

МАШИМБАЕВА А.Ж.
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы,
mashimbaeva81@mail.ru

БАЙБУРАЕВА Ж.А.
филология магистрі,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы,
Janna76077@mail.ru

ҚЫЗЫЛ ТҮС АТАУЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түйін. *Қазіргі уақытта түр-түс атаулары ұлт табиғаты мен рухани танымын танытушы концепт ретінде зерттелуде. Мақалада «қызыл» түс атауының мағыналық дамуы, оған байланысты пайда болған фразалық тіркестер қарастырылады.*

Кілт сөздер: *концепт, қызыл түс, мағыналық реңк, тілдік деректер.*

Резюме. *В наше время названия цветов изучаются как концепция, отражающая природу и духовность нации. В статье рассматривается значимое развитие слова «красный» и фразы фразы, связанные с ним.*

Ключевые слова. *Концепт, красный цвет, значительный оттенок, языкове факты.*

Summary. *Nowadays, the names of flowers are studied as a concept reflecting the nature and spirituality of a nation. The article discusses the significant development of the word "red" and the phrases associated with it.*

Keywords. *Concept, red color, significant shade, language facts.*

Әр халықтың ұлттық ерекшелігі тілдік деректері арқылы айқындалады. Барлық халықтарда түр-түс атауларының өзіндік алатын орны мен мағыналық реңктері қалыптасқан. Осы тұрғыдан алғанда ұлттың мәдени менталитетін танытатын концептердің бірі «түр-түс» концептісі.

Адам өмірінде түс үлкен маңызды орынға ие. Түстерге байланысты ұғымдар, сөз тіркестері тіл деректерінде молынан кездеседі. Олардың негізгі мағынасы тікелей бояу мағынасында жұмсалса, ауыспалы ұғым ретінде халықтың өмірге деген дүниетанымдық көзқарасын, психологиялық әлеуетін білдіреді. Өйткені, түс адамның көңіл-күйі мен эмоциясына да тікелей әсер етеді. Лингвистер, этнолингвистер он шақты тілді зерттей келе, түр-түс атауларының жүйесінде кейбір әмбебап ұқсастықтар кездеседі деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ белгілі бір түстің әр түрлі реңкіне қатысты тіл-тілде бейнелі тіркестер, идиомалар және мақал мәтелдер қолданылады. Олар әрбір ұлттың өткен өмірінен әлеуметтік-тарихи, эмоционалдық-ментальдық ақпарат береді [1, с.58].

Ғалымдардың түр-түске байланысты жан-жақты қарастырылған зерттеу жұмыстары баршылық. Ньютон, Ломоносов, Вернер, Саккарде, Рунге, Освальд, Гете, Мерц, Поля, Рехтер, Раткин сияқты ғалымдар түстерді практикалық қажеттілігіне орай зерттесе, тіл біліміндегі лингвистер Л.Уроф, А.Мэтьюз, Р.Фрумкина, А.Н.Кононов, Э.В.Севортян, А.М.Щербак сияқты зерттеушілер семантикалық, мағыналық және танымдық жағдайда қарастырды. Қазіргі уақытта түр-түс атаулары когнитивтік, әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық, салыстырмалы – тарихи тұрғыдан зерттелу үстінде. А.Вежбицкая «Язык. Культура. Познание» (1996) атты еңбегінде түстерді мәдениеттану бағытында зерттейді. Түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының семантикасын алғаш рет академик А.Н.Кононов зерттеді. Түркітануда, қазақ тіл білімінде түр-түс мәселесі мен тұлғалық-мағыналық ерекшеліктері Ә.Қайдаров, Ахметжанова, Ш.Мажитаева, Ж.Қасқатаева, Ұ.Серікбаеваның және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде көрініс табады.

So in the works of D. Ashimkhanuly ("Jer most Saratan") the lives of the characters occurs in two disjoint chronotope.

Keywords: Artistic prose, chronotope, space, time, character.

Кіріспе

Әдебиеттану ғылымындағы уақыт пен кеңістік – көркем туындының басты ұғымдарының бірі. Шығарманың құндылығы да осы өлшемдер арқылы бағамдалады. Барлық өмір заңдылығы мезгіл мен мекен заңдылығына бағынады. Уақыт пен кеңестік ұғымының ауқымы кең, шексіз және бір-бірінен ажырамайтын субстанция. Әрине, кей сәттерде оларды шартты түрде арнайы жеке қарастыруға болады. Алайда тамырлас арналар бір-бірінен алшақтай алмайды. Көркем әдебиет – уақыт пен кеңістіктің шағын моделі. Әдебиет уақыт және кеңістік бейнесін хронотоп арқылы сомдайды. Бүгінгі таңда көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесі біршама теориялық еңбектерде сөз етіліп келеді.

Кеңістік – көркем шығарманың басты тірегі. Оқиға белгілі бір уақытта, белгілі бір жерде өтіп жатады. Бұл әрекет көркем шығарманың негізгі арқауы болып табылады. Кеңістік әр шығармада әр тараптан көрінеді. Мәселен, кей шығармаларда оқиға уақыты айтылмайды, тіпті көрініс таппауы да мүмкін. Бұл жағдаят шығарманың өзіндік ерекшелігі болып табылады. Негізгі идеяны ашу үшін арнайы басты тәсілі ретінде саналады. Көркем шығармада осы аталған жерлер көбінесе символикалық мәнге ие.

Б.М.Бахтин әдеби кеңістікті екіге бөледі: 1. Шынайы кеңістік; 2. Қияли кеңістік. Ойдан шығарылған қияли кеңістік көбінесе қиял-ғажайып фантастикалық шығармаларда кездеседі. Қияли кеңістік керағар ой мен пікірлер тудыруы мүмкін. Яғни, өмірде бар нәрсе мен ойдан шығарылған дүние арасындағы сәйкессіздік мәселесін айтуға болады.

Негізгі бөлім

Біз нысанымызға алып отырған Д.Әшімханұлының «Жер аңсаған Сарыатан» туындысындағы оқиға шетсіз-шексіз сары далада өтеді. Шығармада ол былай суреттеледі: «...Ұшы-қиырсыз сары дала. Сары даланың ұшында – сары бел. Сары белдің бауыры – сағым ба, әлде шалқар көл. Шартабақ күн төбеде. Шалқыған ыстық жер – көкте. Табанын тасқа тілдіріп, жанарын жасқа жудырып, мағдайын желге күңсітіп, таңдайын шөл қағсытырып, сар желіп келеді Сарыатан. Таусылмайды сары дала, жеткізбейді сары бел. Сары белдің ар жағы – бота күнгі мекені. Бота күнгі мекенін боздап іздеп келеді, жүректегі бар шерін қозғап іздеп келеді» [1, 78б.]. Осы жолдар шығармада төрт рет қайталанады. Әр қайталануында шығармаға әртүрлі реңк береді. Бұл жолдар шығарма басында оқиғаның өту орнын, мекенін берсе, екінші қайталануында сыбызғы үнімен берілген сары әуен кейіпкердің сағынышын бейнелейді. Осы

тұстан негізгі сюжеттік желі дамып, кейіпкерлердің характерлері даралана бастайды. Зерттеуші С.В.Ананьеваның «Время – пространство – автор» автор атты еңбегінде атап көрсеткендей, хронотоп кеңістік-уақыт, көркем уақыт пен сюжетке тікелей қатысты дей келе, «жанрлық түрлер нақты хронотоп көрінісімен сипатталады» [2, 27б.] - деген пікірін басшылыққа ала отырып, шығарма сюжетін де ескергеніміз жөн.

Үшінші қайталауда тұйық кеңістіктегі кейіпкерді шағын эпизодпен берілген ішкі бұлқынысын туған жеріне қарай, яғни ашық кеңістікке жетелейді. Ол шығармада: «...Көгілдір таудың ар жағы – қасиетті атамекені, құт қонған қара қонысы. Буырқанып аққан Бұқтырма, сылдырай сыңсыған Ақтұма, қара орманды Майшоқы, дара шыңды Тасшоқы, бәрі-бәрі сол жерде – қасиетті атамекенде. Құдай-ау, оған да жетер күннің жеткені ме шынымен...» [1, 96б.] - деп суреттеледі.

Ал төртінші қайталануда екі кейіпкер екі айырылып, бірі Көгілдір тауды бетке алса, бірі Көкентауға бұрылып, кері қайтады. Яғни, шығарманың аяқталуы да жоғарыда берілген жолдар арқылы шешімін табады. Шығарманың бар болмысы осы аталған жерлердің аясында өтеді. Бұл турасында ғалым С.Қасқабасов: «Кейде уақыт сығымдалып, тез өтіп жатқанда, кеңістік, керісінше, өзгермей бір жер болып келеді. Енді бірде уақыт жылжымай, бір орнында тұрады да, кеңістік өзгеріп отырады. Ал, олардың сәйкестігі шектелуден көрінеді, яғни эпос та уақыт та, кеңістік те тұйықталып көрінуі мүмкін: кейіпкер туып, өлетіні сияқты, үйден шығып, қанша жерді шарласа да, үйге қайтып оралады. Бұл, әсіресе, прозалық шығармаларға тән» [3] - дейді. Орынды пікір. Д.Әшімханұлында бұл екеуі де бар. Бір кейіпкері жападан жалғыз қалып қалғысы келмей, беймәлім кеңістікке шығуға ұмтылады. Бірақ субъективтік кеңістік жеңіс тауып, бұрынғы тұйық кеңістігіне қайта оралады. Ал, екінші кейіпкері кеңістіктің жалғыздыққа ықпалын түйсіне отырып, беймәлім сағыныш арқылы одан шығудың жолын іздеуге талпыныс жасайды. Яғни, «сөз өнерінде кеңістік көркем уақытпен тығыз байланысты. Ол қозғалмалы. Ол қозғалысқа жағдай жасайды, өзі де өзгереді, қозғалады. Бұл қозғалыс (қозғалыста кеңістік пен уақыт бірігеді) жеңіл не қиын, жылдам не баяу, қоршаған ортаның қарсылығымен немесе себеп-салдарлық қарым-қатынастармен байланыста болуы мүмкін [4, 335б.]. Бұған себеп повесте объективтік кеңістікпен қатар субъективтік кеңістік те жиі кездеседі. Шығармадағы оқиғаның орны, қозғалыстағы кеңістік те бірден өзгеріп, ауысып отыратыны да сондықтан. Д.Әшімханұлының көркем туындысында кездесетін субъективтік кеңістік кейіпкердің эмоционалдық қырларын ашып, шығарманың басты түп қазығы болып табылады.

Әдебиет көркем уақытты басшылыққа алатын өнер түріне жатады. Көркем сурет, белгілі бір уақыт мезетінде бірқатар нысандарды қамтып көрсете алады. Осы суретті сөзбен өрнектеу үшін жазушы бірнеше сөйлемді қолданады. Әрі ол сөйлемдер белгілі бір уақыт мезетін қамтиды. Сөзбен салынған суретке көз жүгіртіп қарасақ, оның мазмұнын түсінуге болады. Ал, көркем мәтінді түсіну үшін оны міндетті түрде толық оқу керек. Мәселен, ол Д.Әшімханұлының «Жер аңсаған Сарыатан» шығармасында мынадай диалог арқылы беріледі:

«- ...Өзің айтшы, мен сені неше жасыңда тауып алып едім!

- Он жасымда.
- Қалай тапқаным, қайдан тапқаным есіңде ме?
- Есімде, аға. Мен онда Метрейдің шошқасын бағып жүргем...
- Жә, одан бері неше жыл өтті?
- Он бес жылдай болып қалар.
- Дұрыс айтасың. Он бес жыл...» [1, 79б.] .

Бұл он бес жыл сюжеттік кеңістік-уақытты қамтиды. Осы жылдар арасында болған оқиғада кейіпкердің өткені туралы ойлары, шегініс жасап еске алуы, сағынышқа ұласқан туған жерге деген сезімі, беймәлім болашағы туралы толғаныстары беріледі.

Көркем суреттен, мүсіндеуден көркем әдебиеттің тағы бір ерекшелігі бар. Ол – уақытты жеткізуі. Сурет те, мүсін де уақыттың тек бір сәтін ғана көрсете алады. Мәселен, қозғалыстағы бір сәт. Ал, әдебиетте уақыт кең көлемде көрініс табады. Жай ғана баяндау мәтінінде бұл бірінен-бірі орындалатын оқиғалардың тізбегі. Мәселен, ол шығармада ол былай беріледі:

«- Аға, мен осы бір нәрсе ойлап келем. Айтсам, ренжімейсің бе?» - деді ол жер шұқи отырып.

- Айт. Не ойлап келесің сонда сен?
- Аға, мен осы кейін қайтсам қайтеді?

- Не дейд! Неге қайтасың? – Есбергеннің даусы қаттырақ шығып кетті. Қожықтан басқаны күтсе де, дәл бұны күткен жоқ еді» [1, 101б.] .

Уақытпен байланысты көркем әдебиетте шығарма уақыты (мәтінде болып жатқан оқиға уақыты) және оқырман уақыты (оқып отырған оқырманның өмір сүріп жатқан уақыты) болады. Осы екі «уақытты» өзара сабақтастыру көркем әдебиеттің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Олардың ара қатынасы әртүрлі болып келуі мүмкін.

Бұл туралы ғалым С.Қасқабасов: «Әдебиетте уақыт өткен және осы шақ ретінде көрініп, өзінің нақты мағынасында бейнеленсе, фольклорда уақыт ең алдымен өткен шақ, ерте заманда өткен дәуір ретінде түсіндіріледі де, ол сығымдалып бейнеленеді. Сонымен бірге фольклорлық шығармада баяғыда болған кейіпкердің іс-әрекеті осы шақ түрінде баяндалады, яғни осы қазір болып жатқандай сезіледі. Кейде грамматикалық формасы өткен шақ болса да, оқиға мен қимыл, іс-әрекет осы шақ мағынасында түсінеледі» - деп, әдебет пен фольклордың ара жігін ашып көрсетіп, «фольклорлық шығарманың баяндау барысындағы уақыт. Фольклорлық шығармада уақыт ешқашан кері шегінбейді. Басқаша айтқанда, жыршы, немесе ертекші әдебиеттегі сияқты бір кезде болып жатқан екі-үш оқиғаны қатар көрсетпейді. Мысалы, әдебиетте кейіпкердің өз басынан кешкен оқиғалар баяндалып отырып, автор кейін шегініп, осы кезде оның үйінде не болып жатқанын, оның маңайындағы адамдар қандай харекет істеп жүргенін, олардың тағдырларын суреттей береді.» [3, 31б.] - дейді. Расында да, ондай сюжет Д.Әшімханұлында былай беріледі: «...Бұдан он бес жыл бұрынғы бір қоңыр салқын кеш еді. Сол күні Есберген таудан өте олжалы – қанжығасы қанды оралған үйіне. Дәл сол күні, сол кеште өз отының басынан Ақсопы шалды көрем деп бұл ойлады ма. Ақшыл ұзын шапанының етегі жер сызып, ақ күмістей сақалы омырауын жауып, бір қолымен астаяғын ұстап, екінші қолымен батар күннің сәулесін көлегейлеп, есік алдында жол қарап тұрған адамның Ақаң екенін бұл алыстан-ақ таныған. Таныған сәтте тұла бойына ыстық қаны жүгірген... » [1, 88б.]. Әдебиет өмір құбылыстарының сан алуандылығын суреттеу арқылы көз алдымызға барлығын елестетіп, сезімге бөлейді.

Егер де оқиғалар желісіндегі уақыт пен оқырман арасындағы уақытты жазушы ой елегінен өткізбесе, ара қатынасты дұрыс сақтамаса, көркем шығарма мазмұны ешкімге түсінікті болмас еді. Көркем шығарманың көркемділігі осында. М.Бахтин сөзімен айтқанда: «Жанр және жанрлық түрлер хронотоп арқылы анықталады және де хронотопта уақыт жетекші орынға ие». Сонымен, хронотоп шығармаларды көлемі жағынан жанрлық түрін ажырату үшін басты көрсеткіш болып табылады. Басқа жанрларға қарағанда, повесте оқиғаның баяндалуында белгілі бір хронологиялық тәртіп сақталмайды, ол сюжеттің құрамдас заңдылықтарына бағына бермейді. Сондықтан да повесте жазушылар халық арасында кең тараған немесе өз қиялынан шығарған аңыз-мифтердің сюжеттерін тұтас немесе бірегей эпизод ретінде қолданады. Мәселен, біз нысанға алып отырған қаламгер шығармасында аңыздық кейіпкерге ұқсас Ақсопы бейнесі Қыдырды елестетеді. Бұл турасында шығармада былай делінген: «Көкентаудың ар жақ-бер жағында отырған жалғыз-жарым үйлердің қайсысына болмасын Ақсопының анда-санда бір соғып кетуі – шаңырағында Қыдыр түстеніп өткенмен бірдей еді...» [1, 89б.]. Шығармадағы Ақсопы бейнесі, оның кеңістік-уақыты – кең құлашты, шексіз. Тұрағы, мекені – шексіз, шетсіз дала. Шығармада ол былай беріледі: «...Келгенде де жата-жастанып бір үйде ұзақ жанбас сарғайтпайды, бір түнесе болды, сосын жыл құсыдай жыла қонып кете барады. Сондан кейін Ақсопының төбесін жарты жыл өткенде, я күзде, я көктемде бірақ көресің. Қыс пен жазда қайда жүретінін ешкім білмейді және оны ешкім сұрамайды да» [1, 89 б.]. Ақсопының кеңістік-уақыты қаншама шексіз болса, соншалық мәңгілік кеңістік-уақытымен ұштасып жатыр. «Сырттай қарағанда, ел кезіп жүрген дуана, дәуріш көрінгенмен Ақаңның бүкіл бойынан бекзаттықтың белгісі аңқып тұрушы еді. Сабырлы мінезі, салмақты сөзі, кербез жүріс-тұрысы, келісті келбет-пішіні, бәрі-бәрі өзіне туа бітті жарасымды-тұғын» [1, 91б.].

Енді повестегі Метрей мен Сейдәлі және оның баласы Қожыққа қатысты Ақсопының әңгімесіне келетін болсақ, ол шығарманың композициялық құрылымында бірнеше қызмет атқарып тұр. Біріншіден, оқиғалық қызмет. Ақсопының повестегі уақыт пен оқиғаны өрбітудегі орны аса маңызды. Қожықтың әкесі Сейдәлі кезінде текті атадан туған тұяқ еді, жер иесі, ата-баба аруағы атып, малайлықтың қамытын киеді. Одан қалған жалғыз тұяқ діні басқа біреудің қолында шошқасын бағып жүр – деп оны Есбергенге әкеліп береді.

Екіншіден, Ақсопы философиялық символдық мәнге ие. Ол – тылсым күш иесі. Шығармада ол былай беріледі: «...ақшыл ұзын шапанының ішінен мойнына асып алатын ақ дорбасында әманда салдырлаған тиыны, шүберекке түйген бір уыс құмалақ, сосын әртүрлі

шөптің кепкен тамыры мен сабағы болатын. Өзің сұрап өтінсең, салады. Ал сұратпай-ақ істейтіні – қолдың, мойынның тамырларын ұстау... Кереметі сол, жып-жылы салалы саусақтарының ұшымен әр жердегі тамырыңды жайлап ұстап отырып, бар ауруыңды қолмен қойғандай дәл айтатын жарықтық. Онымен де қоймай қай ауруға қандай дәрі қолднау керектігін ерінбей-жалықпай түсіндіріп беретін» [1, 89б.].

Повестің өн-бойындағы Есбергеннің ой-толғаныстары, түс-елесі, қиялы мен арман-сағынышы шығарманың негізгі идеялық қазығы болып табылады. Автор кейіпкерлері арқылы жақсылық пен жамандықтың және асыл қасиет пен жасықтық күресі мәңгілік екенін айтады. Қожық шығарма басында әпербақан, мүсәпір түрде бейнелесе де, «текті атадан қалған жалғыз тұяқ», «Қасқа айғырдан қасқа тумаса да төбел туады» деген шығарма басындағы қарама-қайшылық Қожықтың бойындағы тегіне тартқан тектілігі шығарма соңында анық аңғарылады: «...– Әкемді ойладым... Өлерінен бір жыл бұрын Метрейдің үйіне келген орыстармен карта ойнап, астындағы күмістелген ерін, аяғындағы әмірқан етігін ұттырып алып, кейін қатты қапаланып еді. Сонда аяғына шәркей киіп отырып: «Ерден айырылдым – жайдақ болдым, етіктен айырылдым – маймақ болдым, жерден айырылдым – бейбақ болдым. Сірә, мен оңбайтын шығармын» дегені бүгін тақымым қажалып, құйрығым ойылып келе жатқанда есіме түсті. Таңертең жолға шықпай жатып, ерім сынды. Бұл жақсы ырым болмас, аға. Сосын ата-баба жерін тастап кетсем – мен де оңбайтын шығармын. Ұлықсат берсең мен кейін қайтайын аға» [1, 102б.]. Басты екі кейіпкердің әрі қарайғы тағдыры белгісіздік сипат алады. Бұл тәсіл – оқырмандарды кейіпкерлер тағдырымен ортақтастыратын тәсіл. В.В.Савельеваның айтуы бойынша, «өмірде бәрі де қайталана береді, яғни циклдық хронотоп шығарманың көркемдік әлемінде тағдырдың жазмышы ретінде көрінеді».

Жазушы өз шығармасында оқиға өтетін белгілі бір кеңістікті жасай алған. Ол кеңістіктің ауқымы кеңейіп, оқиғадан да тыс дүниелерді қамтыған. Сондықтан да көркем шығарманың өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің өзгеріп отыруы – осының айғағы.

Шығармада суреттелетін оқиғалардың уақыты, мезгілі нақтылы берілмесе де, таңның қылаң беруі, күннің шығуы, сәуле шашуы, тал түс, төбедегі шартабақ күн бәрі де мезгілдік қызмет атқарып тұр. Сонымен бірге жазушы шығармаларындағы оқиғалар, іс-әрекеттер сюжеттік уақыт жағынан алғанда шамамен он бес жыл аралығындағы мерзімді қамтып көрсетеді. Бұл кезеңдегі көріністер кейіпкердің жан-дүниесіне сыналай кіру, ой дүниесін ақтару арқылы лирикалық шегініс, кейіпкер монологтары арқылы беріліп отырады.

Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт сол шығармадағы оқиға, іс-әрекеттерге қатысты өзгереді. Ал олардың алмасуына, бір-біріне қатысты жүйеге түсуіне әлеуметтік жағдай себепші іс-әрекеттің мән-мағынасына бағындырылған. Шығармада қаһарманның дүниеге келген сәтінен кемеліне келген шағына дейінгі кезеңді тездетіп баяндау, уақытты сығымдау немесе оны созу, оқиғаны тек соның айналасына жинақтап, дамыту т.б. хронотоп арқылы жүзеге асырылады. Біз нысанымызға алып отырған Д.Әшімханұлының шығармасындағы уақыт оқиғаның суреттелуіне байланысты бірде жедел, бірде баяу жүріп, кейде үзіліп те беріліп, бірде автор уақытты кейін қарай жылжытып суреттеп береді. Сондай-ақ, уақыт кейін жылжытылып, негізгі оқиғалар, тартыс лирикалық шегініс арқылы беріліп отырады.

Қорытынды

Уақыт пен кеңістіктің біздің санамызда бейнеленген қандай үлгісі болса да, олардың өзгешеліктері, өлшем-пішіндері реалды уақыт пен кеңістікке қарап анықталады, барлығы да содан туындайды. Уақыт пен кеңістік жазушының дүниетанымын, дүниені қабылдауын, жазушы стилін қалыптастыруда үлкен роль атқарады. Сол арқылы әлемнің жеке-авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды, шығарманың композициялық тірегі және көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болады. Уақыт пен кеңістікті зерттеу көркем шығарманың тініне бойлап, оның құрылу спецификасын, жазушының дүние туралы концепциясын айқындауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әшімханұлы Д. Самырсын сазы. – Астана: Елорда, 2000. – 366 б.
2. Ананьева С.В. Время – Пространство – Автор. – Алматы, 2003. – 86 с.
3. Қасқабасов С.А. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
4. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. – Москва: Наука, 1979. – 352с.



СЕЙДАНОВ Қ.
академигі, профессор
Өзбекстан Республикасы Тұран Ғылымдар Академиясы,
әрі Қазақстан Республикасы Гуманитар Ғылымдар Академиясы

НАУАИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Өзбек халқының XV ғасырда жасаған әйгілі ақыны Әлішер Науаи, өз соңына тамаша лирикалық шығармалар, ғажайып ғазелдер мен кемел дастандар қалдырған аса талантты ақын. Әрі, бір жөн бір прозалық туындылар мен ғылми – зерттеу еңбектер де жазған ерен ойдың жүйрігі, ғұлама ғалым болумен бірге, мемлекет және қоғам қайраткері.

Оның кең тынысты кемел поэзиялық туындыларын қазақ халқы, оның ішінде көзі ашық, көкірегі ояу халық ақындары айрықша бағалап, ерекше сүйіп оқып, рухани нәр алған. Сондықтан да белгілі сөз зергері, академик Ғабит Мүсірепов: “ ... Өзбек халқының данышпан ақыны Әлішер Науаиының ғажайып туындыларын оқып, үлгі алмаған ақын кемде – кем. Классикалық әдебиетіміздің шұғылалы шыңы Абайдың да өзіне ұстаз тұтқан, талантына бас иген ақындарының бірі – Науаи еді” (30),— деген болатын.

Ия, Әлішер Науаи өз дәуірінде екі үлкен әдеби дәстүрді, яғни түркі мен парсы – тәжік көркем сөз жетістіктерін терең игерген, қос тілді – «Зұлсанайын» атанған шын мәніндегі аса дарынды, кең тынысты кемеңгер ақын болған.

Оның үстіне ол, ескі өзбек тілінде тұңғыш рет көркем шығарма жазуды бастаушы ғана емес, оны ілгері дамытушы, жаңа биік белеске көтерген жаңашыл, шын мәніндегі ірі талант иесі бола алды. Сөйтіп ол, өзбек жазба әдебиетінің негізгі қалаушы, өзбек поэзиясының тұғыры биік тұлғасы, өзбек поэзиясының бастау алатын – бал бұлағына айналған кемеңгер ақын дәржежесіне көтерілді.

Әкесі Ғиясиддиннен жастай жетім қалған Әлішер Науаи, 15 жасында Герат сұлтаны Құсайын Байқара мен бірге болып, белгілі ағартушы, әрі әкім Әбілқасым Бабырдың (1452 —1457) сарайында қызмет атқара бастайды. Кейінірек, 1456 жылы Машхатқа барып, оқуын одан әрі жалғастырады да, онда Фирдауси, Низами, Дехлавий, Сағди, Лутфий, Атоий сияқты т.б. саңлақ ақындардың шығармаларынан рухани нәр алып, әдебиет табалдырығынан еркін аттай бастайды.

Тіптен, Саъдидің (1184 – 1292) “Гулстан”, “Бостан” атты еңбектері мен Фариддин Аттордың (1230 жылдар шамасында дүниеден өткен) “Мантиқун – Тайр” (“Құс сөзі”) шығармаларын құмарта оқып, жат алады. Әсіресе оның, өз дәуіріндегі Сайид Хасан Ардашер, Камал Турбатий сияқты аса талантты ақындар мен танысып, тым жақын қарым – қатынас жасауы, достасуы, көркем әдебиетке деген ынтықтығын ерекше арттыра түседі.

Оның үстіне Әлішер Науаи, 18 – 19 жасында тәжік халқының аса дарынды ақыны Абдурахман Жәмий (1414 – 1492) мен танысып, оны өзіне ұлағатты ұстаз тұтынады. Нәтижеде, Әлішер Науаи өз дәуіріндегі белгілі сөз зергерлерінің шығармаларынан рухани нәр алып, әдебиет әлеміне еркін ене бастайды.

Әрі, өзінің сыныптас досы, Ғерат Шаһы болған Құсайын Байқараның алғаш мөрін сақтаушысы, кейінірек уәзірі лауазымын атқара жүріп, сол кездегі үстем тап иелерінің озбырлық іс – әрекеттерін, зорлық – зомбылықтарын, өзара тәжі – таққа таластарын өз көзімен көреді. Әрине бұл, ұлы ақынның өмірде болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктердің терең сырларын ұғына түсуіне үлкен мүмкіндіктер туғыза бастайды. Нәтижеде, өз шығармасында әділет пен адамгершілікті, достық пен махаббатты, пәктік пен тазалық сияқты т.б. ұлы гуманистік идеяларды кеңінен жырлай бастайды. Теңдік пен әділдікке, адал еңбек пен пешене терге ерекше мән бере түседі.

Тарихи мәліметтердің айтуына қарағанда, Әлішер Науаи 10 – 12 жасында – ақ шағын – шағын гәзелдер мен лирикалық өлеңдер жазып, халық арасында алғаш ақын ретінде танила бастайды да, келе

– келе кең тынысты, кемел шығармалар жазуға ден қоя түседі. Әсіресе, жас – балаң ақынның шағын – шағын лирикалары, сол кездер де әбден кемеліне келген, ірі ақын Лутфиге қатты ұнайды.

Сөйтіп ол, әлі қауырсыны қатпаған жас ақынға көмек қолын созып, аса қымбат насихаттар бере бастайды. Мәселен: Әлішер Науаидың тұстасы, белгілі тарихшы Хандамирдің берген мәліметіне қарағанда, бір күні Лутфи сұхбат кезінде, Әлішер Науаиға: "Қалқам, жазған өлеңдеріңнен бір – екеуін оқып берші?"— деп, өтінген көрінеді. Сонда Әлішер Науаи өз өлеңдерінен бірнешеуін оқып бергенде, Лутфи оған бұрыла қарап; "Кәне енді, мен өзімнің парсы және түркі тілінде жазған 10 – 12 мың өлең жолдарымды, дәл осы сенің бір ғазеліңе ауыстырған болар едім"— деп, аса жоғары баға берген көрінеді.

Әрине бұл – кемеңгер ақын Лутфидің, жап – жас Әлішер Науаидың талантына тәнті қалып, оның ақындық қабілетін анық танып, оның болашағына аса үлкен сеніммен қарап, үлкен үміт артқандығының сәтті жемісі десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Шындығында да алғаш поэзия әлеміне шағын – шағын лирика, ғазелдерімен кіріп келген Әлішер Науаи, келе – келе тамаша дастандар, кемел прозалық шығармалар, ғылми зерттеу еңбектер жазып, бүкіл Шығыс әдебиеті әлемінде, өз шоқтығымен даралана көзге түседі.

Жастайынан – ақ аса зерек, тым алғыр ойлы болып өмірге келген Әлішер Науаи, алғаш шағын – шағын лирикалық өлеңдер мен тамаша ғазелдер жазып, оқырмандар жүрегіне рухани нәр себе бастайды. Бұл ретте ақынның 1465 – 1466 жылдары жазған лирикалық шығармаларымен бірге, 1470 жылы бастырған "Көр – кемдік кемелі" ("Бадайи ул – бидоя"), 1476 – 1483 жарық көрген "Баға жетпес байлық" ("Новодир – ул – нихоя") сияқты т.б. лирикалық өлеңдер жинағын, ерекше сүйіспеншілікпен тілге алу мүмкіндігіне ие боламыз.

Әлішер Науаи 1483 жылдан бастап, өзінің әлемге әйгілі болған "Хамсасын" (бестігін) жазуға кіріседі. Сол мақсат негізінде ол "Жеті кезбе" ("Сабъаи – сайер"), "Ескендір қорғаны" ("Саъди Искандари"), "Фарход – Шырын", "Ләйлі – Мәжнүн" «Фарход – Шырын» атты бес дастанын жазып, өзінің нағыз кемеңгер ақындық арынын күллі жұртшылыққа кеңінен танытады.

Әрі ол, ерен ғалым ретінде, халықтың әдет – ғұрпы, салт – дәстүрі жайлы да "Гауһарлар тізбегі" ("Назм – ул Жавохир") және әулие – әмбиелер, әкімдер туралы "Әмбиелер мен әкімдер тарихи" ("Тарихи анбие ва хукамо"), дін, мұсылмандық жөнінде "Мұсылмандық нұры" ("Сирож – ул – муслимин") сияқты т.б. ғылыми – зерттеу еңбектер жазып, әдебиеттану ғылымының дамуына да өз үлесін қосады.

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жәйт, Әмір Темір нәсілінен болған Құсайын Байқара, 1469 жылы Герат сұлтаны болып таққа отырған шағында, Әлішер Науаи Самарқанда болады. Нәтижеде Құсайын Байқара, таққа отырған соң – ақ, жас кезінде бірге оқыған, сыныптас досы – Әлішер Науаиды Самарқаннан Гератқа шақырып, өзімен бірге қызыметтес болуды өтінеді. Сөйтіп досы, оны мемлекет жұмысына араластыра бастайды.

Сондықтан да, Әлішер Науаи алғаш рет Герат сұлтаны Құсайын Байқараның мөрін сақтаушы болып қызмет атқарса, онан соң оның уәзірі болып жұмыс істейді. Міне сонда ол, үстем тап иелерінің тәж – тақ үшін болған бақталастықтарын, небір қулық – сумдықтарын, алаяқтықтары мен опасыздықтарын өз көзімен көріп, олардан жаны шоши бастайды. Әсіресе олардың қарапайым еңбек адамдарына көрсетіп жатқан зорлық – зомбылықтарын, әділетсіздіктерін аңғарып, үстем тап өкілдерінің озбырлығынан, зәбір – зұлымдығынан іштей азап шегеді. Олардың іс – әрекеттерінен түгелдей жирене бастайды. Үнемі халықтың қамын ойлап, оларды ынтымақ, бірлікке үндеп, адал еңбек пен абзал ниетке, пәк сезім мен таза махаббатқа, әділдік пен биік – пайым парасатқа, азаматтыққа шақырады.

Содан, Әлішер Науаидың халық арасында абройы күннен – күнге асқақтап, биіктей түседі. Мұны байқай бастаған Құсайын Байқараның басқа уәзірлері, оған; «Әлішер осылай жүре берсе, бір күндері сенің орныңды иелеуі мүмкін. Сол үшін оны уәзірліктен босату керек» – деп, жамандай түседі. Соның нәтижесінде, Герат шаһы Құсайын Байқара, Әлішер Науаиды уәзірліктен босатып, ең ұзақ елді мекен болған Астрабадқа әкім етіп жібереді. Онда да ол, тек халық жағдайына айрықша мән беріп, жаңа үйлер, көпірлер, жолдар салдырып, қарапайым халыққа салынған түрлі салықтардан оларды босата бастайды. Бәрі бір, ол жерде де үстем тап өкілдер – інің тірлік – тыныстарың байқап, олармен бірге істесу мүмкін емес деген ойға келеді де, өзі әкімдіктен де бас тартады. Сөйтіп ол, түгелдей ақындыққа, ғылми – зерттеу жұмыстарына бет бұрып, шын мәніндегі кең тынысты кемеңгер ақын, ғұлама ғалым болып қалыптасады.

Сондықтан да ол, өзі тұстас ақындарға, әрі өзінен кейінгі ақындарға үлгі, өнеге болып, көркем сөздің бірден – бір шеберлік мектебіне айналу мүмкіндігіне ие болады. Оны туысқан халық ақындары да, оның ішінде тағдыры да тарихы да бір болған қазақ халық ақындары да, өздеріне ұлағаты ұстаз ретінде танып, оның шығармаларынан рухани нәр ала бастайды.

Сөйтіп, XY ғасырда жасап, өз соңына ғажайып лирикалар мен тамаша ғазелдер, кең тынысты кемел дастандар қалдырған поэзия падишасы Әлішер Науаи, қазақ халық ақындарының да ұлағатты ұстазы, сүйіп оқып, сүйсіне нәр алған кемеңгер шайырларының біріне айналады.

Кемеңгер қаламгеріміз Сәбит Мұқанов берген мәліметіне қарағанда, Шоқан Уәлиханов өзбек әдебиетінің классигі Әлішер Науаиыны, Европа және Азия ғалымдары арасында бірінші болып, ерекше құрметпен тлге алған көрінеді. Мәселен ол, өзінің 1857 жылы Қашғария жайлы жазған очеркінде: “Қара түнекті халықтың жалғыз сәулесі – Әлішер Навоидың шығармалары болды“(31) – деген ойды алға тартқан болса, ғұлама ғалым, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов: ”Түркі тілдес халықтардың көпшілігінің әдебиеті мен мәдениетін өсіруде Науаи мол әсер еткен”(32), – деп, терең байлам жасаған болатын.

Шындығында да туысқан өзбек халқының аса талантты данышпан ақыны, әрі ірі мемлекет қайраткері, сондай – ақ кемеңгер ғалымы Әлішер Науаи есімі, оның шығармалары, қазақ халқы арасына да кең тарағандығы соншалық, ол өз ақынын – дай қадірленіп, ылғида қастерлене тілге алынған болатын. Мәселен: қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, Абай Құнанбаевта, Шығыс шайырларын, оның ішінде Әлішер Науаины да өзіне ұстаз ретінде танып, оның інжу -– маржандарынан рухани нәр алған.

Бірақ, Әлішер Науаи мен Абай Құнанбаев шығармашылығындағы өзара ұқсастықтар мен сарындастық, үндестік сипаттарды «Науаи және Абай» деген бөлімде (37 –) арнайы сөз етілетіндіктен, бұл арадай ол жайлы арнайы тоқталуды жөн көрмедік..

Реті келгенде, бір ескерте кетерлік мәселе, Әлішер Науаи шығармаларын сүйіп оқып, оны қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдыруда, Сыр сүлейлері мен Жетісу төңерегі мен Оңтүстік Қазақстан облысы елді мекендерінде жасаған, бір жөн қазақ халық ақындарының орны айрықша десек, ол ағат айтылған – дық емес. Бірден – бір шындық. Бұл орайда Балқы Базар, Кете Жүсіп, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Майлы қожа, Мәдалы молда, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Кенже қожа, Мұсабек Байзақов сияқты т.б. қазақ халық ақындарының есімін ерекше қуанышпен тілге аламыз.

Сондай – ақ, Молда Мұса, Ораз молда, Молла Мәнһиди Майликенти, Мәдәлі молда, Жүсіп қожа, Кенже қожа, Нұралы ақын сияқты т.б. Қаратау өңірі мен Сыр жағалауын мекен еткен ақындардың шығармаларына көңіл көзін қадасақ, онда олар – дың Шығыс Шайырларынаң, оның ішінде туысқан өзбек халқының ұлы ақыны Әлішер Науаи шығармаларынаң рухани нәр алғандығын байқау оншалық қиын емес.

Не шара?... Күні кешеге дейін, яғный, 73 жасап келмеске кеткен Кеңес өкіметі кезінде, ескі парсы – түркі тілінің әсерімен жазылған көптеген қазақ халық ақын – дарының шығармаларына мән берілмей, тіптен көңіл бөлінбей, ылғида оларды қағажу қалдырып келеген болатынбыз. Олардың көбі, өз шығармаларын жазып шығарғандықтан, оларды “Шайыр” деп қарап, тоталитарлық қоғамда, қылышынан қаны тамған коммунистік партияның обыз саясатының ықпалымен, оларды діни ұғыммен байланыстыра назар аударып, бір шетке ығыстырып қойған болатынбыз.

Ал, шынтуайтына келгенде “Шайыр” сөзі, орыс тіліндегі “Поэт” деген сөзбен іштей туысып, қабысып, астасып жатса да, “Шайыр” сөзіне шошына қарап, дінмен байланыстыра назар аудартты. Өйткені, Кеңестік дәуірде коммунистік идеология дінді «апиын» деп, түсіндірді де, күллі жұртшылықты дінсіз етуді мақсат тұтқан болатын. Болмаса, өз жанынан жазып шығарған, өз өлеңдерін хатқа түсірген ақындарды «ақын» деп қарамай, діншіл адам – нағыз молда ретінде танып, оларға шошына қарады.

Бұл ретте, күні бүгінге дейін халқымыз арасында оншалық таныс бола қоймаған, тәп тәуір қазақ ақыны болған Молла Мәнһиди Майликентидің (1868 – 1924), 1917 жылы тұңғыш рет Ташкентте басылып шыққан «Республикаға си» (“Тухва Жумхурият”) атты шығармалар жинағына назар аударсақ, біраз мәселенің мәні ашыла түспек. Мәселен ол өзі жайлы айта келіп: “Бар еді құдай берген аз шайырлық” (33-бет) деп, өзін ақын ретінде таныта түседі.

Расында да, X1X ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде жасаған көптеген қазақ халық ақындары, оның ішінде Сыр жағалауы мен Жетісу өңірінде жасаған ақындар мен Сыр сүлейлері, қолдарына домбыра алып, той – жиындар да, жиылған күллі жұртшылық алдында, Шығыс шайырлары

тамсана жырлаған “Ләйлі – Мәжнүн”, “Фархад – Шырын”, “Тотынама”, “Жүсіп – Зылиқа”, “Шаһнама”, “Рустем”, “Ескендір”, “Сал – сал”, “Зархум”, “Тахир – Зұхра” секілді т.б. дастандарды кеңінен жырлап, қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдырған болатын.

Әсіресе, Фирдауси, Низами, Физули, Әлішер Науаи шығармаларынан үлгі – өнеге алған олар, бұл ұлы тұлғаларды өздеріне ұлағатты ұстаз ретінде танып, олардың шығармаларын жаңғырта жырлап отырғандары да болды.

Сөйтіп, Шығыс шайырлары жырлаған дастандар негізінде, өздері де дастандар шығарып, толғаулар жазып, тұңғыш рет қазақ әдебиеті тарихында, Шығыс тақырыбын жырлау мәселесіне ден қоя бастайды. Шығыстың жыр дүлдүлдерінің есімін ерекше құрметпен тілге алып, олардың шығармаларынан рухани нәр алғандығын жан – жан жақты аңғартып, өз өлең жолдарында олар есімдерін ерекше құрметпен тілге алған да болатын. Мәселен, Майлы қожа Сұлтан қожа ұлы өзінің “Толғау” атты өлеңінде:

Өзбектен өткен Науаи,
Тілдің кәусар гүлі еді.
Парсыдан өткен Фердауси,
Заманында дүр еді.

десе, тағы бір ойлы да отты өлең жолдарында;

Фердауси өтті дүниеден,
Тілдің кәусар гүлі боп.
Онан кейін Науаиы –
Басқа адаммен тең емес,
Салыстырсаң кем емес,
Ізі қалды жырының. –

деп, кемеңгер ақын Әлішер Науаиның ақындық арынын терең танып, оны өзінің өлең жолдарында ерекше ардақ тұтып, қуана тілге алады да, оның ақындық талантына бас иіп, тәнті болады.

Оның үстіне, Сыр сүлейлерінің бірі – Кенже қожа Құлмырзаев та, өзінің “Ақындар” атты жыр толғауында, Шығыс шайырларын ерекше ыстық ілтипатпен тілге ала келіп, Фердауси, Әлішер Науаи мен Физули талантына айрықша құрмет пен көңіл аударады. Мәселен ол;

Әуелгі шайыр Фердауси,
Артына назым тастаған.
Науаи менен Фзули –
Өзгеден озған пешқадам.

деп, олардың ақындық арынын, аса жоғары бағалайды.

Сөз орайы келгенде тағы бір айта кетерлік жәйт, Әлішер Науаи өзінің ғашықтық, сүйіспеншілік лирикаларында, сұлу қыздардың қасын – садаққа, еріндерін – қызғалдаққа, аузын – оймаққа, кірпігін – жайдың оғына, шашын – сүмбілге, жүрегін – қорамсаққа, тісін – дүрге балап, жыр жолдарына қосқан болса, Сыр бойының сүлейлері де, оның ішінде, ақын Шәді төре Жәңгіровтың да, Әлішер Науаи дәстүрін одан әрі жалғастырып, дәл солай жырлағандығын байқау, оншалық қиын емес. Мәселен ол:

Қасы – жай, шашы – сүмбіл аузы – ғұнша,
Нәзіктік – түзіктікте, белі – қылша.
Сымдай тән, нәзік бәдан, шірін забан,
Жүзінің зипалдығы – қызыл гүлше,-

дейді де, одан әрі тереңдей түсіп:

Тісі – дүр, аузы – ғұнша, көзі – нәркес,
Жүзі – гүл, шашы – сүмбіл, қиылған қас.

Белі – қыл, лебізі – бұлбұл, мұрны – пісте,
Дүниеде еш адам жоқ бұған ұқсас.

десе, тағы бір өлең жолдарында:

Қараса ұйықтап жатыр бір слу қыз,
Қасы – ай, кірпігі – оқ, шашы – құндыз.
Жүзінен нұры шығып шұғлаланған,
Ай мысал он төртінші яки жұлдыз.

деп, ұлы ақын Әлішер Науаи жырлағандай тамаша теңеулермен, образды, айшықты сөздермен өз өлеңдерін өрнектей түседі.

Оның үстіне Шәді төре Жәңгіров, өзбек жазба әдебиетінің негізін салған, тарлан ақын Әлішер Науаиның лирикалық шығармаларынан, ғашықтық жырларынан аса мол үлгі – өнеге алып, оны өзіне рухани ұстаз тұтынған десек, ол да артық айтқандық бола қоймас деген ойдамыз. Өйткені, оның өлеңдерінде Әлішер Науаи өлеңдерінің игі ықпалы жан – жақты аңғарыла түседі.

Тіптен, белгілі ақын Әріп Тіңірбергенов та (1856 – 1924) өзінің 1884 жылы жазған өлең жолдарының бірінде;

Інжуден отыз тісі, ерні – лағыл,
Ақ тамақ, алтын иек мойындары.

деп, қыздың көзін гауһарға, тісін – інжуге, ернін – лағылға, кірпігін – жаңа туған айға теңесе, тағы бір өлең жолдарында, бұл ойын одан әрі дамыта түсіп;

Қасың – мәт, ернің – әмзә, сәкін – көзің,
Үтірдей бармағыңыз, шәрбәт сөзің.
Тәштит пен таһиғаңды таба алмадым,
Таныстай кез келесің қайдан өзің.

деп, аса тамаша түйіндеулер жасайды.

Оның үстіне Әріп Тәңірбергенов өзінің, 1884 жылы жазған «Зияда – Шаһмұрат» атты аса көлемді хиссасында, Зияда қыздың әсем келбетін, сұлу көркін жан – жақты сипаттай келіп, «Бұраң бел, ерні – ақық, көзі – гауһар» десе, одан әрі қыз сипатын жандандыра түсіп; «Хорлының жаннан асқан аршын төсі, алтын иек, інжу басы» – деп те жыр жолдарына қоса, оқырмандарды тамсанта түседі.

Ақынның бұл қисса – дастаны, 1890 – 1912 жылдар аралығында, Қазан қаласында төрт рет басылып шығады. Сондай – ақ оның «Хисса Қожа Ғафан», «Хисса Таһир», «Хисса Баһром» сияқты т.б. хисса – дастандарында да, Шығыс ақындарының, оның ішінде Әлішер Науаи шықармаларының игі ықпалын, әсер – лерін анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Бұл әрине, қазақ ақындарының, оның ішінде Сыр сүлейлерінің Әлішер Науаи шығармаларынан рухани нәр алып, оны өздерінің ұлағатты ұстазы ретінде таныған деуге болады. Міселен; Әріп Тәңірбергенов өз өлең жолдарында, Әлішер Науаи дастандарында кең көрініс тапқан қаһармандарының есімін де, өз өлең жолдарында жиы – жиы тілге алады. Мәселен ол;

Бұлардың зар тартқаны Ләйлі – Мәжнүн,
Ізденіп ақырында мансап қонған.
Зияда, Хорлы Ғайын, Фарход – Шырын,
Бұл күнде хабарым бар сондай жолдан.

деп, Шығыс шайырларының шығармаларынан хабардар екендігінде жасырмай, ашықтан – ашық тілге алады.

Жасыратыны жоқ, кемеңгер ақын Әлішер Науаи өзінің "Хамсасының" бірінші дастанын 1483 жылы "Хайратул – аброр", яғни "Жақсы адамдардың қайраттануы" атты шығармасын жазған болса, 1484 жылы

“Фархад – Шырын”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Сабаъй сайер” (“Жеті кезбе”), 1485 жылы “Садди Искандарий” (“Ескендір қорғаны”) сияқты дастандары мен тамаша ғазелдерін жазу мүмкіндігіне ие болған.

Ал, 1488 – 1500 жылдар аралығында бір жөн ғылыми зерттеу еңбектер жазумен бірге, тарихи мәнге ие шығармалар да жазады. Ұлы ғұламаның бұл шығармалары, өзбек әдебиеті мен мәдениеті тарихында ғана емес, әлем әдебиеті тарихында ерен орын иелейтін құнды да құнарлы дүниелер. Өйткені, кемеңгер қаламгердің “Тарихи мулки ажам”, (“Ажам хандарының тарихы”), “Холоти Сайид Хасан Ардашер”, “Рисолаи муаммо”, “Сирож – ул – Мусилимин” (“Мұсылмандық нұры”), “Мухокаматул – луғатайн” (“Екі тілдің таласы”) “Мезонул – авзон” (“Өлең өлшемі”), “Назм – ул – Жавохир” (“Гауһарлар тізбегі”) секілді т.б. ғылыми зерттеу еңбектері, күні бүгінге дейін өзінің ғылыми мәнін жоғалтқан емес.

Міне бұлардың бәрі, ұлы ақынның – кемеңгерлік тұлғасын, ұлылық сипаттарын одан әрі биіктете түсетін соны туындылары десек орынды ғой деп ойлаймыз.

Міне осындай ұлы тұлға, кемеңгер ақын 1441 жылдың 9 ақпанында дүниеге келіп, 1501 жылдың 3 қаңтары күні Герат қаласында, 60 жасында бұл пәниді тәрк етіп, өмірден озады. Дегенмен де, ұлы ақын өзінің көркем туындылары мен өзбек халқы арасында ғана үлкен орын иелеп қалмай, ол туысқан халықтар арасында да, оның ішінде іргелес отырған қазақ халқа арасында да өз ақынындай сүйіп оқылып, ол жәйлі сүйсіне пікірлер білдірілген ақын екендігін, біз жоғары да көріп өттік.

Солай екен, ұлы ақынның өзі өлсе де, өз соңына қалдырған көркем поэтикалық шығармаларымен, ғылми зерттеу еңбектерімен, әлем әдебиеті тарихында ерен орын иелеумен бірге, бүкіл әлем халтары арасында мәңгі жасай бермек.

Сондықтан да, кемеңгер ақынның шығармалары тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып, қазақ халқының рухани игілігіне айналуы, XX ғасырдың 40 – жылдары – ның соңына тау кезеңге тура келеді деуге болады. Мәселен: ғұлама ақынның “Таңдамалы өлеңдер” жинағы, тұңғыш рет “Әлішер Науаи” деген атпен 1948 жылы, оның 500 жылдық мерей тойына орай, Алматыда жарық көрген болатын. Онда, ақынның бір жөн ғазелдері мен лирикалық өлеңдері, кейбір дастандарынан үзінділерді – Әбділдә Тәжебаев, Өтебай Тұрманжанов, Қалижан Бекхожин, Сағын – ғали Сейітов сияқты т.б. ақындар қазақ тіліне аударып, қазақ халқының рухани игілігіне айлдандырады. Бұл ретте ақынның «Ләйлі – Мажнұн», “Фархад – Шырын” сияқты дастандарынан үзінділер аударылған болса, жинақтың “Алғы сөзін” дархан дарын, ғұлама ғалым, академик Мұхтар Омархан ұлы Әуезов жазған болатын.

Соңыра, ұлы ақынның бес дастаннан тұратын “Хамсасынан”, “Ескендір қорғаны” атты дастанын, 1980 жылы аса талантты ақын Несіпбек Айтов аудармасында, қазақ оқырмандары аса үлкен сүйіспеншілік пен қуана қарсы алды.

Оның үстіне, 1968 жылы ұлы ақынның 525 жылдық мерей тойы, Қазақстан Республикасы көлемінде, өз ақыны ретінде танылып, кеңінен атап өтілді. Нәтижеде, қазақ газет – журналдарында ұлы ақынның өлеңдері қазақ тілінде жаряланумен бірге, ұлы тұлға туралы, оның ақындық әлемі жайлы бір жөн мақалалар да жаряланды. Тіптен, 525 жылдығына орай “Қазақ әдебиеті” газетінің 40 – санында арнайы бет беріліп, онда филология ғылымының кандидаттары, доцент Әбіхас Тәжімұратовтың “Шығыстың жарық жұлдызы”, белгілі ғалым Көбей Сейдахановтың «Әлішердің “Хамасасы” атты мақалаларымен бірге, ғазелдерінен үзінділер аударылып басылған болатын. Әрі, белгілі әдебиет зерттеушісі, сыншы ғалым, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының кореспондент мүшесі, профессор Есмағамбет Исмайылов та, өзінің «Науаи және қазақ әдебиеті» деген сияқты мақаласын жарылап, ұлы ақынның қазақ шайырларына тигізген игі ықпалдарын да сөз еткен болатын.

Реті келгенде тағы бір ескерте кетерлік жәйт, ақын өлеңдерін қазақ жұртшылы – ғына жеткізуде – Әбділдә Тәжібаев, Қалижан Бекхожин, Өтебай Тұрманжанов, Қуандық Шаңғытбаев, Жақан Сыздықов, Ғафу Қайырбеков, Сағи Жиенбаев, Қадыр Мырзалиев, Қайрат Жұмағалиев сияқты т.б. ақындардың еңбегі ерекше екендігін тілге алған жөн ғой деп ойлаймыз.

Әрі, кемеңгер ақын жәйлі академик Мұхтар Әуезов “Әлішер Науаи”, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Исмаилов секілді жазушы, ғалымдармен бірге, Рахманқұл Бердібаев «Әлішер Навой», Ысқақ Дүйсенбаев, Сағынғали Сейітов секілді т.б. ғұлама ғалымдардың бір жөн мақалалары да жарық көрді.

Сондай – ақ, филология ғылымдарының докторы, профессор Өтеген Күмісбаев – тың “Шығыс шайырлары” атты еңбегімен бірге, осы жолдардың иесі – Қалдыбек Сейдановтың “Мір Әлішер – асыл сөздің пірі”, “Науаи және қазақ әдебиеті”, “Асыл сөздің атасы”, «Науаи және қазақ әдебиеті», «Науаи және Абай», «Поэзия падишасы» сияқты т.б. қазақ баспасөздерінде жаряланған бір жөн мақалаларды еске алу лазым деп ойлаймыз.

Солай екен, ұлы ақын Әлішер Науаиның кемеңгерлік тұлғасы, оның өміршең әдеби мұралары, жылдар, ғасырлар өткен сайын қазақ халқының да рухани игілігіне, мәдени байлығына айналып, оның даналығы мен даралығы, ұлылығы мен дархан дарындығы айқындала бермек.

Сондықтан да, ұлы ақынның 500, 525, 530, 540, 550, 560 жылдық мерей тойларының қазақ халқы арасында ерекше серпіліспен атап өтілуінің өзі, қазақ халқының туысқан өзбек халқының ұлы ақыны, кемеңгер көсемі – Әлішер Науаиыға деген сүйіспеншілігі болса, екіншіден бұл туысқан өзбек халқына деген ыстық ықылас пен туысқандық ілтипаттпрының да бірден – бір жемісі деуге болады.

Әрине бұл – қазақ, өзбек халықтары арасындағы достық қарым – қатынастар мен игі де ізгі байланыстарды, туысқандық мерейлі сезімдерді одан әрі жетілдіріп, кең өріс алдыра түсуде бірден – бір нәрлі тыныс болумен бірге, түбі бірге туысқан екі халықтың мызғымас бірлігін, достығын дамыта түсуінде де ерекше мәнге ие болмақ. Әрі, өзбек – қазақ әдеби-мәдени байланыстарының жаңа-жаңа қырларының ашылуында да өз жемісін бере түспек.

СҮЙЕРҚҰЛ Б.М.
бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Алматы, Қазақстан,
akbotakoz@mail.ru

САДЫҚОВА М.С.
1 курс магистранты,
филология және әлем тілдері факультеті
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы, Қазақстан
m.serikqyzy@tilbilimi.kz

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ЕР/ӘЙЕЛ» СЕМАНТИКАЛЫҚ ОППОЗИЦИЯСЫН АЙШЫҚТАЙТЫН ЫРЫМ-ТЫЙЫМДАРДЫҢ ГЕНЕЗИСІ
(«Адам ата мен Хауа ана» қиссасының материалында)

Түйін. *Мақалада «Адам ата мен Хауа ана» қиссасынның материалынан алынған мысалдар негізінде қазақ тіліндегі ер мен әйел адамға қатысты кейбір ырым-тыйымдардың шығу себептері қарастырылып, қазіргі кездегі ырым-тыйымдармен салыстырылды.*

Түйін сөздер: *семантика, семантикалық оппозиция, тілдік бірліктер, антонимия, Адам ата, Хауа ана.*

Резюме. *В статье рассматривается генезис суеверий и запретов, относящихся к оппозиции «Мужчина» и «Женщина» в казахском языке на основе материала «Адам ата и Хауа ана», также проводится сравнительный анализ современных суеверий и запретов с материалом хиссы.*

Ключевые слова*: семантика, семантическая оппозиция, языковые единицы, антонимия, Адам, Ева.*

Summary. *This article discusses the genesis of signs and beliefs which represents the semantic opposition of a man/woman in the Kazakh language on the basis of materials of the hissa "Adam Ata and Haua Ana, given a comparative analysis of the modern subjects and beliefs.*

Keywords: *semantics, semantic opposition, language units, antonym, Adam, Eve.*

Семантика термині грекше semanticos – *мағыналы, мағына беруші* дегенді білдіреді.

Семантикалық оппозицияға зерттеушілер мынадай анықтама береді: «Антоним сөздер және жалпы антонимия құбылысы (синоним сөздер сияқты) ауызша немесе жазбаша сөзжұмсам барысында тілдік бірліктің ақпараттық әлеуетін барынша арттыруға ықпал етеді. Антонимдерді қолдану сөзжұмсамның мәнерлілігін арттырады және семантикалық жағынан байыта түседі. Бұл, әсіресе, поэтикалық мәтінде айқынырақ байқалады. Ал тіл білімінің лингвосемиотика саласында мұны *семантикалық оппозициялар* деген ортақ ұғым төңірегіне топтастыруға болады. Лингвистикадағы оппозиция – структурализмдегі мәнайырым үшін маңызды ұғымдардың бірі ретінде түсініледі. Тұрпат межесі бірліктерінің арасындағы мұндай айырымға мазмұн межесіндегі бірліктердің айырмашылықтары да сәйкес келеді. Лингвосемиотикада оппозиция ұғымы тілдік бірліктерді (инварианттар) және олардың варианттарын бөліп көрсету үшін қолданылады. Мұндағы басты ерекшелік мынада:

– инварианттар бір бірімен оппозитивтік қатынастарға түсе алады, яғни олар бір біріне толықтай қарама-қарсы қойылады;

– ал варианттарда мұндай қабілет, мүмкіндік, әлеует жоқ, болмайды, демек, олардың арасындағы қатынастар бейоппозитивті болады» [1, 41-б.].

Антонимия құбылысын арнайы зерттеген профессор А.Қ. Жұмабекова тілдік және логикалық қарама қарсылықтардың арақатынасын былайша түсіндіреді: «Логическая противоположность служит для выражения определенных отношений между понятиями. Языковая противоположенность, являясь производной от логической, отражает в языке существенные с точки зрения человеческого сознания различия в предметах и явлениях объективного мира и реализуется в антонимических оппозициях» [2, 12-б.].

Ерлі-зайыптылардың ортологиялық ерекшеліктері, отбасындағы орны, әлеуметтік, құқықтық мәртебелері исламға дейінгі ежелгі мәдениетпен және ислам мәдениетімен байланысты орнықты [3, 17-б.].

Жалпы атауы «адам» болғанымен ер мен әйел әрқайсысы өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Егер бір-бірінен ешқандай айырмашылығы жоқ, өзара тең жаратылыс болғанда, Құдай тағала еркек/әйел етіп бөліп жатпай, бәрін біркелкі әйел, болмаса біркелкі еркек етіп жаратар еді ғой. Бірақ әрқайсысы бөлек жаратылыс болғанымен, бұл екеуі бір-бірін толықтырып, өзіне тән ерекшеліктерімен өзгесінің артық-кемін жасырып отырады. Соған байланысты тілімізде *«екі жарты – бір бүтін»* деген тілдік бірлік қалыптасқан. Бұл екеуі бірігіп, әрқайсысы өзіне тән міндетін дұрыс атқарған кезде ғана дүниеге саналы ұрпақ келіп, өздері де айналасына сыйлы болып, о дүние мен бұ дүниенің қуанышына бөленбек.

Дана халқымыз ежелден ұл мен қыз тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Соған байланысты біздің ұлттық санамызда ұл бала ұрпақ жалғастырушы, отбасын асыраушы, ел-жұртын қорғаушы саналып, алпыстағы әже алты жасар ұлдың алдын кесіп өтпеген. Ал қыз баланы қонақ, жат жұрттық, ата-анасының өзге үйдегі айнасы деп білген. Ұрпақ тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарайтын ата-бабамыз бала күнімізден ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түрлі ырымдар мен тыйымдар арқылы, алуан түрлі аңыздар мен әңгімелер арқылы жеткізіп, бойымызға сіңіріп отырған.

Қазіргі қоғамда қолданылып жүрген кейбір ырым-тыйымдар сонау адамзат жаратылған кезден бастау алады.

Профессор Б. Сағындықұлы тәржімалаған «Адам ата мен Хауа ана» қиссасында мынандай мәлімет бар:

«...Адам ʼалайһи с-салам сонда отырып құрма мен жүзім жеді. Өзге тағамдардан ауыз тиді. Пейіштің ауасы жұпар, іші көрсе көз тоймайтындай тартымды еді. Тәтті сулар, шырын сусындар барлық кезде даяр тұратын. Отырып алып бір тәтті қиялға түсті. Егер бір жұбым болса, онымен жақын дос әрі туыс болсам, дәулет пен ғизатты бірге көріп, сауық-сайранды бірге салсақ деп армандады. Сол уақыт талма-тал түс еді, ұйқы жеңе бастады. Ұйықтар-ұйықтамастан-ақ Хақ субхана уа тағала Жебірейіл ʼалайһи с-саламға әмір етті: «Адамның сол қабырғасын алып, өзі сияқты бір сурет жаса. Ол оған лайықты болар. Адамның барлық ұрпағы содан пайда болар. Жебірейіл ʼалайһи с-салам Хақ субхана уа тағаланың әмірі қандай болса, дәл сондай етіп орындайтын. Адам ʼалайһи с-саламның бойына, денесіне құрылымына ұқсатып жасады. Алайда бірнеше жерлері Адам ʼалайһи с-саламға ұқсамады. Мәселен, терісі жұп-жұқа, реңі саф таза, денесі жұп-жұмыр еді. Хазірет Адам ояу болса денесі ауыратын еді. Осы себепті Адам ʼалайһи с-салам Хауаны дұшпан көріп, оған шапағат жасамас еді. Ал егер қатты ұйқыда болса, өзінен жаратылғанын білмес еді. Егер басқа бір нәрседен жаратылса, Адам ʼалайһи с-салам оны жақсы көрмес еді. Қашанда от пен су, Адам мен хайуан, мұсылман мен кәпір бір-біріне үйлеспейді. Құдай тағала Хауа ананы хазірет Адамның бүйіріндегі қисық қабырғадан жаратқан» [4, 259-б.]. Әйел ердің қисық қабырғасынан жаратылған. Қабырға адам ағзасының жүрек, өкпе, асқазан сияқты ең маңызды мүшелеріне қорғаныш қызметін атқаратыны мәлім. Ғалым Н. Уәли: Хауа ананың басқа бір бөтен заттан емес, Адам атаның қабырға сүйегінен жаратылуының діни санадағы түп мәні (протосемантикасы) «олардың бір-біріне бөтендігі жоқ, сондықтан жұптасып отбасын бірге құру бұйырған» деген мағынаны аңғартады. Дәстүрлі қазақ қоғамының діни санасында осы түсінік басым екенін айтады [3, 17-б.]. Сол себепті әйелдің ер азаматтың қабырғасынан жаратылғаны тегін емес.

Сыр сүлейі Тұрмағанбет ақын: *Әйел көктен түскен жоқ, Ол – еркектің баласы. Еркек жерден шыққан жоқ, Әйел – оның анасы,* – дегеніндей, әйел мен еркектің бір-бірінсіз күні қараң. Тілімізде *«қабырғасымен кеңесу»* деген тіркес бар. Ер адам кей мәселені әйелімен ақылдасатын кезде қолданады. Қалай алсақ та, ер мен әйел бір-бірін толықтырып отырады. Осыған орай халқымызда *«Әйел – ерінің айнасы»,*– деген аталы сөз бар. Бұл – әйелдеріңе жақсы қараңдар, олардың бақытты болып жүруіне жағдай жасаңдар деген сөз. Ата дініміз исламда да осылай делінеді. Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) хадистерінің бірінде: «Әйел қабырғадан жаратылған. Егер сен осы қисық сүйекті түзетуге әрекеттенсең, оны сындырып аласың. Сондықтан әйелге әрқашан жылы сөйлеуге тырыс»,– деген өсиет айтылыпты.

«Әлқисса, Хазірет Хауа өзінен жаратылғаны үшін Адам ʼалайһи с-салам көңіліне мейірім, махаббат түсті. Хазірет Хауа теңдесі жоқ асқан сұлу еді. Ондағы көрік пен әдемілік бірде-бір мақұлқатта жоқ болатын. Құдай тағала адамға тән сұлулықты жүз бөлікке бөлді. Оның тоқсан тоғызын Хауаға берді. Қалған бір бөлікті тағы жүз бөлікке бөлді. Тоқсан тоғызын Хазірет Жүсіпке берді, одан қалған бір бөлікті және жүз бөлікке бөлді. Тоқсан тоғызын Мұхаммед ʼалайһи с-саламға, Хадиша Кабриге, Фатимаға және Зуһраға берді. Ең соңғы бір бөлікті ғаламға берді. Сөйтіп, Адам ʼалайһи с-салам хазірет Хауа ананы айнымаған өз суретіндей көріп, көңілі ауып, барынша ынтызар

болып қалды. «Маған жақын кел», – деді. Хазірет Хауа қабыл қылмады. Ақыр соңында Адам ʼалайһи с-салам түрегеліп Хауаның қасына барды. Ер кісінің әйелдің қасына алдымен баруы содан қалды. Алайда қиямет күні әйелдер еркектердің қасына барады» [4, 261-б.].

Ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас өте күрделі әрі өте нәзік. Оның өзіндік қыр-сыры көп. Мысалы, қазақ әйелі ешқашан өзі ер адамның алдына барып сезімін білдірмеген. Еркектің таңдауымен, қалауымен өмір сүрген. Тек текті ұрпақтың, ханның қызы (егер жалғыз қызы ғана бар болса) өзіне сай, дәулеті мен сәні келіскен, ақылы мен ажары сай жігітті таңдауға мүдделі болған. Онда да оны көпшілік жағдайда әкесі таңдап берген. Бүгінгі таңда қаракөз қазақ қыздары «мен өз теңімді іздеймін» деп сан мыңдаған, миллиондаған халықтың алдына шығып, жарияға жар салып жүр. Сол қыздардың құлағына алтын сырға. Халқымызда ешқашан қыз бала өзі тікелей, бұлай ашық түрде жігіт, күйеу іздемеген. Жастардың санасын улау, қоғамдық сананы дүрліктіре бұрмалау негізінде көгілдір экранымыздан көрсетіліп жүрген аты шулы «Қалаулым», «Кел, келінім» сынды бағдарламалар біздің ділімізге жат дүние ретінде, эфирден алынып тасталуы тиіс. Қазақ қыздары атам заманнан келе жатқан қарапайым ғана әдеп ережелеріне көңіл бөлгені жөн.

«Адам ʼалайһи с-салам хазірет Хауаға аңсары ауған кезде Жебірейірл ʼалайһи с-салам келіп айтты: «Ей, Адам, әуейілікті қой. Көп шыдамсыздық жасама. Неке кесілмейінше, рұқсат етілмейді» [4, 264-б.]. Бұл да қазақ халқына тән тағы бір тәрбиенің көрінісі. Қазақ қызы ешқашан некесіз бала таппаған... Адамзат жаратылған кездің өзінде-ақ бұл нәрсеге тыйым салынған. Сондықтан да ата-бабамыз *«қызға қырық үйден тыйым»*, *«қызыңды бөтен үйге қондырма, ұлыңды бөтен үйден тойдырма»,*– деп екі-ақ ауыз сөзбен үлкен мәселенің алдын алып, ескертіп отырған.

Қоғамда қалыптасып келе жатқан тағы бір келеңсіздік осы жерде көрініс береді. «Жетесіз жастан некесіз бала туады», – дейді халқымыз. Жас қыздардың ойнақтап жүріп от басқан, оң босағада отырып жүкті болып, тіпті сол баланы кез келген жерге тастап кеткендігі туралы оқиғаларды жиі естіп жүрміз. Мұндай жағдайдың көбейгені соншалық, тіпті оған құлағымыз да үйреніп, таңғалмайтын дәрежеге жеттік. Бұл – өте аянышты жағдай. Батысқа жөнсіз еліктеу, жастар санасына, біздің ұлтымыздың менталдық ерекшелігіне мүлде жат көптеген нәрсені сіңіріп келеді. Өмірдің, тұрмыс-тіршілігіміздің қай саласын алсақ та, ата дініміз исламда, қала берді дала заңында, ата-апаларымыздан қалған нақыл сөздерде айқын көрініс тапқаны мәлім. Тек осыған жіті назар аударғанымыз жөн.

«Адам ʼалайһи с-саламға лебіз келді: «Ей, Адам! Мен саған қаншама игіліктерді көрсеттім. Ал сен сөйтіп менің әмірімді орындамадың. Сол үшін өзіңді он нәрсеге кіріптар етіп отырмын. Ешқашан бұдан құтыла алмайсың. Жалаңаш боласың...» [4, 269-б.]. Пейіште жүрген кезде адамның үстінде ең әдемі киімдер болған. Кейіннен қателік жасап, пейіштен қуылған кезде, оның үстіндегі киімін шешіп алған... (адамның тырнағы сол бейіштегі киімнің жұрнағы деген сөз бар...), содан бері адам киім киіп жүруге мәжбүр болды. Әурет жерін жұрт көзінен жасырып жүру міндеттелді. Жалаңаш жүру әдепсіздікке жатады. Басқа жаратылыстың барлығында табиғи қорғаныш, терісі бар. *«Қарының ашады...»* [4, 270-б.]. Адам алғаш пейіште өмір сүрген кезде қарын ашу сезімін сезінбеген еді. Кейін пейіштен қуылған соң, қарыны ашып, уақ уағымен қоректенуге мәжбүр болды. Бұған байланысты тілімізде *«құ құлқынның қамы», «қарынын тойдырудың жайы», «ақ түйенің қарыны жарылды», «қарыны тоқ, көйлегі көк»* сынды тіркестер бар. *«Терің әлжуаз болады»* [4, 271-б.]. Тіліміздегі *«жон терісінен таспа тілді»* тіркестері тек адамға қатысты айтылады. Себебі, адам терісі басқа тіршілік иелеріне қарағанда әлдеқайда жұқа, нәзік. Терімізді кішкене ғана ағаштың, тікеннің өзі де жаралап кететіні осы себепті.

«...Шайтанның дұшпандығына кезігесің...» [4, 271-б.]. Адамның кез келген тірлігіне шайтан араласып, жаман ой салып отырады екен. Сондықтан тура жолдан тайған адамдарға қатысты *«шайтаны азғырды»* деп, кенеттен алдынан шығып қалған адамға *«сайтанның сапалағындай сап етті...»* деп жатамыз. Сонымен қатар «жыны қозып», ызаланған адамға *«сайтаны ұстады»* деп, қырсық шалып, жаза басқан адамға қатысты *«шайтаны шатастырды»* [5, 203-б.] деген тіркестерді қолданамыз.

«Ісің бүкіл ғаламға жария болады» [4, 271-б.]. Тіліміздегі *«түстік жерге өтірік айтсаң, кешке өзіңмен барады», «әкеңнің өлгенін жасырсаң, көмгенін қайтесің?», «отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды»,*– деген мақал-мәтелдер осыған дәлел бола алады.

«...Тамақ табу үшін жүз мың қорлық және зорлық көресің. Қолыңды күлдіретпей, бір рет те нан жей алмайсың» [4, 271-б.]. Адам баласы жейтін қорегін басқа тіршілік иелеріне қарағанда көп еңбектеніп, маңдай терін сіңіріп барып, бір-ақ жейді. *«Еңбекпен тапқан нан тәтті», «адал еңбекпен*

мал іздемек – арлы адамның ісі» (Абай), *«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар»* (Абай) дегендей адал еңбекпен келген мал ғана адамға дәулет болып бітеді. Осындай нақыл сөздер арқылы ата-бабамыз ұрпағын адал еңбекке баулыған.

«*Одан кейін Хауаға әуез келді: «Ей, Хауа! Сені, әмірге мойын ұсынбаушылығыңның сұмдығынан он алты бәлеге тәуелді еттім. Бірінші. Ердің михнаты»* [4, 272-б.]. Жалпы қазақ ұғымында әйел ерінен бір саты төмен тұрады. «Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық», Бұл ой дініміз исламда да қолданылады. «Дәстүрлі ортаның әйел құны мен құқығы жайлы ұстанымдарында отбасы мүшелерін материалдық игілікпен қамтамасыз ету ер адамға жүктелгендіктен, әйел адамға құқықтық материалдық артық міндеттеме жүктемейді. Этномәдени дәстүрдегі талап пен діни ұстанымдарға байланысты, социумның санасындағы түсінік бойынша, әйелдің міндеті – дүниеге ұрпақ әкелу, ұрпақ тәрбиелеу» [6, 219-б.]. *«Ердің өкімі мен әмірінде болуы. Ажырасу ердің ықтиярында болу. Мирастан аз үлес алу»* [3, 272-б.]. «Дәстүрлі құқықтық ғұрыптағы әдеттік құқық пен шариғат белгілеп берген ереже-қағидаларға сәйкес «әйел құны, ерлер құнының жартысына тең» [6, 221-б.]. «Жеті жарғыда» жазылған осы бір заң, әйел мен ердің орнын айқындап береді. Сонымен қатар дастарқан басында алты жасар ұл бала отырса да әйел адам ас қайырмайды... бұл қазақтың ер адамды сыйлаудағы маңызды ғұрыптық дәстүрі болып табылады. «*Куәлікке жарамау. Ақылының аз болуы. Құрмет-ғиззаттан мақұрым болу. Уахи (Алланың құпия сырларды ашуы) ілһамнан (Алланың сүйген пендесіне білдірген аяндары) мақұрым болу. Имам болуға жарамайтындығы. Көпшілікпен оқитын намаздарға қатыса алмайтындығы. Айт намазына қатыса алмайтындығы. Жаназа намазына қатыса алмайтындығы»* [4, 274-б.]. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кезінде әйелдер мешітте парыз намаздарын оқитын, жұма және айт намаздарына қатысатын. Ер кісілер –алдыңғы қатарларда, ал әйелдер – соңғы қатарда тұратын. Бастапқыда әйелдер мешіттің кез келген есігінен кіре алатын, бертін келе, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әйелдерге бөлек есік арнауды бұйырды. Қазіргі таңда бұл есік «әйелдерге арналған есік» деп аталады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Әйелдердің мешітке баруына тыйым салмаңдар. Бірақ, үйінде оқығаны одан қайырлы (жақсы)», – деген. Тағы бір хадисте: «Әйелдердің ең ізгілері – мешіті үйінің ішінде болғаны», – деген [7]. Бұл – халқымыздың ділінде, санасында орныққан түсінік. Ер – түздің адамы болса, әйел сол үйдің берекесі мен жылуын сақтап, бала тәрбиесімен айналысып, отбасындағы береке мен татулыққа тікелей жауапты болған. Бұдан өзге әйел заты ерінің рұқсатынсыз үйінен ұзап шықпаған және жолдасы жоқ кезде үйіне қонақ қондырмаған.

«Патша болуға жарамайтындығы» [4, 274-б.]. Осы тұста жыраулар поэзиясындағы мына бір жыр жолдары еріксіз еске түседі:

«Қилы-қилы заман болар,
Қарағай басын шортан шалар.
Сиыр пұл болар,
Қатын би болар». Қазақта *«байтал шауып бәйге алмас»* деген сөз бар. Бұдан байтал жүйрік болмайды, бәйге алмайды деген ой тумауы керек. Керісінше, ең жүйрік жылқы ұрғашы малдан болатынын қазақ мәдениетіне зер сала қарағанда байқаймыз. Мәселе байталдың бәйгеге жаратылмағанында, оның жаратылыс мақсаты басқа екендігінде. Оның шешуін дана қазақ *«байтал мінсең, құлын жоқ»* деп алдымызға тартады. Байталдың «бәйгесі» басқа, ол құлындап, мал басын көбейтіп, ер жігіттің дәулеті мен сәулетін шалқытуға арналған [8]. Бұрынғы қазақта әйелдердің бәйгесі басқа еді: әйелдің қадір-қасиеті дүниеге ұрпақ әкелуімен өлшенетін. Бұқар бабамыз: *«баласы жоқ қатыннан лақтаған ешкі артық»,* – дейді. Ащы болса да, шындық. Жаратылыс мақсаты бойынша, лақтаған ешкі баласыз әйелден озып тұр. Қазіргі қазақ әйелі тіршіліктің бәйгесіне, мал табу мен мансаптың жолына мықтап кіріскен... Қазіргі қазақ отбасында дәстүрлі тәрбие жоқтың қасы. Бұл да қыз баланы моральдық және психологиялық тұрғыдан болашақ ана, болашақ жар ретінде дайындамаудың бір салдары деп ойлаймыз.

«Әлқисса, Адам ʾалайһи с-салам Сарандиб тауынан келіп түскен бойда шайтан ʾалайһи л-ла ʾна жер жүзіндегі жануарларға хабар береді: «Ей, жарандар! Жер жүзінде бір нәрсе пайда болды. Өте күшті. Ол сіздерді жұмсайды. Өлтірмесеңіздер, оның жапасынан құтыла алмайсыздар. Әйтпесе, күні ертең перзенттері көп болады, күштеріңіз жетпейді». Бір бөлек жыртқыштар жиылып келіп қамалады. Адам алайһи с-салам қорықты. Әуез келді: «Ей, Адам, иттің басын сипа. Иттің басын сипады. Ит ол жыртқыштарды қуалап, күш көрсеткендерін өлтірді. Опа қылған себепті ит адамға жолдас болды» [4, 278-б.]. демек, адамзат баласының жердегі ең алғашқы досы ит болған екен. Сондықтан болар әлі күнге дейін тілімізде мынандай тыйымдар бар.

Әйел кісі итке тас лақтырмайды. Бұлай істесе, әйел қолының берекесі қашады, ырысы кетеді деп ырымдаған.

Жаңа босанған әйел үйге кірген итке «шық» демейді. Бұлай істесе, тісі түсіп қалады, қайраты кемиді деп санаған.

«*Қияметке шейін ол шөптерді әйелдерге сәндік үшін пайдалану мирас болып қалды. Теңізге тамған жастары ғуһар мен жауһарға айналды деп айтады. Адам алайһи с-салам ұялғаны соншалық жоғары қарай алмайтын. Көзінен аққан жасты жабайы аңдар мен құстар, әртүрлі жануарлар ішуші еді. Қыста да қатпайтын. «Жақсы су» деп таласатын, шырындығын көп мадақ ететін. Адам алайһи с-салам «бұлар мені күлкі қылады» деп сенбейтін. Үн келді: «Ей, Адам, рас айтады. Ол су сенің көзіңнен, менің рахметім дариясынан келіп тұр. Рахметім дариясы жалпылама ашуға яки жылап-сықтауға бола келмейді. Көз бұлақтарыңды жай төгілген жас деп ұқпа». Бұл сөзден кейін жаны біраз тыныштады»* [4, 283-б.]. Халқымыздың тіліндегі *«жетімнің көз жасына қалма», «көз жасына қалу // обалына қалу»* сынды тіркестерге қарап-ақ, адамды себепсіз жылатпауға үндегенін көреміз. Адам қатты қайғырғанда немесе қуаныштан көзіне жас алады. Себепсіз жылаған адамды *«Орынсыз көз жасыңды көлдетпе, жаман ырым бастама», –* деп тыйып отырудың негізі осыдан бастау алса керек.

«*Әлқисса, жүкті болу мерзімі аяқталды. Босанды. Туылған ұл тез арада есейді. Барлық перзенттерінен ұяты мол, жуас, мінезі жібектей еді. Нұр камал ас-саруар маңдайының барлық дөңестерінен сәуле беріп, нұр шашып тұрады. Барлық перзенттерінен басым және ақылды еді. Адам алайһи ас-саламға ұқсайтын. Атын Шиш қойды. Шиш деген «Алланың білгірі» деген сөз. Құдай тағаланың хикметін өзге халықтан көп біледі деген мағына береді. Уақытымен балиғатқа жетті. Бір күні Жебірейіл алайһи с-салам келіп айтты: «Ей, Адам! Таңертең Шиштыал-Ағзам қауызына алып кел. Таңертең Шиштыал-Ағзам қауызына алып барды. Хазірет Жебірейіл құж-құж, топ-топ періштелермен келді. Айтты: «Ей, Шиш! Сенің маңдайыңда Нұр Мұхаммед Мұстафа салла алаһу алайһи уа саллам бар. Оны ықтияттап сақта. Қамқорлық жаса, көп құрмет көрсет. Оны имандылық жолында пайдалан. Нұр Мұхаммед кімге барса, сол ұқыптап, жақсы сақтасын, өзіне келген бақытты зая жіберіп алмасын. Ғасырдан ғасыр ауысып, ұрпақтан ұрпаққа жеткенде осы сөз күшінде қалсын», – деп уәде хат жаздырды. Мұны Жебірейіл алайһи с-салам Азбайтын қорапшаға салып Адам Мұстафа салла алаһу алайһи уа с-саллам қолына ұстатты. «Перзенттерің бұл уәде хатты білсін» деп өсиет етті. «Шиштен бастап Абдулла мен Әминаға дейін уәде хат осы болды» деп айтты. Нұр Мұхаммед с-салла алаһу алайһи уас-салам бір ердің кемерінен бір әйелдің жатырына ауысқанда қарғыс атқан шайтанды қамап тастайтын еді. Әлгі перзент өмірге келгеннен кейін оларды босатып жіберетін еді. Бұл Нұр басаруар (әлемнің негізі болған Алла нұры) сол кездің шариғатынан тысқары некесіз әйелде ешқашан болған емес»* [4, 285-б.]. Қазіргі қоғамда «өзі үшін бала табу» деген ұғым қалыптасты. Ділімізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын осы ұғымға қоғамның еті үйреніп бара жатқаны өкінішті. Әрине, кейбіріміз бауыр еті баласын қоқысқа тастап, не сырт елге сатып жүрген «көкек аналардан» гөрі, әкесіз бала тауып, оны «өзім жеткізем» деп үлкен тәуекелге барғандардың шешімін құптауымыз мүмкін. Бірақ дінімізде некесіз бала табу күнәлі іс болып саналған, халқымыз мұндай әйелді сүйегімізге таңба түсірді деп, ол туралы айтпауға, көпшілік көзіне шығармауға тырысқан.

Сонымен этномәдени ұжымның діни санасындағы түсінік бойынша, жұп болып, отбасын құру, ұрпақ өрбіту – Адам ата мен Хауа анадан қалған мирас. Жарық дүниеге жан иесін келтіру, оны өсіріп, тәрбиелеу – әйелдердің Хауа анадан бері келе жатқан, Алла тағала алдындағы аса зор жауапкершілігі мен міндеті. Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамында жасанды түсікке жол берілмеген. Ал ана мен баланы материалдық игіліктермен қамтамасыз ету –ер адамның Алла тағала алдындағы аса зор жауапкершілігі. Әйел-ананың әлеуметтік мәртебесі бұл жағынан ер адамнан жоғары тұрмаса, төмен болып есептелмейді [3, 19-б.].

Халқымыздың бала тәрбиесінде, үлкеннің кішіге ізеті мен кішінің үлкенге құрметі сынды құқықтық, этикалық нормаларды реттеуде Құран Кәрім аяттарын, шариғат заңдары мен Пайғамбар хадистерін негізге алғаны мәлім. Ислам дінінің ұстанымдарына қайшы келмейтін, сол діни шарттар өзіміздің ұлттық санамызға негізделіпп, байырғы наным-сенімдердің қайсыбірі ислам қағидаттарымен сәйкестендіріліп, отбасылық әдет-ғұрыптарда жарыса қолданылып келеді. Жаһандану заманы, XXI ғасыр, ғылым мен техниканың ғасыры деп жүрген бүгінгі қоғамда өз ұлтымызға тән рухани құндылықтарымыздан айырылып бара жатқан жоқпыз ба? Нағыз мәдениетті, ізгілікке баулитын тәрбиені, рухани тазалықты іздесек, ата сөзіне құлақ түргеніміз жөн. Себебі, он сегіз мың ғаламның

сыры қасиетті ана тілімізде екені – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат! Қолымыздағы сол қазынаның қадірін кетірмей, көзіміздің қарашығындай сақтай білу – әрбіріміздің перзенттік борышымыз екенін естен шығармауға тиіспіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сүйеркұл Б. Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» (XIV ғ.) лингвосемиотикалық кеңістік. – Алматы, 2011.
2. Жұмабекова А. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языков. Автореф. дисс. ... канд. филол. н., Алматы, 1995 г.
3. Уәли Н. Әйелдердің мифтік санадағы бейнесінің паремиологизмдердегі көрінісі (репрезенттелуі) // Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері. – Астана, 2010 ж.
4. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. «Адам ата мен Хауа ана» қиссасы. – Алматы, 1997 ж.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. – Алматы, 2011 ж.
6. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004 ж.
7. www.islamdini.kz сайты
8. www.hashing.com сайты

ТЕКТІҒҰЛ Ж.О.
филол. ғ. д., профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
t.khamza@mail.ru

БАЯДИЛОВА-АЛТЫБАЕВА А.Б.
филология мамандығының докторанты
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
ba_ainura85@mail.ru

ТІЛ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУШЫ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ

Аннотация. *Мақалада тіл мен мәдениеттің арақатынасы мәселесі, тілдің мәдениеттің рухани құндылықтарын тасымалдап, таратудың ең тиімді құралы бола алатындығы сөз болады. Сондай-ақ тіл – ішкімәдениет пен мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асырудың әмбебап құралы болумен қатар, көптеген мәдени элементтердің өмір сүруіне(халық ауыз әдебиеті, халық әні, ұлттық әдебиет, театр) тікелей ықпал ететіндігі белгілі. Мұндай ойды ауызша немесе жазып қалдыру тек белгілі бір мәлімет пен ақпарат алмасуды ғана емес, адамзаттың ұзақ қазыналарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік берді.Солардың қатарына көне түркі жазба ескерткіштерін, яғни уақыт кеңістігіндегі тарихи мәдени-тілдік мұраларды сақтаушы, этномәдени байланыстардың куәгері, түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ескі жазбалар тілін жатқызуға болады.*

Кілт сөздер: *тілдік таңба, мәдениет, трансляция, құндылық, коммуникация.*

Аннотация. *В статье обсуждается связь между языком и культурой и предполагается, что язык может быть наиболее эффективным средством передачи и распространения духовных ценностей культуры. Он также известен как универсальный инструмент для развития межкультурной и межкультурной коммуникации, а также существования многих культурных элементов (национальный фольклор, народная песня, национальная литература, театр). Устная или письменная такая идея позволила не только обмениваться определенной информацией и информацией, но и передавать древние тюркские сокровища из поколения в поколение, включая древние тюркские письменные памятники, хранителя исторического культурного и языкового наследия во времени, свидетеля этнокультурных связей, можно сослаться на древний письменный язык, который можно использовать для передачи традиций казахского народа из поколения в поколение.*

Ключевые слова*: языковой символ, культура, перевод, ценность, общение.*

Abstract. *The article discusses the relationship between language and culture, and assumes that language can be the most effective means of transporting and spreading the spiritual values of culture. It is also known as the universal instrument for the development of intercultural and intercultural communication, as well as the existence of many cultural elements (national folklore, folk song, national literature, theater). Oral or written such an idea allowed not only to exchange certain information and information, but also to convey the ancient Turkic treasures from generation to generation. These include the ancient Turkic written monuments, the keeper of historical cultural and linguistic heritage in time, the witness of ethno-cultural relations, it is possible to refer to the ancient language of writing, which can be used to convey the traditions of the Kazakh people from generation to generation.*

Keywords: *linguistic symbol, culture, translation, value, communication.*

Кіріспе.Трансляция немесе рухани құндылықтардың таралуы мәселесі тіл мен мәдениеттің маңызды аспектілерін құрайды.Тіл мәдениетті объективтендірудің ең маңызды құралы бола отырып, шындықты рухани меңгерудің барлық сатыларына (жеке адам пайдаланатын рухани құндылықтарды өндіру мен сақтауда, оларды тарату мен қабылдауда) белсенді түрде қатысады.Өйткені тілдің таңбалық жүйесі ғана мәдениеттің рухани құндылықтарын тасымалдап, таратудың ең тиімді құралы бола алады.Тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынасты бөлшек пен бүтіннің қарым-қатынасы ретінде қарастыруға болады. Өйткені тіл әрі мәдениет компоненті, әрі мәдениет құралы болып табылады. Дегенмен, тіл бүтіндей алғанда мәдениетке қатысты дербес және тәуелсіз дербес семиотикалық жүйе ретінде де қарастырылуы мүмкін.Тілдің негізгі қасиеттерінің біріне оның ішкімәдениет пен мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әмбебаптығы жатады.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралы. Тілдің коммуникативтік функциясына сәйкес адамдар кез-келген қарым-қатынас түрлерін пайдалана алады.«Тіл қарым-қатынасқа арналған және оның негізгі құралы деп атауға болады. Соған ұқсас мәдениет те қоршаған ортаға бейімделудің

өзіндік адами тәсілі болғандықтан оны да коммуникация деп атауға болады, әрі бұдан тіл, мәдениет және коммуникацияның өзара байланысының табиғи және ажырамастай бірлікте екендігін көруге болады»[1,32 б.].Сонымен қатар тіл мәдениеттің негізгі тасымалдаушысы әрі қуатты таратушысы (трансляциясы) ретінде де қызмет етеді. Осылайша, тіл арқылы мәдениеттің барлық компоненттері көріне алады.Тілден тыс мәдениет жоқ, ал мәдениет өз дамуының әр кезеңінде символикалық түрге ие болып, өз көрінісін тілден ғана таба алады»[2,63 б.].

Вильгельм фон Гумбольдт XVIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың аяғында тіл доктринасын жасады.Гумбольдт тілді адам мен шексіз табиғат, жекелеген тұлғалар арасындағы делдал ретінде түсіне отырып, «тіл – бір жағынан, идея және қандай да бір тұлғаның сезімдік әрекетінің нәтижесі, екінші жағынан, бірі арқылы екіншісінің ашылуына – біреуі әрекет нәтижесінің себебі ретінде, екіншісі – символ ретінде ашылуына алып келуі мүмкін» деп жазады[3,5 б.].

«Еркіндік пен табиғи қажеттілік арасындағы таласты тәжірибе не ақыл-ой арқылы емес, тек символ арқылы ғана шешуге болады.Тіл – бұл болмыстағы «жеке» мен «жалпы», «объективті» мен «субъективті» секілді қарама-қарсылықтарды алып тастайтын рәміздер жүйесі».В.Гумбольдттың пікірінше, «ой мен сөздің өзара тәуелділігінен белгілі болғандай, тіл танылған, белгілі болған ақиқатты бейнелеу құралы ретінде емес, белгісіз бір нәрсені ашу құралы ретінде танылады.Оның үстіне, олардың айырмашылығы дыбыстар мен белгілер арасындағы айырмашылықта емес, әлемге деген көзқарастарында болып табылады.Әрбір жеке тұлғаның тілі оның әлемге деген жеке көзқарасын білдіреді және әлемнің мұндай көріністерінің тұтастығы адамзат үшін қол жетімді жалғыз ғана нәрсе –объективтілік түсінігін құрайды»[3,6 б.].Осылайша бүкіл адамзаттың субъективтілігі В.Гумбольдт үшін мәдениетте объективтілікке айналады.

Негізгі бөлім.Шынайылықты меңгерудің рухани нәтижелерін трансляциялау кеңістікте де, уақыт шегінде де жүзеге асырылуы мүмкін.Бірінші жағдайда, әңгіме хронологиялық тұрғыдан қатар өмір сүріп жатқан бірдей немесе әр түрлі этносаралық топтардың мүшелерін біріктіріп, көлденең этносаралық және ұлтаралық мәдени континуумдарды құруды қамтамасыз ететін синхронды аударма туралы болса, екіншісінде, этностың ұрпақаралық тарихи және мәдени сабақтастығына себепші болған, яғни мәдени тіктікті (вертикалды) жасаушы диахронды трансляция жайында болып отыр.

Мәдениет жетістіктерін тарату (трансляциялау) барысында оны жылдам,тез қабылдауды ғана мақсат етіп қоймай(салыстырыңыз:«айтылған сөз, атылған оқ»), кейіннен эстетикалық мәнін жете түсініп, ләззат алуға, яғни қайта қабылдауға мүмкіндік беретін мәдени құндылықтарды сақтау жағына да ерекше мән беру қажет болады.Сондықтан да бұл жерде рухани құндылықтарды сақтауға арналған мәдени-көпшілік орындар(кітапхана, мұражай, көркемсурет галереясы, фильмотека, фонотека, кинотека, мұрағаттар және т.б.) этностың мәдени жетілуінің көрсеткіші, оның тамыры мен дәстүріне деген көзқарасын бейнелейді.

Мәдени құндылықтарды тарату жүйесін (немесе трансляциялау) нақтылай отырып, М.Е.Ешич оның құрамынан: а) микроорта деңгейінде (отбасы, еңбек ұжымы және кез-келген басқа микросоциум) жүзеге асырылатын тікелей, институционалды емес құндылықтарды жеткізу;б) институционалдық тәрбиелеу және білім беру мекемелері: балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелер, барлық типтегі және деңгейдегі мектептер, білім беру ұйымдары мен мекемелерін, бұқаралық байланыс жүйесін қоса анықтайды [4, 36 б.].

Бұл жерде мектептің маңыздылығын халықтың көпшілік бөлігі мен жастардың мектеп қабырғасында жеке этникалық және әлемдік рухани құндылықтарға сусындай алатындығынан көруге болады. Ең бастысы, мектеп олардың алғашқы өмір жолында жалпы адами тәжірибелерді үйренумен қатар, қазіргі заманғы құндылықтар мен ежелгі дәуірдің мәдени, рухани құндылықтарын тануына, өздерінің дүниетанымын, жалпы мәдени құзыреттілігін кеңейтуіне мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде қоғамның мәдени дамуының үздіксіз жалғастығын жүзеге асырады.Мектепте алған білімдерінің арқасында адам тек қалыптасқан мәдени жетістіктердің тұтынушысы ғана емес, сондай-ақ этносішілік және этносаралық мәдени үдерістерді де жасаушы бола алады.

Тіл мен мәдениеттің өзара әрекетін анықтауда АҚШ-та Э.Холл қалыптастырған мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының маңызы зор.Э.Холл мәдениетті коммуникация ретінде, ал коммуникацияны мәдениет ретінде қарастырады.

Коммуникация – бұл адамзат мәдениетінің дамуы үшін, қоғамдағы мәдени процестердің бірлігін қамтамасыз ету мен мәдени құндылықтарды сақтап, тарату үшін қажетті алғышарт.Тілдік коммуникация

– тілдің әртүрлі деңгейлері мен мәдениетіндегі таңбалық бірліктердің жүйесі және соның бөлшегі, компоненті.

Тіл – үздіксіз дамып және жетіліп отыратын әмбебап таңбалар жүйесі.Тілдік жүйенің эволюциясын ынталандырып отыратын импульстар тілді байланыс құралы ретінде пайдаланатын этноәлеуметтік ұжымда дүниеге келіп, оның әлеуметтік тапсырысымен реттеледі. Дегенмен оларды түпкілікті жүзеге асыру имманентті тілдік заңдылықтарға, дәстүрлі сипатқа ие «қалыпты» нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Осылайша, тілдегі жаңашылдық қаншалықты батыл болғанымен, бұл коммуникативтік актісінің түсініктілігі қатаң талаптармен, әлеуметтік коммуникацияның мүдделерімен шектеледі.

Мәдени құндылықтарды трансляциялау және сақтау құралы ретінде тілді қолдану негізінен оның эволюциялық сипатымен, соның ішінде оның дамуының біртінділігімен айқындалады. Тілдік жүйенің осындай «икемді тұрақтылығы» шындықты рухани игеру нәтижелерін сол қоғамның ұрпақтарының қабылдауына мүмкіндік береді[5, 83 б.].

Мәдениетті сыртқа шығарып, таратушы құрал ретіндегі тілдің бірегейлігі келесі факторлармен анықталады:а) мәтінде графиктік, сондай-ақ дыбыстық фиксацияны пайдалану әр түрлі мәдениет түрлерінде қолданылатын ақпаратты көзбен шолу арқылы да, аудитивті қабылдауға да себепші болады[6,37 б.].Генетикалық тұрғыдан алғанда фольклордағы халықтық өнер туындыларының ауызша таралуында кеңінен қолданылатын дыбыстық фиксация алғашқы болып табылады.

Кейіннен жазудың пайда болуы тек кеңістік пен уақыт жағынан ажыраған субъектілердің коммуникациясын ғана мүмкін етіп қоймай, сондай-ақ, шығарманы өз жасаушысынан шеттетуге алып келіп, нақты және әлеуетті адресаттардың шеңберін кеңейтті, әрі оның мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.Нәтижесінде мәтіннің құрылымымен қатар оны суреттеу құралдары да, мазмұны да күрделеніп кетті. Бұл динамиканы, атап айтқанда, XIVғасырдағы ежелгі Чех әдебиетінен анық көруге болады[7,122 б.].

XX ғасырда ақпараттың электронды құралдарының пайда болуына байланысты (радио, теледидар) жазбаша тіл ғана емес, ауызша тіл де жалпы этностық, этносаралық және тіпті халықаралық коммуникативтік байланыс құралына айналды.

Ақпаратты жазу мүмкіндігі пайда болғаннан бастап ақпарат алмасу тек ауызба-ауыз айтумен немесе әр түрлі қимылдармен ғана емес, оқу-жазу арқылы да беріле бастады. Оқи білу және ойын жазып жеткізе білу – адамзаттың сауаттылығының белгісі бола бастады. Ойды жазып қалдыру тек мәлімет пен ақпарат алмасу ғана емес, адамзаттың игі қазыналарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік берді.

XV ғасырда мәліметті қағазға басып шығару станогының пайда болуы кітап шығару ісін жолға қойып, адамзаттың алтын ойларын тікелей көпшілікке жеткізуге мүмкіндік жасады. Кітаптарды, оқулықтарды көптеп басып шығару, көпшілік кітапханаларының ашылуы адамзатты жалпы сауаттылыққа жетелеп, мәдениеттің жаңа даму кезеңін бастады деуге болады.

XIX-XX ғасырлардағы телеграфтың, телефонның, радионың шығуы ақпаратты кез келген қашықтыққа жарық сәулесінің таралу жылдамдығымен жеткізуге мүмкіндік берді.

Қазіргі ғылымда «көне түркі жазбалары» деп танылып жүрген Орхон-Енисей тас жазуларын дәуірі жағынан VI-VIII ғасырлардан қалған ескерткіштер ретінде қарастырамыз.

Ескі жазбалар тілі – уақыт кеңістігіндегі тарихи мәдени-тілдік мұраларды сақтаушы, этномәдени байланыстардың куәгері, түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші болып табылады.

«Осы кезеңдегі ескерткіштер тілін зерттемей, бірқатар түркі тілдерінің тарихын зерттеу мүмкін емес. Егер мемлекеттің шығыс бөлігін мекендеген түркі тайпалары өздерінің келешек дамуында өте қолайлы жағдайға ие болып, осы әдебиетті ойдағыдай дамыта алса, ал осы тайпалардың қазіргі қазақ халқын құраған бір бөлігінің тағдыры басқаша қалыптасты.Сол кезде Алтын Орданың үлкен аумағында тұрып, ата-бабалары осы мәдениет пен әдеби тілдің жасалуына қатыса алмаған бірнеше тайпалар тарихи себептерге байланысты бірнеше ғасырлар бойы жазусыз, тек ауызша әдебиет түрі – фольклорды сақтап, көшпенді өмір салтын ұстанды.Мәдениет орталықтары жойылғаннан кейін қазақ халқының құрамына енген тайпалар Алтын Орданың аумағында тұратын түркітілдес тайпаларға ортақ әдеби тілден ажырап, тек өздерінің тайпалық тілдерін ғана сақтап қалды» [8,90 б.].

Көне жазбалар өзінің тіл, стиль табиғаты жағынан халықтың ауыз әдебиетімен, адам баласының сәбилік кезеңінен бері қарай келе жатқан, «фольклор дәстүрі» деп аталатын шығармашылық тәсілмен тығыз байланысты.

Сонымен, тіл өз тасымалдаушысын қалыптастырады. Әрбір ұлттық тіл өз ұлтын сипаттап қана қоймайды, әрі оны қалыптастырады.Басқаша айтқанда, тіл – сол ұлттық сипаттағы тілді жасауға өзіндік үлесін қосатын халық өкілін қалыптастырады.Бұл жерде тілдің ұлттық сипатын анықтаудың сенімді көздеріне фольклор немесе халық ауыз әдебиеті материалдарын жатқызуға болады.Дегенмен әрбір тілдің ұлттық сипатының ғылыми қолайлылығы мен сенімділігін растаушы сол халықтың ұлттық тілі болып табылатын болса, тіл өз тасымалдаушысын әрі сипаттайды, әрі қалыптастырады. Бұл – халықтық сипаттың ең объективті көрсеткіші.

Әлбетте, бұл негізгі мәдени жүкті көтеру тілдің лексика саласына (сөздер мен сөз тіркестері) тиесілі.Сол арқылы аталған тілде сөйлеушілердің әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады.Әсіресе бұл тілдің негізгі аспектілері –мақал-мәтелдерде, идиомалар мен фразеологизмдерде, яғни, халық даналығы, халықтың мәдени тәжірибесінің нәтижелері мол шоғырланған тілдік қабатында анық, айқын берілген.

Қазіргі уақытта ана тілінің бай сөздік қорын барынша тиімді қолдану ұлттық мәдениет пен оның ерекшеліктерін сақтап қалуға, таратуға негізгі алғышарт жасайды, өйткені мәдениеттің көптеген элементтерінің өмір сүруі осындай ана тіліміздің қолданыста болуымен(халық ауыз әдебиеті, халық әні, ұлттық әдебиет, театр) тікелей байланысты.Ал сондай ұлттық мәдениет пен аймақтық дәстүрлердің мазмұнын құрайтын рухани құндылықтарға – ана тілі мен біздің ата-бабамыздың парасатты өмірлік ұстанымдары, яғни адамгершілік салт-жоралары, еңбекті ұйымдастыру әдістері, адам өмірін көріктендіретін көркемөнер кәсіпшілігі, мерекелер, әдет-ғұрыптар, көпжанрлық фольклор және т.б.жатады.

Бұл жерде бізге жеткен мұралардың мазмұндық бөлігін бірінші кезекте тіл құрайтыны кездейсоқтық емес. Ана тілі, ұлттық тіл – ғасырлар тереңіндегі ақпараттарды жеткізуші ұлттық мәдениеттің өзіндік түрі.Кезінде К.Д. Ушинский ана тілінің халықтың бұрынғы, қазіргі және болашақ ұрпақтарын бір керемет тарихи тұтастыққа біріктіретін ең тірі байланыс екеніне назар аударған болатын.

Қорытынды.Олай болса,тіл мен мәдениетті сақтау, дамыту мен тарату (трансляциялау) мәселесі түркі тілдес елдерде, оның ішінде Қазақстанда және бүкіл әлемде ең маңызды әлеуметтік-мәдени мәселелердің бірі болып табылады.Бүгінгі күні адамдардың жаңа құндылықтарды ашып қана қоймай, басқа ұлттардың мәдени призмасы арқылы жалпыадамзат құндылықтарына араласуы, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен мәдениетаралық қарым-қатынастарды үйренуі маңызды дүниеге айналып отыр. Бұл маңызды тапсырманы тиімді жүзеге асыру үшін қоғамдағы тіл мен мәдениеттанудың әлеуметтік маңыздылығын арттыра отырып, өскелең жас ұрпақты өзінің де, басқа халықтардың да мәдениеттерін құрметтеуге үйрету қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Межуев В. М.Идея культуры. Очерки по философии культуры. –Москва: Прогресс-Традиция, 2006. – 408 с.
2. Садохин А.П.Введение в теорию межкультурной коммуникации. –Москва:Высш. шк., 2005. –310 с.
3. Вильгельм фон Гумбольдт. Языки и философия культуры. – М: Прогресс, 1985. – 453 с.
4. Ешич М.Е.Культура в системе общества//Культура в общественной системе социализма.М: Наука,1984. –221 с.
5. Матезиус В.О потенциальности языковых явлений//Пражский лингвистический кружок. –Москва: Прогресс,1967. –560 с.
6. Нещименко Г.П.К постановке проблемы «Язык как средство трансляциии культуры»// Язык как средство трансляциии культуры. –Москва: Наука, 2000. –311с.
7. Нещименко Г.П.Языковая ситуация в Чехии в XII-XIVв.в.//Развитие этнического самосознания славянских народов в эпоху зрелого феодализма. –Москва,1989. –510 с.
8. Наджип Э.Н. Кипчакско-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века. –Москва, Автореф.докт. дисс.1965. –94 с.
9. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация [Мәтін] / ауд. Х.Ордабекова, Ш.Бағиева. – Алматы, 2018.– 320 б.
10. Бейсенбаева З., Уәлиев Н., т.б. Тіл мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 112 б.
11. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1991.-116 б.

ӘОЖ 81’373.222=512.122=111

ШОЙМАНОВА М.Б.
филология ғылымдарының кандидаты,
“Өрлеу” БАҰО АҚ филиалы
Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ,
Шымкент қ., Қазақстан

МАМАДАЛИЕВА Ю.А.
филология ғылымдарының магистрі,
Тілдік пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
Мирас Университеті,
Шымкент қ., Қазақстан.

УСЕРБАЕВА М.А.
Тілдік пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
Мирас Университеті,
Шымкент қ., Қазақстан.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕР – ҰЛТТЫҚ ТІЛДІ БЕЙНЕЛЕУШІ АЙШЫҚТАР РЕТІНДЕ

Түйіндеме*: Бұл мақалада қазақ және ағылшын тілі салғастырмалы түрде зерттелген. Аталған екі тілдегі теңеулер зерттеу нысанына айналған. Теңеулердің лексика-семантикалық өрісі сөз бола келіп, екі тілдегі теңеулерге әдебиеттерден мысалдар келтірілген.*

Кілт сөздер*: теңеулер, бейнелеуші айшықтар, салғастырмалы талдау, лексика-семантикалық өріс.*

Аннотация*: В данной статье казахский и английский языки были сравнительно изучены. Фразеологические сравнения на этих двух языках стали предметом исследования. Существуют примеры лексико-семантического поля фразеологических сравнений, а также приводится литература по фразеологическим сравнениям на двух языках.*

Ключевые слова: *уравнения, наглядные пособия, сравнительный анализ, лексико-семантическое поле.*

Abstract*: In this article, the Kazakh and English languages have been studied in a comparative way. Epithets in these two languages have become a subject of research. There are examples of lexical-semantic field of epithets and the literature on the epithets in two languages.*

Keywords: *equations, visual aids, comparative analysis, lexico-semantic field.*

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде «теңеу» деп аталатын лигвистикалық ұғым бар. Оған «Қазақ тілі энциклопедиясында»: Теңеу [simile] – бір затты екінші затқа ұқсастығы арқылы салыстыра қолданылатын стилистикалық тәсіл, – деген анықтама беріліпті [1, 387 б.].

Теңеу (тұрақты теңеу) – адамзат баласының ойлау, ой қорыту формасы, таным құралы. Басқаша айтсақ, белгісіз нәрсені белгілі нәрсе арқылы тану. Ойлау, ой қорыту негізінен *теңеу* арқылы ғана жүзеге асады.

Бұл жөнінде Т.Қоңыров: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік санасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы», – деп жазыпты [2, 8-9 бб.].

Негізгі бөлім

Қазақ тілінде теңеулер көп. Ол әсіресе халқымыздың ата кәсібі болған – төрт түлікке байланысты көптеп кездеседі. Қолыңа тиген кез-келген көркем әдебиеттің бірін оқысаң, одан бізге зерттеу нысаны болып отырған сиыр малына қатысты ***тайыншадай*** *үлкен қасқыр, оқалақ қуған* ***өгіздей****, үріккен* ***бұзаудай****,* ***сиырдай*** *мөңіреу,* ***бұқаша*** *көз аларту,* ***өгіздей*** *өңкеңдеу,* ***бұқадай*** *өкіру,* ***сиырдың бүйрегіндей*** *бытырау,* ***тана бұқадай*** *томпаңдау* деген сияқты тұрақты теңеулерді жиі ұшыратуға болады. Мыс.: *Өздері бөрі көрген* ***сиырдай*** *мөңіреседі дейді* (М.Әуезов). ***Өгіздей*** *өңкиген неміс алдымнан тұра келгені*

(Ғ.Мүсірепов). *Сүзеген **бұқадай** тоң майын Жүніс істеймін дегенін істеді* (Х.Есенжанов). *Үлкендігі **тайыншадай** қасқыр екен* (Қаз.ертегі). *Үріккен **бұзаудай** Бозжанов айналасына жалтақ-жалтақ қарайды* (Б.Момышұлы, Мосвка).

Бұл мысалдардан қазақ халқы адамның жақсы/жаман қасиеттері мен мінез-құлықтарын суреттегісі келсе, ол бірлі-жарым аң (аю, жолбарыс, қасқыр, түлкі, т.б.) мен итке болмаса, көбінесе өздеріне жақсы таныс төрт түлік малға теңейтіндігін, солардың мінез-құлықтарымен салғастыратындығын көруге болады.

Оқырманға түсінікті болу үшін, *тайыншадай үлкен қасқыр* деген теңеуді алып, оның құрылым-құрылысын, мағынасын және теңеу жасап тұрған элементтерді (мүшелерді) саралап көрелік.

Теңеу толық теңеу болу үшін ол негізінен үш мүшеден тұрады. Бірінші мүше – бұрыннан белгілі, танымал, яғни сипаттаушы зат (*тайынша*), екінші мүше – жаңадан танылуға тиісті, яғни сипатталушы зат (*қасқыр*), үшінші мүше – осы екі затты бір-бірімен теңеуге негіз болып тұрған ортақ белгі (*үлкен*).

Кейбір ғалымдар теңеу үш мүшеден емес, ол төрт мүшеден тұрады деп, төртінші мүше ретінде бұрыннан белгілі (танымал) ұғым (*тайынша*) мен танылуға тиісті белгісіз (екінші) ұғымды (*қасқыр*) бір-бірімен компаративтік қарым-қатынасқа түсіріп тұратын **–дай** аффиксін атайды [2, 12 б.].

Біздің ойымызша, біріншіден, **–дай/дей** аффиксінің грамматикалық мағынасы болмаса, оның лексикалық мағынасы жоқ. Екіншіден, **–дай/дей** аффиксін теңеудің сипаттаушы, танымал мүшесінен (*тайынша*) бөліп алуға болмайды. Ол – тек сол мүшемен бірге, сонымен бірлесіп, біртұтас мүше болып (*тайынша+дай*), өз бетінше жеке дара қолданыла алмайтын, тәуелді элемент. Ендеше, теңеуді көпшілік ғалымдар жақтап жүргендей үш мүшелі құрылым деген орынды сияқты. Осы үш мүше түгел болса, теңеу бар, ал олардың біреуі болмаса да біреуі жоқ болып шықса, онда теңеу жоқ.

Рас, бұл үш мүшенің біреуі не екеуі кейде теңеу құрамынан жасырын (имплицитті) тұруы мүмкін. Жасырын тұрғандық, «жоқ» дегендік емес. Ол бар, бірақ қысқарып қалған. Бұлардың ішіндегі жасырын тұруға бейімі – *үшінші мүше*, яғни екі затқа (ұғымға) ортақ негіз болып тұрған ортақ белгі (*үлкен*). Ол, әрине, түсінікті де. Өйткені негізгі екі мүше айтылғаннан кейін оларға ортақ қасиет – өзінен өзі белгілі болып тұрады. Мәселен, *өгіздей жолбарыс* десек, өгіздің үлкен болатындығы кімге болса да түсінікті. Ендеше, жолбарыс та өгіз сияқты үлкен деген сөз.

Осы фактіге сүйеніп, тұрақты теңеу негізінен екі мүшелі, яғни танымал және танылуға тиіс мүшелерден тұрады, – деген пікір айтсақ, мұнымыз, әрине, артық айтқандық емес. Мыс.: ***өгіздей** жолбарыс, **тайыншадай** қасқыр,* т.б. Мұндай жағдайда сиыр малы негізінен бұрыннан таныс (танымал) мүшенің рөлін атқарады.

Теңеулер тек екі заттың сапасын ғана салыстырып қоймайды, сонымен бірге, ол әлгі екі заттың іс-әрекетін де бір-бірімен салыстыра алады. Мысалға *«бала өгіздей/өгізше өкірді»* деген теңеуді алсақ, мұндағы танымал мүше – *өгіз*, танылуға тиісті жаңа ұғым – *бала* (*адам*). Ал бұлардың арасындағы ортақ белгі – *өкіру* (қатты дыбыс шығару).

Бұл, әрине, теңеу тек екі мүшеден құралады дегендік емес. Жоғарыда айттық, теңеулер негізінен үш не төрт мүшеден құралады. Тек қолданылу барысында олардың бір не екі мүшесі жасырын тұруы мүмкін. Теңеу мүшелерінің ішіндегі ең бастысы (мәндісі) – танымал (сипаттаушы) мүше. Танымал мүшенің (*өгіз, тайынша*, т.б.) тіліміздегі лексика-семантикалық және стилистикалық қызметі ерекше. Сол мүшелердің (*өгіз, тайынша*) көмегімен танымал емес мүшелердің (*жолбарыс, қасқыр*) үлкен екендігі сипатталады. Әрі ол жай ғана жолбарыс, жай ғана қасқыр емес, *өгіздей үлкен жолбарыс, тайыншадай үлкен қасқыр* екендіктері, жай ғана бала емес, *өгіз сияқты өкіретін бала* екендігі сараланып, дараланып, нақтыланып, әрі бейнелі түрде көрсетілген.

Тұрақты теңеулер теңеу мүшелерінің көрінуі/көрінбеуіне немесе қатысу/қатыспауына қарай *бір мүшелі, екі мүшелі, үш мүшелі теңеулер* болып бөлінеді. Бір мүшелі теңеулерге *сиырдай, өгіздей, тайыншадай, бұқадай* деген сияқты теңеулер жатса, екі мүшелі теңеулерге *сиырдай үлкен, тайыншадай ірі, өгіздей өкірді* деген сияқты теңеулер жатады. Ал үш мүшелі теңеулерге теңеу мүшелерінің үшеуі де бар теңеулерді жатқызады. Мыс.: *өгіздей үлкен жолбарыс, тайынша бұқадай үлкен төбет, сиырдың бүйрегіндей бытыраған туыс*, т.б.

Жалпылай алғанда, теңеулерді шартты түрде толық теңеулер және қысқарған теңеулер деп екіге бөліп қарастыруға болады. Толық теңеуде оның үш мүшесі түгел көрініп тұрса, қысқарған теңеуде оның бір не екі мүшесі жасырын тұрады. Мыс.: *Екі көзі жайнап, **атан өгіздей**, бір **қасқыр** алдымда жатыр* (Қ.Тайшықов). *Бір **сиырдай қыз** мені шапалақпен тартып кеп қалды* (Ө.Қанахин). *Егінге түскен **сиырдай жайнап жатқан шалғышылар** бүгін көрінбейді* (Б.Соқпақбаев), т.б.

Бұл үш мысалдың алдыңғы екеуі екі мүшелі де, соңғысы үш мүшелі теңеулер. Сөйтіп, тұрақты теңеулерге үш қасиет (ерекшелік) тән екен. Олар –

1) теңеудің грамматикалық және логикалық құрылымы (структурасы),

2) теңеулік (компаративтік) мағынасы,

3) теңеудің функциялық (стилистикалық) қызметі.

Алдыңғы екі ерекшілігі туралы жоғарыда айттық. Ал теңеудің стильдік қызметі деп – теңеудегі сипатталуға тиісті жаңа ұғымдарды (біздің мысалдарымызда *адам, жолбарыс, қасқыр*, т.б.) экспрессивтік жағынан әсерлі, эмоциялық жағынан тиімді етіп суреттеп беруді айтып отырмыз.

Тұрақты теңеулер – ең ауқымды, ең пәрменді тілдік құбылыс. Ол барлық басқа тұрақты сөз тіркестері сияқты тіліміздің фразеологиялық жүйесіне енеді, сол жүйенің құрамдас бір бөлшегі ретінде қарастырылады. Мыс.: *құнан өгіздей, мұрнын тескен өгіздей, оқалақ қуған өгіздей, мүйізінен ұрылған өгіздей, өгіздей өңкиген, бұзаудай момақан, ит қуған бұзаудай, сиырдай мөңіреу, сиырдың бүйрегіндей бытырау, сиырдың тіліндей жалақтау, өгіздей өкіру, өгізше өкіру, бұқаша көз сүзу,* т.б. Мыс.: *Ол* ***үріккен бұзаудай*** *айналасына жалтақ-жалтақ қарайды* (Б. Момышұлы). *Нұрқат* ***мүйізінен ұрылған өгіздей*** *басын шайқап кете барды* (З. Шашкин). *Аюдың өзі де* ***өгіздей*** *екен* (Ә. Жылқышиев). *Қарсы алдынан арсылдап* ***тайыншадай*** *төбет шыға келді* (С. Мұратбеков). *Дәркембек* ***өгізше*** *өкіріп жылап отыр* (С. Мыңжасарова).

Бұл тұрақты теңеулердің фразеологизмдерден бәлендей үлкен айырмашылықтары жоқ. Сондықтан біз теңеулерді тұрақты тіркестердің қатарында қарастырып отырмыз.

Қысқасы, қазақ тіліндегі теңеулер **–дай (-дей, -тай,/тей)**, **-ша/ше** жұрнақтарының жалғануы арқылы (синтетикалық тәсіл), болмаса *сияқты, тәрізді, секілді* деген сияқты модаль сөздердің тіркесуі арқылы (аналитикалық тәсіл) жасалып, халқымыздың әлеуметтік өмірінен, кәсібі мен шаруашылығынан, дүниетанымы мен рухани құндылықтарынан көрініс береді. Ол – таным құралы болумен бірге, көркем, бейнелі ойлаудың да құралы. Тұрақты теңеулерсіз көркем әдебиетті көз алдымызға елестету мүмкін емес.

Теңеулер басқа да топтар сияқты тілде ұтырлы, ұтымды, бейнелі қызмет атқарып, көбінесе адамның, малдың (сиырдың) мінез-құлықтарын, жағымды/жағымсыз іс-әрекеттерін сипаттауда, табиғат құбылыстарын суреттеуде кеңінен қолданылады.

Жоғарыда біз бұлардың бәрі туралы емес, тек сиыр малына тән толып жатқан қасиеттерді, атап айтқанда, оның ірілігі мен үлкендігін (*атан өгіздей, бесті бұқадай*), әр нәрсеге ұрынғыштығы мен мөңірегіштігін, өкіргіштігін (*бұқадай күжілдеу, бөрі көрген сиырдай өкіру, өгіздей өкіру, бұзаудай мөңіреу, бұзаудай ойнақтау*), еліргіштігін (*сәйгел қуған сиырдай, ит қуған бұзаудай*), мінез-құлқы мен қимыл-қозғалысын (*сүзеген бұқаша көз аларту, үріккен сиырдай бажыраю, өгіздей өңкию, бұқадай сүзісу, өгіздей дөңкию, сиырдай сүйкену, танадай тайраңдау*, т.б.) тұрақты теңеулер арқылы көрсетуге күш салдық.

Қазақ тілінде теңеулер **–дай (-дей, -тай,/тей)**, **-ша/ше** жұрнақтарының жалғануы арқылы (синтетикалық тәсіл), болмаса **сияқты, тәрізді, секілді** деген сияқты модаль сөздердің тіркесуі арқылы (аналитикалық тәсіл) жасалса, ағылшын тілінде ол "**like**", "**as**", "**than**" немесе "**resembles**" сияқты модаль сөздердің көмегімен (тек аналитикалық тәсіл арқылы) жасалады. Гальпериннің берген анықтамасы бойынша, «A **simile** is a comparison of two unlike things, typically marked by use of "like", "as", "than", or "resembles"» [3, 187 б.].

Ойымызды нақтылай түсу үшін өзімізге зерттеу нысаны болып отырған сиыр малына қатысты бірнеше теңеулерге көз жүгіртелік: ***as*** *good luck* ***as*** *had the cow that struck herself with her own horn* [*өз мүйізімен өзін-өзі сүзген сиырдай жолы болды (яғни, қырсық шалды;)*], ***as*** *fierce* ***as*** *a bull in fits* [*аласұрған бұқадай қатал, күшті*], ***as*** *strong* ***as*** *a bull* [*бұқадай күшті, денсаулығы бұқадай күшті, жақсы*], *trust smb.* ***as*** *far* ***as*** *one can fling (or throw) a bull by the tail* [*ешкімге титтей де болса сенбеу*], ***as*** *an ox goes to the slaughter* [*«сойысқа жіберілген өгіздей», көнгіш, бас игіш, талғаусыз, күңкілсіз*], ***as*** *strong* ***as*** *an ox* [*өгіздей күшті*], ***as*** *patient* ***as*** *an ox* [*өгіздей ұстамды*], *bellow (or roar)* ***like*** *a bull* [*бұқадай мөңіреу*], *be* ***like*** *a red rag to a bull* [*өгізге қызыл матадай әсер ету*], *ox-****like*** *eyes* [*көзі – өгіздің көзіндей*], ***like*** *a bull in a china shop* [*ыдыс-аяқ дүкеніндегі піл сияқты*], ***like*** *a bull of Bashan* [*«васан өгізіндей», қаһарлы, гүрілдеген дауысты өгіздей*], *big* ***as*** *a bull* [*бұқадай үлкен*], ***as*** *mad* ***as*** *a short-horned bull in fly time* [*мүйізі кесілген бұқадай аласұрған*], *eyes* ***as*** *red* ***as*** *a bull's* [*көзі – бұқаның көзіндей*], ***as*** *strong* ***as*** *von bull* [*бұқадай күшті*], ***like*** *a mad bull* [*аласұрған бұқадай*], ***as*** *lazy* ***as*** *an ox* [*өгіздей жалқау*], *strong* ***as*** *an ox, and ignorant* ***as*** *strong* [*өгіздей күшті, күштілігіне сәйкес ақылсыз*], *heart* ***like*** *an ox* [*өгіздей батыл (жүрек жұтқан)*], ***as*** *black* ***as*** *the top of a cow's horn* [*сиырдың мүйізіндей қап-қара*], ***as*** *helpless* ***as*** *a calf*

in a butcher's cart [*қасапшының арбасындағы бұзаудай дәрменсіз*], *to blate* ***like*** *a calf* [*бұзаудай ұялу*], *eyes* ***like*** *a dying calf* [*көзі өлетін бұзаудың көзіндей*], т.б.

Мыс.: *…and I went forth from the stable door* ***as an ox goeth to the slaughter****.* (R.L. Stevenson, 'Travels with a Donkey', 'The Donkey, the Pack, and the Pack-Saddle.') *…мен өзімді* ***тағдырдың тәлкегіне түскен ойыншықтай*** *сезіндім. 'And who was the other?' 'Chap called Eddie Mold. Lives at Crowfield too. Used to work in the quarry.* ***Strong as a bull*** *and about as many wits – but a grand chap in his way' (J.B. Priestley, 'Three Men in New Suits', ch. 2) – Басқасы кім еді? – Эдди Молд. Ол да Кроуфильдде тұрады. Соғысқа дейін тау жынысы шығарылатын жерде жұмыс жасады. Ол* ***бұқадай күшті****, күшіне ақылы да сай, өте жақсы жігіт.* [4, 111-125 бб.]

Кесте 1

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі төрт түлік малға қатысты теңеулер

Сиыр малының атаулары	Теңеулер			
	Қазақ тілінде	Саны	Ағылшын тілінде	Саны
Бұзау / Calf	байлаулы бұзаудай, жас бұзаудың басындай, ойнақтаған бұзаудай, тұмылдырық таққан бұзаудай, бұзаудай бағу, бұзауша мөңіреу, бұзау салмағындай, бұзау қорадай, жаңа туған бұзаудың көзіндей, жас бұзаудың басындай, ит қуған бұзаудай	11	to blate like a calf, eyes like a dying calf, as helpless as a calf in a butcher's cart	3
Тана/ Heifer	құлаққа ұрған танадай тыныштық, құлаққа ұрған танадай меңірею, құлаққа ұрған танадай үн-түнсіз	3		0
Сиыр/ Cow	сиырдың бүйрегіндей, сиырдың бүйрегіндей бытырады, сиырдай мүйіздеді, сиырдай мүйіздесті, осырған сиырдай қылды, бөрі көрген сиырдай мөңіреу, әукесін қасыған сиырдай, құнажын сиырдай үлкен, мәлік болған сиырдың көзіндей, өкірген сиырдай, сәйгел қуалаған сиырдай, сиырдай үлкен, сиырша тұру, сиырдың тобығындай, сиырдың жапасы сияқты, сиырдың тіліндей, су сиырдай сумаңдау, үріккен сиырдай бажыраю, сауынды сиырдай, сиырдың жорғасы секілдену, оқалақ келген сиырдай, аусыл сиырдай, әукесін қасыған сиырдай	23	as good luck as had the cow that struck herself with her own horn, as black as the top of a cow's horn	2
Бұқа/ Bull	тайынша бұқадай үлкен, бесті бұқадай, бұқаша қарау, бұқаша көз аларту, жылан тиген бұқадай, жынданған бұқадай, сүзеген бұқадай тоң мойын, көз бұқасын көрсету, бұқадай жуан мойын, сүзеген бұқаша қарау, сүзетін бұқадай көзін аларту, сүзетін бұқадай басын бауырына алу	12	as fierce as a bull in fits, (as) strong as a bull (or ox), bellow (or roar) like a bull, (like) a bull at a (five-barred) gate, trust smb. as far as one can fling (or throw) a bull by the tail, be like a red rag to a bull, be like a bull in a china shop, like a bull of Bashan, big as a bull, as mad as a short-horned bull in fly time, eyes as red as a bull's, as strong as von bull, like a mad bull	13
Өгіз / Ox	атан өгіздей, өгіздей болып, өгіздей (өгізше) өкірді, өгіздей өңкиген, өгіздей өңменде п, өгіздей өрге сүйреді, оқалақ қуған өгіздей, аузын буған өгіздей, мұрнын тескен өгіздей, байлаулы өгіздей, құнан өгіздей үлкен, өгіздей омыраулы, өгіздей ірі, өгіздің жүрісіндей, өгіздің жон терісіндей, тілі буылған өгіздей, өгіздей мыңқию, өгіздей дөңкию, өгіздей өңкию, өгіздей өкіру	20	as an ox goes to the slaughter, as strong as an ox, ox-like eyes, as patient as an ox, as lazy as an ox, heart like an ox	6
Жиын-тық		69		24

Қазақ тілінде жоғарыда бір теңеуді алып, оның құрылым-құрылысын көрсетсек, ағылшын тілінен де *as strong as a bull* деген теңеуді алып, оның құрылым-құрылысын, мағынасын және теңеу жасап тұрған элементтерді (мүшелерді) саралап көрсеткенді жөн көрдік. Бұл – екі мүшелі теңеу. Бұл жерде сипаттаушы ұғым жоқ. Біздің терминіміз бойынша бұл – теңеудің образы немесе теңеудің В элементі деп аталуы тиіс. Бұл теңеудегі сипатталушы ұғым – теңеудің нысаны немесе теңеудің А элементі болып табылады. Бұл теңеуде сипатталушы ұғым – «*bull*» (бұқа) сөзі. Теңеуге негіз болған ортақ белгі, ортақ қасиет – «*strong*» (күшті) деген сапалық ұғым. Бұл – теңеудің негізі немесе теңеудің С элементі болып табылады. Осы теңеудің элементтерін бір-бірімен компаративтік қарым-қатынасқа түсіріп тұрған төртінші элемент – *as…as* көмекші сөзі. Бұл қосымша теңеудің көрсеткіші немесе теңеудің m элементі қызметін атқарады.

Ағылшын тілінде, негізінен байқағанымыздай, теңеулер аналитикалық тәсіл арқылы жасалады және біздің зерттеу нысанымыз, яғни сиыр малы ұйытқы болып отырған теңеулер көбінесе екі мүшелі болып, В және С (Мыс.: *to blate* ***like a calf****, be* ***like a bull in a china shop****,* ***like a mad bull***,), не үш мүшелі А, В және С (Мыс.: ***eyes like a dying calf****,* ***eyes as red as a bull's***, т.б.) болып келеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан ағылшын халқы адамның жақсы/жаман қасиеттері мен мінез-құлықтарын суреттегісі келсе, оны сиыр малының мінез-құлықтарымен салғастыратындығын көруге болады. Атап айтсақ, сиыр малының жалқаулығын (*as lazy as an ox*), жайбасарлығын (*as patient as an ox*), үлкендігін әрі күштілігін (*like a bull of Bashan, big as a bull, as strong as von bull*) келтірілген мысалдардан байқауға болады.

Қорытынды

Қорыта айтсақ, 7-кестеде көрсетілгендей, қазақ және ағылшын тілдерінде сиыр малына қатысты теңеулер аз емес екен. Басты 6 атау сөзден қазақ тілінде 69 теңеу туындаса, ағылшын тілінде 24 теңеу жасалыныпты. Екеуін қоссақ, 93 тілдік бірлік (теңеу) шығады. Бұл, әрине, аз тілдік бірлік емес. Ендеше, теңеу (компаратив) дегеніміз – кез келген зат пен құбылысты дәл сондай басқа затпен немесе құбылыспен салыстырып, олардың ұқсастықтарын көрсететін тілдік құбылыс екен. Егер әр ұлттың өзіне тән дүниетанымы, өз ұғым-түсінігі бар дейтін болсақ, сол ерекшелік осы теңеулерден анық көрінеді. Сондықтан «теңеу – ақиқат шындықты танып білудің басты құралы» [2, 120 б.], – деген қорытындының ақиқаттығына көз жеткізу қиын емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: ҚРБМДСМ Қазақстан даму институты, 1988. – 509 б.
2. Қоңыров Т.К. Теңеулер табиғаты, Оқу құралы. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2005. – 512 б.
3. Galperin I.R. Stylistics. Second Edition. Revised . – Moscow: "Higher School", 1977. – 380 p.
4. Исина Г.И. Фразеологические сравнения современного английского языка.–Алматы, 2000.– 136 б.

ӘОЖ 81’373.222=512.122=111

ШОЙМАНОВА М.Б.,
аға оқытушысы, ф.ғ.к.,
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ
Шымкент қ., Қазақстан
e-mail: moldir@list.ru

АКБЕРДИЕВА Д.А.,
Тілдік пәндер кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі,
Мирас Университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

ПУШКО Н.А.,
Тілдік пәндер кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі,
Мирас Университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Аннотация: *Қазақ тіл білімінде зерттелуге тиісті өзекті тақырыптардың бірі – сиыр малына қатысты тілдік бірліктер. Сиыр малына қатысты тілдік бірліктер аз емес. Оның (сиыр малының) тұқымы, тегі, жасы мен жынысына т.б. лексика-семантикалық топтарына (өрістеріне) байланысты атауларын білдіретін түбір, туынды, біріккен, кіріккен, күрделі сөздер осы сөздер негізінде жасалған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер көп. Олардың бәрі халықтардың сиыр малы туралы дүниетанымынан, тұрмыс-тіршілігінен, рухани мәдениетінен мол мәліметтер береді. Әсіресе сиыр малы жөніндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер ұлтымыздың ерекшеліктерін көрсететін, болмысын танытатын ақпараттардың қайнар көзі. Солай бола тұрса да, бұл тақырып күні бүгінге дейін арнайы зерттеу нысаны болмапты. Сондықтан біз бұл жұмыста қазақ тіліндегі сиыр малына қатысты тілдік бірліктерді лексика-семантикалық топтарға (өрістерге) бөліп, оларды салыстыра, салғастыра зерттеп, белгілі бір қорытындыға келуді мұрат тұтып отырмыз.*

Кілт сөздер*: тілдік бірліктер, лексика-семантикалық топтар, фразеологизмдер, тұрақты сөз тіркестері, дүниетанымдық сипат.*

Аннотация: *Одним из актуальных предметов для изучения казахского языкознания являются языковые единицы, связанные с крупным рогатым скотом. Существуют много языковых единиц, относящиеся породе, возрасту, полу крупного рогатого скота, а также множество фраз, пословиц, производных, объединенных, сложных, сложных фраз, составляющих названия лексико-семантических групп (полей). Все они дают богатую информацию о крупном рогатом скоте, образе жизни людей, духовной культуре. Особенно фразеологические высказывания и пословицы о крупных рогатых скотах являются источниками информации, отражающей особенности нашей нации. Однако этот предмет еще не был предметом специальных исследований. Поэтому в данной работе мы выделяем языковые единицы, относящиеся к крупному рогатому скоту, к лексико-семантическим группам (полям), сравниваем их, изучаем их и приходим к определенному выводу.*

Ключевые слова: *языковые единицы, лексико-семантические группы, фрасалологии, регулярные выражения, идеологии.*

Abstract*: One of the relevant subjects to be studied in the Kazakh linguistics is the language units related to cattle. There are a lot of linguistic units on livestock. Breed, surname, age and gender of cattle. There are many phrases, proverbs, derivatives, united, complicated phrases that make up the names of the lexico-semantic groups (fields). All of them give rich information about the cattle, peoples' lifestyle, spiritual culture. Especially phraseological expressions and proverbs about cattle are sources of information that reflects the peculiarities of our nation. However, this subject has not yet been a subject of special research. Therefore, in this work, we allocate language units related to cattle to lexical-semantic groups (fields), compare them, study them and come to a certain conclusion.*

Keywords: *linguistic units, lexico-semantic groups, phrasalologies, regular expressions, ideologies.*

Кіріспе

Әртүрлі дерек көздерді (Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, фразеологиялық сөздіктер, көркем әдебиеттер, газет-журналдар, т.б.) пайдалану арқылы біз сиыр малына қатысты қазақ тілінен 98 фразеологизмді тауып, жазып алдық. Олардың 29-ы – сиырға, 28-і – өгізге, 16-сы – бұқаға, 17-і – бұзауға, 8-і – сиырдың басқа түрлеріне (қашар, тана, құнажын, т.б.) қатысты фразеологизмдер (1-кестеге қараңыз). Оқырманның өзі де байқап отырғандай, фразеологизмдердің ең көбі *сиыр* мен *өгізге* байланысты екен. Солай болуы заңды да. Өйткені тұрмыста молынан кездесетіндері де, ең көп пайдаланатындары да осы екеуі. Сиыр сүті үшін, еті үшін және сиыр малының тұқымын өсіру, көбейту үшін көптеп бағылатын болса, өгіз күш-көлікке пайдалану үшін көптеп қолда ұсталынады.

Егер «тіл – таным құралы» деген қағиданы теріс демейтін болсақ, онда сиыр мен өгізге байланысты фразеологизмдердің көп болуы – халқымыздың оларды жақсы танығандығының, терең білгендігінің белгісі деген қорытынды жасауымызға болады.

Шындығында да солай: сиырға байланысты тіліміздегі барлық тұрақты тіркестердің (фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің) пайда болуы – сиыр малын халқымыздың жақсы білгендігінің, оның қыры мен сырын, сыны мен сипатын терең танығандығының нәтижесі.

Мәселен, кісі түшкіргенде қалжың, әзіл-сықақ ретінде айтылатын тілек: *Ақ тұш, ақ сиырдың сүтін іш!* Бұл қалжың ретінде айтылатын тілек әзіл-сықақ ретінде айтылса да, шындықтың бір бөлігі бар. *Ақ сиырдың сүтін іш* деп тек жақсы сыйлы адамдарға тілеп жатады.

Негізгі бөлім

Тілімізде «*сиыр құйымшақтанды*» деген тұрақты тіркес бар. Ол – «соңы сұйылып кетті, аяқсыз қалды, қожырады» деген мағына береді. Мыс.: *Матайдың сөзі басы таудай болса да, аяғы* ***сиыр құйымшақтап кетті*** (М.Әуезов). *Сағиттың жыртқыштығы әуелде осындай қатты түршігіп ызаланған хатшының екпінді сөзі мінезімен бастална да, кейін, тағы бірнеше күндер өткен соң, әлденеден бәсеңсіп,* ***сиыр құйымшақтанып сұйыла берді*** (М.Әуезов).

Сиырды көп бағып, оны сауып, сойып, өз пайдасына жаратқан адамдар сиыр құйымшағындағы құйымшақ сүйектерінің саны – 18-20-ға дейін жететіндігін біледі. Ол сүйектердің алдыңғылары ірірек болып келеді де, соңына қарай біртіндеп уақтай береді. «*Сиыр құйымшақтанды*» тіркесінің шығу себебі – міне, осы объективті шындық [1, 18-24 бб.].

Сиырдың бүйрегіндей, сиырдың бүйрегіндей бытырады дегентеңеутүріндегіфразеологизмдердің шығу тегі де осындай ақиқат шындықтан бастау алады. ***Сиырдың бүйрегіндей*** – «қырық құрам, қырық бөлек» деген мағынада. Сиыр малының бүйрегі басқа малдардың бүйрегі сияқты бір бүтін емес, ол бірнеше бөлікке бөлінген, тарам-тарам болып келеді. Оның осы ерекшелігі жоғарғылардай фразеологизмдердің жасалуына себепші (уәж) болған.

Сиырдың бүйрегіндей бытырады – жан-жаққа тарап кетті, тоз-тоз болды. Мыс.: – *Жүр онда,* ***сиырдың бүйрегіндей бытырауға*** *айналған екенбіз, тек арты қайырлы болсын (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).*

Сиырдың бүйрегіндей бытырау тұрақты тіркесінің идиоэтникалық семантикасы аңызда әдетте былай сипатталады: «Барлық жан-жануарды жаратып, оларға бүйрек үлестіргенде қашанғы сол жайбасарлығымен кешігіп келген сиырға жетпей қалыпты. Ол бұл жалғанда енді бүйрексіз қайтіп күн көрем деп, азан-қазан болып өкіріп жылапты. Сиыр сорлының көз жасын көрген жануарлар қабырғалары қайысып, оның көңілін аулаудан бөтен көмек көрсете алмайды. Ең соңында сиыр оларға «бүйрек алып бүйірлерің шығып тұрған жансыңдар ғой, тым болмаса құр қалған туыстарыңа берер жылуларың жоқ па» дейді. Оның бұл сөзін жөн көрген жылқы, түйе, қой т.б. жануарлардың әрқайсысы сиырға бір жапырақтан бүйрек жиып беріпті. Сонымен сиырдың бүйрегі басқа жануарлардың бүйректерінен бөлек бұжыр-бұжыр, қырық құрау болған екен. Сиырдың қилы-қилы мінездері осы қырық қиқымнан құралған без бүйрегінің белгісі деп аңыз етеді».

Сиыр бүйректену дегенде қазақ «сиыр бүйрегінің бунақтала бөлшектеніп тұратын сыртқы түрін» маңызды деп тауып, «*ынтымақсыз*», «*береке-бірлігі жоқ*» ағайын туманың ара-қатынастарындағы «жайсыз сызаттар ізін» бейнелеуге белгі етіп алған екен [2, 200-209 бб.].

Сиыр өзен жағалаған егінші, отырықшы елге жайлы, жағымды болғанымен көшпелі елде онша бағаланбаған. Өйткені жүріске кем, жүні тықыр сиыр малы ерекше бағым-күтімді қажет етеді. Ол жазда жайылым талғайды, қыста қолға қарайды. Оған жылы қора, жиюлы шөп керек; шөлге де шыдамсыз.

Оның үстіне сиыр – қыңыр мал, онша айдауға көнбейді, жөнге жүрмейді. Сондықтан басқа малдарға қарағанда көшпелі ел сиырды аз ұстаған.

Сиыр малының өзіне тән мінез-құлқы, дағдысы болады. Солардың бірі – сиырлардың бірін-бірі сүзбей, бірімен-бірі соқтығыспай, қақтығыспай жүрмейтіндігі. Оның осы қылығы *сиыр мінез, сиырдай мүйіздесті, сиырдай мүйіздеді* деген сияқты фразологизмдердің тууына түрткі болған.

Сиыр мінез – орынсыз қақтығысып, соқтығысып жүретін (адам). Мыс.: *Ағаттық ісімізді білмедік пе? Көңілін бір нәрседен кірледік пе? Сықылды* ***сиыр мінез*** *жаман елміз, Орданың бір жеріне сүйкендік пе?* (Ілияс Жансүгіров)

Сиырдай мүйіздесті – өзара қырқысты, қақтығысты. Өзара ынтымағы, бірлігі, татулығы жоқ халық, әлеуметтік топ қолдағы барынан айрылады, бар байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді. Мыс.: ***Мүйіздескен сиырдай,*** *Байласаң бас жіп жетер ме? Еңбегің еш, тұзы сор, Қайратың селге кетер ме?* (Дулат).

Сиырға тән тағы бір қызық мінез: егер табындағы бір сиыр жел шығарып (осырып) қойса, басқа сиырлар оны қуып жүріп сүзеді. Осыдан *осырған сиырдай қылды* деген тұрақты тіркес жасалған.

Осырған сиырдай қылды – жабылды, мазақтады. Мыс.: *Бәрің де серіні* ***осырған сиырдай*** *қылғандарыңды ұмыттыңдар ма? – деді ол* (С.Жүнісов).

Сиырдай мүйіздеді фразеологизмі де «жан-жақтан жабылды, мүшектеді» деген мағына береді.

Сиыр малы ірі болатындығы белгілі. Оның осы белгісі *сиыр сәске, сиыр түс* деген сияқты тұрақты тіркестерді туғызған. Екеуі де «үлкен» деген мәнге ие.

Сиыр сәске – күн қызған шақ; шамамен сағат он-он бірлердің кезі (халықтың уақыт өлшемі). Мыс.: ***Сиыр сәске*** *кезі еді* (Ә.Нұрпейісов).

Сиыр түс – түске таянған кез (мезгіл). Мыс.: *Күн* ***сиыр түс*** *болған кезде бір қойшы кезікті* (І.Жансүгіров).

Ал ***сиыр жылы*** деген тұрақты тіркес тарихи мәнге ие. Қазақ халқының көне есебі бойынша жыл санау, адамның жасын есептеу 12 жылдың мүшел есебімен есептелетін болған. **Сиыр жылы** – тышқан жылынан кейінгі екінші жыл.

Сиыр бұзауын салмай иімейді. Әсіресе бұзауы өлген ондай сиырдың сүті ерте қайтып, суалмас үшін *тұлыпқа идіру* тәсілі қолданылады: өлген бұзаудың терісін бітеу сойып, ішіне сабан тығып, оны енесінің көз алдына әкеп қояды. Мұндай әрекет *құр тұлыпқа мөңіреген сиырдай болды* – «алдамшы, жалған нәрсеге иланды, нанды» деген тұрақты тіркес шаруа жұмысындағы ақиқатпен байланысты туғанын байқатады.

Өгізге байланысты 30 шақты тұрақты тіркестердің жартысына жуығы – «*өгіздей*» деген теңеулік тұлға арқылы жасалған фразеологизмдер. Бұлардың барлығы адам бойындағы кейбір қасиеттерді өгізге ұқсатудан пайда болған. Өгізде ұқсатуға тұрарлық ондай қасиеттер аз емес. Сол қасиеттердің бірі – өгіздің үлкендігі: *Атан өгіздей* – үлкен, еңгезердей. Мыс.: *Екі көзі жайнап бір* ***атан өгіздей*** *бір қасқыр алдымда жатыр екен* (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). *Сиыр* ***атан өгіздей*** *болса керек* (С.Мұқанов, Шығ.).

Екінші қасиеті – өгіздің икемсіздігі, дөңкиіп қалған қолапайсыздығы: *Өгіздей өңкиген* – дәу, үлкен, дөңкиген**.** Мыс.: *Ең артта* ***өгіздей өңкиген*** *біреу келеді* (Ә.Әбішев).

Үшінші қасиеті – өгіздің күжілдеген даусы: *Өгіздей [өгізше] өкірді* – бақырып, қатты жылады. Мыс.: *Мұқажан* ***өгіздей өкіріп****, отыра кетті* (Б.Тілегенов). *Дәркембек* ***өгізше өкіріп****, жылап жатыр* (С.Мыңжасарова).

Төртінші қасиеті – күштілігі: *Өгіздей өрге сүйреді* – қара күшпен ілгерілетті.

Өгіздің бесінші қасиеті – өлермендігі: *Өгіздей өңмеңдеп* – киіп-жарып, баса-көктеп, кимелеп. Мыс.: ***Өгіздей өңмеңдеп*** *ілгері ұмтылған жау солдаттары көрінді* (Ә.Нұршайықов).

Ал *аузын буған өгіздей, мұрнын тескен өгіздей, оқалақ қуған өгіздей* деген фразеологизмдер өгізге тән табиғи қасиеттерді бейнелеп тұрған жоқ. Бұл жерде еріксіздік байқалады. Әрине, күшпен, зорлықпен өгіздің аузын буып қойсаң, мұрнын тесіп, бұйда тағып, жетектеп алсаң, болмаса жан шыдатпас инесін қадап, оқалақ (оқыра) қуса, өгіз амалсыздан «мылқиған, мелшиген», «жуас» немесе «шыдамсыз» болып келері сөзсіз.

Аузын буған өгіздей – мылқиып, мелшиіп. Мыс.: *Ол пристав алдында* ***аузын буған өгіздей*** *«лəм» деп үндемейді* (С.Мұқанов).

Мұрнын тескен өгіздей – жетекке көнгіш, жуас. Мыс.: *Күйеуі* ***мұрнын тескен өгіздей*** *көк айыл әйелінің жетегіне еріп жүре берді* (С.Жүнісов).

Оқалақ қуған өгіздей – беті ауған жаққа қарай безіп кету. Мыс.: ***Оқалақ қуған өгіздей*** *бетің ауған жаққа қарай өңмеңдей ұмтыласың* (Д.Досжанов).

Өгіздің өзіне тән тағы бір қасиеті бар. Ол – оның баяу, жай қимылдайтындығы. Өгіздің осы қасиетіне байланысты *өгіз аяң, өгіз аяңға басты* деген сияқты тұрақты тіркестер жасалыпты.

Өгіз аяң – өте баяу жүріс, шабан жүріс, баяу қарқынды іс. Мыс.: *Жүрісіміз* ***өгіз аяң*** (С.Сарғасқаев). *Ауылдан шыққалы* ***өгіз аяң*** *жүрістен аспаған екі жолаушы түс ауғанша көз көрім жерге жете алмапты* (А.Тоқмағамбетов).

Өгіз аяңға басты [салды] – жай, баяу жүрді. Мыс.: *Машина бұдан ары қарай нағыз* ***өгіз аяңға*** *басты* (Б.Қыдырбекұлы).

Өгізге байланысты қалған фразеологизмдерге келсек, олардың біразы өгіздің жай-күйінен, біразы өгізге жегілетін тасымал құралдарынан ақпарат береді.

Атан өгіз – өте үлкен өгіз. Мыс.: ***Атан өгіздің*** *мүйізінен істеген шақшасын алып, Әшір насыбай атты* (Қ.Әбдіқадыров, Амантай). *Сиыр* ***атан өгіздей*** *болса керек. Емізігі табан қарыс* (С.Мұқанов, Таңд.шығ.).

Азбан өгіз – 6-7 жасқа келгенде піштірілген бұқа. Мыс.: *Бүгін түсте қой жусайтын шақта* ***көк азбанмен*** *сүзісіп, мүйізі кетейіп қалды, – деді Шолпан* (Ә.Көпбаев, Мақтаныш).

Құр өгіз – піштірілгеннен кейін күш-көлікке пайдаланылмай, еркін қоя беріп, семіртілген өгіз.

Өгіз жон – дөңкиген, жұп-жұмыр белес. Мыс.: *Қыстақ пен өзеннің арасында* ***өгіз жон*** *дөң бар* (Ө.Қанахин).

Өгіздей өкірді; өгізше өкірді – қатты айқайлап дауыс шығарды, бақырып жылады дегенді білдіреді. Мысалы: *Патша қазақтан солдатқа алар да: «Ой, алда-ай! Ой, құдай-ай, бұл не деген заман болды! Алда-ай! «Ақ сарыбас!», Ой, алда-ай, «боз қасқа...!» деп, қазақ* ***өгіздей өкіріп*** *жылай бастаған»* (С.Сейфуллин).

Өгіздей болып ап – үп-үлкен, дап-дардай бола тұра деген мағынада. Мәселен: *Жарайсың, Бектас! – деп, мұғалім мені ризашылықпен мақтайды да, Жанбосынға қарайды. Көрдің бе ананы. Ал сен* ***өгіздей болып ап****, мыңқ-мыңқ етіп тұрсың. Ұялмайсың ба?* (Қазақ әдеб.).

Мұрнын тескен өгіздей – кекесін, көнгіш, ырыққа ергіш, жуас дегенді білдіреді. Мыс.: *– Жоқ, саспаңыздар.* ***Мұрнын тескен өгіздей*** *жуасытып берем сендерге бұл аюды* (Жалын).

Аузын буған өгіздей – жұмған аузын ашпау, тіс жармау, мыңқ етпеу дегенді меңзейді. Мысалы: *Болыс* ***аузын буған өгіздей*** *тырп етпей, үйден шықпай жатып алды* (М.Әуезов).

Өгіздей өңкиген – денесі ебедейсіз үлкен, еңгезердей деген мағынада. Мыс.: *Ең артта* ***өгіздей өңкиген*** *біреу келеді* (Ә.Әбішев, Терең тамыр). – ***Өгіздей өңкиген*** *неме, – деді қыз ақырын* (С.Омаров, Қайырлы.).

Сиыр, өгіз сияқты «*бұқаның*» да өзіне тән ерекше қасиеттері мен белгілері бар.

Әдетте *бұқа* қандай болады?

Бұқаның мойны күжірейіп, алқымы (әукесі) салбырап тұрады. Дауысы күжілдеп шығады. Көзі үрей туғызады. Тіліміздегі бұқаға байланысты туған фразеологизмдер оның осы қасиеттері мен белгілеріне негізделеді. Мысалы:

Бұқа мойын – күжірейген, жуан мойын. *Сенікі қай ауыл? – деді,* ***бұқа мойын*** *кісі* (Б.Майлин). *Тайғақбайдың кескіні қара торы, «Қара сұр бұйра шаш» деп атайды оны. Қой көздеу, сұйық қасты,* ***бұқа мойын****. Азырақ бүкірсымақ келген жоны* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Бұқа бұғақ [алқым, тамақ] – бұғағы (әукесі) салбырап тұрған; семіз. Мыс.: *Бұзау көздеу,* ***бұқа бұғақтау*** *адам* (Ғ.Мүсірепов). *Екіншісі –* ***бұқа тамақ****, салпы ауыз жігіт* (Ж.Тілепов).

Бұқа көз – сүзе қарайтын көз. Мыс.: *...****Бұқа көздеу****, бұқа бұғақтау... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Бұқа көзденді – көзін сүзе жақтырмай қарады. Мыс.: *Ырыскен –* ***бұқа көзденген*** *сары жігіт* (Б.Майлин).

Бұқа дауыс – күжілдеген дауыс. *– Ей, – ей, қақтықпа, қақтықпасайшы! Жынды немесің өзің! – деді* ***бұқа дауысты*** *біреу* (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Бұқа – аталық мал. Оның негізгі қызметі (қажеттілігі) – тұқым беру, сиырдың тұқымын өсіру. Бұқаға қатысты туған тұрақты тіркестердің біразында оның осы қасиеті көрініс тапқан.

Бұқаға жанасты – сиырдың күйі келді, күйледі.

Бұқаға қосты – күйі келген сиырға бұқа жіберді. Мыс.: *Күйлеген сиырды* ***бұқаға қоспаса****, қасындағы малдың мазасын кетіреді* (Ш.Бөрібаев).

Тілімізде *бұзауға* байланысты да біраз фразеологиялық тұрақты тіркестер ұшырасады. Олардың жасалуына сиыр төлі – бұзаудың өзіне тән қасиеттері мен белгілері уәж (себеп) болған. Мысалы:

Бұзау тұмсық [мұрын] – тұмсығы жалпақтау келген; таңқы танау (адам). Мыс.: *Әнуар ұзын бойлы, ат жақты,* ***бұзау тұмсық*** *сұрша жігіт* (А.Байтанаев). *Дембелше, төртпақ қара,* ***бұзау мұрын****; Сыпылдақ, тілге шешен, ойы жылдым* (Н.Ахметбеков).

Бұзау көз – өлімсіреген, мөлиген, жанарсыз көз. Мыс.: *Солардың бәрінің фамилиясы Сілекеев екен...* ***Бұзау көздеу****, бұға бұғақтау, өнімсіз де болымсыздау... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп.кет).

Бұзау бас етік – басы жалпақ әрі доғал етік. Мыс.: *Жаман* ***бұзау бас етіктен*** *шылқылдап аяққа су өтеді. Қонған жерде шұлғауымызды сығып кептіреміз* (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Бұзау міс қамшы – жуан таспадан салалы етіп өрілген қамшы. Мыс.: *Оған өзінің сегіз өрім* ***бұзау міс дырау қамшысын*** *ұстатты* (М.Әуезов).

Тана көз – мөлдіреген дөңгелек әдемі көз. Мыс.: *Қыз* ***тана көзін*** *мөлдіретіп, сүзіле бір-ақ рет қарады* (Б.Соқпақбаев).

Қазақ тілінде сиыр малына қатысты бұлардан басқа да біраз фразеологиялық тіркестер кездеседі. Оларда да сиырға, сиыр малына тән қасиеттер мен мінез-құлықтар, ерекшеліктер көрініс тапқан.

Әукесі салбырады [түсті] – көңіл-күйі болмады, ұнжырғасы түсті.

Ақ болып кетті – сүт шықпай қалды, мүлде суалды. Мыс.: *Сиыры* ***ақ болып тартылып кетті*** (К.Көшімов).

Қашпаған қашардың уызына қаратты – деген тіркесті талдар болсақ, тура мағынасында қашпаған сиыр төлдемейді. Ал, төлдемеген малда уыздың да болмайтыны белгілі. Бұл тіркестің ауыспалы мағынасы – «болмаған, болмайтын нәрседен үміттену, өзін-өзі алдау, қолдан келмейтін іске дәмелендіру, бос сөзбен емексіту» дегенді білдіреді. Мыс.: *Екеуміз* ***қашпаған қара қашардың уызына*** *мас болған Есбалаққа ұқсап тұрмыз* (Ә.Әбішев). ***Қашпаған қашардың уызына қаратуыңды*** *қой* (Ауызекі тіл).

Құлаққа ұрған танадай – тып-тыныш, жым-жырт болу. Мыс.: *Зал іші* ***құлаққа ұрған танадай*** *тып-тыныш бола қалды* (Қ.Жармағамбетов).

Оқыра тигендей қылды [болды] – ойран-топыр етті, астан-кестеңін шығарды. Мыс.: *Азғантай мүлт кетсең,* ***оқыралаған сиырдай*** *мөңки тулап жұртты бөліп әкеткелі тұр* (І.Есенберлин). ***Оқыра тиген сиырша****, орғыта шапқан ес қалмай; Жолында мейлі кім тұрса, Екпіндеп келіп басқандай* (Ғ.Орманов, Ой қанаты).

Қазақ тілінде осы 98 сиыр малына қатысты фразеологизмдердің 29-ы – сиырға, 28-і – өгізге, 16-сы – бұқаға, 17-і – бұзауға, 8-і – сиырдың басқа түрлеріне (қашар, тана, құнажын, т.б.) қатысты фразеологизмдер. Ал ағылшын тілінде жоғарыда көрсетілген 76 фразеологизмдердің 20-ы – сиырға, 9-ы – өгізге, 34-і – бұқаға, 8-і – бұзауға, 5-уі – сиырдың басқа түрлеріне (қашар, жалпы сиыр малына қатысты және т.б.) қатысты (1-кестеге қараңыз).

Кесте 1

Сиыр малына қатысты фразеологизмдер

Сиыр малының атаулары (ұйытқы сөздер)	Фразеологизмдер			
	Қазақ тілінде	Саны	Ағылшын тілінде	Саны
1	2	3	4	5
Бұзау/ Calf	бұзау көз, бұзау тіс, бұзау тұмсық, бұзау мұрын, бұзау бас етік, бұзау тастады, байлаулы бұзаудай, жас бұзаудың басындай, ойнақтаған бұзаудай, тұмылдырық таққан бұзаудай, бұзаудай бағу, бұзауша меңіреу, бұзау салмағындай, бұзау қорадай, жаңа туған бұзаудың көзіндей, жас бұзаудың басындай, ит қуған бұзаудай	17	divinity calf, the fatted calf, kill the fatted calf, the golden calf, worship the golden calf, calf-love, calf's teeth, eat the calf in the cow's belly	8

Тана/ Heifer	құлаққа ұрған танадай, тана көз	2	-	0
Қашар/ Heifer	қашпаған сиырдың уызына қаратты	1	heifer barn	1
Сиыр/ Cow	сиыр жылы, сиыр мінез, сиыр сәске, сиыр түс, сиыр құйымшақтанды, сиырдың бүйрегіндей, сиырдың бүйрегіндей бытырады, сиырдай мүйіздеді, сиырдай мүйіздесті, осырған сиырдай қылды, қашақ сиыр, егінге түскен сиырдай жайнау, бөрі көрген сиырдай мөңіреу, әукесін қасыған сиырдай, құнажын сиырдай үлкен, мәлік болған сиырдың көріндей, өкірген сиырдай, сәйгел қуалаған сиырдай, сиырдай үлкен, сиырша тұру, сиырдың тобығындай, сиырдың жапасы сияқты, сиырдың тіліндей, сиыр ұйқысындай, су сиырдай сумаңдау, үріккен сиырдай бажыраю, сауынды сиырдай, сиырдың жорғасы секілдену, оқалақ келген сиырдай	29	milch (or milking) cow, a sacred cow, the cow knows not what her tail is worth until she has lost it, the cow with the iron tail, a fair cow, salt the cow to catch the calf, till (or until) the cows come home, when the cows come home, you cannot sell the cow and drink the milk, holy cow!, cash cow, do something until the cows come home, cow college, holy cow, as good luck as had the cow that struck herself with her own horn, curst cows have no tails, if you sell the cow, you sell her milk too, many a good cow hath a bad calf, tune the old cow died of	20
Бұқа/ Bull	бұқа мойын, бұқа бұғақ [алқым, тамақ], бұқа көз [көзденді], бұқаға қосты, бұқаға жанасты, бұқатартыс, бұқа дауысты, тайынша бұқадай үлкен, бесті бұқадай, бұқаша қарау, бұқаша көз аларту, жылан тиген бұқадай, жынданған бұқадай, сүзеген бұқадай тоң мойын, көз бұқасын көрсету, бұқадан шықты	16	as fierce as a bull in fits, percentage bull, (as) strong as a bull (or ox), bellow (or roar) like a bull, (like) a bull at a (five-barred) gate, bull in a china shop, bull of Bashan, an Irish bull, shoot (sling or throw) the bull, take the bull by the horns, trust smb. as far as one can fling (or throw) a bull by the tail, be like a red rag to a bull, hit the bull's eye, take the bull by the horns, to score / hit a bull's eye, bull session, bullshit, bullshit artist, cock-and-bull story, to bull one's way, to go bull, an Irish bull, the arena of the bears and bulls, shoot the bull, ring the bull, brazen bull (bull of brass), milk the bull, to bull the market, bull campaign, bull speculation, bull transaction, bull operation, in a bull rage, in a bull voice	34
Жалпы сиыр малына қатысты (ұйытқы сөзі көрсетілмеген	әукесі түсті, әукесі салбырады, оқыра тигендей болды (қылды), сауын алды (берді, сұрады), ақ болып кетті	5	be kittle cattle to shoe, pull in one's horns / to draw in one's horns, blow one's own horn, steer wrestling	4
Жиынтығы		98		76

Қазақ тіліндегі сиыр малына қатысты фразеологизмдердің ең көбі *сиыр* мен *өгізге* қатысты болса, ағылшын тілінде бұл фразеологизмдердің ең көбі *сиыр* мен *бұқаға* байланысты екен.

Қорытынды

Байқап отырғаныңыздай, екі тілде де *сиырға* қатысты фразеологизмдер көптеп кездеседі екен. Солай болуы заңды да. Өйткені сиыр сүті үшін, сүтінен өндірілетін әртүрлі тағамдар үшін және балдай тәтті еті үшін бағылатындықтан оған қатысты тұрақты сөз тіркестер де көп. Қазақ тіліндегі тағы да бір көп кездесетін фразеологизмдер *өгізге* қатысты. Өйткені өгіз күш-көлікке пайдалану үшін көптеп қолда ұсталынады. Ал ағылшын тілінде сиырдан да көп кездесетін фразеологизмдер *бұқаға* қатысты. Себебі бұқа аталық мал ретінде қолда көп ұсталынады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жанпеисов Е. «Төрт түлік төңірегінде: сиыр» (екінші мақала) // ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары.Филология сериясы. – 2005. – №2.
2. Сағидоллақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы: «Ғылым», 2003. – 248 б.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
ИСКУССТВОВЕДЧЕСКАЯ НАУКА
ART SCIENCE

УДК 787.8(092)(574)

АЛСАИТОВА Р.К.
Өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы (доцент)
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ-сы, Қазақстан Республикасы
alsaitova_r@mail.ru

СҮГІР ӘЛИҰЛЫ КҮЙЛЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аннотация. *Таңдап алынған зерттеу тақырыбы Қаратау күй мектебінің өкілі Сүгір Әлиұлының шығармашылық стиліне және оның мектебінің өкілдеріне арналып жазылғандығы тақырыптың өзектілігін айқындайды. Қазақстанда этномузыкада, оның ішінде қазақ халқының аспаптық музыкасын, ұлттық аспаптар жанрынының түрлі сатыларын зерттеу бойынша мол тәжірибе жинақталғаны белгілі.*

Қаратау өңірінде Сүгірге дейін және Сүгір заманында домбырада шебер орындаған күйшілердің болған. Талғампаз күйші шығармашылығының қатаң бәсекелестікте дамыды. Сүгір күйлерін орындаушы ізбасарлары күйдің рухани құндылық, өнертанудағы мұра екенін көрсетті, ал ғылыми тұрғыда іздену жұмысы музыка өнерінде зерттелмеген тың мәселе. Сол себепті мақалада Сүгір күйшінің шығармашылығы теориялық, соның ішінде композициялық тұрғыда пайымдалады.

Кілттік сөздер: *күй, күйші, композициялық құрылымы, регистр, бурдондық-обертондық, вариантты-строфикалық, ладтық тірек, квинталық құрылым, кварталық құрылым.*

АЛСАИТОВА Р.К.
Кандидат искусствоведения, и.о.ассоцированного профессора (доцент)
Жетысуского государственного университета имени Ильяса Жансугурова
город Талдыкорган, Республики Казахстан
alsaitova_r@mail.ru

СРАВНИТЕЛЬНО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОПЫТ ИССЛЕДОВАНИЙ КЮЕВ СУГУРА АЛИЕВА

Аннотация. *Как известно, домбровая традиция шертпе, получившая распространение в центральном, восточном, юго-восточном регионах Казахстана, а также за его пределами (Алтай-Тарбагатай, СУАР КНР), представлена разнообразными исполнительскими школами. Среди них особое место принадлежит Каратауской домбровой школе, основоположником и лучшим представителем которой является Сугур – известный народный композитор. Его личность и творческое наследие почти не изучены в казахстанском этномузыкознании. Будучи наиболее ярким исполнителем и создателем каратауских домбровых кюев (Сузак), отличающихся по своему характеру и звучанию от Аркинских и Жетысуских (центральный и восточный Казахстан), Сугур унаследовал традиции своих предшественников. В статье рассматривается композиционная форма кюев Сугура*

Ключевые слова: *кюй, кюйши**,** композиционная форма, регистр, бурдонно-обертоновая звуковые соотношения, вариантно-строфическая форма, ладовая опора, квинтовый строй, квартовый строй.*

ALSAITOVA R.K.
Candidate of Art Criticism, Acting Associate Professor (Associate Professor)
Zhetysu State University named after Ilyas Zhansugurov
Taldykorgan, Republic of Kazakhstan
alsaitova_r@mail.ru

COMPARATIVE ANALYTICAL EXPERIENCE OF RESEARCHES OF KUYEV SUGUR ALIYEV

Annotation. *As is known, dombrovaya tradition shertpe, which became widespread in the central, eastern, southeastern regions of Kazakhstan, as well as beyond its borders (Altai-Tarbagatai, XUAR of the People's Republic of China), is represented by a variety of performing schools. Among them, a special place belongs to the Karatau school, the founder and the best representative of which is Sugur – the famous folk composer. His personality and creative heritage are almost not studied in Kazakhstan's ethnic music. Being the most prominent performer and creator of the Karatau dombra*

kyuis (Suzak), differing in their character and sound from Arkinskie and Zhetysu (central and eastern Kazakhstan), Sugur inherited the traditions of his predecessors. The article discusses the compositional form of Sugura kyuyev

Keywords: *kui, kuishi, compositional form, register, drone-overtone sonic relations, variant-stanza form, fret support, quinte structure, quart system.*

Аймақтық дәстүрлерді зерттеу мәдени құндылықтарды жинақтауда маңызды орын алады. Біздің зерттеу жұмысымыз аталған үрдістің жалғасы деуге болады. Біріншіден, заман талабына сай, егеменді елімізде тез өзгеріп жатқан үрдістер кезінде мәдени құндылықтарды, дәстүрлі музыкамызды жан-жақты жинақтап зерттеген дұрыс. Екіншіден, бұл мәселе ұлтымыздың асыл мұрасы екені, келешек ұрпаққа жеткізуде маңызы бар болғандықтан, дәстүрлі аспаптық музыканың әлеуметтік-мәдени кеңістікке шығуына мүмкіндігі бар. Сонымен, зерттеу жұмысымызға көшелік, Сүгір күйлері құрылысы жағынан әр қилы. Күйлеріне тек қана үш бөлімді немесе төкпе күйлерге ұқсас құрылымдық ерекшеліктері ғана тән деп айту дұрыс емес. Шертпе күйлер әнге ұқсас дамиды деген пікірлердің бар екенін айта кеткен жөн. С.Калиевтің еңбегінде, күйлердің құрылымдық ерекшеліктерінің өзгеріске түсу үрдісін талдаған: **ИН⟷ИФ⟷СФ –** «қалыпты форма» (қалыпты құрылымы– Р.А.),«импровизациялық форма», «аспаптық әуендер» ұғымдарын келтіріп талдайды. [1, 12-13 бб.]. «Қалыпты құрылымы» әрбір күйдің тарихы мен өмірі болатынын, оның этаптық үрдістен өтілетіні айтылады. Нұсқалық ерекшеліктер күйдің ырғақтық, әуен тұрақтылығы, қағыс техникасында және құрылымдық структураның канон тәртібімен жүретіні айтылады. «Импровизаторлық құрылымы» жаңа элементтерді сіңіру арқылы, ырғақтық-интонациялық,ырғақтың ауысуымен байланыстырады. Жаңа элементтердің көп мөлшерде қолдануы күйдің «өзгеруіне» әкеліп соқтықтырады. Бұл тараптан «қалыпты құрылысынан» айырмашылық бар деп автор салыстыра талдау жүргізген. Ал сол зерттеуді негізге алсақ, Сүгір күйлерінің бастан аяқ «импровизаторлық құрылымынан» «қалыпты құрылымға» өтуіне ізбасарларының орындаушылық ерекшеліктері бар екенін айта аламыз, күйлерінің композициялық құрылымының ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Сонымен, **«Боз інген»** күйі қысқа миниатюра. Сипаты жағынан асқақ, би нақышындағы күй. Формасы вариантты-строфикалы. Бүкіл форманы қиыстыратын бас буын немесе рефрен қызметін негізгі тақырып орындайды (А). Ол гамма түріндегі айналымдар мен қайталанатын мотивтерден тұрады. Жалпы дауыстың қайталануы немесе жеке фразалардың, айналымдардың қайталануы Сүгір күйлеріне тән ерекшелік. Бұл күйде жеке тондар немесе жеке мотивтердің қайталануы жиі кездеседі. Бұл жерде мажорлы үш дыбыстың дауысымен қимылдау туралы сөз болады. Әуен бір-біріне тізбектелген микромотивтерден тұрады.

Әуен екі шек арасын бөлінетіні назар аударарлық, мұның өзі ерекше асқақтығын байқатады.

1 мысал:



Бұдан басқа іс жүзінде дауысы шықпайтын қысылатын дыбыстар да кездеседі. (1-4 тактар)

2 мысал:



3 мысал:



Қозғалыс лигалы ноталарды қолданумен күрделенеді. Әуен біреуінде, одан кейін екінші шекте, одан кейін екеуінде ауысып немесе бір уақытта екі шекте орындалады. Орындалу техникасы күрделі.

Негізгі тақырып екі рет айтылады. Қайталауда (9 мысалда-3-6 такт) ол вариантты түрде өзгереді (10 мысалда -1такт). Қайталанатын терция мен кварт дыбысы шығады (g//h, g/c).

Тақырыпта шектің негізгі тоны d және g қолданылады. Оның құралуына соңғысының қатысуы тембрлік-регистрлік контраст беріп, би бастамасын күшейтеді.

В бөлімінде регистр жоғары. Секундтық интонация мүшеленіп, форшлагты қолдана отырып g– fis және h-a көп рет қайталанады. Бірінші бөлімде ойналатын терцті және квартты интонациялар басқа ритмикалық қойылымда орындалады. Жалпы күйдің орындалу барысында бірнеше әдіс болады: жоғары немесе төмен шекте, сол не басқа ритмикалық суреттерде болып, дыбысқа түрлі бояу береді. Олардың күйде көрініс беруі семантикалық жағынан маңызды.

Одан кейін негізгі тақырыпты қамтитын А бөлімі шығады. Одан кейін В бөлімі (жоғары регистр). Барлық даму қайталанады.

Күйдің тақырыбы локальдық әуенімен ерекшеленеді. Бұл шығармадағы би ырғағының аспаптық музыкамен берілуі, күйші стилінің сапалық жағынан өзгергені жайлы айтуға мүмкіндік береді. Белсенді мажорлы тақырыптың өсу бағытынан бастау алуы оның би ырғағымен ұласуына тиімді жалғанған. Астыңғы ішекті ашық алып, үстіңгі ішекте ***си*** және ***до*** дыбысын алу – ***бурдонды-обертондық ұстаным*** күйге ерекше мән беріп тұр. Осы ұстаным інген жануарыныңтабиғи дыбысына баламаланады.

АВАВ формасы – вариантты-строфикалы. Оның дамуына орта және жоғары регистрлер араласады. Тақырыптың қалыптасуына төменгі және орта регистрлер араласады.

Метрикалы ауыспалы да тән: 2/4 өлшем ¾ өлшемге ауысады.

1. Әуен екі шекте қалыптасып, ашық шектің негізгі тондары белсенді түрде қолданылады.

2. Мажор дыбысымен 5/3 және 6/4 қозғалыс, сонымен қатар терцтік интонациялардың қайталануы дәстүрлі шертпе күйлерге тән. Бұл жерде қазіргі өлең интонацияларының әсерін байқауға болады.

3. Детальдарға қатынас көрініп тұр – нақты ырғақты құрастыратын лигалы ноталалар; жеке дыбыстар немесе интонациялар және олардың көп қайталанув Сүгір стиліне тән құбылыс.

4. Терцтік және квартты интервалдардың түрлі әдіспен, түрлі штрихпен орындалуы дыбысты ерекше нәзік, жұмсақ нақыш береді.

5. g//h, g/c позициялық иірімде әуеннің жүруі (обыгривание) бірнеше күйлерінде кездеседі («Тел қоңыр», «Ілме»)

Сүгірдің **«Аққу»** күйін алайық, күй шертпе дәстүрінің ең үздік үлгісінде шығарылған. Форма жағынан алғанда домбырада ойналатын «Аққу» күйі мен қобызда ойналатын «Аққу» күйі әуен бір болмағанмен, нақышы жағынан ұқсас. Демек, «Аққу» күйі культтік музыка ретінде ойналған. Өнердің әлеуметтік қызметінде магия белгілі бір роль атқарғанда қазақ халқының аспапты музыкасының ертедегі түріне жатты деп пайымдаймыз.

«Аққу» күйлерінің құрылысын зерттей келе С.Аманова: «Аққу» -один из немногих кюев имеющих строго закрепленный комплес музыкально-выразительных средств, сходные мелодические формулы, квинтовый строй домбры и одинаковые исполнительские штрихи» [2,15б.].

Көне күй қатарындағы «Аққу» тақырыбына Сүгір де оралған. Күй квинттік құрылымда орындалады. Оған қазақтар үшін қасиетті де киелі құс болған аққудың бейнесіне сай дыбыстың нақыштығы, дыбысқа еліктеу тән. Сондықтан «Аққу» күйін домбыра музыкасының ішінде өте ертеде шыққан күйге жатқызып, олар эволюцияланды, музыкалық тілі күрделенді. Бұл пьесалар Қазақстанның Орталық, Шығыс, Оңтүстік-шығыс аймақтарында кең тараған. Сонымен қатар Монғолия мен Қытай қазақтары ішінде де белгілі.

Сол бұрауда, күй үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім екі рет қайталанып барып, екінші бөлімге ауысады, үшінші бөлімде бірінші тақырып қайталанады. Лигамен қосылған терция аралық, форшлагтар, екідауыстылықтан бірдауыстылыққа көшіп ойнау сияқты ерекшеліктер күйдің табиғи дыбысқа еліктеуде ерекше міндетін атқарып тұр.

4 мысал:



«Аққу» күйі – көңілді, ойнақы жүреді. Күй негізгі тақырыптан басталады, негізгі тақырып бірнеше рет қайталанып келеді.

Күй жасырынған марш ырғағында басталады да, терциялық лигалы дыбыстар арқылы күй ойнақы, әсемпаздық мінезіне ұласады.. Яғни, тақырып екі элементтен құралған, марштық (4 мысал), ол c-c1 ладтық тіректен басталады, екіншісі c-g (екідауысытылық) төмен бағытта f (жалғыздауыстылық) дамиды. Бір дыбыстың әр қайталануы сайын әртүрлі бояумен беру (12-13 такт) Сүгір күйлеріне тән құбылыс. Күйдің басы квинта бұрауындағы күйлерге тән c-c1 ладтық тіректе басталса, кейіннен шертпе дәстүріне ауысып c-g бірдауыстылыққа барып ұласады. (күй сол бұрауда жүрсе де). Әуен төменгі регистрге біртіндеп ауысады (әуеннің біртіндеп f ,d, c). Бір дыбыстың қайталануы немесе екідауыстылық дыбыстық комплекс («бір дыбыста тұрып алу», бұл мәнер кейде форшлагпен безендіру арқылы ойналады), оған басты назар аударуылған, бір жағынан дыбыс қозғалысын тежеу (бір дыбысты қайталап ойнай беру) Сүгір күйлерінің ерекшелігі болып саналады. Осы бөлім Сүгір туғызған композитордың көркемдің ойының тағы бір қосымша дәлелі. Жоғарғы дыбысты (c1) алып тұрып, төменгі регистрдегі (c-d)дыбысты лига арқылы шығару тәсілі арқылы аққудың сұңқылының дыбысына келтіру. Бұл эпизод қыл-қобыз дыбысын еске түсіреді. Дыбыстардың лига шрихы арқылы алу әдісі дыбыстардың арасында микротондардың естілуі, сырғанау секлді орындаудың нәтижесінде пайда болып отыр. Бұл Мұхит Айтқалиевтің нотаға түсіруімен берілген нұсқадан анық көруге болады:



5 мысал:

«Аққу» бейнесіне сипат беруде құстың образы сомдалып, дыбыстардың әдемі әуезі күйдің құбылып шығуына әсер беріп тұр десек, бұл композитордың бөлмей алынған терциялық аралық иірімдері бір төбе де, үстіңгі ішектегі қоңыр үндер соның жалғасы. Ол үн бір-бірімен жанасып, шашау шықпай үндесуі табиғи шеберлікті қажет етеді. Осылай шығарайын деп ойлағаннан емес, жүрекпен сезінген hас шебердің қолынан өткені белгілі.

Негізгі бөлімін талдадық, күйдің жалғасында бұл бөлім қайталанап келеді. Бөлімді – **А** деп белгілеп алып, келесі бөлімге көшсек:

Келесі жаңа бөлім өткен бөлімдей негізгі тақырыптан басталады, c-c1 ладтық тіректе ойналып, кейіннен дыбыстық диапазон бұл бөлімде кеңейтілген. Әуен жоғарғы регистрге ауысады. Жоғарғы шектеалынатын **b** төменгі дауыста пайда болып, ладтық бояуды көркемдей түседі. Мордент Сүгірдің «Бес жорға», «Шалқыма» күйлерінде де кездеседі, ал «Аққуда» ол әуенді оратылу тәсілі ретінде көрінеді. Бұл шағын бөлімді – В деп белгіледік

А бөлімі қайталанып келеді, тақырыптың элементтері еш өзгеріссіз қайталанған.

Осыдан кейін В1, бөлімнің басы екінші бөлімдегідей негізгі тақырыппен басталғанымен, «b» ладтық тіректе тақырып тереңдей түседі. B-f1 ладтық тіреккездеседі, форшлагтар кеңінен қолданылып c1– g1; d1-a1 ладтық тіректерімен алмасып отырады. Осы бөлім f-c1; g-d1; a-e1; b-f1 паралелль квинтамен жүргені келесі бөлімге ауысуына қортындылау заңдылығы.

А бөлімі қайталанып келіп күй аяқталады.

Сонымен, «Аққу» күйі АВАВ1А құрылысы вариантты-строфикалық құрылымында жүруі шертпе күйлерге тән екені байқалды.

2. Тарихи күйлер.

Сүгірдің **«Тоғыз тарау»** күйінің композициялық құрылымы өзге күйлерінен оқшау тұрған шығарма.

Күй квинталық құрылымда тартылады. Шын мәнінде бұл күй екі бөлімнен, ал бөлімдер бірнеше бөлімшелерден тұрады.

Бірінші кіріспе бөлімі баяу қарқынмен басталып, бір дауысты фактура екі дауыстымен алмасады. Бұл жерде дыбыстардың ұзақтығы үлкен (жартылай, ширек).



5 мысал:



Бұл бөлім екі бөлімшеден құралған. Біріншісі 5-ші тактіден басталады:

6 мысал:

Екінші бөлімше үстіңгі ішекте дамиды:




7 мысал:

Біріншісінде жоғары регистрде күйді мазмұндайды, әр фраза ашық шектің дыбысымен бітеді. Әуен ашық шектің біртұтас линиясын құрайды (төменгі регистр). Онда шертпе күйге тән үшхордалы әуен бар. Пентатоника элементтері, сонымен қатар ритмикалық суреттерді қолдану (бөлу ритмі) дыбысқа ерекше колорит береді.

1. бөлімшеде екі дауыс бар. Тақырып төменгі с фонында шығады (ашық шектің бурдоны). Әңгіме оның нұсқасын мазмұндауда. Бірінші бөлімнің формасы: А-А1.

2. бөлім шапшаң қарқынмен орындалады:

8 мысал:



Оның бірнеше бөлімшелері бар. Жаңа В тақырыбы қолданылады. Одан кейін оның субдоминанқа «бұрылу» нұсқасы беріледі, яғни f – В1 дыбысына. Тақырыптың басқа нұсқалық өзгерістері – В2. Одан кейін В1 және В2 қайталанады.

1 бөлім II бөлім

А-А1 В-В1-В2-В1-В2

Екінші бөлімде тараулар бір-бірінен ладтық тірек с-с1 пайда болуымен бөлінеді, ол негізгі ладтық қызмет атқарады. Егер В және В1 бөлімдеріндегі әуен көрсетілген ладтық тіректен (с-с1) жоғары дамыса, онда В2 бөлімінде ол одан төмен шығады. Егер ашық шектің негізгі тоны **с** үздіксіз шықса, онда **g** шегінің тоны мерзімді көрінеді. Ол әуенді құрастыруда дыбыс ретінде қолданылады. Сонымен қатар «тұрақты» дыбыстар қолданылады – f1, e1, c1, h. Әдетте олар төменнен ойналады. В2 бөлімінде ладтық тірек **e– h** қолданылады.

Бұл бөлімде біртұтас ритмикалық бейне (сегіздікпен қозғалыс) көрініс табады. 1 бөлімнен басқасында әуен жоғары регистрде дамиды.

Әуеннің амбитусы үлкен емес – б.6, 5 бөлім, тар көлемді қайталанатын интонациялар.

Тәттімбетте квинталық құрылымда күйлер кездеседі, бірақ бұл күйдің. сарындық үні Тәтімбет күйлеріне ұқсамайды, Қобыздың үнін үстіңгі ішекте келтіру Сүгір күйлерінде бой алған. Қағыстың арлы-берлі қағылуы қобыз штрихының баламасына келеді. Қобыздың үнін айнытпай салуда Сүгір новаторлық жаңалықтар енгізген.

1. Үстіңгі ішекті қолдану арқылы дыбыстың бояуын қобыз сарынына келтіру.

2. Оң қолда қағыстар ерекшелігі төгілтіп алғанымен, дыбыстың бояуы төкпе дәстүрінен айырмашылық бар.

3. Буындардың арасында бос қағыстар, ашық ішекті бос ұру мәнері қобыз, сыбызғы күйлерінен алынған.

4. Сарыны ұқсамағанымен, құрылымы Алтай-Тарбағатй күйлеріне ұқсас келуі, Сүгір күйлерінің көне күйлермен байланысын дәлелдей түседі.

Сүгір күйлерінің барлығы да **композициялық құрылымы** жағынан біркелкі емес дедік, оған тағы бір мысал ретінде келтірейік. Мафруза қызбен айтыс үстінде 5 жігіттің тартқан күйлері. **«Бес жорға»** күйлерінің вариантары әр орындауда бір-біріне ұқсамайтын тармақты күйлер. Әр ладтық тұрақта дамиды. Әрбір тармағы өзінше әсем, дыбыстан маржандай өріліп жорға дамып отырғаны – адамның қиялы іспеттес ұшқыр да тұңғиық.

9 мысал: «Бес жорға» 1нұсқа:



10 мысал:«Бес жорға» 2 нұсқа:



11 мысал: «Бес жорға» 3 нұсқа:



12 мысал: «Бес жорға» 4 нұсқа:



13 мысал: «Бес жорға» 5 нұсқа:



«Бес жорға» күйінің бастапқы 4 нұсқасы шертпе құрылымда, ал бесіншісі аралас стильде шыққан. Мұнда төкпе дәстүріндегідей бас буын (б.б.), тақырып (негізгі буын), орта буын (күйдің дамуы) және саға буындарына сайып келетін бөлімдері анық берілген.

Сүгір музыкасының қалыптасу принциптері ұлттық негізде, жалпы құндылық ұстанымдарын игеру барысында жүзеге асты. Сондықтан оның күйлерінің философиялық мағынасына терең, философиялық ойы ұшқыр, пайымдаулары сезімтал да асқақ болып келеді.



Сондай-ақ Сүгір күйлерінің құрылымдық және сарындық жағынан ізбасарларының шығармаларында орын алған. Осы тұрғыда Сүгірдің

«Қаратау шертпесі» және Ф. Үрмізовтың «Созақ еліме», Дайрабайдың «Дайрабай» күйі және Ф.Үрмізовтың «Ақындарға», Сүгірдің «Қосбасары»

және Ф. Үрмізовтың «Желтоқсан» күйлерін салыстырмалы тұрғыда музыкалық ерекшеліктерін таразылай, күйшілік мектеп стилінің жаңашылдық және дәстүр жалғастығын көрсетуге болады. Бір мысал келтірейік: Сүгірдің «Қаратау шертпесі» мен Файзулла Үрмізовтың «Созақ еліме» күйлерінің құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жүргізген болсақ, алдымен екі күйдің сарындық ұқсастығын байқауға болады, Ф.Үрмізовтың «Созақ еліме» күйінің басталуы:



15 мысал:

Күйлердің ұқсастығы төменде берілген ерекшеліктерден байқалады: тұрақталу тірегі **“*g*^{1}-*d*^{2}”;** күрделі екі бөлімдерінің қайталануы; екі бөлімнің тұрақталу тіректері, яғни: біріншісі – **“*g*^{2}”;** екінші – **“*e*^{2}”;** әуен иірімінің желісі: күйлердің бірінші октавадағы **“*g*^{1}”** дыбысынан бастап екінші октаваның **“*g*^{2}”** дыбысына барып тұрақталуы**, “*g*^{2}”** дыбысының бірнеше рет қайталануы, Арқа өңірінің әншілік дәстүрінде кездесетін ақын әуенінің құрылысына (“АМФ” – С.Елеманова) тән құрылғаны, **“*h*”** дыбысына өрбіп көтерілуі, **“*g*^{2}”** дыбысын негізгі тірек ретінде көздей, соның айналасындағы дыбыстардың оралуымен қысқа әуендердің басты иірімдерді сақтап отырып жаңаруы, бірінші бөлімдердің тұрақталу тірегінде аяқталуы, қысқа әуендердің бір-біріне ұқсастығы мен бірінен-бірі ағып жаңаруы, дыбыстардың тізбектеле қатар берілуінің және дыбысты қоршаған ноталардың оралуының нәтижесінде пайда болған мәтіндердің құрылуы; қағыс серпілісі: төмен қағыстардың қатар келуі, яғни, қағыстан кейінгі дыбыстардың лигалануы, каденциялық айналымда жоғары қағыстардың қосарлануы, алма-кезек қағысы; екпін ортақтығы: орташа, шалқыта; ырғақтары мен өлшемнің тұрақсыздығы.

Күйлердің айырмашылығы кестеден көрінеді, соның негізінде олардың өзіндік қолтаңбаларын анықтауға болады [38, 59 б.].

№	Музыкалық ерекшеліктері	Сүгірдің “Қаратау шертпесі”	Ф.Үрмізовтың “Созақ еліме”
1	күйлердің басталуы	кенеттен тосын басталады	ахуалға енгізетін дайындық дыбыстарынан басталады
2	бөлім құрылымдарының қайталануы	бөлімдер еш өзгеріссіз қайталанады	екінші бөлімнің қайталануында өзгерістер енеді
3	әуендік иірім желісі	екінші бөлім әуенінде ашық ішек “d^1-g^1” жиі кездеседі, жоғарғы “d^2” ішегінде жаңа мәтін пайда болады	екінші бөлімі бір қалыпта өрбиді
4	“g^1” мен “g^2” аралығындағы қозғалысы	дыбыстар тізбектеліп тікелей шығады	сатылай әдісті пайдалану арқылы өрбіп шығады
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 4-бабы қылмыстық жауаптылықтың негізін айқындап берген [1].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 4-бабы бойынша, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді.

Істеген қылмыстыққ құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылып, жазаға сәйкес, жазасын алу заң нормаларымен бекітілгендігі белгілі. Біз бұл жерде қылмыстық жауаптылықтың медиация арқылы шешілуін қарастырмақпыз.

Медиация (лат. mediare -делдалдық ету) – жанжалдарды соттың қатысуынсыз, үшінші бейтарап жақ-медиатордың (делдал) көмегімен шешу формасы.

Осы тұрғыдан қарағанда, медиация жанжалдарды баламалы шешудің жеңіл түрі ретінде медиация рәсімдері кезінде медиатор «жанжалға» қатысушы екі жақтың мүддесі толықтай қорғалуын, екі жақтың өзара келісімге келуін қамтаматсыз ететін көпір іспетті. Медиатордың білімділігі мен біліктілігі, тәжірибесі мен шеберлігі кез келген мәселені сотқа дейін дау-дамайсыз шешуде маңызды десек, қателеспеген болар едік. Қалай болғанда да, бұл жерде заң нормаларының сақталуы міндетті екені айтпаса да түсінікті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы Қазақстан халқына жаңа серпіліс, жаңа қарқын, жетістік пен жеңіске бастар бағыт-бағдар, жарқын болащаққа бастар «...жаңа тарихи кезеңге...» жол ашты десек, артық айтқандық болмас. Олай деуге басты себеп, Елбасы «...біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу...»[3] екендігін тағы бір еске салып, Қазақстан мемлекетінің саяси, әлеуметтік, экономикалық жағынан көршілес елдерден анағұрлым көш ілгері тұрғанымызды дәлелдеп бергендей.

Қарап отырсақ, біздің ойымызша, рухани жаңғыру жастармен, қоғамда болып жатқан қоғамдық қатынастармен тікелей байланысты. Ұлттық сананы қалыптастыру әрине, кімге болса да, кеш емес. Десек те, құқықтық білімділік пен құқықтық сананы ұлттық санамен ұштастыра отырып, санаға сіңіруді бүгінгі жас ертеңгі болашақ маман иесімен байланыстыра отырып, дамытсақ, нәтижесін беретіні сөзсіз.

Осы тұрғыдан алғанда, Елбасының «ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ» айтқан пікіріндегі «...жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық» [3] деген сөздері бүгінгі, ертеңгі жастарға ұран, Елбасы айтқан «болашаққа бағдар...» болады десек, қателеспеспіз.

Сондықтан, біз медиацияны рухани жаңғырудың бір бөлшегі ретінде кез келген жағдайда аясын кеңейте алатын пайдасы зор құрал.

Өзімізге белгілі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабы бойынша, «сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды» [1].

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы «...жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылатынын» (1-бап) көрсете отырып, медиацияны жүргізу қағидаттары (4-бап) еріктілік; медиация тараптарының тең құқылығы; медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік; құпиялық сияқты қағидаттарға негізделетінін [4] айқындап берген. Яғни біз сөз етіп отырған рухани жаңғырудың медиация аясын кеңейтудегі құндылығы осында сияқты.

Біраз бұрын медиация институты Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі жаңа саты болса, қазіргі кезде қанатын қатайтқан, заң шеңберінде әрекет ететін, медиаторларға заңи талап қоятын, жоғарыда айтып кеткеніміздей, заңда көрсетілген медиацияны жүргізу кезіндегі еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуын қамтамасыз ететін институт.

Медиация көп елдерде қолданылғанымен ол ұлттық қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесімен ерекшеленеді. Шетелдік тәжірибелер қылмыстық процесте медиацияны қолдану қарапайымдылығы және икемділігімен тиімді екенін көрсетті. Бірқатар елдерде медиация рәсімі міндетті болып келеді.

Мысалы, Италия республикасының «Азаматтық және сауда істеріндегі медиация туралы» заңнамалы дектерінде медиация міндетті түрде жүргізілетін рәсімдердің бірі болып саналады. Ұқсас тәжірибе салыққа қатысты дауларды сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі көзделген Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Австралия, Канада, Словения еуропа елдерінде бар. Грузия елінің азаматтық процестік кодексіне «Соттық медиация» арнайы тарауы 2011 жылы енгізілді. Ол елде медиация тәртібімен қаралатын арыздар дауласушы жақтардың келісімімен медиаторға жолданылуы мүмкін. Ол туралы сот ұйғарым шығарады және ол шағымдануға жатпайды. Дауды қарау үшін медиаторға жолданғаннан кейін іс жүргізу уақытша тоқтатылып, бір шешім қабылданғаннан кейін істі қарау жалғастырылады.

Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдануды қылмыстық заңнамамен реттеу мәселесіне келсек, қылмыстық құқықтағы медиация медиаторлармен қолданылатын арнайы әдістер жиынтығын реттейді.

Қылмыстық кодекстің 68-бабында татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату бөлігі бекітілді. Қылмыстық кодекстің 68-бабына сай, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласса, қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиацияны қолданудың ережерелері адам өлімімен, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды [6].

Сот міндетіне тек заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіру кіреді, сот ешкімді мәжбүрлеп, жүктемейді. Ал медиатор сот төрелігін іске асырумен байланысты емес бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады. Сондай-ақ қылмыстық процестік кодекстің 85-бабымен медиатор процессуалды тұлғаның өкілеттігі бекітілді.

Сондай-ақ, қоғам аясында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған қолданыстағы заң шеңберінде медиация институтының қылмыстық сот ісін жүргізу процесінде айтарлықтай белсенділік танытпайтындығын баса айтқан жөн. Оны қоғамның медиация институтының тиімділігі және медиацияны қолдану тәртібі жайлы ақпараттан жеткіліксіз түрде хабардар екендігімен байланыстыруға болады. Бұл бағытта қылмыстық істерді қарайтын соттар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғам назарына сот жүйесіндегі соңғы реформалар туралы ақпараттарды ұсынып отырады.

Медиацияны толық қолдану сот қызметінің жұмысын оңтайландырып, жұмыс жүктемесін анағұрлым азайтуға қолайлы мүмкіндік туғызады. Медиация рәсімін енгізу мен қолдану сайып келгенде қоғамдық қарым-қатынастың мәдениетін арттырады [6].

Медиация институтын азаматтық сот ісін жүргізумен қатар, қылмыстық істерді қарау барысында қолдану Қазақстанда медиацияның дамуына, әрі бірегей құқық қолдану практикасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Медиацияның негізгі қағидаттары ретінде еріктілік, тараптардың тең құқықтылығы және ынтымақтастығы, рәсімнің құпиялылығы, медиатордың бейтараптылығы және тәуелсіздігі танылса, медиацияда дауды қандай да бір жағдайларда тоқтату туралы шешімді тараптардың өздері қабылдайды, себебі медиатор даудың тараптары үшін міндетті екенін білу артықтық етпейді.

Қандай да бір шешім шығаруға өкілеттік берілмеген.

Осы орайда медиатордың рөлі – тараптарға бір – бірін жақсы түсінуге, келісімге қол жеткізуге, өз ұстанымдарын жақындатуға көмектесу; кейбір жағдайларда-дау реттелуі мүмкін шарттардың нұсқаларын табуға көмектесу болып табылады.

Медиатор дәлелдемелерді зерттемейді және тараптар талаптарының заңдылығына баға бермейді, оның басты міндеті – тараптар арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз ету, барлық қатысушылар

үшін қолайлы жағдайларда мәселені шешу мүмкіндігін анықтау және іске асыруға көмектесу екені белгілі. Өзара қарым-қатынаста тараптар екінші тараптың келіссөз артықшылығын алу үшін алынған ақпаратты пайдаланатындығы қауіптен барынша ұстамдылық танытады. Бұл үшін дауға қатыспайтын медиатор қажет. Ол жеке тараптардың әрқайсысына қарағанда неғұрлым толық ақпаратты иеленеді және осылайша даудың барлық көрінісін көреді, бұл оған штурманның рөлін атқаруға, тараптарды шешімді әзірлеу процесі бойынша жүргізуге және соңында, олар бірлесіп қабылдайтын келісімге жіберуге мүмкіндік береді.

Қазақстан мемлекеті сындарлы саясатының арқасында медиаторлардың көмегіне жүгінетін азаматтар аз емес. Саралап қарайтын болсақ, «көбіне сот шешіміне бір ғана тарап қанағаттанады, екінші тарап сот шешіміне риза болмағандықтан, істі апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларында қайта қарауға өтініш береді. Аталған сатылардың әрқайсының өзінің уақыт мерзіміне байланысты істерді қарау бірнеше айға, ал, кейбір жағдайларда жылға созылып кетеді» [5].

Өзімізге белгілі, тәжірибесі, жоғары білімі бар, жасы 25-тен асқан азаматтар, отставкадағы судьялар, прокурорлардың медиатор бола алатындығы – өмірлік тәжірибесі бар құқық қорғау органдарында істеген заңгерлердің еңбек жолдарын ары қарай да дау-даммайларды шешуге қатысатындары қуантатады. Бұл да, рухани жағынан жаңғырып, болашаққа деген сенімді арттыра түссе керек.

Медиация әдісі жанжалға қатысушылардың эмоционалды күшін, ақшасын және уақытын үнемдеуге көмектеседі. Яғни:

– медиация дауға қатысушылардың эмоционалды күшін, уақытын және ақшасын үнемдеуге;

– оны жүргізу кезінде процесстің жағдайы, ұйымдастырылуы, ұзақтығы және мазмұны жеке анықталуына;

– медиация дауға (кім рас, кім кінәлі екенін анықтауға) немесе жеңіске емес, шешімнің құрылымдық іздестірілуіне;

-уақытша шығындарға байланысты медиация қатысушылардың қалауына қарай құрылады және даудың эмоционалды және жеке аспектілерін ескере алуына;

-қатысушылардың жеке қызығушылықтарының ортасы толықтай қорғалуына (медиация процесі– жасырын процес болып табылады);

– мдиация дау қатысушыларына болашаққа қарауға және өздерінің шығармашылық қабілеттерін қолдануға мүмкіндік беруіне жол ашады.

Медиация арқылы дауды шешу кезіндегі жеткен келісімдер берік болатыны да бас бостандығынан айырлатын азаматтардың азаюына да жол ашса керек. Бұл да біз тілге тиек етіп отырған рухани жаңғырудың игілікті бастамасының жалғасы іспеттес. Осы жерде тағы бір айтатын нәрсе -қылмыстық заңдылықтардағы гумандық қағиданың толық-қанды жүзеге асып, рухани жаңғыру аясында үстемдік құрғандығы мен әділдік етуі.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, медиация – дауларды шешудің балама жолы. Сәл кейін шегініп, қазақстандық белгілі ғалым-заңгерлер (Е.О.Алауханов, Г.А.Қуаналиева**)** пікірімен санассақ, «...бұл балама тәсіл алпауыт елдерде ертеректе қалыптасқан және заңдастырылған. Медиация тәсілін АҚШ, Аргентина, Ұлыбритания, Германия, Аустрия сынды әлемнің алпауыт елдері ертеден бері қолданып келеді... екен. Қалай болғанда да, медиация институтының қазіргі кезде халық үшін қызмет етуі, дами түсуі, нығая түсуі – рухани жаңғыру аясында істеліп жатқан келелі істердің белгісі.

Болашақта санасы тұнық саналы ұрпақтың саны көбеюі үшін заңды жетік білетін, заңмен «қаруланған», заң тілімен еркін сөйлей білетін білімді де білікті маман дайындау барысында медиация «тілін» де меңгерген студенттердің көбеюі – заман талабы. Заман талабы – рухани жаңғыруды жүзеге асырудан туындаған талап. Талапты орындау мен оны жүзеге асыруды болашақтың еншісіне қалдырмай, ары қарай жалғастыру кез келген азаматтың міндеті. Ол міндет-заң нормаларын бұзбаудан туындайтын міндет сияқты. Заң нормаларының бұзуылмауы – қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылықтың да болмауына алып келсе керек. Қалай болғанда да, Елбасы айтқан «... рухани жаңғыруды...» басшылыққа алып, рухани жаңғыру аясында істелер істерді жүзеге асыра бермекпіз. Оған күдіктен гөрі сенім мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында)
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында)
3. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы (26.04.2017)
4. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы
5. Қуаналиева Г.А. Медиация институты Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі жаңа саты [Электронды ресурс] Кіру бағыты: http://yandex.kz/
6. Есенов Б. Қылмыстық сот ісіндегі медиация [Электронды ресурс] Кіру бағыты: https://pravo.zakon.kz/

СЕЙТЖАНОВА Ж.Д.
ассистент профессор, ф.ғ.к.
Қазақстан тарихы және медиакоммуникациялар кафедрасы
ХАТУ
Алматы қ.
apasai@ mail.ru

ЖУРНАЛИСТ ЭТИКАСЫН САҚТАУ:ЗАМАН ТАЛАБЫ

Аннотация. *Мақалада Қазақстанның ақпарат кеңістігінде журналистік қауымдастық тарапынан қабылданған журналистік этикаға байланысты құжаттарды саралауға, жүйелеуге талпыныс жасалған. Этиканы сақтау қажеттілігінің заман талабы екендігіне назар аударылған.*

Негізгі сөздер*: этика, ар-ождан кодекс, хартия, заң.*

Аннотация. *В статье сделана попытка проанализировать , систематизировать документы, связанные с журналистской этикой, принятой журналистским сообществом в информационном пространстве Казахстана. Особое внимание обращено на необходимость соблюдения этики, так как это является требованием времени.*

Ключевые слова: *этика, совесть, устав, право.*

Annotation. *The article attempts to analyze and systematize documents related to journalistic ethics adopted by the journalistic community in the information space of Kazakhstan. Particular attention is paid to the need to comply with ethics, as this is a requirement of time.*

Keywords: *ethics, conscience, statute, law.*

Кіріспе

Тәуелсіздігін алған кезден бастап республикамыздың қай саласында болмасын жаңа заңнамаларды, оған қоса ілеспе заңдылық актілерді дайындау қажеттілігі туындады. 1995 жылы 30 тамызда еліміздің басты заңнамалық құжаты– ҚР Конституциясы қабылданған кезден бері еліміздің заңнамалық базасы жыл сайын қоғамдағы қатынастарды реттеуге бағытталған әр түрлі кодекстермен, заңдармен толығып келеді. Журналистика саласында да заман қажеттілігіне орай өзінің заңы дүниеге келді. 1999 жылы 23 шілде күні қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңға осы кезге дейін басқа заңнамалық құжаттарға сәйкес жетілдіру мақсатында бірнеше рет өзгерістердің енгізілгендігі белгілі. Заң қабылданған осы 20 жыл ішінде ғана «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңның 43 рет жаңартылуы заман талабына сай туындап отырған қажеттіліктің айқын дәлелі болып табылады [1]: Аталмыш заңға соңғы өзгерістер 2019 жылы 11 сәуірде енгізілген болатын.

Мұндай өзгерістердің ғаламтордың күнбе-күні қарқынды дамуы себепті ақпарат кеңістігінде орын алып отырған әркелкі мәселелердің шығуына байланысты болып отырғандығы белгілі.

Заң– орындалуға міндетті құжат. Заң орындалмаған жағдайда әкімшілік және басқа жауапкершіліктер көзделген.

Біздің бұл мақалада қарастырып отырған мәселеміз– заңды тұрғыдан жауапқа тартуды көздемейтін, бірақ бүкіл болмысы, шығармашылығы қоғамдағы басты құндылық-Адам үшін қызмет етуге бағытталған Журналист этикасы жайында...

Негізгі бөлім

Этикалық нормаларға заңнамалық құжаттардағыдай қатаң талаптар қойылмағанмен, оларды елемей қоюға болмайды. Күн өткен сайын қоғамдық игілік ретінде емес, тауар ретінде санала бастаған «журналистикада» этикалық қағидалардың бүгінгі таңда алар орны қандай. «Этиканы қайтесіз, маңыздысы ақпараттық тауарды дұрыстап ұсына алу, сату, көбірек қаралым мен пікір жинау , ал оған қандай жолмен жетесіз, ол маңызды емес», деген ұстаным қоғамда айыпталғанмен, өкнішіке орай ондай жағдайлардың орын алып отырғандығы жасырын емес.

Жалпы,этика мәселесін сөз еткен кезде біздің ойымызға әрине, бірден адамгершілік,мораль, ар-ождан, абырой,бедел деген ұғымдар қатар келе қалады. Бұл тек журналистика саласында істейтіндер үшін ғана емес, жалпы адамзатқа тән қасиеттер екендігі белгілі. Журналистік этика мәселесі қазақстандық ақпарат кеңістігінде әлі толыққанды зерттеле қоймаған сала. Оған себеп, өткен ғасырда коммунистік идеология ықпалында болған республикалық БАҚ үшін этикалық кодекстің аса

қажеттілігінің болмауынан. Өйткені партия, комсомол, пионер буынға арналған бүкіл басылымдарға және электронды бұқаралық ақпарат құралдарына партия мүшелерінің ғана жетекшілік етіп келгендігі белгілі. Қоғамдағы барлық құбылыстар тек партия тұрғысынан ғана бағаланып келді. Ол кезеңде журналистика факультеттерінде этика мәселесіне қатысты дәріс өткізу де қарастырылмаған болатын. Мұндай қажеттілік осы заманда туындады.

Жалпы, кеңестік кезеңдегі журналистикасының кәсіби этикасы XX ғасырдың ортасына дейін басқа батыстық елдер журналистерінің пікірталастары мен әзірлемелері контекстінде дами алмады, өйткені, жоғарыда атап өткеніміздей, ол кезде барлық мәселе тек партиялық тұрғыдан ғана қарастырылып келген болатын.

Коммунизм идеологиясының кең етек жайған кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдары партияның «қолшоқпары» ролін атқарып келгендігі жасырын емес еді. Мерзімді басылымның басшысы міндетті түрде партия мүшесі болды, оған этика, мораль, ар-ождан мәселелерін емес, партияның жарғысын жатқа білу жеткілікті болатын. Сол себепті де кеңестік кезеңде КСРО аумағындағы одақтас республикалардың ешқайсысында дербес этикалық құжат қабылдау қажеттілігі туындаған жоқ болатын. Реті келген соң мынадай деректі келтіре кетсек. КСРО ыдырап, ТМД құрылған посткеңестік кеңістіктегі елдер ішінде мәселен Өзбекстан Республикасы журналистерге арналған этикалық кодексін биыл ғана қабылдап жатыр. Дегенмен кеңестік кезеңде қол жеткізілген нақты жетістіктерге тоқталып өтер болсақ, 1959 жылы Мәскеуде өткен кеңес журналистерінің I Бүкілодақтық съезінде КСРО журналистер одағын құру туралы шешім қабылданған болатын. Бұл одақ кейіннен Халықаралық журналистер ұйымының құрамына енген. Кеңес мамандарының қатысуымен журналистің кәсіби этикасының халықаралық қағидалары әзірленді. КСРО ЮНЕСКО қызметіне белсенді қатысты. Жалпы, көршілес Ресейде журналистік этиканы дамытудың ең қарқынды мерзімі ретінде қайта құру кезеңін атап өтуге болады. 1990 жылы "Баспасөз туралы және цензураны жою жөніндегі заң" қабылданған болатын.Демократияның белгісі ретінде Мәскеуде 1991 жылы сәуір айында КСРО Журналистер одағының 1-ші съезі өткізілген. Бұл съездің қорытындысы іспетті конфедеративтік негізде Журналистерінің кәсіби этикасының бірінші кодексі дүниеге келді.Бұл кеңестік журналистиканың кәсіби этика саласында қабылдаған алғашқы құжаты еді.Журналистік қоғамдастық үшін аса маңызды бұл құжат қабылданған соң КСРО ел ретінде сегіз айдан соң тарап кеткен болатын. Қазақстандық делегация бұл съезге қатысқандықтан, бұл құжатты қазақстандық журналистерге қатысты құжат деп қарастыруға болады.

1991 жылы 21 желтоқсанда Тәуелсіз елдер достастығы құрылды да, сол кезден бастап мемлекеттер ішкі саясат пен оның ішінде медиа саласын өз беттерінше реттеуге көше бастады. Елдің экономикасы , әлеуметтік саласы және идеологиясы жаңа қырлармен толыға түсті.

Енді партия саясатын насихаттап келген «Социалистік Қазақстан»», «Қазақстан коммунисі» секілді басылымдармен қатар еліміздің ақпараттық кеңістігінде мемлекет тарапынан емес, өзін-өзі қаржыландырушы басылымдар шыға бастады. Әр түрлі оппозициялық, көңіл көтеруге арналған жеңіл және арзан әзілдерге толы басылымдардың шыға бастауы сөз жоқ, елде жаңа леп-демократиялық ахуалды орнатуға ықпал етіп, өз үлесін қосса да, дәл сол кезден бастап халықтың жалпы санасын улаушы көптеген жарияланымдардың көптеп шыға бастағаны жасырын емес. Басылымға жазылушылар санын арттыру мақсатында коммерциялық басылымдар интернеттен қолжетімді арзанқол дүниелерді орыс тіліне аударып басуды бір ізге қойды. Осы кезге дейін партия, комсомол, пионер ұйымдарының басшылығымен ғана шығып келген «Білім және еңбек», «Лениншіл жас», «Жас өркен» басылымдарының қатары «Караван» іспетті басылымдарға тола бастады. Жалаңаш әйелдердің бейнесі жарияланған басылымдар киоскілдерді басып қалды. Партиялық «ақылдан» шаршаған жұртшылыққа мұндай басылымдар шөліркеген адамның аузына құйылған су секілді әсер етті. «Караван» тиражы елде бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткізілді. Гейлердің, екі бойжеткеннің махаббаты, қолындағы үйретілген итпен арадағы секс қатынас, анасының ұлымен, болмаса қызының туған әкесімен жыныстық қатынасқа баруы секілді мазмұндағы материалдар газет беттерінен жұма сайын бұрқырап шығып жатты. Бұл кезеңді сары басылымдардың дамуының ең жоғарғы деңгейі деп атауға болады. Коммерциялық басылымдардың өзін -өзі қаржыландыра алуының тағы бір мүмкіндігі олардың жарнама беруінде болды. Әрине, жаңадан ғана тәуелсіздігін алып, елдің экономикасын арттырумен, халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етумен , сыртқы саясатты түзеумен айналысқан ел билігінің бұл кезде журналистік қоғамдастықтың этикалық мәселелерін қарауға мұршасы келмеген кезеңі болатын. Тәуелсіз елдің ақпарат кеңістігінің «өз бетінше кетіп бара жатқандығының» анық белгілері әр жерден көрініс бере бастады. Оған сол кезеңде көбейіп

кеткен сары басылымдар дәлел бола алады. Дәл осы кезден бері нарық жағдайында нанын тауып жеуі үшін журналистердің талғамы төмен оқырманды саналы түрде азғыра бастау жасырын емес.

Кештеу болса да Қазақстанда журналистика этикасы мәселелерінің зерттеле бастағандығы құптарлық. Соңғы жылдары ішінде ғана осы мәселеге қатысты бірнеше оқу құралы жарық көрді. Соның бірі, Р.С.Жақсылықбаеваның «Журналист этикасы» оқу құралы.Автор этикаға қатысты мәселелерге, яғни мораль мен адамгершілік ұғымдарына, жалпы этика терминіне кеңірек тоқталып, бір тарауды толығымен қазақ этикасын журналистика этикасымен сабақтастыру мәселесіне арнайды, «қазақ этикасы – қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесін, моральды, адамгершілікті зерттейтін пәлспалық пән» екендігіне тоқталады [2].

Біз мақалада қазақстандық ақпарат кеңістігінде қызмет етіп отырған журналистердің этика мәселелері қарастырылған басты құжаттарын жүйелеуді мақсат еттік, соған тоқталып көрсек.

Қазақстанда нақты құжат ретінде ресімделген Журналистің этикалық кодексі 2012 жылы 30 қазан күні Журналистер одағы мен Бас редакторлар клубы басқармаларының бірлескен отырысында қабылданған болатын.Осы кезге дейін әлемде журналистика саласында қабылданған кодекстерді,хартияларды, қағидаттарды, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын, БҰҰ-ның баспасөз бостандығының бүкіләлемдік хартиясын, Қазақстан Республикасы Ата заңы мен басқа да заңнамаларын негізге алған бұл құжат өте қысқа әрі нақты. Кіріспеден, сегіз бөлімнен және қорытындыдан құрылған бұл құжат бүгінгі күнде журналистердің ұстанатын моральдық бағдары деп бағалауға болады. Осы құжатқа толығырақ тоқталып өтейік. Құжаттың кіріспе бөлімінде « сөз бостандығы мен ой-пікір білдіру журналистің ажырамас құқығы, еркін бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің міндетті шарты екендігі мойындалады».[3]

Кодекстің «Кәсіби парыз» делінген алғашқы бөлімінде журналист өзінің қызметінде сөз бен ақпарат бостандығы үшін, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық, этносаралық келісімді сақтау үшін және ұлттық ақпараттық қауіпсіздік пен қоғамдық адамгершілік ахуал мүддесі үшін қызмет жасайтындығы көрсетілген. Онда басты назар журналистің қол қойған, бүркеншік немесе анонимді атпен, бірақ рұқсаты және келісімі бойынша таратылған кез келген хабарламаның сенімділігі үшін өзінің атымен және беделімен жауап беретіндігіне аударылған.Бүгінгі таңда, яғни бірінші болып ақпаратты беру маңыздылығы аса өзекті мәселе болып отырған кезде, жасалған сілтемелер саны арқасында рейтингтің басына шығу өте маңызды болып отырған сәтте, аудиторияның ақпаратқа деген қызығушылығын түсіріп алмау маңызды болып, ақпарат құнының бір сағат емес, бір минут ішінде бірнеше есе төмендеп кетуі орын алып отырған жағдайда ақпарат таратуда әлеуметтік жауапкершілік мәселесінің күн тәртібіндегі өзекті мәселе екендігі белгілі. Аталмыш кодекстің екінші бөлімінде осы мәселе қамтылған. Онда журналистің қоғамның моральдық және этикалық қағидаттарының нығаюына ықпал ететіндігі, өзіне жүктелген қоғамдық жауапкершілікті сезінетіндігі көрсетілген. Журналистің сонымен қатар қызметінің қоғамдық мүддеге залал келтірмеуін үнемі қадағалауына баса назар аударылған. Кодексте сондай-ақ журналистің дәлелденбеген ақпараттан, асығыс және тексерілмеген ақпаратты жариялау мен таратудан бас тарту қажеттілігі баса айтылған, болмаса ол ақпараттың тексерілмеген сипатын көрсетуі шарт. Журналист кәсіби міндеттерін орындау барысында ақпарат алудың заңды тәсілдерін қолданады, ақпарат көзіне қысым көрсетпейді, бұл ұстаным Кодекстің «АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚАСАҚАНА ІСТЕМЕУШІЛІК» делінген үшінші қағидатында көзделген. Журналистік этикалық кодекстің қағидаттары әрине «ҚР БАҚ туралы» заңының баптарына ұштасып жатады. Заңның екінші бабында көрсетілгендей, бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің негізгі қағидаттарына мыналар саналады объективтілік,заңдылық, анықтық, адамның және азаматтың жеке өмірін, ар-намысын, қадір-қасиетін құрметтеу.Біз қарастырып отырған этикалық кодексте де бұл қағидаттар қамтылған. Кодекстің «СЕНІМДІЛІК ЖӘНЕ ОБЪЕКТИВТІЛІК» делінген төртінші бөлігінде осы мәселе барынша егжей-тегжейлі қарастырылған.

Журналист қызметінде дереккөздердің елеулі орын алатындығы белгілі. Бұл мәселе де Этикалық кодексте қарастырылған. «ДЕРЕККӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ» делінген бөлігінде журналист құпия ақпаратты өзінің кәсіби қызметінде жеке мүддесі немесе басқа адамдардың мүддесі үшін пайдаланбайтындығы жазылған. Келесі бір маңызды бағыт ол ЖЕКЕ ӨМІРДІ, АР-НАМЫСТЫ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ ҚҰРМЕТТЕУ болып саналады. Қандай жағдай болмасын журналист ең алдымен айрықша кінәсіздік қағидатын ұстануы шарт. Журналист ұжымда жұмыс істейді, ол редакцияда белгіленген тәртіпке бағынады, осы жәйттер Этикалық кодекстің «БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖӘНЕ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ» деп аталатын бөлігінде көзделген, оған қарағанда, журналист зияткерлік меншікті, оның ішінде өз әріптестерінің кәсіби қызметінен туындайтын зияткерлік меншік құқын құрметтейді, әріптестерінің құқығын құрметтейді және адал бәсекелестік заңнамаларын ұстанады және кәсіби парызын орындау кезінде зардап шеккен өзінің әріптестеріне жәрдем көрсетеді. Этикалық құжатта тағы бір маңызды мәселе қамтылған, ол журналистің қорғалуы мен жауапкершілігіне байланысты мәселелер. «Журналист зорлық-зомбылық немесе зорлық-зомбылық қатері, тіл тигізу, материалдық немесе моральдық зардап жағдайында Қазақстан заңнамасында қарастырылған тәртіп бойынша сот және басқа да барлық қорғану кепілдіктерін пайдаланады. Сонымен қатар Кодекстің моральдық бағдар ғана екендігін естен шығармаған жөн. Бұл кодекс журналисті заңды және жеке тұлғалар тарапынан сот тәртібімен қудалауға негіз болмайды, бірақ кодекс ережелерін бұзған журналист моральдық жазғыруға ұшырайды.Қорытынды ережеде атап өтілгендей, Журналистің Кодекске қарым-қатынасы – ар-ұятына байланысты болмақ.

Енді жоғарыда қарастырылған Этикалық кодекстің дүниеге келуінің алғышарттарына тоқтала кетсек.

Қоғамның басқа салаларындағыдай журналистиканың да нәтижелілігі құқықтық және этикалық нормалардың сақталуына байланысты болмақ.Кез-келген мемлекетте бұқаралық ақпарат құралдары бар, бірі авторитарлық режимде қызмет етіп отырса, бірі қоғамдық жауапкершілік аясында қызмет етуде. Дамыған өркениетті қоғамның баспасөзі сөз бостандығы қалыптасқан, баспасөз еркіндігі қамтамасыз етілген ақпараттық кеңістікте жұмыс істейді. Демократияға құруға талпынған барлық елдердің саясаты да ең алдымен баспасөз бостандығын қамтамасыз етуге бағытталуы заңды. Бірақ бостандық деген ұғымды шектен шығушылық деген ұғыммен теңестіруге болмайды. Қандай да болмасын бостандық жауапкершілікпен қоса жүруге тиіс, дәлдеп айтар болсақ, құқықтық және этикалық жауапкершілік. Бостандық неғұрлым көп берілсе, яғни журналистикаға қоғамдық өмірге ықпал етуіне неғұрлым көп жағдай жасалған сайын соғұрлым журналистика саласының қызметкерлері «маған берілген бостандықты ойдағыдай пайдаланып отырмын ба,істеп отырған қызметімнің халық үшін пайдасы қандай» деген сауалды үнемі өздеріне қоюға тиіс. «Кәсіби парызын атқарушы журналист жалпы журналистикаға қойылатын талаптарға шығармашылығымен, шынайы объективті фактілерімен, ешкім жоққа шығара алмайтын жарияланымдарымен жауап беруге тиіс [4].

Журналист заңдарды,этика кодексін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, БАҚ заңнамасында және одан туындайтын қосалқы заңнамалық актілерде көзделген барлық негізгі ережелерді және баптарды дұрыс ұғынып, қызметінде сауатты пайдалана алуы керек.

«Казахстанская правда» газетінде 1997 жылы 7 маусымда жарық көрген, еліміздің ірі БАҚ басшылары мен өклідері қол қойған «Қазақстан Республикасында Ұлтаралық қатынастарды жазып көрсетудегі журналистік этика Кодексі»КСРО тарағаннан кейін егеменді елдің журналистика саласындағы этика мәселесі сөз етілген алғашқы толыққанды құжат болып табылады, деп санауға толық негіз бар. Ол заман қажеттілігінен туындаған құжат еді.Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетінің 1997 жылғы 31 қазан күнгі санында журналист Ғабит Мүсіреп жазып көрсеткен, оның айтуынша, «....оның түпкі мәні Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды жазып көрсетудегі мақсаттарға келіп тіреледі. Өйткені оның өзіндік себептері бар. Қазақстанды қазақ ұлтымен бірге басқа да ұлттың өкілдері мекендейді. Және мемлекеттің ішкі бірлігін сақтауда бұқаралық ақпарат құралдары елеулі роль атқаратындығы сөзсіз» [6].

Бұл құжат ұлтаралық мәселелерді жазуда этика мәселесін сақтауға қатысты құжат болды. Республика журналистерінің кәсіби этикасына қатысты тағы бір құжат жоба күйінде қалып қойды, ол «Казахстанская правда» газетінде 2002 жылғы 2 сәуір күнгі санында жарық көрген болатын, ол «Қазақстан журналистері кәсіби этикасының кодексінің жобасы» деп аталған [7].

2002 жылы көктемде 1-ші еуразиялық медиа-форумда сол кездегі мемлекет басшысы Н.Назарбаев журналистер қоғамда алдындағы жауапкершіліктерін жіті сезінуге тиіс, деп атап өткен болатын. Оның айтуынша, бүгінгі күнде БАҚ-ықпал етудің ең пәрменді құралы. Журналистер адамдардың бойына сенімділік те ұялата алады, олардың бойында қорқыныш сезімін туғыза алады. Бұл бұқаралық ақпарат құралдары мен олардың басқарып отырған адамдардың алында қойып отырған мақсаттарына байланысты болмақ, деп айтқан еді. Жалпы, Қазақстанда Журналистік этика кодексінің дүниеге келуіне елбасы Н.Назарбаевтың бірден-бір ықпалы болды, деп санауға болады. 2012 жылы 10 шілде күні республикалық БАҚ оның «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» делінген бағдарламалық мақаласын жариялаған . Онда «Отандық БАҚ-тарды жаңғырту

бағдарламаның маңызды бағыты болуы тиіс. БАҚ саласы журналистік этиканың Ұлттық кодексінің нақты үлгілері, сол сияқты тұтынушыны бұрмаланған және шынайы емес ақпараттан қорғайтын заңды нормалар негізінде жұмыс істеуі керек .ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне «журналистердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп Журналистік этика кодексінің жобасын әзірлесін; деген тапсырма берілді.[8].

Елбасының осы бағдарламалық мақаласынан кейін үш ай шамасында бірнеше жыл бойы талқыланған отандық этикалық кодекстің жобасы нақтыланды, 2012 жылы күзде құжат ретінде ресімделді.

Бұл құжатпен қатар республикамызда сайлау науқандары қарсаңында журналистер тарапынан келесідей үш құжат қабылданды.

2007 жылы 14 шілдеде Астанада республикалық және аймақтық 61 БАҚ қол қойған және аталмыш Хартияға 4 қоғамдық ұйым қолдау білдірген «2007 жылғы сайлау науқанын жазуда этикалық нормаларға адал болу туралы Хартия [9].

Этикалық нормалардың сақталуына қатысты келесі құжат 2016 жылы 3 ақпанда қабылданған. Ол 2016 жылдың 20 наурызында өтуі көзделген Қазақстан Республикасының Парламент мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттарының кезектен тыс сайлау науқанын ақпараттандыру барысында этикалық нормаларды сақтау туралы Хартия болды.Онда «....үгіт жарияланымдары мен ақпараттық хабарламалар арасындағы айырмашылықты нақты ажырату қажеттілігіне баса назар аударылған болатын [10].

Журналистика этикасын сақтау қатысты соңғы құжаттардың бірі 2019 жылы 19 сәуірде қабылданған. Республикалық БАҚ өкілдері 2019 жылғы 9 маусымда өтетін кезектен тыс Президенттік сайлау науқанын ақпараттық жағынан қамтамасыз еткен кезде әдеп нормаларын ұстану туралы Хартия қабылдады. [11].

Бұл құжаттар түгелдей заман талабынан дүниеге келген дүниелер. Олардың эфирді, басылымдарды, желілерді салиқалы ой түйюге, саралауға мұрша бергізбейтін арзанқолды дүниелерден тазалауға мұрындық болары сөзсіз. Қорыта келе айтар болсақ, республикалық ақпарат кеңістігінде қызмет етіп отырған журналистерді этика мәселесіне қатысты құжаттарды қабылдауға бет бұрғызған, тағы қайталап айтар болсақ, заман талабы. Журналистік этиканың сақталмауы, ақпараттың тыңғылықты тексерілмеуі, жіті тексерілмеген ақпаратты бірінші болып беруге , көбірек қаралым жинауға деген ұмытылыс түптеп келгенде келесідей жарияланымдардың дүниеге келуіне себеп болып жатқандығы жасырын емес. «Құрметті Халқым! Әлеуметтік желілерде таралған ақпарат – өтірік!!! Мен Оқжетпесте демалысымды өткізіп жатырмын. Жалған ақпаратты таратқан газетті сотқа береміз», – деп жазған болатын Ескендір Хасанғалиев 2018 жылы 26 қазан күні өзінің Instagram-парақшасында [12].

Журналистік этикалық кодексті орындау -әр журналистің өз құзыретіне тиесілі, оны өзінің арожданы біледі.

Дегенмен, қазақстандық журналистер де бүкіл қоғамға құнды болып табылатын құндылықтарға ұмтылады. «Біреуді артық көрмесе,әлдекімдерге құпиялы не жария түрде тәуелді болмаса, еркін нарықта адал қызмет етуші біздің БАҚ еркін. Өзіндік кодекстің қабылдануы отандық журналистерді біріктіруге қабілетті, ол тіпті бірегей «кәсіби ұлттық идеяға» айнала алады. Сол кезде «корпорация рухы» деген ұғым елес болудан қалады» [13].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңы [Электронды ресурс]: Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы 1999 жылғы 23 шілде күнгі № 451 заңы. adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451 еркін .(қаралған күн : 28.01.2019).
2. Журналист этикасы: Оқу құралы / Р.С.Жақсылықбаева; Қазақ университеті. – Алматы.: 2013. – 230 бет.
3. https://www.inform.kz/kz
   Қазақпарат 2012 жыл 30 тамыз электронды ресурс / қаралған кезі 05.07.19.
4. Журналистика: учебное пособие/ В.В.Ворошилов. Кнорус– Москва: 2014– 491 бет
5. https://www.kazpravda.kz/ Электронды ресурс
   Казахстанская правда 1997 жыл 7 маусым.
6. https://egemen.kz/
   Ғабит Мүсіреп, Егемен Қазақстан , 31 қазан

7. https://www.kazpravda.kz/ Электронды ресурс
Казахстанская правда. 2002 жыл, 2 сәуір.
8. https://www.inform.kz/
Н.Назарбаев: 2012 жылы 10 шілде. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам»
9. https://www.zakon.kz/ Электронды ресурс
2007 14 шілде
10. https://bnews.kz/ Электронды ресурс 2016 жыл 3 ақпан
11. / https://www.inform.kz › Электронды ресурс
2019 жыл 19 сәуір
12. https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2018/10/.../105536/ Электронды ресурс.
13. Этика журналиста: учебное пособие Е.И.Дудинова. Қазақ университеті. Алматы 2016 265 с.

ИНЖЕНЕРЛІК ҒЫЛЫМЫ
ИНЖЕНЕРНАЯ НАУКА
ENGINEERING SCIENCE

УДК 621.86. 621. 629.3; 669.54. 793

ТОЙГАМБАЕВ С.К.
Профессор кафедры технической эксплуатации технологических машин и оборудования природообустройства,
ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева
Москва, Россия

БАЙДЕБЕКОВ Д. К.
Студент 4 курса
института механики и энергетики имени В.П. Горячкина,
ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева
Москва, Россия

СТАТИКО–ДИНАМИЧЕСКАЯ НАГРУЖЕНИЕ ПРИ ОБКАТКЕ ДВИГАТЕЛЕЙ ВНУТРЕННЕГО СГОРАНИЯ

Түйін. *Мақалада қозғалтқыштың салқын әрі статико-динамикалық күйдегі қозғалысын сынауға арналған текше қарастырылған. Қозғалтқышты сынау текшесі әрбір детальдің іске кірістіруін сапалы жүзеге асыруға ықпал жасайды. Сынауға негізделген жылжымалы бағаналарды әзірлеу барысында қолданылатын текшелерді жаңартудың маңыздылығы қозғалтқыштың сапасын арттуға бағытталады. Зерттеу жұмысында текшені орнатудың сызбалары мен шығындары есептелінді.*

Кілт сөздер*: статико-динамик, сынау, іске кірістіру, қозғалтқыш, сынау текшелері.*

Резюме. *В статье представлен стенд для холодной статико-динамической обкатки двигателей, позволяющей боле качественно проводить приработку деталей. Сущность модернизации стенда в разработке подвижных стоек для возможности обкатки более широкой номенклатуры двигателей. Проведены необходимые расчеты и представлены схемы.*

Ключевые слова: *статико-динамик, обкатка, приработка, двигатель, обкаточный стенд.*

Abstract: *the article presents a stand for cold static-dynamic run-in of engines, which allows more qualitative processing of children. The essence of the modernization of the stand in the development of mobile racks for the possibility of running a wider range of engines. The necessary calculations are carried out and schemes are presented.*

Key words: *static-speaker; running-in; burn-in; engine, run-in stand.*


Введение. Одним из основополагающих факторов, определяющих долговечность деталей и надежную работу двигателя внутреннего сгорания (ДВС), а, следовательно, и качество их ремонта является правильно выполненная приработка, которая, как завершающая технологическая операция процесса ремонта и изготовления ДВС, частично проводится на ремонтном предприятии, а завершается в условиях эксплуатации. Обкатка тракторных ДВС осуществляется в несколько стадий. На первой стадии отремонтированные (или новые) ДВС проходят технологическую обкатку в стационарных условиях на заводах-изготовителях или ремонтных предприятиях. Продолжительность такой обкатки не превышает нескольких часов (1,5…3 ч.), однако её роль, по мнению большинства исследователей, чрезвычайно важна, так как в её процессе происходит предварительная приработка сопряжений ДВС, обеспечивающая возможность подготовить поверхности трения деталей к восприятию эксплуатационных нагрузок; выявление и устранение отказов, возникающих из-за отклонений в качестве запасных частей, в технологии ремонта деталей, сборки сопряжений и узлов ДВС, оказывающих влияние на всю его последующую работу. Технологическая обкатка ДВС осуществляется при нагрузках и скоростях, составляющих 50…100 % от номинальных значений, при этом ДВС или не достигают номинальной мощности, или работают при ней короткое время. Несоблюдение элементарных правил технологической обкатки ДВС, а также неправильное назначение режимов для данной конкретной модели ДВС могут способствовать резкому ухудшению приработки деталей, преждевременному износу, и, как следствие, снижению межремонтного ресурса ДВС.

На второй стадии производится начальная эксплуатационная обкатка ДВС в составе машин, на которых он установлен. Продолжительность начальной эксплуатационной обкатки ДВС составляет 30...60 мото. часов.

На третьей стадии проводится заключительная эксплуатационная обкатка, продолжительность которой достигает 400...600 мото. часов [1].

Основная часть. Целью данной разработки является повышение качества приработки и снижение первоначального износа.


Назначение, устройство и принцип действия обкаточного стенда. Стенд для холодной обкатки дизелей со статико-динамическим нагружением предназначен для холодной приработки двигателей внутреннего сгорания (ДВС).



Предлагаемый способ приработки поршневого двигателя внутреннего сгорания, схема процесса приработки двигателя внутреннего сгорания – рисунок 1. и чертеж установки для холодной статико-динамической обкатки двигателей представлена на рисунке 2., заключается в том, что перед этапом холодной обкатки осуществляют циклическое нагружение двигателя путем подачи рабочего тела под давлением от внешнего источника повышенного давления в неработающие цилиндры двигателя, коленчатый вал которого вращается со сверхнизкой частотой вращения, причем в качестве рабочего тела используется масло. Подача рабочего тела в цилиндры происходит при пульсирующем давлении, при этом подача рабочего тела осуществляется в цилиндр двигателя с давлением, равным максимальному давлению рабочего цикла на номинальном режиме работы ДВС данной марки. Использование импульсной подачи рабочего тела под определенным давлением в цилиндры двигателя (≈ 8 МПа) приводит к пульсирующим ударным нагрузкам на сопряжения ДВС, что вызывает упрочнение поверхностей трения деталей, путем наклепа и исправления микро– и макрогеометрии поверхностей трения. В результате такого воздействия металл с поверхности трения не удаляется, а остается на ней, так как в результате поверхностно-пластических деформаций, возникающих под действием ударных нагрузок, возникают силы, деформирующие выступы неровностей шероховатых поверхностей трения, приложенные по нормали к поверхности трения, а не боковые, вызванные вращением одной детали относительно другой. Вращение коленчатого вала со сверхнизкой частотой вращения значительно снижает силы трения

Рис. 1 Схема процесса приработки при вращении и усилие среза двигателя внутреннего сгорания. Микронеровностей шероховатых поверхностей, что позволяет частицам металла не вырываться с поверхности трения, а лишь частично деформироваться, что способствует исправлению макро– и микрогеометрии, а также снижению приработочного износа, и как следствие увеличение эксплуатационного ресурса как отдельных деталей, так и двигателя в целом. Предлагаемый способ холодной приработки позволит сократить время основных этапов с одновременным упрочнением поверхностей трения, а также снизить первоначальный износ. НМ – насос-мотор; МР – мотор-редуктор; Ф – фильтр; ДВС – двигатель внутреннего сгорания; БУ – блок управления; Ш – штуцер; РВД – регулятор высокого давления; РНД – регулятор низкого давления; ЭК1– нагнетательный электромагнитный клапан; ЭК2 – сбросной электромагнитный клапан; УЭ – упругий элемент; ПЧВ – преобразователь частоты вращения; Ф – фильтр; СО – сливное отверстие; СССДН – система создания статико-динамических нагрузок.

Рис. 2. Чертеж установки для холодной.



А – блок винта стойки крепления двигателя;

Б – узел крепления стойки стола привода.

3; 4; 7 – стойки крепления ножек установки; 8 –мотор-редуктор МРЧ; 9 –насос-мотор НМШГ; 10-муфта; 11 –рама установки; 12 – передвижная стойка статикодинамической обкатки двигателей, крепления двигателя; 13 – стойка стола привода установки; 14 – ножка стола привода установки; 15 – карданная передача привода; 16 – платформа крепления.

Устройство для приработки ДВС содержит: непосредственно ДВС; систему создания статико-динамической нагрузки (СССДН), включающую насос-мотор (НМ), регуляторы высокого и низкого давления (РВД и РНД), штуцер (Ш), имеющий в составе два электромагнитных клапана (ЭК1 и ЭК2), блок управления электромагнитными клапанами (БУ); механизм поворота, включающий мотор-редуктор (МР), упругий элемент (УЭ) и преобразователь частоты вращения (ПЧВ). Двигатель внутреннего сгорания маховиком через упругий элемент (УЭ) соединен с выходным валом мотор-редуктора (МР). Частота вращения вала мотор-редуктора в свою очередь контролируется с помощью преобразователя частоты вращения (ПЧВ). Механизм привода позволяет достичь сверхнизкой частоты вращения коленчатого вала двигателя. Наличие червячного мотор-редуктора (МР) позволяет исключить противовращение в механизме привода. Линия подачи рабочего тела содержит насос-мотор (НШМ-12-25-10/10), при помощи которого рабочее тело (дизельное масло М10-2Г) забирается через сливное отверстие поддона картера ДВС и через масляный фильтр подается к регулятору высокого давления (клапан марки ГА-76070), который регулирует давление масла на давление, соответствующее максимальному давлению рабочего цикла в цилиндре ДВС, и подает его к штуцеру, а также регулятору низкого давления (клапан КП 16.2.5.000), откуда рабочее тело под давлением, соответствующим давлению в системе смазки ДВС, поступает в главную масляную магистраль (для осуществления принудительной смазки деталей кривошипно-шатунного механизма), и во всасывающую полость насос-мотора. Штуцер представляет собой корпус, в котором установлены нагнетательный электромагнитный клапан (в качестве его используется двухзатворный электромагнитный клапан ЭГФ) и сбросной электромагнитный клапан (в качестве его используется гидравлически разгруженный клапан ЭГФ). Штуцер устанавливается в технологическое отверстие под форсунки. Управление работой электромагнитных клапанов осуществляется с помощью блока управления. Линия подачи и слива рабочего тела и всасывающая магистраль насос-мотора состоит из гибких рукавов высокого давления (марки Н 036.83.010-160), соединенных штуцерами. Работа стенда для холодной приработки происходит следующим образом: сначала производится прокачка системы нагружения (для удаления воздуха). С этой целью, предварительно масло заливается в необходимом объеме в поддон картера


